

ГЕНДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫ



FRIEDRICH
EBERT 
STIFTUNG

ФРИДРИХ ЭБЕРТ АТЫНДАҒЫ ҚОРДЫҢ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ

ГЕНДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫ

Алматы 2022

ӘОЖ 314
КБЖ 65.272
Г 34

Ғылыми редакторы және жоба координаторы:

Молдияр Ергебеков
Жанар Темірбекова

Мақала авторлары:

Айгерім Құсайынқызы, Айгүл Беймішева, Айдана Тілеулесова, Айжан Сәлімжанова, Айнұр Төлеу, Айсұлу Тойшыбекова, Алекс Федосеев, Анна Климченко, Әсия Бағдәулетқызы, Данияр Смағұлов, Дина Джузбаева, Ермек Адаева, Есенгүл Кәпқызы, Жолдасбек Мәмбетов, Жазира Ағабекова, Майра Жолшаева, Наталья Ворошилова, Оразай Қыдырбаев, Сабира Сайфулмаликова

Фридрих Эберт атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігіндегі жоба жетекшісі –
Әлима Теңізбай

Редактура және корректура – Steppe & WORLD Publishing

Инфографика – Red Panda PRO

Иллюстрация – Диана Ақуал

Беттеу – Steppe & World Publishing

Г 34 **ГЕНДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫ.** Алматы: «DELUXE Printery» баспаханасы, 2022.
280 б.

ISBN 978-601-80914-0-7

Бұл зерттеудің мақсаты еліміздегі гендерлік теңдік жағдайын зерттеп, теңсіздік себептерін көрсетіп, шешу жолдарын ұсынумен қатар, еліміздегі медиа мамандары мен ғалымдардың басын қосып, зерттеу мәдениетін қалыптастыру.

ӘОЖ 314
КБЖ 65.272

Авторлардың көзқарасы Қазақстандағы Фридрих Эберт атындағы Қордың көзқарасымен сай келмеуі мүмкін

ISBN 978-601-80914-0-7

© Фридрих Эберт атындағы қордың
Қазақстандағы өкілдігі, 2022

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
<i>Молдияр Ергебеков & Жанар Темірбекова</i>	

САЯСАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ СФЕРА

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет кезіндегі гендерлік теңдік ұстанымы.....	10
<i>Дина Джузбаева & Данияр Смағұлов</i>	
Шымкент қаласы жастарының түсінігіндегі гендер ұғымы	26
<i>Наталья Ворошилова</i>	
Гендер және ономастикалық кеңістік	40
<i>Жазира Ағабекова</i>	

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

Медициналық жоғары оқу орындарындағы гендерлік дискриминация.....	54
<i>Айгерім Құсайынқызы</i>	
Қазақстандағы үй шаруашылығындағы гендерге қарай еңбек бөлінісі және ақысы төленбейтін жұмыс	69
<i>Айжан Сәлімжанова</i>	
«Екінші ауысым» немесе үй шаруашылығы құрылымындағы міндеттердің тең бөлінбеуі.....	86
<i>Айгүл Беймішева</i>	

МЕДИА

Қазақстан медиасында феминитивтерді қолдану немесе қолданбау.....	102
<i>Айсұлу Тойшыбекова</i>	

Қазақстан телевизия жарнамасындағы гендерге қатысты стереотиптер	116
<i>Айдана Тілеулесова</i>	
Қазақ тіліндегі медиа: КТК, Айқын және www.malim.kz медиа құралдарындағы көпбалалы аналар репрезентациясы	129
<i>Есенгүл Кәпқызы</i>	
Дәстүр мен модерн қайшылығы: Қазақстандағы балаларға арналған мемлекеттік медиадағы гендерлік рөлдер көрінісі	145
<i>Оразай Қыдырбаев</i>	

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Қазіргі жастар прозасындағы әйелдер бейнесінің типологиясы	162
<i>Майра Жолшаева & Жолдасбек Мәмбетов</i>	
Айтыс және әйел: қыз бен жігіт айтысын мысалға алып сараптау	180
<i>Айнұр Төлеу</i>	
Қазақ киносындағы архетиптік келін және ене бейнелері: Ермек Тұрсыновтың «Келін» фильмін мысалға алып сараптау	196
<i>Әсия Бағдәулетқызы</i>	
Қазақ әдебиетіндегі гендерлік стереотиптер көрінісі	212
<i>Ермек Адаева</i>	
Братан: Қазақстан киносындағы маскулиндік көріністері	228
<i>Анна Климченко</i>	

ТАРИХ

Қазақстан мектептерінде оқытылатын 11-сыныптың «Дүниежүзі тарихы» оқулығындағы кейіпкерлер гендерлік репрезентациясы	244
<i>Алекс Федосеев</i>	
XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы әйелдер қайырымдылығы және қайырымдылық қоғамдары	257
<i>Сабира Сайфулмаликова</i>	
АВТОРЛАР ЖАЙЫНДА	270

КІРІСПЕ НЕМЕСЕ ГЕНДЕРЛІК ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ЖАЙЫНДА

*Жанар Темірбекова
Молдияр Ергебеков*

«Әйел тұрмай, еркек оянбайды»
Қазақ мәтелі

Бұл зерттеу Қазақстандағы Фридрих Эберт қорымен (FES) бірге талайдан бері іске асырсақ деп жоспарлап жүрген жобамыз еді. Гендер тақырыбы елімізде және жалпы мәдени өмірімізде бұрыннан талқыланып келе жатқанымен, әлі де маңызды. Десек те «гендерлік зерттеулер» еліміздегі академия саласында тың тақырып деуге болады.

Мәселеге ғылыми-академиялық тұрғыдан баға беру өте маңызды. Әсіресе тәуелсіздік алған күннен өз ұстанымын әлеуметтік мемлекет ретінде белгілеген Қазақстанның гендерлік теңдік мәселесі зерттелген ғылыми еңбектердегі мәліметтер мен мәселені шешу жолдарын пайдалана алуы бұдан да маңызды.

Әлеуметтік мемлекет дегеніміз не? Бір сөзбен айтқанда, ол – өз қоғамындағы теңдікті қалыптастыру және жақсарту үшін немесе теңсіздіктерді жою үшін қоғам және нарық акторларының жағымсыз ықпалдарын жоюды мақсат ететін мемлекет (Ruggie, 1984: 11). Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанға әлеуметтік мемлекет ретінде баға беруге болады. Қазақстан 1991 жылдың аяғында тәуелсіздік алған күннен бастап халықаралық ұйымдарға мүше болып, әлем елдерінің тәжірибесімен танысып, елдің әл-ауқатын көтеріп, азаматтар арасындағы теңдікті қалыптастыру үшін көптеген заң мен стратегияны қабылдады. Ал елде гендерлік теңдік саласында бірқатар халықаралық келісім-шарттарға қол қойылды. Сонымен қатар Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия қызмет атқарып және де гендерлік теңдік стратегиясы қабылданды, отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді.

Сонымен қатар әйел құқығын қорғайтын және гендерлік теңсіздікке қарсы күрес жүргізетін азаматтық қоғам ұйымдарың саны артып келеді. Дегенмен саяси билік пен азаматтық қоғам ұйымдарының гендерлік теңдік орнатуға бағытталған талпынысына қарамастан, елдегі гендерлік ахуал жақсарып отырған жоқ деуге болады. Мысалы, 2006 жылғы жаһандық гендерлік алшақтық рейтингінде (*The Gender Gap Index 2006 rankings*) Қазақстан 32-орын алса (Hausmann, Tyson & Zahidi, 2006: 9), 2021 жылы 80-орынға түскен (Crotti, Pal, Ratcheva & Zahidi, 2021: 10). Бұл жайында еліміздегі медиа мен азаматтық қоғам жиі айтып жүр.

Дегенмен көрші және аймақтағы елдерге қарағанда, Қазақстандағы гендерлік теңдік жағдайы көш ілгері екені рас (1-кестені қараңыз).

Қазақстан және көрші/аймақтағы елдер	2006	2021
Қазақстан Республикасы	32	80
Қырғыз Республикасы	52	108
Өзбекстан Республикасы	36	Көрсетілмеген
Тәжікстан Республикасы	Көрсетілмеген	108
Ресей Федерациясы	49	81

(Hausmann, Tyson & Zahidi, 2006: 9; Crotti, Pal, Ratcheva & Zahidi, 2021: 10).

1-кесте. Қазақстанның және көрші/аймақтағы елдердің әлемдік гендерлік теңдік жөніндегі рейтингтен алған орны

Десек те Қазақстан 32-орыннан 80-орынға түскенінің өзі – маңызды мәселе. Мұның басты себебі не? Осынша талпыныстардың бәріне қарамастан Қазақстанда гендерлік теңдік мәселесі неге күн тәртібінен түспей тұр? Бұған бірнеше себеп бар. Осы жинақтағы зерттеу жұмыстарын жазған ғалымдар мен журналистер мәселенің кей себептерін көрсете отырып, шешу жолдарын табуға тырысты.

Бұл жинақты шығарғандағы мақсатымыз – еліміздегі гендерлік теңдік жағдайын зерттеп, теңсіздік себептерін көрсетіп, шешу жолдарын ұсынумен қатар, еліміздегі медиа мамандары мен ғалымдардың басын қосып, зерттеу мәдениетін қалыптастыру. Өйткені қазір Қазақстанда гендерлік теңдік мәселелері бойынша мемлекеттің әлеуметтік бағдарламалары іске қосылғанымен, бұл тақырыптағы ғылыми зерттеулер саны аз екенін байқадық. Сол санаулы еңбектер арасында Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институты және Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры бірлесіп, Маргарита Ускембаева, Татьяна Резвушкина, Айгүл Бейсеновалар (2017) жазған «Қазіргі Қазақстандағы әйелдер мен еркектерге қатысты саясат» деген зерттеу еңбегі бар. Оның мақсаты – гендерлік саясатқа деген қазақстандықтардың көзқарасын

анықтау және оны нақтылау барысында алынған сауалнама нәтижелерін көрсету. Тағы бір еңбек – «Қазақстандағы гендер теңдігі мәселелері: Экономика, саясат және әлеуметтік-мәдени салалардағы әйелдер» деп аталатын зерттеу жинағы осы кіріспе авторларының бірі Жанар Темірбекованың жетекшілігімен іске асқан грант жобасы аясында 2020 жылы жарыққа шыққан (Темірбекова, 2000). Онда да Қазақстандағы әйел мен еркек теңдігінің жалпы көрінісі ұсынылған.

Бұдан да басқа ғылыми журналдарда жарық көрген зерттеулер бар. Мысалы, әлемдегі ғылыми журналдардың ең ірі базаларының бірі SCOPUS-қа кіріп, *gender* кілт-сөзін жазсақ, осы тақырыпта 293 959 еңбек жарияланғанын көреміз. Соның 81-інде ғана Қазақстандағы гендерлік мәселелер көтерілген.

Қазақстанда гендер зерттеулерінің өте аз болуына бірден-бір себеп – еліміздегі университеттерде гендерлік зерттеуге бағытталған магистратура және докторантура бағдарламаларының жоғы. Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында Еуропа және АҚШ университеттерінде курс ретінде оқытыла бастаған Гендерлік зерттеу бағдарламалары Еуропада 80-жылдары, ал АҚШ-та 90-жылдарда магистратура және докторантура бағдарламаларына ұласты. Бұл бағдарламалар аясында қазір әлемнің көптеген елінде қалыптасып, гендер мәселелері жөнінде пәнаралық зерттеулер жасалып жатыр.

Елімізде 2000 жылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жанынан ашылған Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер ғылыми-зерттеу институты мен 2018 жылы Narxoz университетінде ашылған Гендер экономикасын зерттеу орталығы (GERC) бар. Бұл екі зерттеу ұйымында ұйымдастырылған түрлі тренингтер мен ғылыми іс-шаралар және гендер тақырыбында жазылған ғылыми еңбектердің арқасында қоғам мен ғылыми-академиялық орта нендей гендерлік мәселелер барын біліп жатыр. Десек те бұл екі ұйымда әлемдегі тенденцияға сәйкес магистратура немесе докторантура бағдарламалары жоқ. Магистратура, докторантурасыз кез келген саланы ғылыми тұрғыдан зерттеу мүмкін емес; ғылыми зерттеудің озық әдістемесін қалыптастыра да алмаймыз және салалық терминология қоры дамымай, байымай қалады.

Бұл тұрғыдан қарасақ, еліміздегі әр университет гендер зерттеулеріне үлкен мән бере отырып, түрлі білім беру бағдарламаларын ашып, Қазақстанның нағыз әлеуметтік мемлекет болуына үлес қосуға тиіс деп ойлаймыз.

Қолыңыздағы жинақтағы зерттеулердің нәтижелері мен ұсыныстары саясатты жасаушы және атқарушы акторлар мен бұл саясат әсер ететін аудиторияға ой тастайды деген үміттеміз.

Түркістан, 2022 жылғы маусым

Дереккөз

Темірбекова Ж., Ергебеков М., Бейсембаев С., Бектұрғанова М. *Вопросы гендерного равенства в Казахстане: Женщины в экономической, политической и социо-культурной сфере.* – Алматы: Дайыр Баспа, 2020

Ускембаева М., Резвушкина Т., Бейсенова А. *Политика в отношении женщин и мужчин в современном Казахстане.* – Алматы: ИРПРВК и Фонд Фридриха Эберта в Казахстане, 2017

Crotti, Robert., Pal, Kusum Kali., Ratcheva, Vesselina & Zahidi, Saadia (2021). *Global Gender Gap Report 2021.* Geneva: World Economic Forum

Hausmann, Ricardo., Tyson, Laura D., Zahidi, Saadia (2006). *The Global Gender Gap Report 2006.* Geneva: World Economic Forum

Ruggie, Mary (1984). *The State and Working Women: A Comparative Study of Britain and Sweden.* Princeton: Princeton University Press

САЯСАТ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ СФЕРА

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ КЕЗІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК ҰСТАНЫМЫ

*Дина Джузбаева
Данияр Смағұлов*

КІРІСПЕ

Жақында жүргізілген зерттеулер дерегіне сүйенсек, үкіметтегі лауазымды қызметтердің көбінде әйелдер отырған елдерде (гендерлік теңдік сақтаудың нағыз үлгісі) коронавирус инфекциясына қарсы жүргізілген жұмыстар жақсы нәтиже берген (Garikipati & Kambhampati, 2021). Мемлекеттік басқарудағы гендерлік теңдестірілген жүйенің осындай жетістігі заманауи мемлекеттің демократиялық даму жолындағы мақсаты мен жетістіктеріне қалай ықпал ететінін қарастыруға жетеледі. Мысалы, сыбайлас жемқорлықты жою және сыбайлас жемқорлықты болдырмау шараларын сәтті іске асыруға қалай ықпал ететінін қарастырдық.

Бұл еңбекте «Қазақстандағы жемқорлықтың қазіргі жағдайына заң шығаратын және атқарушы мекемелерде әйелдер қосалқы рөл атқарғаны қаншалықты әсер етіп отыр?» деген сұраққа жауап іздейміз. Тиісті зерттеу жұмыстарын сараптағанда Қазақстанда гендерлік теңдік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес арасындағы байланыс әлі күнге дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістемеге сүйеніп зерттелмегенін анықтадық. Сондықтан Қазақстандағы басшылық қызметтегі әйелдер мен еркектердің үлесі кейінгі он жылдағы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі мен өзге де халықаралық гендерлік индекстерге қалай ықпал еткенін салыстырдық. Мақаланы жазу барысында *Transparency International, World Economic Forum, UNODC, UNDP, Қазақстанның Ұлттық статистика бюросы, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет, OSCE* мақалалары және өзге де дереккөздер ұсынған баяндамалар мен есептерге сүйендік.

Бұл мәселе Қазақстанда әлі зерттелмегенімен, 2001 жылы бір-біріне қатысы жоқ шетелдік зерттеушілерден құралған екі топ зерттеу жұмысының нәтижесін жариялаған. Дәл 20 жыл бұрын Давид Доллар және Ананд Суами бастаған екі топ елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейі мен мемлекеттік биліктегі еркек пен әйел үлесінің бірдей болғаны арасында нендей байланыс барын зерттеп, «Еркектерге қарағанда әйелдер жұмысын адал атқара ма?» деген сұраққа жауап іздеген. Екі мақалада да сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысқа әйелдерді тарту тиімді екенін, кейбір елдердегі мемлекеттік басқару саласында ер және әйел адамдар саны теңдей болғаны мен сыбайлас жемқорлық деңгейі арасында өзара байланыс барын дәлелдеген (Dollar et al., 2001, Swami et al., 2001).

Сонымен қатар кей зерттеушілер гендерлік теңсіздік салдарынан саясаткер әйелдер сыбайлас жемқорлыққа қатысты жоспарын іске асырып үлгермейді, әйелдер саяси сахнада ерлермен тең дәрежеде жұмыс істей бастағанда сыбайлас жемқорлық ісіне толық қатысы бар адам ретінде еркектерге бәсекелес болады дейді (Goetz, 2007).

Алайда Луизиана мемлекеттік университеті жүргізген зерттеу әйелдер мен еркектер құқы және мүмкіндігі тең мемлекеттер парламентіндегі әйелдер саны мен жемқорлық аз болғаны арасында тығыз байланыс барын дәлелдеген (Jha et al., 2018). Сондай-ақ бұл зерттеуде қарапайым кеңсе қызметкерінен бастап басшылық қызметтегі әйелдер мемлекеттік қызметке қалай келетінін де сараптаған. Атқарушы мекемелердегі сыбайлас жемқорлық пен ондағы әйелдер саны арасында айтарлықтай байланыс байқалмаған. Әйелдер саяси шешімге араласқанда ғана аймақтағы және мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал еткен (ibid).

Әйелдер барынша әділ әрі адал қызметкер екені анықталған соң, гендерлік теңдік сақталмаған ұйымдар кадр мәселесін қайта қарап, жаппай реформа жүргізе бастаған. Өткен ғасырдың 60-жылдары Францияда жол полициясы қызметіне әйелдерді көптеп жұмысқа алған. Сол кездегі саясаткерлер олар пара алмайды және жол ережесін бұзғандарды жіті қадағалап, ісіне жауапкершілікпен қарайды деген (Сапига, 2021). Мексика саясатын зерттегендер бұл елдегі саясаткер әйелдер мансап жолын еркектер сияқты бәріне белгілі «ерлер нетуоркиңіне» мүше болып емес, азаматтық қоғам ұйымының мүшесі ретінде бастайтынын анықтаған (Grimes & Wängnerud, 2010). Олардың ерлермен тең дәрежедегі кәсіби амбициясын іске асыруға жемқорлық кедергі болатындықтан, әйелдер сыбайлас жемқорлыққа саналы түрде қарсы тұрады. Мұндай әдістерді Перу, АҚШ және өзге елдерден де көреміз.

Алайда зерттеуші Сабрина Карим Перудегі жол салу ісіндегі сыбайлас жемқорлықты зерттеп болған соң, сыбайлас жемқорлық фактісі уақытша азайғанымен, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары асыра мақтағандай керемет нәтижеге жетпегенін

анықтаған (Karim, 2011). Бұл жерде феминизация емес, елде жүргізілген реформа мен енгізілген жаңалық нәтижесі ықпал еткен секілді. Шынымен, сыбайласыңмен берік байланыс орнатып, оған сену үшін көп уақыт керек. Практикадан көргеніміздей, Лима және Мехико жолын салғанда сыбайлас жемқорлық деңгейі қайтадан бұрынғы қалпына келген. Сондықтан мемлекеттік құрылымдағы жаппай феминизация сыбайлас жемқорлықты толық жоюға ықпал ете алмайды. Осының бәрін ескере отырып, бұл салада жүйелі сараптама жасап, зерттеу жүргізуге ерекше назар аудару керек.

2012 жылы Еуропа кеңесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы (ГРЕКО) алғаш рет халықаралық деңгейде сыбайлас жемқорлықтың гендерлік аспектісін, әсіресе оның ерлер мен әйелдерге қалай ықпал ететінін қарастырған. Тағы бір атап өтетін жайт, кейінгі он жылда әлемдік сахнада сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратын жаңа адамдар шыға бастады, олардың ең танымал өкілдері де – әйелдер. Лаура Ковеши (Румыния), Сардана Авксентьева (РФ), Майя Санду (Молдова), Зузана Чапутова (Словакия) – осы әйелдердің бәрі өз елінде лауазымды қызмет атқара жүріп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруды күн тәртібіне шығарып, сапалы жаңа деңгейге көтерді.

Қазір Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес ең маңызды мәселелердің бірі саналады. Бұлай деуімізге ауық-ауық шығарылған заңдар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалар мен әлеуметтік желілердегі пікірлер және соған деген азаматтардың реакциясы себеп болды. Негізгі стратегиялық мемлекеттік көрсеткіштерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы көрсеткіштер мен әлеуметтік сауалнама нәтижелері жатады. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімділігі әртүрлі әдістер жиі енгізіліп жатыр, демек бұл мәселені түп-тұқиянымен жоюды қоғам да талап етіп отыр. Сондықтан гендерлік теңдік тақырыбын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күш ретінде қарастыру қазіргі саясатты мүлде басқа қырынан талдауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеуде гендер концепциясының екіжақты түсінігі қолданылады, біреуі оның биологиялық анықтамасына сүйенсе, енді бірі елдегі сыбайлас жемқорлыққа ықпалын сөз етеді. Биологиялық анықтама қазіргі сан алуан гендерлік концепцияны айналып өтіп, Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесіндегі барынша нақты корреляцияны анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысындағы маңызды сәттің бірі – сыбайлас жемқорлық дегеніміз не екенін анықтап алу, өйткені әлемдегі сарапшылар мұның нақты анықтамасын бекітіп, ортақ шешімге келе алмай отыр. Заң тілінде сөйлесек, сыбайлас жемқорлық –

«жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» (ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, 1-бап). Әлемдік практикада сыбайлас жемқорлық ұғымы жеке және квазимемлекеттік секторларға да қатысы барын білеміз, бірақ осы зерттеу аясында тек мемлекеттік қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа гендер қалай ықпал ететінін қарастырдық.

Әр аймақтағы сыбайлас жемқорлық деңгейін шамалау және пайымдау да қиын болды. Көбі сыбайлас жемқорлық бойынша істі болғандар туралы ресми статистикаға қарап, сыбайлас жемқорлық деңгейін пайымдай береді. Кейбір елдер әлеуметтік зерттеулер мен сауалнама нәтижесіне сүйенеді. Дегенмен түрлі әдістерді пайдаланғанымызға қарамастан, мақсатымыз – белгілі бір уақыттағы (зерттеу жұмысында он жылды қамтыдық) сыбайлас жемқорлық деңгейі қалай өзгергенін бақылау. Сондықтан *Transparency International* (TI) ұсынған Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі ең тиімді әдіс деп таптық. TI бұл индексті «Сауалнамаларға шолу» деп те атайды. Ұйым рейтинг шығаратын ондаған агенттіктен алынған сауалнаманы жинап, сыбайлас жемқорлыққа жол бермегендер рейтингін жасайды.

Зерттеу барысында сандық әдіске сүйендік, атап айтқанда: халықаралық рейтингтер мен нормативті-құқықтық актілерді, деректерді жинақтау және сараптау. Жиналған деректер феминистік-саяси теория сүзгісінен өтеді, атап айтқанда, гендерлік теңдік рөлін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратын катализатор ретінде қарастырылмақ.

Мына санаттар бойынша жиналған деректерді кестеден көре аласыз: Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (CPI), Жаһандық гендерлік алшақтық туралы индекс (*Global Gender Gap Index*), Саяси құқық пен мүмкіндіктер тұрғысынан алғандағы жаһандық гендерлік алшақтық туралы субиндекс (*political empowerment*), Гендерлік теңсіздік индексі (*gender inequality index*), Демократия индексі және Қазақстан Республикасындағы басшылық қызметте отырған әйелдердің пайыздық мөлшері (министрлер мен парламент депутаттары). Ондағы ақпаратты халықаралық есептер мен ресми сайттардағы рейтингтерден алдық, атап айтқанда, *Corruption Perception Index* (1-санат), *Global Gender Gap Index* (2-санат), *Global Gender Gap Index*

(*political empowerment*) (3-санат), *Gender Inequality Index* (5-санат), 2010–2021 жылдары Қазақстан парламенті мен министрлігіндегі басшы әйелдер саны (5, 6-санат), *Freedom House Democracy Index* (7-санат).

Кестеде елдегі саяси жағдайды, гендерлік теңдік деңгейі мен сыбайлас жемқорлық ахуалын барынша қамту үшін 7 санат берілген; алайда кейбір жылдық есептер мен рейтингтер жарияланбағанын ескертеміз. Зерттеу кестесінде осының бәрі көрсетілген.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық бабы бойынша сотталғандардың ресми статистикасын сараптадық, ол Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің *Qamqor.gov.kz* сайтынан және Ұлттық статистика бюросының *Stat.gov.kz* сайтынан алынды. Бұл деректер кейінгі он жылда сыбайлас жемқорлық бабы бойынша сотталғандар арасында еркек пен әйел үлесін анықтауға, қай уақытта қалай өзгергенін зерттеуге мүмкіндік берді.

Осы мәліметтерге қосымша ШҚО адвокаттар алқасының адвокаты, құқық магистрі, «қылмыстық іс» саласында бес жыл жұмыс істеген, соның ішінде сыбайлас жемқорлық істерін қараған Назерке Ризабековадан сұхбат алдық. Гендерлік теңдік пен сыбайлас жемқорлық қылмыстарының арасындағы өзара байланысты анықтау үшін, сонымен қатар «әйелдер сыбайлас жемқорлыққа жиі бармайды» деген түсінікті растау немесе терістеу үшін сапалық әдісті қолдандық.

Оған қоса сыбайлас жемқорлықтың гендерге қалай әсер ететінін, айырмашылықтарын да сараптадық. Ерлер мен әйелдердің қызмет саласындағы ерекшелігі, Қазақстанда қалыптасқан дәстүрлі отбасылық әдет-ғұрып, мемлекет жүргізіп отырған саясат – осы және өзге де көптеген факторлар екі жынысқа сыбайлас жемқорлық қалай әсер ететінін анықтауға көмектеседі және Қазақстандағы құқықтық практикада оның қай формасы толық зерттелмегенін анықтай аламыз.

Нәтижелер

Кейінгі он жылдағы елдегі мемлекеттік қызмет құрылымын сараптай отырып, бұл саладағы лауазымды қызметтің 55%-ын әйелдер атқаратынына көз жеткіздік (2-қосымша). Соған қарамастан, сыбайлас жемқорлық бойынша істі болып, жауапқа тартылғандардың көбі – ер адамдар (2-қосымша). *Stat.gov.kz* сайтындағы дерекке сүйенсек, үкімнің 90%-дан астамы ер адамдар атына шығарылған. Мысалы, зерттеу аясында сыбайлас жемқорлықтың кең тараған түрі – пара алу (ҚР ҚК 366-бабы) да қарастырылды.

Бірқатар авторлар жазып жүргендей, аймақта да, республикада да шешім қабылдау ісінде әйелдер аз болғандықтан, Статистика бюросы берген деректе еркектер

үлесі тым артып кеткен секілді (Goetz, 2007). Мұны 1, 2-қосымшадағы деректерден анық байқаймыз. 1-қосымшаға қарасаңыз, кейінгі он жылда Қазақстанда орта есеппен саяси лауазымдардың 10%-ына ғана әйелдер тағайындалғанын көреміз.

Алайда барлық қылмыс түрлері бойынша сот үкімдерін зерттегенде, жалпы алғанда, әр жастағы ер адамдардың қылмыс жасауға бейімірек екені анықталған (Denno, 1994); демек, олар жиі заң бұзады деп қорытынды жасауға болады. Мысалы, кейінгі он жылда Қазақстан соты үкім шығарған қылмыскерлердің 90%-ы – ер адамдар (2-қосымша).

Global Gender Gap рейтингтерінен көргеніміздей, 2013 жылдан бастап Қазақстанның көрсеткіші төмендеген (0,722-ден 0,710-ге; 32-орыннан 80-орынға түскен). Ал әйелдердің парламенттегі үлесі айтарлықтай өсіп, 11,9% артқан (2010 жылы 11,05%, 2021 жылы 22,95%). Сөйтіп, заң тұрғысынан алғанда әйелдердің рөлі нығайып келеді, бұл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдірудің маңызды себебінің бірі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру жөніндегі халықаралық міндеттемелерді атқарудың бір бөлігі, соның нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы индекс те біртіндеп артады.

Мәселен, кейінгі он жылда Қазақстанда Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі, болмашы өзгерісін қоспағанда, 29 балдан (*Transparency International* ескі жүйесі бойынша 2,9 балл) 38 балға жеткен. Әлбетте, бұл факт мемлекет қабылдаған бірқатар кешенді шараларға да байланысты. Дегенмен кейінгі үш жылда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасы айтарлықтай өзгергенін айта кету керек. *ЭЫДҰ* мен *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимылдың Ыстамбұл жоспары* ұсыныстарын іске асыру жайлы бірқатар бастамаларды 2004 жылдан бері парламент қолдамаған. Ті ресми сайтында «Сыбайлас жемқорлықтан ада әлем туралы түсінігіміз жеке бастың мақсаты емес. Бұл – әлеуметтік сала мен экономикадағы әділет, адам құқығы, бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін күрес» деп жазған (Transparency.org, 2021). Шынымен де, сыбайлас жемқорлық деңгейіне қарап мемлекет халқы гендерлік теңдікті ілгерілетуге қаншалықты құлықты екенін анықтауға болады. Қазақстандағы әйелдер әлеуметтің осал тобына жатады, мұндай топтағы адамдар сыбайлас жемқорлық қатеріне жиі тап болатыны айдан анық (басшылық қызметтерге тұра алмау, сапалы медицина мен білім беру қызметін ала алмау т.б.).

Парламентте әйелдер үлесі артқан соң, көпшілік көңілінен шықты деуге келмейтін, бірақ тиімді екені дәлелденген бастамалар қабылданды, мысалы: сыбайлас жемқорлық бабы бойынша мерзімінен бұрын босатуды алып тастау, қарамағындағы қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа басшыларды жауапты ету; квазимемлекеттік салаларды сыбайлас жемқорлық бабы бойынша тексеру, сыбайлас жемқорлық туралы хабарлағандарға беретін сыйақы сомасын өсіру т.б.

Кейінгі он жылда жергілікті мәслихаттағы әйелдер де айтарлықтай жетістікке жеткен. Олардың үлесі 17%-дан 28%-ға дейін өскен, бұған депутат әйелдерге берілетін 30%-дық квота да ықпал еткен (Stat.gov.kz, 2021). Алайда аймақтардың бәрі бірдей депутаттарды сайлағанда гендерлік теңдік принципін ұстана бермейді.

Осы көрсеткіштерді зерттей отырып, қызық ақпаратқа кезіктік. Кейінгі он жылда мәслихаттағы әйелдер үлесі көп болған аймақтар Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары десек, бұлар әдетте сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен аймақтарға жатады. Ал депутат әйелдер саны аз аймақтар – Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстары керісінше, сыбайлас жемқорлыққа бейім облыстар көшін бастап тұр (Matritca.kz, 2019).

Осы деректерді саралай отырып, Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексін жақсарту мен басшылық орындардағы әйелдер үлесі арасында байланыс барын байқадық. Сонымен қатар мемлекеттегі гендерлік саясатты жетілдіру сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті арттыруы немесе, керісінше, кемітуі мүмкін екені анықталған. Бұл процестер бір-бірімен тығыз байланысты және көбіне қатар дамиды (Esarey & Schwindt-Bayer, 2019). Мұндай тенденция мемлекеттік кадр саясатын қалыптастыруға негіз бола алады, қандай да бір салада гендерлік теңсіздік басым болса, ол мемлекеттің жалпы дамуына және қоғамға кесірін тигізеді.

Кейбір зерттеушілер елдегі демократия деңгейі индексін де зерттеуге қосу керек дейді, өйткені ол да сыбайлас жемқорлық деңгейін анықтауға айтарлықтай әсер етеді. Ал біз таңдаған *Freedom House* рейтингі кейінгі он жылдағы еліміздегі демократия деңгейін үнемі төмен деп бағалаған. Тиісінше, мұндай көрсеткіш біз алған уақыт аралығындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы индекске айтарлықтай ықпал еткен жоқ.

Гендерлік саясаттың өзара байланысы мен елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейі тақырыбына шолу жасағанда, сыбайлас жемқорлықтың әр жынысқа қалай әсер ететінін қарастырмай кетуге болмайды. Шетелдік сарапшылар ерлер мен әйелдердің сыбайлас жемқорлықтан көретін зардабы да бір-біріне ұқсамайтынын анықтаған (Ambraseys & Vilham, 2011). Алайда кей зерттеулерге сүйенсек, сыбайлас жемқорлық әрекетінен ерлерге қарағанда әйелдер көбірек зардап шегеді екен (Beekman, et al., 2014).

Осыған дейін де айтып кеттік, еркектермен салыстырғанда, әйелдер сыбайлас жемқорлыққа бара қоймайды әрі азырақ сотталады. Адвокат Назерке Ризабекова да бұл сөзімізді растап, өзі қорғаған жиырма адамның үшеуі ғана әйел болғанын айтты. Әдетте мұндай іс бойынша күдікті адамдардың көбі – ер адамдар.

Сұхбат барысында сарапшы сыбайлас жемқорлық ісі бойынша сот үкімін шығарғанда жынысына қарай кемсіту мәселесін кездестірмегенін білдік. Жынысына

қарамастан жаза тағайындауға әсер ететін бірқатар жағдайлар бар, мысалы, жазасын жеңілдететін және ауырлататын жайттар, процесс барысында келісім жасау, аяқталмаған қылмыс, бірлесіп жасалған қылмыс, қылмысты қайталау және т.б. Сарапшы қорғауындағы адамның асырауға тиіс кішкентай баласы болғандықтан, жазасын өтеуді кейінге қалдыруды сұраған кезі болған дейді. Бар ақпаратты қорыта келе, әйелдер сыбайлас жемқорлыққа жиі бармайды деуге болады, Қазақстан сот жүйесі практикасында сыбайлас жемқорлық жасағандарды жынысына қарай алалау байқалмайды.

Бұл ретте ұлттық құқықтық статистика заңсыз іс жасағандарды ғана есепке алатынын ұмытпау керек. Көбіне сыбайлас жемқорлық бабы бойынша мемлекеттік мекемелер немесе ұйымдар атынан мемлекеттің өзі жапа шеккен болып шығады. Бір өкініштісі, Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтан жапа шеккен жеке тұлғалар жайлы мәлімет өте аз, олар мүлде зерттелмеген. Мұндай деректер болғанда мемлекеттік аппарат қызметіндегі сыбайлас жемқорлықты жоюды көздейтін тиімді шаралар көбірек жасалар еді.

Сұхбат берген маман өз тәжірибесіне сүйеніп айтқанындай, сыбайлас жемқорлық бабымен айыпталған әйелдерге көбіне сыбайлас жемқорлық бойынша алаяқтық жасады, өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденді немесе жымқырды және пара беруге итермелейтін алаяқтық жасады деген айыптар тағылған.

Мәселені жақсырақ түсіну үшін мынадай мәлімет келтіре кетейік. Ұлттық статистика бюросы былай дейді (Stat.gov.kz, 2021): еліміздің кей аймағындағы әйелдердің 70%-ға жуығы үй шаруасымен ғана айналысып отыр. *Transparency Kazakhstan* жүргізген 2020 жылғы әлеуметтік сауалнама нәтижесіне сүйенсек, сыбайлас жемқорлық белең алған ұйымдарға ауруханалар, білім беру мекемелері мен Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) жатады екен (Tikazakhstan.org, 2021). Үйде отырған адам ретінде әйел бала қарауға, әкімшілік істеріне (құжат рәсімдеу, балаларды балабақша мен мектепке беру), үйдегілерді емдетуге жауапты, сондықтан ерлерге қарағанда аталған мекемелерге жиі барады. Осыған қарап, әйелдер тұрмыстағы сыбайлас жемқорлық мәселесіне жиі тап болады деп топшылауға болады. Жалпақ тілмен айтсақ, ерлер ірі сыбайлас жемқорлыққа көбірек барады, оған ресми статистика деректері дәлел (Qatqor.gov.kz, 2021). Энн Мари Гетцтің кітабында «әйелдердің дәстүрлі рөлі оларды ерлерге қарағанда тамыр-таныстық пен өзге де сыбайлас жемқорлық түріне бейімделуге итермелейді» деп жазған (Goetz, 2007).

Әйелдер заңсыздыққа жиі баратын биліктің әрекетінен зардап шегіп отыр, әсіресе әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер алғанда осыны байқауға болады. Біздің елде мұндай зерттеу жүргізілмеген, алайда 2014 жылы Еуропаның 85 мың тұрғынынан сауалнама алғанда осындай тенденция бары анықталған (Charron, et al., 2014).

Қазақстанда бұған ұқсас жағдайды кейінгі кездері митингіге шығып жүрген көпбалалы аналар саны өскенінен көреміз, олар мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясатқа наразы (Currenttime.tv, 2021).

Әйелдер балаларды балабақша мен мектепке бергенде де сыбайлас жемқорлықтың бір түріне тап болады. Қазақстан қоғамында ерлерге қарағанда әйелдер балалардың біліміне көбірек көңіл бөледі. Балаларды балабақша мен мектепке кіргізу солардың мойнында, ата-аналар жиналысына баратындар да, білім беру ұйымы жанынан құрылған ата-аналар кеңесіне кіретіндер де – әйелдер. Қазір білім беру саласы – сыбайлас жемқорлық өршіп тұрған саланың бірі (kursiv.kz, 2020). Кей аймақтарда жағдай ушығып, тіпті мемлекет президентіне үндеу жасағандар да болды (Azattyq.org, 2020).

Сондықтан өкілетті мекемелер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізгенде белгілі бір гендерлік топтарға назар аударғаны дұрыс. Әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік мекемелердегі сыбайлас жемқорлықты жою – ана мен бала құқығын қорғауға берілген мүмкіндік. Сыбайлас жемқорлықты сәтті жойған жобалар да бар. Мысалы, Ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ) өту процесін цифрландырып, осы саладағы сыбайлас жемқорлықты жоя алды деуге болады, соның арқасында түлектер білім грантын әділ жолмен иеленетін болды (Ortcom.kz, 2021).

Осы тұста сәл шегініп, ер адамдар тәртіп бұзуға жастайынан бейім болатынын растайтын бір дәлел келтіре кетсек дейміз. Мысалы, ҰБТ нәтижесінің күші жойылған жағдайларды еске түсірейік. Ұлттық тестілеу орталығынан алынған ресми деректерге сүйенсек, 2021 жылы ҰБТ талаптарын бұзды деп 1354 ұл баланың, 1261 қыз баланың нәтижесі жарамсыз болып қалған, емтихан тапсырған қыздардың саны 1184-ке көп болғанын да ескерейік (жалпы есеп бойынша 1,97%-ға 1,59%-дан келіп тұр).

БҰҰ бас хатшысы Антониу Гуттериш сыбайлас жемқорлықты «қоғам сенімін ең арсыз жолмен сатып кету» деп сипаттаған, ал біз осы сатқындық гендерлік теңдікті сыйламау мен еліміздің конституциясында бекітілген басқа да демократиялық принциптерді сақтамаудан басталатынын айтқымыз келеді (UN.org, 2021). Қоғамдағы сенім кез келген ұжымдық топтар арасында ашық қарым-қатынас орнатудан басталады. Дина Шарипова мен Серік Бейменбетовтің зерттеулері көрсеткендей, барлық жас санатындағы қазақстандықтардың көбі сыбайлас жемқорлықты құптамайды (Sharipova & Beimenbetov, 2021). Бір қызығы, пара беруге бәрі бірдей қырын қарағанымен, гендерлік индекс сыбайлас жемқорлық әрекетіне тап болған еркектер мен әйелдердің көрсеткіші де тең емесін анықтаған. Сауалнама нәтижесінен көргеніміздей, жауап бергендердің 71,8%-ы мемлекеттегі әйелдер позициясын нығайтуға Қазақстан үкіметі көңіл бөлуге тиіс дейді (ibid).

Sextortion – сыбайлас жемқорлықтың бір түрі

Сыбайлас жемқорлықтың нақты гендерлік салдары болатынын анықтап алған соң, Қазақстанда мүлде зерттелмеген гендерлік сыбайлас жемқорлық түрі туралы айтсақ дейміз. Оны *sextortion* немесе «жынысына қарай бопсалау» дейді.

Sextortion термині ресми ортада кең тарамаған, бірақ түрлі ұйымдар мен құқық қорғаушылар оны жиі қолданады. Бұл терминді алғашқылардың бірі болып *Әйел судьялардың халықаралық қауымдастығы* (IAWJ) қолданды деседі, олар терминге «сыбайлас жемқорлықтың бір түрі, бұл жерде параның рөлін секс пен жыныстық қарым-қатынастың басқа да түрлері сияқты материалдық емес дүниелер (мысалы, интим фотолар) атқарады» деп анықтама берген. IAWJ атап өткендей, оны түрлі жыныстық қатынасқа мәжбүрлеуден бөліп қарау керек (Ibanet.org, 2021). Бұл терминнің басты айырмашылығы – сыбайлас жемқорлық құрамының болуы, яғни, қылмыскер сексуалды әрекетке физикалық күш қолданбай-ақ мәжбүрлей алады, атап айтқанда, психикалық қысым көрсетеді, лауазымы жоғары екенін және шешім қабылдайтын тарап екенін пайдаланады (ibid).

Оның нақты мысалы ретінде оқытушы мен қажет бағасын сұраған оқушының қарым-қатынасы; жұмыс беруші мен қызметте өскісі келетін және өзіне сүйеу іздейтін қызметкердің қарым-қатынасы; күш құрылымы өкілі мен жазасын жеңілдетуді көздейтін қылмыскердің (немесе күдіктінің) қарым-қатынасы сияқты түрлі нұсқаларды айтуға болады.

Мұндай қарым-қатынас туралы ақпарат анда-санда БАҚ-та жарияланады, алайда сыбайлас жемқорлықтың бұл түрі әлемде кең тараған (Pring & Vrushi, 2019). Мысалы, БҰҰ даму жөніндегі бағдарламасы мен Стокгольм су ресурсы халықаралық институтының қолдауымен Богота, Колумбия, Йоханнесбург және Оңтүстік Африка әйелдерінен құралған мақсаты бір топ *sextortion-нің* нақты мысалын көрсеткен. Екі қалада да үй шаруасындағы адам ретінде және материалдық мүмкіндігі болмаған әйелдер су алу үшін өкілетті адамдарға секс қызмет көрсетуге мәжбүр болған (UNDP-SIWI Water Governance Facility, 2017).

Бір өкініштісі, Қазақстанда да жынысына қарай бопсалау элементтері бар жағдайлар жиі болып тұрады. Сондай шулы істің бірі ауыл мектебінде істейтін гардеробшы әйелдің басынан өткен, оны істеп жүрген жұмысынан шығармау үшін бастығы жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеген, ақырында жұмыстан қуған. Сотта өз ісінің дұрыстығын дәлелдей алмаған әйел Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі БҰҰ комитеті арқылы халықаралық деңгейде құқығын қорғауға мәжбүр болған (Informburo.kz, 2017). Мұндай істі сирек кездесетін жағдайға жатқызуға болады, әдетте жапа шеккендердің көбі болған жағдай туралы жақ ашпайды, жыныстық қатынасқа

итермелейтін бюрократиялық машинамен күресуге дайын емес. Сарапшы ретінде сұхбат берген Назерке Ризабекова *sextortion* бойынша оқиғаны әлі кезіктірмеген, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі парадигмасында секс пен басқа да мүліктік сипаты жоқ әрекеттер параға саналмайды екен (Adilet.zan.kz, 2022). Осыған байланысты *sextortion* Қазақстан заңнамасы аясында пара алуға жатпайды.

Басыну (харрасмент) да, *sextortion* де Қазақстан заңнамасында бекітілмеген. Яғни қазір мұндай әрекеттен жапа шеккендерді қорғау және өзісінің дұрыстығын дәлелдеу – өте күрделі әрі ұзаққа созылатын жұмыс. Тек 2020 жылы ҚР Парламенті мәжілісінің депутаттары Ирина Смирнова, Зағипа Балиева мен Нұржан Әлтаев жынысына қарай бопсалау үшін қылмыстық жауапқа тартатын заң жобасын қабылдау керек деп мәселе көтерген. Қазақстанда алғаш рет «жынысына қарай орынсыз ұсыныстар айту; секс қызмет және соған қатысты өзге де вербал, бейвербал әрекеттер жасауды талап ету» деген ұғымдарды заңнамаға енгізу ұсынылды (Mk-kz.kz, 2020). *Sextortion* ұғымын бекіту туралы мәселе әлі көтерілмегенімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру мақсатында жыныстық қатынасқа түсуді және өзге де осы сипаттағы әрекетті талап ету немесе пайда табу құралы ретінде қарау мәселесін зерттеу қажет.

Жыл сайын сыбайлас жемқорлықтың бұл түрі өршіп барады, демек, арнайы заң қабылдау керек. Әлем елдерінде мұндай заң бар. Мысалы, Бразилияның қылмыстық кодексінде «еңбек жағдайын, лауазымын немесе атқаратын қызметін пайдаланған жоғары лауазымды не жасы үлкен адам басқа адамды жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеп, өз қалауын жасауға ұмтылғаны» қылмыс деп көрсетілген, ол үшін екі жылға дейін сотталады. Канадада сыбайлас жемқорлықты, билігін асыра пайдаланғандарды және қандай да бір қызмет үшін адамды секске мәжбүрлегендерді жазалайтын заң бар (Thomson Reuters Foundation, IAWJ, 2015).

ҚОРЫТЫНДЫ

Кейінгі жиырма жылда әлемде мемлекеттік басқару саласындағы гендерлік теңдік мәселесіне ден қоя бастағандар саны артқан. Зерттеу барысында стратегиялық шешімдер қабылдау процесіндегі әйелдер саны артқаны мен елдегі сыбайлас жемқорлықты қабылдау жағдайын жақсарту арасында оң өзгеріс барын анықтадық. Қазақстан гендерлік кадр саясатында айтарлықтай өзгеріс жоқ, дегенмен соның өзі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің әлеуметтік аспектілеріне пайдасы тигенін байқадық.

Елдегі гендерлік теңдік құқығын дамыту мен сыбайлас жемқорлық ықпалын азайту – параллель жүретін процестер, ол заманауи демократиялық мемлекеттің негізі саналады. Сонымен қатар мемлекеттік аппаратты тиімді реформалау үшін гендерлік

саясат теңгерімін сақтау керегін де ескеру керек. Тек бір гендер өкілдерінен құралған ұжым екеніне қарамастан, бәрі бірдей сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар болуы мүмкін екенін, яғни Мексика мен Перу полициясының қалай әрекет еткенін де ұмытпау керек.

Қазір күнделікті өмірдегі сыбайлас жемқорлық және одан жапа шеккен адамдарға көп көңіл бөлінбейді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалай жүргізу керек деп ойланғанда, осы мәселе де шет қалмауға тиіс. Зерттеу барысында еркектер мен әйелдер тап болатын сыбайлас жемқорлық түрлері де бір-біріне ұқсамайтынын көрдік. Сондықтан жемқорлық салдарынан қорғану шараларын ойластырғанда да осы ерекшеліктерді ескеру керек. Бұлай саралау Қазақстан қоғамында қалыптасқан мәдени, экономикалық және саяси ерекшеліктерге байланысты.

Sextortion ұғымына жататын қылмыс түріне де ерекше назар аудару қажет, бұл мәселе Қазақстанда мүлде зерттелмеген деуге болады, алайда белгілі бір санаттағы адамдарды бастықтары мен лауазымды қызметте отырған адамдар жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлейтіні рас. Әр адам жынысына қарамастан өзі қалаған қызметке тұруға, істеп жүрген жұмысын өз қалауымен жалғастыра беруге және қызметте көтерілуге қақылы, қандай да бір жағдай туғанда, құқын қорғау үшін нормативтік құжаттарға сүйенуі керек. Сыбайлас жемқорлыққа кезіккенде өзгелерге қарағанда өз құқын қорғай алатын, заң тілін білетін адам тез арада тиісті орындарға хабарлауға бейім келеді.

Көптеген гендерлік зерттеулер секілді бұл зерттеу жұмысы да елімізде тең, инклюзив және ашық мемлекеттік басқару жүйесін орнату қаншалықты маңызды екенін тағы бір дәлелдеді. Бұл тек Қазақстандағы мәселе емес. UNDP адамзат дамуына қатысты кейінгі зерттеулеріне сүйенсек, қарастырылған 4 теңсіздік арасында 3-санаттың, яғни «саяси құқықтар мен мүмкіндіктерді арттырудағы гендерлік алшақтық» санатының көрсеткіші жоғары. 156 мемлекетте зерттеу жүргізіліп, «осы мемлекеттер парламентіндегі 35 500 орынның 26,1%-ында ғана әйелдер отырғаны, әлемдегі 3400-ден астам министрдің 22,6%-ы ғана әйелдер екені» анықталған. 2021 жылғы 15 қаңтарда жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 81 мемлекетте ешқашан әйел президент (мемлекет басшысы) болған емес (World Economic Forum, 2021).

Адекват гендерлік саясатты іске асыру тәсілдерін түрлі топтарға түсіндірмесе, атқарылған жұмыстар нәтиже бермесі анық. Түсіндіру жұмыстары жүргізілгенде ғана адам құқын жоққа шығаратындар, елемейтіндер азайып, пайдалы әрі сенімді ақпарат көбейеді.

Әділ сайлау, мемлекеттік процестердегі ашық жүйе және сыбайлас жемқорлықпен күрес үшін қалай жанталассaq, гендерлік нормалардың үстем болуы үшін де солай

әрекет етуіміз керек, сонда өркендеген, дамыған мемлекет құрамыз. Міне, осындай принципті ғана әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа қарсы «дәрі» деуге болады. Дүниежүзілік банк сарапшылары жүргізген ғылыми зерттеу деректеріне сүйенсек, «әлемнің 89 елінде тұратын кедейлердің басым бөлігі – әйелдер» (Lazarova, 2010). Жемқорлық пен гендерлік теңсіздіктің айқын корреляциясын дамушы елдерден ғана табамыз деуге болмайды. 2008 жылғы зерттеулер Еуропаның 18 мемлекетінде еркектерді ғана саясатқа «тарту» керек дейтін әрі солай болуын қадағалап, өз үстемдігін жүргізіп отырған «ұйымдасқан нетуоркиң» барын растаған (Council of European Municipalities and Regions, 2008).


Бұл зерттеу жұмысы сыбайлас жемқорлықтан ада қоғам құрудың жалғыз жолы басшы болам деген әйелдердің құқын арттыра түсу керек дегенді алға тартпайды. Мысалы, парламентінде әйелдер көп болған тұңғыш мемлекет – Руанданың демократиялық жағдайы әлі тұрақталған жоқ, ал Жапония парламентінің төменгі палатасындағы депутаттардың 9,9%-ы – әйелдер, бұл елдегі Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі өте жақсы (Transparency International, 2021). Дегенмен әлеуметтік, физиологиялық және биологиялық ерекшелігіне қарамастан, әр азаматтың өз дегеніне жетуге қақысы бар және соған жағдай жасалуға тиіс. Сондықтан гендерлік зерттеулер елдегі өзекті мәселелердің тиімді шешілуіне ықпал етеді деп үміттенеміз.

1-қосымша

	CPI (Corruption Perceptions Index)	Global Gender Gap Index	Global Gender Gap Index – Po- litical Empower- ment	GII (Gender Inequality Index)	Women in Parliament	Women in minis- terial po- sitions	Freedom House De- mocracy Index
2010	29	0,706 (41/134)	0,080		11,05%	2	5,5 (not free)
2011	27	0,701 (49/135)	0,080	0,334	11,05%	3	5,5 (not free)
2012	28	0,721 (31/135)	0,146	0,312	14,3 %	2	5,5 (not free)
2013	26	0,722 (32/136)	0,146	0,323	14,3 %	3	5,5 (not free)
2014	29	0,721 (43/142)	0,166	0,267	15,8 %	2	5,5 (not free)
2015	28	0,719 (47/145)	0,148	0,202	16,3%	2	5,5 (not free)
2016	29	0,718 (51/144)	0,153		16,3%	1	24 (not free)

2017	31	0,713 (52/144)	0,130	0,197	16,75 %	1	22 (not free)
2018	31	0,712 (60/149)	0,130	0,203	18,85%	1	23 (not free)
2019	34			0,190	18,85%	1/	22 (not free)
2020	38	0,710 (72/153)	0,130		22,95%	2/	23 (not free)
2021		0,710 (80/156)	0,141 (106/155)		22,95%	2/18	23 (not free)

2-қосымша



Дереккөз

«Азаттық радиосы» ақпарат агенттігі. Стыдят и клеймят «скандалистами». Учителя Казахстана жалуются на поборы. – URL: <https://www.rus.azattyq.org> (соңғы қаралған күні: 25.12.2021)

«Братство свистка». Как дорожная полиция работает в других странах – 2021. – URL: <https://www.zakon.kz> (соңғы қаралған күні: 10.11.2021)

Гардеробщица из Костанайской области подала иск к Минфину РК (2017). – URL: <https://www.informburo.kz> (соңғы қаралған күні: 13.12.2021)

Жамбылская и Кызылординская области стали самыми коррумпированными в Казахстане. – 2017. – <https://www.matritca.kz> (соңғы қаралған күні: 10.11.2021)

Kursiv.kz ақпарат агенттігі. В Казахстане назвали самые коррумпированные госорганы. <https://www.kursiv.kz> (соңғы қаралған күні: 10.12.2021)

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – URL: <https://www.stat.gov.kz> (соңғы қаралған күні: 28.11.2021)

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық қызметі. – URL: <https://www.qamqor.gov.kz> (соңғы қаралған күні: 10.11.2021)

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (соңғы қаралған күні: 15.01.2022)

«МК в Казахстане» газеті. Нужна ли в казахстанском законодательстве статья за харрасмент? – <https://www.mk-kz.kz> (соңғы қаралған күні: 27.11.2021)

«Настоящее время» ақпарат агенттігі. В Нур-Султане прошел митинг многодетных матерей. – URL: <https://www.currenttime.tv>. (соңғы қаралған күні: 10.12.2021)

Сапига Д. «Братство свистка». Как дорожная полиция работает в других странах. – URL: <https://online.zakon.kz>. (соңғы қаралған күні: 15.01.2022)

Ambraseys, Nicholas & Bilham, Roger (2011). Corruption kills. *Nature*, 469(7329), pp. 153–155.

Beekman, Gonne, Bulte, Erwin & Nillesen, Eleonora (2014). Corruption, investments and contributions to public goods: Experimental evidence from rural Liberia. *Journal of Public Economics*, 115, pp. 37–47.

Charron, Nicholas, Dijkstra, Lewis & Lapuente, Victor (2014). Mapping the Regional Divide in Europe: A Measure for Assessing Quality of Government in 206 European Regions. *Social Indicators Research*, 122(2), pp. 315–346.

Council of European Municipalities and Regions. (2008). Women in local politics in Europe: Figures from 34 European countries of CEMR's membership. Published by the Council of European Municipalities and Regions.

Deborah W. Denno (1994). Gender, Crime, and the Criminal Law Defenses, *J. Crim. L. & Criminology*, 85, p. 80–180.

Dollar, David, Fisman, Raymond & Gatti, Roberta, (2001). Are women really the «fairer» sex? Corruption and women in government, *Journal of Economic Behavior & Organization*, 46, issue 4, p. 423–429.

Esarey, Justin & Schwindt-Bayer, Lesli A., (2019). Estimating Causal Relationships Between Women's Representation in Government and Corruption, *Comparative Political Studies*, 52(11).

Freedom house. <https://www.freedomhouse.org>. Соңғы қаралған күні: 10.12.2021.

Garikipati, Supriya & Kambhampati, Uma (2021). Leading the Fight Against the Pandemic: Does Gender Really Matter?, *Feminist Economics*, 27: 1-2, 401–418.

Goetz, Anne Marie (2007). Political Cleaners: Women as the New Anti-Corruption Force? *Development and Change*, 38(1), pp. 87–105.

Grimes, Marcia & Wängnerud, Lena (2010). Curbing Corruption Through Social Welfare Reform? The Effects of Mexico's Conditional Cash Transfer Program on Good Government. *The American Review of Public Administration*, 40(6), pp. 671–690.

Jha, Chandan & Sarangi, Sudipta, (2018). Women and corruption: What positions must they hold to make a difference?, *Journal of Economic Behavior & Organization*, 151, issue C, p. 219–233.

Karim, Sabrina (2011). Madame officer. – URL: <https://www.americasquarterly.org> Соңғы қаралған күні: 10.12.2021.

Lazarova, Maja (2020). Gender aspects of the corruption with reference to the Republic of North Macedonia. National Program Officer Democratization Department, OSCE Mission to Skopje, p. 27.

Pring Coralie and Vrushi Jon (2019). Global Corruption Barometer Latin America & The Caribbean. Transparency International. – URL: <https://www.transparency.org>.

Swamy, Anand, Knack Stephen, Lee Young & Azfar Omar, (2001), Gender and corruption, *Journal of Development Economics*, 64, issue 1, p. 25–55.

Sharipova, Dina & Beimenbetov Serik (2021). Youth in Kazakhstan: Assessing their values, expectations, and aspirations, Friedrich-Ebert-Stiftung Kazakhstan, p. 35.

Transparency International, Corruption Perceptions Index 2020 (2021).

Thomson Reuters Foundation, International Association of Women Judges (2015). Combating Sextortion: A Comparative Study of Laws to Prosecute Corruption Involving Sexual Exploitation. Thomson Reuters Foundation. <https://www.trust.org>. (Соңғы қаралған күні: 27.11.2021)

Transparency International. <https://www.transparency.org>. Соңғы қаралған күні: 26.12.2021.

UNDP-SIWI Water Governance Facility (2017). Women and corruption in the water sector: Theories and experiences from Johannesburg and Bogotá. WGF Report, No. 8. Stockholm: SIWI.

World Economic Forum. – URL: <https://www.weforum.org>. (соңғы қаралған күні: 10.12.2021)

World Economic Forum, Global Gender Gap Report (2021). Insight report.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ЖАСТАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІНДЕГІ ГЕНДЕР ҰҒЫМЫ

Наталья Ворошилова

КІРІСПЕ

2015 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы тұрақты даму саласын қамтитын өзара байланысты 17 мақсатын жариялады (Sustainable Development Goals (SDGs)). Бұл мақсаттар «барша адамның ең жақсы әрі тұрақты болашаққа жету жоспары» саналады. Гендерлік теңдікті қалыптастыру, әйелдер мен қыздар құқығы мен мүмкіндігін арттыру – осы мақсаттардың бір тармағы. Қазақстан Республикасы – БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің бірі, сондықтан тұрақты даму мақсатын қолдайды.

Сондықтан қай уақытта да тұрақты даму, соның ішінде, гендерлік саясат әлемдік дамудың ең маңызды стратегиясының бірі саналады. Сәтті жүргізілген гендерлік саясат – мемлекеттің тұрақты дамуы кепілі, өйткені ол әлеуметтік-мәдени контексті анықтайтын фактор. Соған орай жалпы Қазақстан Республикасындағы және Шымкент қаласындағы гендер мәселесін зерттеу нысаны етіп алдық. Соның ішінде гендер туралы жастар не ойлайтынына мән берген абзал, өйткені жан-жақты дамыған мемлекет құру үшін алдымен жас буынды тәрбиелеу керек. Осының бәрін қамтығанда зерттеудің қаншалықты өзекті екені көрінеді.

Зерттеу мақсаты – Қазақстан жастары түсінігіндегі гендер мәселесін талдау және гендерлік проблемалардан арылуға көмектесетін шаралар мен гендерлік саясатты жетілдіру жолдарын ұсыну. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді айқындап алдық:

1. Гендерлік саясат саласындағы халықаралық тәжірибені талдау.
2. Шымкент қаласында тұратын, 18–29 жас аралығындағы жастардан әлеуметтік сауалнама алып, негізгі гендерлік түсінік туралы не білетінін анықтау.

3. Анықталған гендерлік мәселелерді жойып, Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясатты жетілдіретін шаралар ұсыну.

Гендер, жыныс, гендерлік кімдік

Гендер мәселесіне әділ қарау үшін және Шымкент қаласы жастары гендер ұғымын қалай түсінетінін талдау үшін жыныс, гендер деген ұғымдарға түсініктеме беріп, олардың айырмасын айта кету керек және гендерлік кімдік дегеннің не екенін ажыратып алу керек. «Жыныс» пен «гендер» термині көбіне синоним ретінде қолданылып жүр. ДДҰ анықтамасына сүйенсек, бұл сөздердің мағынасы бір емес.

Адам жынысы – адамдар мен жануарлардағы биологиялық белгілер жиынтығы. Ол, ең алдымен, адамның физикалық және физиологиялық ерекшелігімен байланысты, оған хромосомалар жиынтығы, ген экспрессиясы, гормондар мөлшері мен қызметі және репродукциялық/жыныстық анатомиясы кіреді. Жыныс әдетте әйел және еркек болып екіге бөлінеді.

Гендер – әлеуметтік тұрғыда қалыптасқан рөлдер; адамдардың жынысына қарай ерекшеленетін мінез-құлқы, өзін көрсетуі, кімдігі. Гендер адамдардың өзін және өзгелерді қабылдауына, өзара байланысына, билік пен қоғамдағы ресурстарды бөлуге ықпал етеді. Гендерлік кімдік бинар да емес (қыз/әйел, ұл/еркек) және тұрақты да емес; гендер бұрыннан бар және уақыт өткен сайын өзгеріп тұруы мүмкін. Адамдар мен топтардың гендерді атқаратын рөлі, оларға артылған үміт, өзгелермен қарым-қатынасы және қоғамдағы гендерді институттандыруға қатысты күрделі әдістер арқылы түсінуі мен қабылдауында айтарлықтай айырмашылық бар.

Сонымен, жыныс – адамның туа бітті физикалық ерекшелігі, ал гендер – адамның жеке тұлғасы, өз болмысын көрсетуі және әлеуметтік рөлі. Адам өзін туа біткен ерекшелігіне де (бинар гендер кімдігі), туа біткен жынысынан басқа жынысқа да (бейбинар гендерлік кімдік) немесе бірде-бір жынысқа сай көрмеуі мүмкін (Васильченко, 1990; Бухановский, 2015; Skordis et al., 2015; Fuss et al., 2018).

Қазақстан Республикасындағы өзекті гендер мәселелері

Гендерлік теңдік стратегиясы аясында қабылданған кешенді гендерлік әдістерді енгізгелі 20 жылдан астам уақыт өтті және гендерлік мәселе бойынша жаңартылған саясат қабылдаған Қазақстан гендерлік теңдікті қолдайтынын көрсетіп келеді. Қазақстан гендерлік теңдікті заңға, саясат пен экономикаға және басқа салаларға енгізу процесін бастап кетті, осыған қатысты қабылданған шаралар әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы мақсатына жеткізетін кілт болмақ. Шымкент – гендерлік бағдарламаларды жиі іске асырып жүрген қалалардың бірі.

Азаматтар теңдігі, соның ішінде гендерлік теңдік туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында жазылған. Қазір Қазақстан Республикасында құқықтық және саяси салада арнайы бағдарламалар қабылданған және іс жүзінде қолданылып жатыр; құқықтық сауат, заң саласында қолдау көрсету, гендерлік теңдікті ілгерілетуді көздейтін халықаралық құжаттар бекітілген. Осының бәрі ҚР үкіметі негізгі гендерлік мәселелерге ден қойғанын көрсетеді. БҰҰ-ға мүше елдердің халықаралық көрсеткіштеріне салсақ, Қазақстанның гендерлік теңдік көрсеткіші біршама жақсарған:


- Адамзат дамуы жөніндегі баяндамаға сүйенсек, 2019 жылы Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен білім беру сияқты стратегиялық маңызды салаларда базалық теңсіздік тұрғысынан алғанда гендерлік алшақтық азайған (<http://hdr.undp.org>, 2021).
- Қазақстан 189 мемлекет арасында 50 орында тұр, бұл мемлекет жоғары деңгейде дамып жатқанын көрсетеді (<https://www.weforum.org>, 2021).
- 2019 жылы Қазақстан Республикасындағы әйелдердің Гендерлік даму индексі (GDI) 0,795, ал ерлердікі 0,790 болған, бұл – әйелдер мен ерлер арасындағы теңдік деңгейі жоғары деген сөз (жиынтық GDI 1,006 болды). Гендерлік даму индексі (GDI) БҰҰ Даму бағдарламасының индикаторы саналады (<https://www.weforum.org>, 2021).
- Қазақстанда 2000 жылы Гендерлік теңсіздік индексі 0,405 болса, 2017 жылы 0,197 болған, бұл Еуропа және Орталық Азия елдеріндегі орташа көрсеткіштен төмен (0,279) (<https://www.weforum.org>, 2021).
- 2020 жылы Қазақстанның Дүниежүзілік экономикалық форумдағы (бұдан ары GGGI) Жаһандық гендерлік алшақтық индексі 0,710 болған. Қазақстан 153 мемлекет арасында 72 орында тұрса, ЭЕО елдері арасында тек Беларусь алғашқы отыздыққа кірген (29 орын), ал Армения (98 орын), Қырғызстан (93 орын) және Ресей (81 орын) Қазақстаннан кейін тұр (<https://www.weforum.org>, 2021).

Қоғам елдегі саяси өмірге әйелдер белсене араласқанына қарсы емес, қайта оларды қолдауға дайын, бұған қарап ҚР гендерлік мәселелерде біршама жетістікке жеткенін көреміз. Бұл сөзімізге 2016 жылы Ф.Эберт атындағы қор жүргізген әлеуметтік зерттеулердегі деректер де дәлел болады (<https://library.fes.de>, 2021). Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, қазақстандықтардың 60%-ы әйелдер елдегі саяси өмірге араласуы керек, әйелдердің қоғамдық өмірге араласуы әлеуметтік саясат тиімділігін арттыруға ықпал етеді дегенге келіседі.

Қазақстанның түрлі салада гендерлік теңдік орнатсақ деген әрекеті нәтиже беріп жатыр. Дегенмен бірқатар проблемалар да бар. Атап айтқанда:

1. Заң шығару саласындағы шалағайлық. 2009 жылғы 8 желтоқсанда қабылданған №223-IV «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заңы Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың негізі саналады. Бұл заң актісін дайындау мен қабылдаудың өзі дамыған зайырлы мемлекеттің жетістігі саналғанымен, заңда кемшіліктер бар. Атап айтқанда, ондағы дискриминация туралы анықтаманы толыққанды, түсінікті және нақты деуге келмейді. Сонымен қатар қандай да бір формадағы теңсіздік пен дискриминацияға тыйым салынбаған. Дегенмен заң актісінде гендерлік теңдікті ілгерілетуді реттейтін көптеген ережелер бар, бірақ осы ережелерді орындау жауапкершілігі ешкімге жүктелмеген және нақтыланбаған, мемлекеттік мекемелер мен институттар қай ереженің іске асуын қадағалайтыны түсініксіз. Оған қоса «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» деген Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығын да атап өту керек. Құжатты талдағанда ҚР үкіметі гендерлік мәселелерді тиімді шешуге ұмтылатыны байқалды, алайда гендерлік теңдікке жетуге бағытталған дербес стратегияларды дайындауға және оны іске асыруға қарсы шығады, бұл саланың мәселесін отбасы саясаты мәселесімен бірге қарастырады.

2. Билік органдарындағы әйелдердің аздығы. Саяси саладағы ерлер мен әйелдер үлесі тең емес. Мұндай тұжырымды Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы дайындаған «Сайланатын лауазымдардағы гендерлік теңдік: алты сатылы іс-қимыл жоспары» деген құжат пен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми дерегіне сүйеніп жасауға болады (<https://www.osce.org>, 2021; <https://gender.org>).



stat.gov.kz, 2021). 2019 жылғы деректерде Қазақстан Республикасындағы әйелдердің үлесі мынандай: ҚР мемлекеттік саяси қызметкерлер арасында – 11,8%; ҚР Парламент мүшелері арасында – 21,8%; мәслихат мүшелері мен жергілікті билік мекемелері арасында – 22%; әкімшілік лауазым мен басқарма қызметі арасында – 4,1%. Бұдан әйелдердің мемлекеттік саясатқа ықпал ету мүмкіндігі шектеулі екенін көреміз. Бұл тұрғыдан алғанда «критикалық масса» концепциясына ерекше назар аудару керек. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, мемлекеттік мекемелердегі әйелдер гендерлік саясат мәселесі мен мүддесін көтеріп, ілгерілетуге аса араласпайды, өйткені олардың соңынан еретін «критикалық масса» жоқ деседі. Мұндай масса жұмыс тиімділігін, шешім қабылдағанда әйелдер ықпалын арттыратын әйелдер коалициясын құруға мүмкіндік береді. Сарапшылардың сөзіне сенсек, «критикалық массаға» жету үшін әйелдер үлесі 30% болуы керек (Childs, Krook, 2008). Қазақстандағы саясатта жүрген әйелдер үлесі «критикалық массаға» жетпейтіндіктен, парламенттегі еркектер арасынан әйелдер даусы «естілмей қалады». 2018 жылы еңбекақыдағы айырмашылық 34,2% пайыз болған. Сөйте тұра, Қазақстан Республикасында әйелдер ерлермен бірдей жұмыспен қамтылса да, үй шаруасын ерлерден екі есе көп атқаратынын да ескеру керек (<https://www.kz.undp.org>, 2021).

- 3. Еңбек нарығындағы жағдайдың теңсіздігі.** 2018 жылы Қазақстан Республикасында жалпы халық санына шаққанда әйелдердің 64,8%-ы жұмыспен қамтылған. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, 2018 жылы Қазақстан Республикасындағы әйелдер орта есеппен ерлер алатын жалақының 68,7%-ын алған екен (<https://cabar.asia/ru>, 2021). Айта кетерлік жайт, ranking.kz деректеріне сүйсенсек, 2021 жылдың басында ҚР-да 330 400 компания тіркелген, оның 99 мыңын ғана әйелдер басқарады. Басқаларымен салыстырғанда, орта бизнесте басшы әйелдер үлесі көп, яғни 35,6%. Шағын бизнес саласында басшы әйелдер үлесі 29,8% болса, ірі бизнестегі үлесі – 18%. Әлемдегі жетекші елдердің көрсеткішімен салыстырғанда, Қазақстанның еңбек нарығындағы әйелдер үлесі жоғары. Бұл жердегі басты проблема – ерлер мен әйелдерге төленетін еңбекақы арасындағы айырмашылық. Әйелдер мүмкіндігін арттыру үшін білім беру мен кәсіби саладағы стереотиптерді өзгерту керек, әйелдерді шешім қабылдайтын лауазымдарға тағайындап, еңбекақыдағы айырмашылықты азайту керек.
- 4. Зорлық-зомбылық түрлері.** БҰҰ Даму бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы аумағында үйдегі зорлық-зомбылықтың таралуын зерттегенде мынадай жағдай анықталған: елдегі 18–75 жас аралығындағы жұбы бар әйелдердің

18%-ы өмір бойы жыныстық зорлық-зомбылық пен ұрып-соғуға шыдап жүрген, ал 21%-ы немесе әр бесінші әйел психологиялық қысымға ұшыраған.

5. Алалау. 2018 жылы әр елдегі гендерлік теңдікті салыстырып, халықаралық рейтинг жасайтын және әлеуметтік ортадағы жынысына қарай алалауды бағалайтын Әлеуметтік институттар және гендер индексіне (SIGI) сәйкес әлемнің 160 елінде практикалық іс-тәжірибе жүргізіліп, заң қабылданған. SIGI бес саланы қамтиды: алалауға қатысты отбасылық индекс, мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын бұзбау, сыңаржақ қарым-қатынас, ресурстарды шектеу, азаматтық еркіндікті шектеу. Қазақстан SIGI-дің екінші тобына кіреді, яғни ресми деректерде алалау деңгейі төмен дегенімен, шынайы өмірде әлі де бар (SIGI-дің 1-тобы алалаудың ең төмен деңгейін көрсетеді) (<https://www.genderindex.org/>, 2021).

Аталған фактілерге сүйеніп, гендерлік мәселенің өзекті екенін, оны шешпесе болмайтынына көз жеткіздік. Қазақстан Республикасындағы гендерлік мәселелерді шешіп, гендерлік теңдікке жету саласындағы проблемалар мен жетістіктерді талдай келе, мемлекет гендерлік теңдік және халықаралық гендерлік саясат саласында бекітілген халықаралық нормалар мен стандарттарға сай болуға мүмкіндік беретін халықаралық құжаттарды, бағдарламалар мен конвенцияларды бекітуге, «жартылай реформа» жасауға бейім екенін байқадық. Осы ресми статистикалар мен өзге де факторларға сүйеніп, тиімді гендерлік саясат стратегиясын әзірлеп, оны енгізу және дұрыстап іске асыру қажет деген қорытындыға келуге болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық-әдістемелік базасы – Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат мәселелерін шешуге арналған әлеуметтік-коммуникациялық, саяси-ақпараттық, жүйелік және әлеуметтік-ақпараттық әдістер. Бұл жұмыстағы гендерлік теңдік пен феминистік зерттеулер теориясының, заманауи азаматтық қоғам теориясының орны ерекше. Сол арқылы жастар гендерлік мәселелерді білетін-білмейтінін анықтауға болады. Зерттеу үш кезеңге бөлінді:

1. Халықаралық тәжірибені шолу.
2. Шымкент қаласында тұратын, 18–29 жасы аралығындағы жастардан әлеуметтік сауалнама алып, негізгі гендерлік түсінік туралы не білетінін анықтау.
3. Анықталған гендерлік мәселелерді жойып, Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясатты жетілдіре түсетін шаралар әзірлеу және ұсыну.

Гендерлік саясат саласында тиімді шешім қабылдау үшін және Қазақстан Республикасындағы өзекті гендерлік мәселелерді талдау үшін халықаралық тәжірибеге шолу жасағанда мына әдістерді қолдандық: сандық және сапалық талдау, контент-анализ, әдеби шолу, салыстыру әдісі, жалпылау мен аналогия, гипотетикалық-дедуктив әдіс, салыстырмалы талдау. Материал ретінде халықаралық библиография және реферат дерекқорында (Scopus, PubMed) жарияланған мақалалар, Қазақстан Республикасының ресми құжаттары мен мемлекеттерді зерттегенде қолданылатын еңбектер; гендерлік теңдік мәселесіне арналған халықаралық құжаттар (заң актілері, бағдарламалар, конвенциялар және т.б.); бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар мен материалдар.

Әлеуметтік сауалнама алғанда анкета алу, салыстырмалы талдау сияқты әдістерді қолдандық. Сауалнама нәтижесін <https://www.surveymonkey.com> сайтына жүктеп, сол жерде талдадық.

Шымкент қаласында тұратын 18–29 жас аралығындағы жастар респондент болды. Бұл топты таңдау себебіміз: жастар – қоғамның қарқынды дамып келе жатқан ресурсы, экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени және құндылықтар мен технология өзгерістері секілді белгілі бір әлеуметтік жағдайларға тез бейімделетін алып күш. Жастар – өзара әлеуметтік қарым-қатынастың барлық қосалқы жүйесін қамтыған әлеуметтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі.

ДДҰ жіктемесіне сүйенсек, 18-ден 44-ке дейінгі адамдар жастар санатына жатады. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпанда қабылданған №285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңында жастар санатына 14–29 жас аралығындағы Қазақстан Республикасы азаматтарын жатқызған.

Өз еркімен қатысуға келіскен респонденттерге сауалнаманы онлайн тараттық. Сауалнамаға қатыссаңыз, мынадай жеңілдік/сыйлық беріледі деп ешкімді ынталандырған жоқпыз. Анкетада 20 сұрақ болды, әрқайсындағы жауаптардың біреуін таңдау құқығы берілді, соның арасындағы алты сұрақта қосымша «басқасы» деген жауап болды, ол жерге респондент өзі қалаған нұсқаны жаза алатын. Респонденттер сауалнамаға орта есеппен бес минуттай уақыт жұмсады. Респонденттер жауабын бізге жолдамай тұрып өзгертуіне болады, жолдап қойған соң, ештеңе өзгерте алмайды. Сұрақтың бәріне жауап беруге міндеттедік. Сауалнама толықтай аноним өтті. Анкета дайындағанда және нәтижені талдағанда интернет-сауалнамаға арналған чек-лист талаптары сақталды (Eysenbach, 2004).

Сауалнамаға 108 адам қатысты. Оның арасында сегізі 18–21 жас тобына, 31 адам 21–25 жас тобына, ал 69 адам 25–29 жас тобына жатады. Олардың қырық алтысы (42,6%) – еркек, алпыс екісі (57,4%) – әйел. Жауап бергендердің алпыс алтысы

жұмыс істейді (71,20%), жиырма алтысы жоғары білім алып жатыр (28,08%), 6 адам бакалаврда оқып, жұмыс істеп жүр (6,48%), 6 адам магистратурада оқып, жұмыс істеп жүр (6,48%), 4 адам декрет демалысында отыр (4,32%).

Гендерлік теңдік саласындағы көшбасшы елдердің гендерлік саясатын талдағанда (GGGI 2020 дерегі бойынша) олардың үш бірдей базалық принципі бары анықталды:

1. Жетекші және басшы қызметтегі әйелдердің санын арттыруға бағытталған куартил заңы. Қолда бар

деректерге назар аударсақ, заңды жүзеге асырудың өзіндік артықшылығы мен кемшілігі бар. Оның теріс әсері деп мына факторларды атауға болады: фирма шығынының өсуі және басшылықты мәжбүрлеп қайта құрылымдауға және/немесе компанияның жекеменшік формасының/басқару формасының өзгеруіне байланысты акция құнының құлдырауы. Оң әсері: қауіп-қатерлерді басқару саласын жетілдіру, басшылар командасына жастарды қосу, еңбек нарығындағы әйелдер санын арттыру, соның нәтижесінде әйелдердің табысын көтеру; бұл өз кезегінде отбасы әл-ауқатының жақсаруы мен ІЖӨ өсуіне ықпал етеді (Ahern, Dittmar, 2012; Tomczak, Okoń-Horodyńska, ZachorowskaMazurkiewicz, 2015; Løuning, 2015).

2. Әйелдерді қолдауға бағытталған отбасы саясаты; ерлі-зайыптылардың құқығы мен мүмкіндігін тең ету.
3. Гендер мәселесін толық реттейтін, жауапты тұлғаларды анықтап, айыппұл төлетіп, жазаға кесетін жетілген заңнама.

Бұдан бөлек, халықаралық практиканы сараптай отырып, мынадай шараларды анықтадық:

1. Тиісті заңнама нормаларын қабылдау арқылы ерлер мен әйелдердің еңбек ақысын төлеудегі теңсіздікті жою;



2. Тең құқық мәселесі бойынша штат саны 15 адамнан асатын компанияның бәрінде делегат сайлау нормасын заңда бекіту;
3. Ұжымдық келісім тәжірибесін енгізу, мұндайда ұжымдық шарт жасағанда гендер де ескеріледі;
4. Білім берудің барлық деңгейіндегі гендер мәселесін зерттеу;
5. Жыныстық қызмет көрсететіндерді емес, секске ақша төлейтіндерді қылмыстық жауапкершілікке тарту;
6. Гендерлік теңдік орнату мақсатында жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелердің қызметін ұйымдастыру, жұмысын реттеу. Оған Исландияның Гендерлік теңдік министрлігі мысал бола алады;
7. Гендерлік теңдік мәселесі бойынша халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу;
8. Гендерлік тұрғыдан бейтарап қарулы күштер құру;
9. Медиакөңістіктегі гендерлік теңсіздік;
10. Гендерлік теңдікті заңда бекітіп, ынталандыру;
11. Гендерлік теңдік орнату мақсатында жұмыс істейтін тәуелсіз мекемелердің қызметін ұйымдастыру, жұмысын реттеу. Финляндияның гендерлік теңдік мәселесі жөніндегі омбудсменін үлгі етуге болады;
12. Үкіметтегі әйелдер санын арттыру;
13. Жеке кәсіпкерлік арқылы гендерлік теңдікті нығайту;
14. Әйелдерді кәсіппен айналысуға ынталандыру және оларды қолдау;
15. Әйелдердің білім алу мүмкіндігін арттыру, гендерлік ерекшелікті ескерген оқу материалдарын дайындау, арнайы шаралар өткізу.

Қазақстан Республикасындағы өзекті гендерлік мәселелер туралы айтсақ, сауалнама жауаптарын сараптағанда мынадай проблемалар барын анықтадық: жүйесіз заң, биліктегі әйелдердің аздығы, әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету, еңбек нарығындағы теңсіздік, алалаудың түрлі формасы мен көрінісі байқалады.

Әлеуметтік сауалнамадан мына нәрселерді анықтадық:

1. Жауап бергендердің 53,7%-ы (58 адам) «жыныс» пен «гендер» – екеуі екі түрлі ұғым екенін біледі. 43,5%-ы (47 адам) бұл ұғымдардың мағынасы бір деп ойлайды, ал 2,8%-ы (3 адам) жауап беруге қиналған.
2. Респонденттердің 98,1%-ы (106 адам) «адам жынысы» дегеннің не екенін біледі. Олардың 75%-ы (79 адам) «адам жынысы» деген ұғымның ДДҰ бекіткен «Анатомиялық, физиологиялық, биохимиялық және генетикалық сипаттамалар жиынтығы еркек организмін әйел организмнен ерекшелеп тұрады, мұның бәрі жеке алғанда немесе бірлесе келіп еркек пен әйелді сәйкестендіруге және ажыратуға қолданылады» деген анықтамасын дұрыс тапқан. 13,2%-ы (14 адам)

«адам жынысы» – әйелді еркектен, еркекті әйелден ажыратып тұратын адамның туа бітті ерекшеліктерінің жиынтығы» дегенді таңдаса, 12,3%-ы (13 адам) «адам жынысы» – адамның еркек немесе әйел екенін анықтайтын сипаттама» деген анықтаманы таңдаған.

3. Респонденттердің 89,8%-ы (97 адам) «гендер» деген сөздің не екенін білсе, қалған 10,2%-ы (11 адам) бұл терминнің мағынасын білмейді. Сауалнамаға қатысқан барлық респонденттің 57,4%-ы (62 адам) ғана гендер ұғымының дұрыс анықтамасын, яғни «Ерлер мен әйелдердің қоғамда қалыптасқан сипаттамасы – мысалы, әлеуметтік рөлдер және олардың қарым-қатынасы» деген жауапты таңдаған. 42,6%-ы (46 адам) дұрыс жауап берген, оның 20,4%-ы (22 адам) «өмірдің барлық саласында кездесетін ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынастың әлеуметтік аспектісі» деген қате жауапты таңдаса, 22,2%-ы (24 адам) ұсынылған анықтамалардың ешбірі дұрыс емес дегенді таңдаған.
4. Респонденттердің 50%-ы (54 адам) тек екі гендер бар деп санайды. 17,6%-ы (19 адам) гендер түрі екіден онға дейін жетеді дейді. 17,6%-ы (19 адам) 60-тан 100-ге дейін, 7,4%-ы гендер (8 адам) 30-дан 60-қа дейін жетеді десе, тағы 7,4%-ы (8 адам) жауап беруге қиналған.
5. Респонденттердің 60,2%-ы (65 адам) гендерлік кімдік деген не екенін біледі. Бірақ соның 50%-ы ғана (54 адам) гендерлік кімдіктің: «Адам өзінің қай гендерге жататынын іштей сезуі» деген дұрыс анықтамасын тапқан.
6. Респонденттердің 28,7%-ы (31 адам) бинар және бейбинар гендерлік кімдіктің не екенін біледі.
7. Агендерлік деген сөздің анықтамасын 48,1%-ы (52 адам), гендеркуир сөзін 21,3%-ы (23 адам) біледі.



8. Жынысына қарай алалау деген не екенін респонденттердің көбі, яғни 89,8%-ы (97 адам) біледі. Дегенмен ҚР заңнамасында бекітілген «Бұл – адамның жыныстық бағдары, гендерлік кімдігі немесе жүктілік секілді жыныс белгілеріне қарай біреуге жасалған біржақты қатынас» деген нақты әрі дұрыс анықтамасын респонденттердің 32,4%-ы (35 адам) ғана біледі.
9. Респонденттердің 67,6%-ы (73 адам) ешқашан жынысына қарай алалауға тап болмаған. Алайда 64,8%-ы (70 адам) туыстары/достары/әріптестері жынысына қарай алалауға тап болғанын естіген.
10. Респонденттердің 75%-ы (81 адам) Қазақстанда гендерлік теңдік әлі орнамаған десе, 21,3%-ы (23 адам) гендерлік теңдік бар дейді. 11,7%-ы (4 адам) жете білмейтіндіктен жауап беруге қиналған.

Талқылау

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің көбі – 25–29 жастағы жұмыс істейтін жастар, олардың жауаптарын саралай келе, қазір «жыныс» және «гендер» ұғымын бір деп ойлайтындар басым екенін байқадық. «Гендер» деген не екенін білесіз бе?» және «Адам жынысы деген не екенін білесіз бе?» деген сұраққа респонденттердің көбі (89,8%-ы және сәйкесінше 98,1%-ы) «иә» деп жауап берген. Алайда бірнеше анықтама арасынан бір жауапты таңдау керек болғанда, «гендер» терминінің анықтамасын респонденттердің 75%-ы және «адам жынысы» терминінің анықтамасын 57,4%-ы ғана дұрыс көрсеткен.

Респонденттердің жартысы тек екі гендер бар десе, 7,4%-ы қазір 30-дан 60-қа дейін гендер барын білемін дейді. Түрлі зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, гендерлер саны 39-дан 78-ге дейін барады (Richards et al., 2016; Меңделевич, 2020; Richards et al., 2017; Feinberg, 1996). Алайда қазір кең тараған жіктемеге 37 бейбинар гендер мен дәстүрлі екі бинар гендер кіреді.

«Гендер» ұғымы респонденттердің 89,8%-ына таныс болса, «гендерлік кімдік» деген ұғымды тек 60,2%-ы біледі екен; ДДҰ анықтамасын 50%-ы ғана дұрыс тапқан. Респонденттердің үштен біріне жуығы, яғни 28,7%-ы бинар және бейбинар гендерлік кімдіктің не екенін білемін деп жауап берген. «Агендерлік» және «гендеркуир» деген түсініктерді 48,1%-ы және 21,3%-ы ажырата алған. Бұлардың бәрі – гендерлік зерттеу саласындағы негізгі түсініктер. Оларды білу-білмеу халықтың, бұл жерде Шымкент жастарының гендерлік білімі деңгейін көрсетеді.

Адамды жынысына қарай алалауға қатысты сұрақтарға жауап берген респонденттердің 89,8%-ы бұл терминнің мағынасын білемін деп жауап берген. Алайда олардың 1/3-і ғана терминнің дұрыс анықтамасын тапқан (32,4%). Жауап бергендердің көбі

жынысына қарай алалауға кезікпеген, алайда жартысынан көбі, яғни 64,8%-ы туыстары/достары/әріптестері осындай жағдайға тап болғанын естіген. Демек, Қазақстанда мұндай алалау түрі бар. Әйелдер жиі кезігетін әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті, білім беру және жұмыспен қамту деңгейінің төмендігін, бірдей жұмысқа аз ақша төлеуді, басшылық қызметтегі әйелдердің аздығын, психо-әлеуметтік қысым мен проблемалардың көптігін жынысына қарай алалаудың бір формасына жатқызуға болады. Жынысына қарай алалаудың осы аталған түрлерінен әрқилы проблемалар туады, оған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеулері дәлел (<https://www.who.int>, 2021).

2021 жылғы қыркүйекте жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесіне сүйенсек, респонденттердің 1/5-нен сәл астамы Қазақстанда гендерлік теңдік бар дейді. Қазақстан Республикасындағы ең өзекті деген гендерлік мәселелерді талдағанда, тәуелсіздік алған 30 жылда мемлекетіміз біршама гендерлік мәселелерді шешкенін анықтадық, дегенмен кей салаларда әлі де гендерлік теңсіздік бары байқалады, сондықтан атқарылып жатқан жұмыстарды тоқтатпай, проблемаларды шешу керек. Әлемде COVID-19 пандемиясы

өршіп тұрған шақта бұл мәселеге ерекше назар аудару керек, өйткені кез келген елеулі дағдарыс кезінде әйелдер күрестің алғы шебінде жүреді. Мейірбике, әлеуметтік жұмысшылар, науқастарға күтім жасайтындар арасында әйелдер көп. Сонымен қатар әйел дәрігерлер мен еріктілер де көп. Қандай іс болса да белсене кірісетін әйелдер жаһандық қауіп-қатерге қарсы күресте де маңызды рөл атқарады.



ҚОРЫТЫНДЫ

Шымкент қаласында тұратын 18–29 жас аралығындағы жастардан алынған әлеуметтік сауалнама нәтижесіне қарап, жастар гендерлік мәселелер жайлы аз біледі деп қорытуға болады; гендерлік білім беру деңгейін көтеру үшін арнайы іс-шаралар өткізу керек.

Мысалы, сауалнамаға қатысқандардың жартысынан сәл астамы (53,7%) «жыныс» пен «гендер» ұғымының нендей айырмасы барын біледі. Жастар мен жалпы халықтың гендерлік мәселер жөніндегі сауатын арттыру үшін арнайы науқандар, бағдарламалар, шаралар мен акциялар т.б. өткізу керек және гендер мәселесін білім беру бағдарламасына қосу керек деген ұсыныс тастағымыз келеді.

Респонденттердің 32,4%-ы жынысына қарай алалауға кезіккен, ал 64,8%-ы туыстары/достары/әріптестері алалауға тап болғанын естіген. Демек, жынысына қарай алалауға қарсы күрес жүргізу керек. Бұл мақсатқа жету үшін заңды жетілдіру керек; гендерлік теңдікті қолдауы және ілгерілетуі үшін жұмыс берушілерді ынталандыру керек; алалауға қарсы күрес жүргізетін және гендерлік теңдікті насихаттайтын тәуелсіз мекемелер құрып, жұмысын жандандыру керек. Бұған қоса зорлық-зомбылықтан жапа шеккендерді қолдау мәселесін де қарастыру керек.

Респонденттердің 1/3-нің бинар гендерлік кімдік, бейбинар гендерлік кімдік және гендеркуир мен т.б. түсініктерден хабары бар. Ал респонденттердің жартысы тек екі гендер бар дейді, әлбетте, бұл – қате түсінік. Сондықтан мектеп пен мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын қайта қарап, бейімдеу керек және оқу бағдарламасына енгізу керек. Бұған қоса ғылым, технология, кәсіпкерлік, білім беру салаларындағы зерттеулерге өзгеріс қажет, олардың бәрі бірдей инклюзив және екі жынысты да, гендерлік мәселені де қамтуға тиіс.

Респонденттердің 75%-ы қазір Қазақстанда гендерлік теңдік орнамаған дейді. Сондықтан жекеменшік және мемлекеттік сектордағы әйелдер санын арттыру керек. Ол үшін салықты жеңілдету, жұмыс берушілерді ынталандыру және жеке бастамаларды қолдау арқылы басшылық қызметтегі әйелдер санын арттыру, білікті әйел үміткерлердің резервін арттыру, мемлекеттік мекемелердегі басшылық лауазымдарда гендер тепе-теңдігін сақтау керек. Әйелдер саясаттың барлық саласына бірдей араласып, ерлермен саны теңескенде, сондай-ақ еңбекақы төлегенде жынысына қарай алалауды доғарғанда ғана гендерлік теңдік орнайды.

Гендерлік теңдік мәселесінде отбасы саясатының да алар орны ерекше. Қазір Қазақстанда әкелерді отбасы жауапкершілігін өзіне алуға ынталандыратын еңбек шартын жасап, жұмыс істейтін әкелер мектеп жасына дейінгі балаларына сапалы білім беруіне, бала күтіміне байланысты демалысқа шығуына жағдай жасау керек.

Дереккөз

Бухановский А.О. Транссексуализм и сходные состояния. – Ростов-на-Дону: Mini Taip, 2016. – с. 579

Васильченко Г.С., Агаркова Т.Е., Агарков С.Т. Сексопатология: Справочник. – Москва: Медицина, 1990. – с. 576.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – URL: https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=69&slug=-56&cat_id=9&lang=ru. (соңғы қаралған күні: 15.09.2021)

Менделевич В.Д. (2020). «Небинарная гендерная идентичность и трансгендерность вне психиатрического дискурса» // *Неврологический вестник*, Т. LII, вып. 2: – с. 5–11.

Ф.Эберт қоры. Орталық Азия. – URL: <https://library.fes.de/pdf-files/bueros/kasachstan/13622.pdf> (соңғы қаралған күні: 18.09.2021)

Ahern, Dittmar (2012). «The Changing of the Boards: The Impact on Firm Valuation and Mandated Female Board Representation». // *The Quarterly Journal of Economics* 127, – pp. 137–197.

Childs, Krook (2008). «Critical Mass Theory and Women’s Political Representation» // *Political Studies*, vol 56, pp. 725–736.

Central Asian Bureau for Analytical Reporting. – URL: https://cabar.asia/ru/realii-i-problemy-gendernoj-politiki-v-kazahstane#_ftn3. (соңғы қаралған күні: 11.09.2021)

European Foundation for the Improvement of Living and Working Condition. – URL: <https://www.eurofound.europa.eu/observatories/eurwork/comparative-information/national-contributions/luxembourg/addressing-the-gender-pay-gap-government-and-social-partner-actions-luxembourg>. (соңғы қаралған күні: 12.09.2021)

Eysenbach (2004). «Improving the quality of web surveys: the checklist for reporting results of internet e-surveys (CHERRIES)». *J Med Internet Res*, 6(3): e34.

Fuss, Auer, Briken (2015). «Gender dysphoria in children and adolescents: a review of recent research». *Curr Opin Psychiatry*, 28(6): 430–434.

Feinberg (1996). «*Transgender warriors: making history from Joan of Arc to RuPaul*». Boston: Beacon Press, p. 250.

Løyring (2015). «Næringslivet og makt. Styrenettverk i perioden 2008–2013». *Virkninger av kjønnskvoltering i norsk næringsliv*, 139–159.

Organization for Security and Co-operation in Europe. – URL: <https://www.osce.org/ru/odihr/80989>. (соңғы қаралған күні: 11.09.2021)

Richards et al. (2016). «Non-binary or genderqueer genders». *International review of psychiatry*, T. 28, вып. 1: 95–102.

Richards et al. (2017). «Genderqueer and Non-Binary Genders». *Springer*, 12-13: 311 с.

Skordis, Butler, de Vries, Main, Hannema (2018). «ESPE and PES International Survey of Centers and Clinicians Delivering Specialist Care for Children and Adolescents with Gender Dysphoria». *Horm Res Paediatr*, 90(5): 326–331.

Social Institutions and Gender Index. – URL: <https://www.genderindex.org/country-profiles/> (соңғы қаралған күні: 15.09.2021)

Tomczak, Okoń-Horodyńska, ZachorowskaMazurkiewicz (2015). «Statistical Profiles of Women’s and Men’s Status in the Economy and Society». *Gender in Economics*, 29–45.

The World Bank. – URL: <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/opinion/2020/04/13/gender-equality-why-it-matters-especially-in-a-time-of-crisis> (соңғы қаралған күні: 02.10.2021)

United Nations Development Programme. – URL: <http://hdr.undp.org/en/2019-report/download> (соңғы қаралған күні: 16.09.2021)

UNDP Kazakhstan. – URL: <https://www.kz.undp.org/content/kazakhstan/en/home/gender-equality.html> (соңғы қаралған күні: 17.09.2021)

World Economic Forum. – URL: <https://www.weforum.org/reports/gender-gap-2020-report-100-years-pay-equalit> (соңғы қаралған күні: 18.09.2021)

World Health Organization. – URL: <https://www.who.int/gender-equity-rights/understanding/en/> (соңғы қаралған күні: 02.10.2021)

ГЕНДЕР ЖӘНЕ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

Жазира Ағабекова

КІРІСПЕ

Ономастика – жалқы есімдерді зерттейтін тіл білімі саласы. Ономастика негізінде ел тарихымен ұштасып жатқан оқиғалар, саяси ахуал, мемлекеттің сыртқы байланысы, халықтың дәстүрі мен жоралғылары жатады. Елдің рухани мәдениеті және сол дәуірде өмір сүрген ұрпақтың келешекке көзқарасы да атаулар тарихына ықпал етеді. Ономастика ғылымы объектілеріне қарай бірнеше салаға бөлінеді. Халық тарихына байланысты ономастика категориялары түрлі жолмен қалыптасып, дамығаны – заңды.

Қазақ ономастикасында антропонимдер мен топонимдер маңызды рөл атқарады. Ат қоюға қатысты әр халықтың ертеден келе жатқан дәстүрі, ой-тұжырымы бар. Жер-суға ат қойғанда қазақ халқы мағынасына аса мән берген. Ертеректегі есімдер уақыт өте қолданыстан шығып, ат қою тенденциясы заманға сай өзгеріп, жаңарып отырады. Қазақ антропонимиясында бірнеше лексикалық қабат бары, түркі дәуіріндегі антропонимиялық қор мен қазіргі есімдер мағынасы, құрылымы тым бөлек екені соны білдіреді. *Тонькөк* пен *Томирис*, *Сатұқ*, *Айғұн* сияқты есімдер орнына ортағасырда *Абдұлькерим*, *Мухаммад*, *Нурмухаммад* сияқты аттар қойылғаны, ХХ ғасырда қазақ халқы тарихына еніп, әлі күнге қолданылып келе жатқан үш тағаннан (*есімі – әке есімі – тегі*) тұратын кісіні ресми атау құрылымы онимдік бірліктер тарихпен астасып жататынын дәлелдейді. Қазіргі Қазақстан жеріндегі географиялық атаулар арасында моңғол, орыс тілінен енген сөз көп кездеседі, бұл топонимдер тарихи аспектісінің маңызын көрсетеді. Кез келген тілдегі ономастиканың лексикалық қорында сол тілдегі сөздермен қоса кірме атаулар болады. Ал антропонимдер белгілі бір семантикасы бар әйел және еркек есімі болып бөлінеді (Мәдиева & Иманбердиева, 2004: 54).

Ономастиканың қай саласын алсаңыз да, тектік (*род-қа* қатысты) ерекшелік байқалады. Фольклорлық және мифтік шығармаларда кездесетін есімдерден әйел мен ер адамға қатысты халық түсінігі қандай болғанын байқаймыз. Түркі халықтарындағы бірнеше қыз қатар туған отбасындағы *Ұлбосын, Ұлжалғас, Қызтумас* және патриархал бағытты нақтылайтын *Ағабек, Атабай, Балабек, Бауыржан* секілді есімдер, тіпті қазақ көркем әдебиетіндегі «еркекшора», «қызтеке» сөздері кездесетіні – түркі мәдениетінде гендер мәселесі ерте кезден барына дәлел. Кей ғалымдар гендерлік ономастика жер бетінде адамзат пайда болғанда шыққан дейді. «Адам ата мен Хауа ана – гендерлектілер. Бір тіл аумағында әлеуметтік жынысқа – әйелдер мен ерлерге байланысты, әрқайсының сөз саптауында кездесетін тілдік бірліктер (сөз, сөйлем, сөз тіркесі, фразеологизм, мақал-мәтелдер) гендерлект деп аталады. Байқасақ, Аллаһ тағала адамды жаратқанда гендерлік табиғат сыйлаған, Адам ата мен Хауа ананы екі жыныстың өкілі етіп жаратқан. Сондықтан да гендер ұғымы бұл жалғанда адамзат жаратылған тұста, еркек, әйел ұғымдарымен бірге пайда болған» (Хасанұлы, 2003: 284)

Бұл мақалада ономастика мен гендерология байланысы, атаулардағы гендерлік көріністер, олардың қалыптасуы мен заманауи өзгерістері, қоғамдағы қолданысы жайлы айтылады. Жұмыстың мақсаты – Қазақстан ономастикасындағы гендерлік теңсіздіктерді анықтап, әйелдердің қоғамдағы рөлін көрсету.

Зерттеу материалдары және әдіснамасы

Ономастикадағы гендерлік мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу ХХ ғасырдың аяғына қарай басталған. Әр дәуірдегі кісі есімі мен географиялық атаулардың гендерлік ерекшеліктері ғалымдар назарынан тыс қалмаған. «*Onomastics and Gender Identity in First-Millennium BCE Babylonia*» деген мақалада Ежелгі Вавилондағы кісі есіміндегі гендерлік көріністер зерттелген (Cousin & Watai, 2018). Сол кезеңдегі вавилон әйелдері есімі көбіне өсімдік, үй және жыртқыш емес, көлемі жағынан кішірек тышқан, күшік секілді жануарларға, ал ер адамдар есімі қасқыр, арыстан секілді жыртқыш аңдарға байланысты қойылған. Сонымен қатар әшекей бұйымға байланысты қойылған әйел есімдері көп кездескен, ал мұндай есімдер ер адамдарға мүлде қойылмаған. Керісінше, теофориялық есімдердің маскулиндік деңгейі жоғары болған. Ерлердің есімдері көбінесе Құдайға қатысты қойылғаны олардың қоғамдағы үстемдігін білдіреді.

Ономастика саласындағы ғалымдардың көбі еңбектерінде түрлі халықтардың ақою мәдениетіндегі ерекшеліктерін зерттегенде есімдердің жыныстық көрінісіне назар аударған. Заманға, мемлекеттің қоғамдық құрылымына, елдің мәдени ортасына қарай әр халықтың онимдік бірліктері де әртүрлі болған. Мысалы, ортағасырда

Қытайда әйел есімін білдіретін иероглифтер өте аз қолданылған. Олардың қолданыс аясы тұрмыстық деңгейден аспаған. Бұл иероглифтерді адам құқығын бірінші орынға қойған Таң империясы кезеңінде ғана кеңінен қолданған (Дашева, 2015: 176). Алфорд Ричард (Alford Richard) әлемдегі 60 елдің мәдениетін қарастырып, олардың төрттен үшінде есім әдетте баланың жынысын білдіріп тұрады деген (Alford, 1987: 66).

Чьюң Тхи Суан Хыонг мен Алина Киселева антропонимиядағы гендер мәселесін көтерген мақаласында зерттеу нысаны ретінде «никнэймдерді» алған. Авторлар зерттеу барысында гендерлік бейтарап лақап аттар жастар арасында өте танымал екенін анықтаған. Бұл тенденция әсіресе, негізінен, ағылшынша сөйлейтін желі қолданушылары арасында кең тарап жатыр дейді (Суан Хыонг & Киселева, 2017).

Түркі антропонимиясындағы гендерлік көріністер түркі тілдес халықтардың ер және әйел есіміндегі ерекшеліктер мен құрылымындағы өзгешеліктерден анық байқалады. Әдебиетте, тарихи жазбаларда әйелдікіне қарағанда ер адам есімі көп кездескені сол заманда маскулиндік басым болғанын білдіреді. Осыған байланысты қазақ халқындағы ер адам есімінің басым бөлігі жыртқыш жануарлар, ауыр металдар және қайсарлық, батырлық, қаһармандық ұғымдарына, ал әйел адам есімі, керісінше, нәзіктік, пәктік секілді қасиеттерге байланысты қойылған. Мөлдір Бигельдиева қазақ халқындағы әйел антропонимиясы мұндай ережеден бөлек, тарихи кезеңдерге сай өзгеріп отырған дейді. Зерттеу жұмысында әйелдерге қай кезеңде қандай аттар қойылғанын және кірме антропонимдер қай халықтан енгенін анықтаған (Бигельдиева, 2010). Жалпы, қазақ және түркі есімдеріндегі гендерлік көріністі анықтау үшін есім түбіріне, сол түбір мағынасына, есімге жалғанған қосымшаларға, тіркескен екінші сөзге қарау керек және тарихи оқиғаларға шолу жасау қажет. Қазақстандық ғалым Әйгерім Әлиакбарова жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы антропонимдердің трансмиссиясы мен трансформациясын зерттеген докторлық диссертациясында антропонимдегі гендер мәселесін қарастырған біршама ғылыми жұмыстарға шолу жасаған (Әлиакбарова, 2020). Әл-Қауасми мен әл-Хақтың «*A Sociolinguistic Study of Choosing Names for Newborn Children in Jordan*» деген мақаласында Иордания мемлекетіндегі антропонимдерге, яғни әр кезеңдегі ерлер мен әйелдерге қойылған есімдерге әлеуметтік лингвистика тұрғысынан талдау жасалған (Al-Qawasmi & Al-Haq, 2016). Қыз бала есімі сұлулықты білдіреді, сондықтан әке-шешесі оған осы ұғымға сай келетін, дыбысталуы да, мағынасы да жағымды есім іздейді. Ал ұл бала есімі оның мінез-құлқын, тұлғалық қасиетін сипаттайды, сондықтан оларға дәстүрлі және көне есімдерді қояды (Al-Qawasmi & Al-Haq, 2016: 380).

Топонимикадағы гендерлік көріністерді қарастырған ғылыми еңбектер де бар. Ғылыми мақалаларда Америкадағы жер-су атауларына әйелдер мен өзге нәсіл

өкілдері есімі қалай ұсынылатынына және географиялық атаулар номенклатурасына маскулиндік көзқарас әсері (Beck, 2021) мен кең корпустық материалға сүйеніп, испан тілі тарихында қалалар атауына қолданылатын гендерлік ережелер туралы (Reina & Nowak, 2018) және Париж, Вена, Лондон, Нью-Йорк қалаларындағы көшелер атауындағы гендерлік көрініс, нысан атауын қоюдағы мәдени факторлар секілді мәселелер қарастырылған (Bancilhon, Melanie et al., 2021). Забихат Оцомиева-Тагирова Дағыстан аймақтарындағы топонимдердің гендерлік аспекті мен аварлардың географиялық атауларын салыстырған (Оцомиева-Тагирова, 2018). Олимджон Махмаджонов Тәжікстандағы Гиссари алқабындағы топонимдерді зерттегенде, 5 000 географиялық нысан атауын қарастырған. Оның төрт жүзі – кісі есімі, ал осы антропотопонимдердің 15-іне ғана әйел есімін қойған. Ер адам есімін көп қойғаны аймақтағы еркектердің орны мен әйелдерге деген қарым-қатынасын көрсетеді (Махмаджонов, 2015). Ономастикадағы гендерлік мәселелерге байланысты ғылыми еңбектер жылдан-жылға көбейіп келеді. Осыдан-ақ мәселе өзекті екенін байқаймыз.

Талқылау және нәтиже

Антропонимиядағы гендерлік көріністер

Лингвистика салаларында гендерлік сипат болады. Грамматика, прагматика, әлеуметтік лингвистика салаларының қарқынды дамуы, ер адамдар мен әйел адамдардың қоғамда қалыптасқан дәстүрлі рөлдері өзгергені лингвистикалық мәліметтерге жаңаша қарап, жаңа қырынан түсіндіруді қажет етті (Искарина & Кенжеқанова, 2019). Тіл мен жыныстың өзара байланысын зерттеу тарихы өте ерте кезден басталған. Жыныстың тілге қатысы жөнінде мәселе алғаш рет грамматикалық тек (*под*) категориясына байланысты көтерілген (Шахмайкин, 1996: 226–273). *Gender* терминінің өзі лингвистикалық терминологияға кейін енді, сондықтан тіл білімінде *genus*, *sexus*, *gender* категорияларының аражігі ажыратыла бермейді.

Кез келген халық балаға ат қойғанда қандай да бір дәстүрге, ережеге немесе заңға сүйенеді. Қазір адамдар қарым-қатынасы заңдастырылғаны сияқты, бірқатар мемлекеттерде кісіге ат қоюға қатысты ресми нормалар бар. Адам туғанда есімін өзі таңдай алмағанымен, белгілі бір жасқа жеткенде есімін өзгерту құқығын пайдалана алады. Дамыған елдерде ондай құқық заңдарда, ресми ережелерде бекітілген. Германия, Швеция, Дания, Исландия, Норвегия, Финляндия, Португалия секілді мемлекеттер нәресте туғанда оған қандай да бір атау және белгілі бір жаста есім өзгертуге қатысты ономастикалық заң қабылдап, мемлекет бекіткен ережелер мен кейбір ұлттық дәстүрлерін қатаң ұстанады.

Германияда баланың атынан жынысын білуге болады. «Унисекс» есімдер қабылданбайды, соған байланысты кейде қосымша есімдер беріледі. Ол «Тегі мен есімін өзгерту туралы» Заңда (*Gesetz über die Änderung von Familiennamen und Vornamen*) нақты жазылмағанымен, АХАЖ (Азаматтық хал актілерін жазу; *das Standesamt*) қызметкерлері тіркелушілерге ескертіп отырады. Ақпарат құралдарында Матти деген есімнен баланың ұл не қыз екенін ажырату мүмкін болмағандықтан, ол есім Германияда қабылданбағаны жазылды (Mkenyauijerumani.de, 2016).

1982 жылы Швецияда қарапайым отбасы балаларына ақсүйек әулеттен шыққандар есімін қоюға тыйым салған «Есім туралы» Заң қабылданған. Заңға сәйкес адам аты өзіне ыңғайсыздық тудырмауы керек және нақты себебін көрсетіп, кісіге қойылмауға тиіс есімдер белгіленген. Ел азаматтары есімін бір рет өзгерте алады және екі аты да қатар жүреді (Lag, 2016: 1013). Швецияда тегін өзгертіп үйленуге өтініш бергендер саны өскендіктен, бұл мәселе де қарастырылып жатыр. Олар туыстарына ортақ өзге тек ала алады. Бірақ текке «-сон» («-ұлы») және «-домте» («-қызы») қосымшасын жалғау әлі күшін жойған жоқ.

Данияда тұңғыш рет 1526 жылы I Фредерик кезеңінде балаларға ұнамайтын немесе лайықсыз ат қоюға тыйым салған «Жеке есімдер туралы» (*Navnelov*) Заң қабылданған. 1771 жылы осы заңға көп өзгеріс енгізіп, азаматтыққа қатысты баптар қосылған. Осы заңға сәйкес сәбиге ат қойғанда ата-ана алдын ала дайындалған 7 000 есім (3 000 ұл есімі, 4 000 қыз есімі) арасынан таңдай алады немесе тізімде жоқ есімді қойғысы келсе, жергілікті шіркеуге барып, рұқсат алуы керек (Alvarez, 2004).

Исландияда 1991 жылдан «Жеке есімдермен айналысатын Комитет» жұмыс істейді. Бала өскен соң өз есімінен ұялмауы, оны қоғам жақсы қабылдауы керек, сондықтан есім бекітілген есімдер тізімінен таңдалады. Тізімде 1 853 әйел және 1 712 еркек есімі бар (Marszal, 2014). Заңға сәйкес, бір адамға үш атқа дейін қойылады және ол адамның әйел не еркек екенін білдіріп тұруы керек. Исландиялық әнші әрі кино әртісі Ингибьёрг Стефаунсдоуттир аты-жөніндегі «Стефаунсдоуттир» – патроним. Мұндағы «-доуттир» исланд тіліндегі «-dóttir» қазақша «-қызы» деген мағынаны, ал Дагюр Бергтоурусон Эггертссондағы «-сон» (исландша «-son») қазақша «-ұлы» деген мағынаны білдіреді (Leibring, 2017: 416).

2013 жылы Исландия соты 15 жастағы қыздың заңға сәйкес келмейтін есіміне қатысты іс қозғаған. Қыздың аты – Блаер Бьркардоттир (Blaer Bjarkardottir), исланд тілінен аударғанда «қоңыр салқын жел, самал» деген мағына береді және тізімде бұл ұл балаға қойылатын есімдер қатарында тұр, бірақ мағынасы, жазылуы мен айтылуы жағынан қыз бала ұялатындай ештеңе жоқ. Сот шешімі шыққанға дейін Блаердің ресми құжаттарында «аты» деген бағанға тек «Қыз» (исландша *Stulka*) деп жазылған.

Сот Блаер есімін ұлға да, қызға да қоюға болатын есімдер тізіміне қосуға шешім шығарған соң, Блаер құжаттарына өз атын жаздырып, барлығын өзгерткен (Lenta, 2013).

1985 жылы Финляндияда «Есім туралы» Заң (*Nimilaki*) қабылданған. Заңда есім формасы немесе жазылуы фин тілі заңдылықтарына сәйкес келуі, қоғам ол есімді жақсы қабылдауы, есімді жынысына қарай, яғни ұлға тек ұлдың, қызға тек қыздың есімін қою және сәби дүниеге келген соң 2 ай уақыт ішінде есімін тіркеу керегі көрсетілген.

Балаға ат қоюға қатысты арнайы заңы бар мемлекеттің бірі – Португалия. Бала өз есімінен ұялмауы керек дегенді алға тартып, осындай заң қабылдаған. Португалияда балаға екі есім және екі тек, яғни анасының да, әкесінің де тегі қойылады. Мысалы, Диого Карлуш Сократеш Сантуш, мұндағы Диого Карлуш – аты, Сократуш Сантуш – тегі. Әдетте португалиялық ата-аналар баласына ұлттық нақыштағы ат қоюға тырысқанымен, қоятын атын Тіркеу және нотариус институты дайындаған 80 беттік есімдер жинағынан (*Lista de Nomes*) таңдауы керек. Балаларына португалша ат қоятын ата-аналарды заң әрқашан қолдайды. Шетелдіктерге бұл заңның қатысы жоқ. Оларға өз тіліндегі аттарды қоюға рұқсат берілгенімен, есімдері португал тілінің орфографиясына сай жазылады. Мысалы, «Томас» – «*Tomás*», «Филипп» – «*Filipe*» деп жазылуға тиіс, сонымен қатар балаға «*Мона Лиза*» деп ат қоюға тыйым салынған. Өзге елдерге қарағанда Португалияның өзіндік ерекшеліктері бар. Португалия иммигранттар мәдениетін құрметтей отырып, өз тілінің заңдылығын ұмытпай, тазалығын сақтайды. Баланың аты жынысына қарай қойылуға тиіс болғанымен, бейтарап есімдер де кездеседі, яғни баланың ұл не қыз екенін білдірмейтін аттарды да қоюға рұқсат етілген (*Portuguese-American Journal*, 2011).

Бұл ақпараттан Еуропа елдерінде бала болашағына қоғамдық тұрғыдан қарау мәселесі біртіндеп жолға қойылып келе жатқанын көреміз. Қыз балалардың гендерлік ерекшеліктерін нақтылаумен қатар, есім ауыстырғандардың құқығы да белгілі деңгейде қарастырылған. Түркі халықтарында жағдай өзгереді. Қазақ (түркі) отбасында ұл баланың орны ерекше. Ұл ұрпақ жалғасы саналады. Шежіреге тек ұлдың аты кіреді. Шежіре заңына сәйкес, ұлы жоқ, тек қыздары бар ер адамның ұрпағы өзінен кейін жалғаспай, сол жерден үзіледі. Сондықтан отбасында қатарынан үш-төрт қыз дүниеге келсе, келесі бала ұл болсын деген ниетпен қызға құрамында «ұл» сөзі бар ат қою дәстүрі сақталған. Мысалы, *Ұлжалғас*, *Ұлтусын*, *Ұлдана*, *Ұлбосын* сынды қыздардың психологиясы мен қоғамдағы орны ескеріліп жатқан жоқ. 2019 жылғы статистикаға сүйенсек, 75 400 «*Ұлбосын*» және оның түрлі мағыналық нұсқалары кездеседі. Түркі халықтарында ұлға да, қызға да қойылатын *Бақыт*, *Ермек*, *Жанат*, *Нұржан* секілді есімдер бар. Баланың қоғамдағы тұлғалық рөлін қалыптастыру үшін ат қоюға қатысты кей дәстүрді заңдастыру қажет.

Топонимикадағы гендерлік көріністер

Ономастикадағы гендерлік бағытты көрсететін интернет пен БАҚ-та жарияланған ақпараттың дені көше атауларына тікелей байланысты. Аруна Шанкаранараянан мен әріптестері *Marbox* деген интерактив карта әзірлеген. Зерттеу тобы әлемдегі мегаполис саналатын *Лондон, Париж, Сан-Франциско, Мумбай, Нью-Дели, Ченнай* және *Бангалор* қалаларын алып, ондағы ер және әйел адам аты қойылған көшелерді көк және қызыл түспен белгілеген. Картаға түсіргенде әр қала арасындағы айырмашылық бірден білінген. Көк сызықтар (маскулиндік атаулар) қызыл түстен (фемининдік атаулар) әлдеқайда көп болған. Нәтижесінде әйел адамдар атымен аталған көшелер саны 27,5% болған (Рооп, 2015). 2012 жылы Римде тұратын география пәні мұғалімі Мария Пиа Эрколини қаладағы 16 500-ден астам көше тарихын зерттеген. Мария Пиа – географиялық нысандар атауында гендерлік теңсіздік барын айтып, қарсы шыққан тұңғыштардың бірі. Ол тобымен бірге жасаған зерттеу нәтижесінде қаладағы 7 575 көшеге, яғни барлық көшенің 45,7%-ына ер адамдар, ал 580, яғни 3,5%-ына әйел адамдар есімі қойылғанын анықтаған. Ол ХХІ ғасырда мұндай жағдай кездескені дискриминацияға дәлел дейді (Mark, 2012). Теңсіздікті түзеу мақсатында *Facebook* әлеуметтік желісінен *Toponomastica Feminini* парақшасын ашып, бастаманы қолдаған мыңдаған римдіктермен бірлесіп осы мәселеге халық пен үкімет назарын аударған. Италиядағы жобадан шабыт алған Испаниядағы бір топ әйел Мадридтегі көше атауларын қарастырған. Римге қарағанда Мадридтегі ахуал әлдеқайда көңіл көншітеді, шамамен қала көшелерінің 7%-ына әйел есімі қойылған, 27%-ы ер адамдар атында (Mark, 2012). Италияның тарихи шаһары Римде басталған феминистік қозғалыс кейін Еуропаны тұтас қамтып, ходонимдегі гендерлік теңдікті талап ете бастады. Гендерлік теңсіздік төңірегіндегі талас 2018 жылғы тамызда Парижге жетіп, мыңдаған әйел Франция астанасындағы көшелердің 2,6%-ы ғана әйгілі әйел қайраткерлер атында болғанына наразылық білдірген (Kate, 2015). Ол көшелердің жартысынан көбі атақты ер адамдар жұбайының немесе қыздарының құрметіне қойылғаны наразылықты одан әрі күшейткен (Oliver, 2015). Франция халқы да *Osez le Féminism* деген феминистік топ құрған. Сөйтіп, гендерлік теңдікті жақтайтын әйелдер қауымдастығы өзге елдерде де құрыла бастады. Атап айтсақ, Лондон, Сан-Франциско, Мумбай, Нью-Дели секілді халқы тығыз орналасқан қалалар да көше атауларына қатысты гендерлік теңдік саясатын орнатуды қолға алған. Олар зерттелген көшелердің орта есеппен тек 27,5%-ына әйел есімі қойылғанын анықтаған (Рооп, 2015). Осыған дейін айтылған мысалдардың бәрі – көше атауындағы гендерлік теңсіздік мәселесінің салдары. Әлемдегі кез келген қала картасын ашып, көше атауларын оқи бастасаңыз, ер адамдар есімі көп екенін бірден байқайсыз.

Қазақстан топонимиясындағы гендерлік көріністер

Әлем тәжірибесіне назар аударсақ, географиялық нысандарға кісі есімін қоюдағы негізгі критерийдің бірі – есімі қойылған адамдардың жақсы, жағымды бейнесін халық жадында сақтау, өшпес ескерткіш қалдыру. Нақтылай түссек, қоғам және саяси қайраткерлер, танымал ақын-жазушылар, біртуар өнер өкілдері немесе ерен ерлігі үшін халық ықыласына бөленген батырлар есімі топонимдерде көп кездеседі. Белгілі бір нысанға есімін қоярда сол тұлғаның қоғамға қосқан үлесі ескеріледі. Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде алғашқы оңдыққа кіретіндіктен, ондағы географиялық, әкімшілік, аймақтық бірліктер көп болғаны заңды. Оларды атау мен қайта атау процестері «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңға сәйкес жүргізіледі. Заңда берілуге тиіс атаулардың тегі немесе жынысына қатысты ешнәрсе айтылмаған. Республика көлемінде нысандарға ат қойғанда белгілі тұлғалар есімі енген Ономастикалық комиссия мақұлдаған тізімге сүйену керек. Онда 555 кісінің аты-жөні бар, оның жиырмасы ғана әйел адам. Тізімге енгендер қатарында әртістер, әншілер, ақындар мен ғалымдар, ұстаздар, Кеңес заманында Социалистік Еңбек Ері атағын алғандар бар. Хандық дәуірде жауға шапқан ержүрек Гауһар мен Бопай немесе әлемдегі Нобель сыйлығын алған әйелдер, алғашқы әйел инженер, бейбітшілікке, экологияны қорғауға үлес қосқан әйелдер есімін ұлықтаса, келер ұрпақ ойы өзгеше қалыптасар еді. Екінші дүниежүзілік соғыстағы Бірінші және Екінші Прибалтика немесе Белорусь майданында, одан қалды Берлинді алу операциясында радиобайланысшы қызметін атқарған *Фарифа Рахметова* мен *Зылиха Наушева* есімдері, әйелдер құқы бұзылғанына қарсы күрескен, алғашқы дәрігер қыздардың бірі *Нубина Ниязова*, *Мүслима Қожахметова*, *Мәлика Тоқтамышова*, *Майра Мақатова*, *Нұрғаным Байсеитова*, *Роза Момынова* сынды көп қаһарман қазақ қызының есімі үлгі боларлық. Қазақ әдебиетінің шарықтауына сөзсіз үлес қосқан, қазақтан шыққан тұңғыш әйел-романшы *Сара Мыңжасарова*, дәрігер *Аққағаз Досжанова* мен *Жәмила Қонақбайқызы Шурина* сынды әйел қайраткерлер ер адамдардан кем түспеген. Олар да халық арасында ұлықтауға, құрметке лайық. Тағы да толықтырсақ, ходонимдер арасында қазақтан шыққан тұңғыш журналист қыз *Нәзипа Құлжанова* есімі жоқ.

Осыған дейін аталған Ономастикалық комиссия мақұлдаған тізімге әлемді түрлі апаттан құтқаруға атсалысқандар немесе Нобель сыйлығы лауреаттары, індетпен күресіп, тер төккен жанкешті дәрігерлер аты-жөні еңсе, келер ұрпаққа үлгі болар еді. Солар істегенді қайталауға тырысатын жастар қатары көбейері анық. Ежелгі дәуірден осы күнге дейін қазақ даласынан шыққан атақты, әлем және қазақ қоғамында орны анықталған, аты адамзатқа үлгі боларлық тұлғалар аты-жөні іріктелген тізімдегі әйелдер үлесі 3,6% ғана, бұл біздің қоғамдағы гендерлік саясат жағдайын көрсетеді.

Қазақстанда әйел адамдардың қоғамдағы орны нақтыланбағаны, ерлерге қарағанда өте төмен деңгейде ұлықталатыны байқалады. Жалпы, жер бетінде ер адамдар әйелдерден шамамен 100 кісіге ғана артық бола тұра, ер адамдар есімі көп ұлықталғаны әйелдерді адам ретінде төмендетуге жатады.

Нысандарға әйел есімдерін қою мәселесіне келсек, Қазақстан қалалары мен облыстарында аса айырмашылық жоқ. Нұр-Сұлтан қаласында *мыңға жуық (957)* көше болса, оның 33-і әйел есімімен аталған. Бұлардың көбі – өнерпаздар мен тарихи-мифологиялық тұлғалар және агиотопонимдік антропонимдер. Мысалы, *Айман-Шолпан, Айша бибі, Айғаным, Қыз Жібек, Баян сұлу, Гауһартас, Күйші Дина, Күләш Байсейітова, Мәншүк Мәметова, Мәриям Жагорқызы, Рабиға Есімжанова, Саргүл, Тұмар ханым, Ульяна Громова, Шара Жиенқұлова, Сүйінбике, Шолпан Иманбаева, Үшкүлтай Субханбердина, Ұлбике ақын, Ұлпан, Ұмай ана, Әлия Молдағұлова, Әмина Өмірзақова, Қарашаш ана, Ақбаян.*

Шамамен 3,5% болатын әйел есімдерінің жартысы – абстракт атаулар (*Арай, Аягөз, Ақбидай, Балауса, Бұлбұл, Кәусар, Шұғыла, Қызыларай*). Ел астанасының халық арасындағы «Домалақ Ана» немесе «Қорғалжың тас жолы» деп аталатын бөлігінде *Ұмай ана, Ақын Сара, Тұмар ханым, Баян сұлу, Қыз Жібек, Айша Бибі, Айғаным, Жұбан ана, Ақжүніс, Қарашаш ана, Айман-Шолпан және Құсни-Қорлан* көшелері болғанымен, негізгі көшелерге әйелдер аты қойылмаған. Алматы қаласында да барлығы 2 265 көшенің тек 68-і ғана әйел есімдерімен аталған. Бұл көрсеткіш ер адамдар құрметіне қойылған көшелер санынан 17 есе аз (stat.gov.kz, 2021).

Көкшетау қаласындағы 177 көшенің 134-і антропоним болса, 125-іне ер адамдар есімі, 9-ына әйел адамдар есімі қойылған. Бұлардың қатарына биші Шара Жиенқұлова, әртіс Хадиша Бөкеева, Азиядағы «ең жүйрік» әйел Ольга Шишигина, қазақтың тұңғыш әйел-дәрігері Аққағаз Досжанова есімдері бар.

Әйел адамдар құрметіне қойылған нысандар арасында жиі қайталанатын тұлғалар кездеседі. Мысалы, әр облыста атақты күйші Дина Нұрпейісова, Екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсеткен Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова атындағы мектептер бар. «Халық қаһарманы», екінші дүниежүзілік соғыста ерлігімен көзге түскен, әйел-ұшқыш Хиуаз Қайырқызы Доспанова атында әуежай болса, қазақ операсының негізін қалаушылардың бірі, КСРО халық әртісі атанған қоғам қайраткері Күләш Байсейітова атында музыка мектебі, ақын Фариза Оңғарсынова атында көше бар.

Халықтың бір бөлігі көше атаулары аса маңызды емес, ондағы гендерлік теңдікті ешкім елемейді деуі мүмкін. Десе де көше атаулары – қала тарихының көрінісі, сондықтан мемлекет пен қала дамуына үлес қосқан ердің де, әйелдің де есімі ауыл, қала көшелерінде мәңгі қалуы керек. Бұл тенденция қазақстандық, тіпті бүкіләлемдік қоғам бұрынғы консерватив, патриархал нормалардан әлі де ажырамағанын көрсетеді.

Ономастикалық комиссияда немесе осы мәселеге қатысты салаларда жұмыс істейтін тұлғалар көшеге, қандай да бір нысандарға әйел адам атын қою идеясын ұсынуы керек.


2018 жылы Қазақстанда әкімшілік-аумақтық бөлінісінде көптеген өзгеріс болып, жаңа Түркістан облысы құрылды. Облыс қайта құрылған соң жаңа нысандар ашылды, әкімшілік бірліктер атауы өзгерді. Жаңа нысан ашу немесе қайта құруға келгенде заманауи стандарттарды ұстанғанымызбен, сол нысандарға ат қойғанда гендерлік теңсіздік бары әлі де байқалады. Түркістан облысы бойынша 2018 жылдан бері бірнеше мектепке жаңа ат берілген. Қазір 2 039 мектептің 63-і ғана әйел есімдерімен аталған.

Ер адамдарға қарағанда әйел адамдар есімі географиялық нысандарға аз қойылатыны тұлға ретінде танылған әйелдердің аз болғанына да байланысты. Қазір кітапханалардан ұлы әйелдер жайлы мәлімет іздесеңіз, мол материал табуыңыз қиын, сондықтан тарихта өзіндік орны бар әйелдер туралы көп жазу керек. Светлана Шакирова: «Көше атауларынан тек ер адамдар есімін көреміз. Сөз жоқ, олар – керемет адамдар, оған ешкім күмән келтірмейді. Бірақ есімдерін құрметтеуге лайық әйел адамдар да бар. Олардың да есімдерін сақтау керек» дейді (ktk.kz, 2009). Бұл қатарға азаматтық белсенді болуды, әйелдер құқың қорғайтын ұйымдарды қолдап, ұсыныстарын тыңдауды қосар едік. Қазақстан қалаларында мұндай қозғалыстар әлі де аз болғанымен, уақыт өте келе ақпарат тарап, Қазақстанның ірі қалаларында белсенділер шыға бастады.

Әйел адамдар атындағы көше атауына қатысты тағы бір мәселе бар. Әдетте қала шетіндегі көшелерге қарағанда орталығындағылар ертерек салынған, сондықтан орталықтағы көшелер атауы сол мемлекеттегі танымал ер адамдар құрметіне қойылған. XIX ғасырдағы Италия көшбасшысы Камилло Кавурдың аты берілген Виа Кавур және «қаһарлы» Рим Папасы II Юлийге арналған Виа Жулиа көшелерін мысалға алуға болады (Рооп, 2015). Ал әйелдер құрметіне қойылған аз көшенің өзін қала сыртынан ғана көреміз. Бұл жаңа көшелер атауы жаңа көзқарас арқасында өзгергенін дәлелдейді.

ҚАЛА КӨШЕЛЕРІН АТАУҒА ҰСЫНЫЛҒАН ЕСІМДЕР ТІЗІМІ:

535 ЕРАЕР
ЕСІМІ



20
ӘЙЕЛДЕР
ЕСІМІ



957 /
КӨШЕ

33 ӘЙЕЛДЕР
АТЫНДА



2 265 /
КӨШЕ

68 ӘЙЕЛДЕР
АТЫНДА

Көше атауларында осындай теңсіздік болғаны қоғам әйелдерге қарағанда ер адамдарға көбірек мән беретінін айқындады. Көшеге кісі есімін қою сол адамға құрмет саналса, қоғамға сіңірген әйелдер еңбегін ашық мойындамау, олар ер адамдардан төмен деген ойды растап, гендерлік теңсіздікті ушықтыра түсері анық.

Көше атауындағы гендерлік дискриминация болуына бірден-бір себеп – көшеге атау қою ісінде гендерлік саясатты ұстанбау. Алайда кейінгі он жылда көше атауларына әйелдер есімін қою мәселесі Еуропада қолға алынғаны көңіл көншітеді. Кей елдерде мағынасы түсініксіз көшелер атауын өзгертіп, оның орнына халқына еңбегі сіңген әйелдер есімін қойса, кей елдерде жаңа көшелер атауын, тіпті қаланың жаңа орамдарына әйелдер атын қойған. Баршамызға мәлім, бір ел екінші елді жаулап алғанда, басқыншылар жергілікті халықтың ой-өрісін өзгерту үшін, алдымен, жер-су, нысан атауын өзгертеді. Қазір Еуропа көшелеріне ат қою тенденциясындағы өзгерістер қоғам сана-сезімі патриархал кезеңде қалыптасқан консерватив және дәстүрлі ойлау деңгейінен арылғанын дәлелдейді.

Гендерлік теңсіздік мәселесін шешу үшін халық пен үкімет бірлесе жұмыс істесе ғана жақсы нәтижеге жетпек. Мысалы, Роттердам халқы қала көшелерінің 92%-ына ақ нәсілді ер адамдар аты қойылғанын айтып, наразылық білдіргендіктен, Роттердам үкіметі қала көшелеріне ат қою ережесін өзгерту туралы ұсыныс жасады. Өткен жылдары Брюссель қаласында Үкімет жаңа көшелерге атау таңдау үшін онлайн-краудсорсиңге жүгінді, яғни Бельгия халқынан қалаға жаңадан қосылған 28 көшеге атау ұсынуға мүмкіндік берген. Бельгия азаматтарына мұндай мүмкіндік алғаш рет туып тұрғанымен, атсалысқандардың дені жаңа көшелерді назардан тыс қалған әйелдерге арнауды ұсынған (Franssen, 2018).

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуге негіз болған мәселенің туу себептеріне тоқталсақ, ең алдымен, мемлекеттердегі көшеге ат қою жүйесі бір-біріне ұқсайтынын байқаймыз. Топоним қаланың тарихи және тілдік портретінің ажырамас бөлігі десек, көшелерге ат қойғанда мемлекеттегі басқару органдарының тарихы шешуші рөл атқарары анық. Ал тарихтағы атақты тұлғалар, яғни қолбасшылар, дін таратушылар, философтар мен ғылым негізін салушылардың көбі ер адамдар болған. Әйелдер тарихтың әр кезеңінде заң, әлеуметтік кодекс, наным-сенімі мен менталитетіне қарай кедергілерге тап болып отырған. Құрметке лайық әйел-азаматтар болғанымен, осы шектеулер салдарынан олар тарихтан да өз орнын таппаған, қазір де аса мән берілмей келеді. Қазір әйел-азаматтар құрметіне қойылған көше атауы аз болғанына қарапайым тарихи деректерде танымал

әйелдер мен олардың жетістіктері көрсетілмегені себеп. Бұл мәселеге Еуропа елдері назар аударып, біршама жұмыс атқарып жатыр, сондықтан бұл елдерде қоғамға еңбегі сіңген әйелдерге құрмет көрсету мәселесі біздегідей емес. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 3,5%-дан аспай тұр, сондықтан да ономаст-ғалымдар зерттеу нәтижелерін толықтырып, БАҚ-та бастама көтерсе, тиімді болары анық.

Дереккөз

Әлиакбарова А. «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация». *Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы*. Алматы, 2020

Бигельдиева М. «Қазақ және түрік әйел антропонимиясы». *Филология ғылымдарының кандидатты диссертациясының толық нұсқасы*. Алматы, 2010

Дашеева В.В. «Специфика женских имен в Китае: экстралингвистический аспект». *Вестник Бурятского Государственного Университета*. Улан-Удэ: типографии Бурятского госуниверситета, 2015. – №10. – С. 173–178

Искарина А., Кенжеқанова Қ. «Көсемсөздің гендерлік ерекшеліктері» // *Филология, лингводидактика және аударматану: өзекті мәселелері мен даму тенденциялары ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар жинағы*. Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – 47–50 бб.

Имаева М. «Почти все проспекты в городе названы в честь сильной половины человечества, в женских организациях Алматы недоумевают». – 2009. – URL: <https://www.ktk.kz/ru/news/video/2009/11/16/6373/> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021) – КТК телеарнасы

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – URL: <https://stat.gov.kz/> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Махмаджонов О. «Историко-лингвистическое исследование топонимии Гиссарской долины Таджикистана». *Автореферат*. Душанбе: Институт языка и литературы им. Рудаки Академии наук Республики Таджикистан, 2010

Мәдиева Г., Иманбердиева С. Ономастика: зерттеу мәселелері. Алматы: «1С-Сервис» ЖШС, 2004. – 54 б.

Оцомиева-Тагирова З.М. Отражение гендера в аварских топонимических названиях // *Филология: научные исследования*. – 2018. – № 2. – С. 171–182.

Хасанұлы Б. «Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері» // *Психоллингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары*. – Алматы: «Экономика» баспасы, 2003. – 284–288 бб.

Шахмайкин А.М. «Проблема лингвистического статуса категории рода». *Актуальные проблемы современной русистики. Диахрония и синхрония*. – Москва: МГУ, 1996. – С. 226–273

Чыонг Тхи Суан Хыонг, Киселева А. (2017). «Особенности формирования никнеймов и использование гендерно-нейтральных никнеймов молодежью на виртуальных коммуникативных площадках». *Филологические науки. Вопросы теории и практики (73)*. – 2017. – №7. – С. 167–170

Abbey-Lambertz, Kate. (2015). «You See This Gender Bias On The Road Every Day». *HuffPost*, Huff Post, 24 Nov. 2015. – URL: https://www.huffpost.com/entry/city-street-names-women_n_56457b81e4b08cda348849a7 (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Alford, Richard. (1987). *Naming and Identity: A Cross-cultural Study of Personal Naming Practices*. New Haven: HRAF Press

Al-Qawasmi Abeer Harb & Al-Haq Fawwaz Al-Al-Abed (2016) «Sociolinguistic Study of Choosing Names for Newborn Children in Jordan». // *International Journal of English Linguistics*. –vol. 6, no 1. – pp. 177–186

Alvarez, Lizette (2004). «*Jens and Vita, but Molli? Danes Favor Common Names*. – URL: <http://www.nytimes.com/2004/10/08/world/europe/jens-and-vita-but-molli-danes-favor-common-names.html> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Bancilhon, Melanie et al. (2021). «Streetonomics: Quantifying culture using street names». – URL: <https://journals.plos.org/plosone/article/comments?id=10.1371/journal.pone.025286> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Beck, Lauren (2021). Euro-Settler Place Naming Practices for North America through a Gendered and Racialized Lens. – URL: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00822884.2021.1893046> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Bosworth, Mark (2012). «Are Our Street Names Sexist?» // *BBC News*. – URL: <https://www.bbc.com/news/magazine-17203823> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Cousin, Laura & Watai, Yoko (2018). «Onomastics and Gender Identity in First-Millennium BCE Babylonia». Budin, S. L. et al. (Ed.) *Gender and methodology in the ancient Near East. Barcino Monographica orientalia*. Institut del Pròxim Orient Antic (IPOA) Facultat de Filologia Universitat de Barcelona. 243–255

Franssen, Selma and CityMetric (2018). «In Paris, Amsterdam and Brussels, Feminists Are Campaigning to Name More Streets after Women». *CityMetric*, 15 Aug., 2018. – URL: www.citymetric.com/fabric/paris-amsterdam-and-brussels-feminists-are-campaigning-name-more-streets-after-women-4137 (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Gee, Oliver (2015). «Sexist» Paris Streets Renamed in Feminist Stunt». *TheLocal.fr*, 26 Aug. – URL: www.thelocal.fr/20150826/paris-neighbourhood-gets-a-feminist-makeover (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Lag (2016:1013) om personnamn. – URL: https://www.riksdagen.se/sv/dokument-lagar/dokument/svensk-forfattningssamling/lag-20161013-om-personnamn_sfs-2016-1013 (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Leibring, Katharina (2017). The new Personal Names Act in Sweden: some possible consequences for the name usage // *Namenkundliche Informationen*, Leipzig, 2017. vol. 109/110, pp. 408–419

Lenta, (2013). «Исландский суд встал на сторону девочки без имени». – URL: <https://lenta.ru/news/2013/02/01/name> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Marszal, Andrew (2014). «Why you can't be called Duncan in Iceland». – URL: <http://www.telegraph.co.uk/news/worldnews/europe/iceland/10930163/Why-you-cant-be-called-Duncan-in-Iceland.html> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Mkenya Ujerumani e.v. (2016). «Rules Governing Naming of Children in Germany». – URL: <https://mkenyaujerumani.de/2016/04/28/rules-governing-naming-of-children-in-germany/> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Name Declaration for a Child («Бала есімі туралы Декларация»). – URL: <https://www.germany.info/us-en/service/04-FamilyMatters/name-declaration-child/950018> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Poon, Linda, et. al. (2015). «Mapping the Sexism of Street Names in Major Cities», *CityLab*. – URL: www.citylab.com/equity/2015/11/mapping-the-sexism-of-city-street-names/414094/ (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Portuguese American Journal (2011). «Law restricts parents from naming their children as they please – Portugal». – URL: <http://portuguese-american-journal.com/law-restricts-parents-from-naming-their-children-as-they-please-portugal/> (соңғы қаралған күні: 21.12.2021)

Reina, Javier Caro and Nowak, Jessica (2019). Diachronic development of gender in city names in Spanish. *STUF-Language Typology and Universals*, 72 (4). pp. 505–538.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ДИСКРИМИНАЦИЯ

Айгерім Құсайынқызы

КІРІСПЕ

Әйелдер ең көп жұмыс істейтін және қарқынды дамып жатқан салалар – денсаулық сақтау және әлеуметтік сектор. Он медициналық-әлеуметтік қызметкердің жетеуі – әйел (ХЕҰ, 2017). Соған қарамастан, әлемдегі 104 елде жасалған зерттеу нәтижесі мамандыққа қарай гендерлік сегрегацияда бірқатар айырмашылық барын көрсеткен. Кейінгі үш онжылдықта Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттер арасында дәрігерлікке түсетін әйелдер саны өскенімен, дәрігерлерді мамандығына қарай бөлгенде гендерлік айырмашылық көп кездескен, нәтижесінде әйелдер қазір педиатрия, акушерлік немесе жалпы тәжірибе бағыттарында басым, ал хирургия немесе радиологияда аз (ЕҚЫҰ, 2015). ЕҚЫҰ елдеріндегі кәсіби сегрегация Қазақстанда да бар. 2019-2020 оқу жылындағы есеп бойынша, Қазақстандағы медицина саласында оқытандардың 60%-ы – әйел (stat.gov.kz). Қазір медицинаны таңдайтын ерлер мен әйелдер саны бір-бірінен алшақ болғанымен, әйел дәрігерлер жалақы (Jagsi et al., 2012), көшбасшылық (Wehner et al., 2015) және мансап жолында (Congrad et al., 2010) айырмашылықты әлі де кездестіріп келеді. Бұл медицинадағы тұрақты патриархал құрылым әсерін күшейткен. Оның ар жағында күшті билік дифференциациясы, студент пен оқытушының тәуелділігі және жиі стрестік жағдайда жұмыс істеу шарттары жатыр (Jagsi et al., 2018). Ресми мәліметтер бойынша, Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесінде 253 800 медицина қызметкері жұмыс істейді, оның 74 мыңы – дәрігер, 179 мыңы – медбике. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау

Ұйымы деректеріне зер салсақ, Қазақстанда 10 мың адамға 39,8 дәрігерден келеді, бұл әлемдік орташа көрсеткіштен едәуір көп (ДДСҰ, 2020). Сонымен қатар Қазақстанға 8 583 медбике жетіспейді. Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтауды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында медицина қызметкерлері жалақысын көтеру қарастырылған. Бірақ медицина қызметкерлері жалақысын көтеру аз жалақы алатын дәрігер-әйелдер мәселесін өзгертуі мүмкін бе деген сұрақ жауабын медициналық оқу орындарындағы кәсіби бағытын таңдайтын студенттерге әсер ететін факторлардан іздеген жөн. Қазақстан Республикасындағы медициналық оқу орындарына 2019-2020 жылдары оқуға түскен ұл және қыз студенттер шамасын 1-кестеден көресіз. Барлық 68 151 студенттің 41 074-і немесе 60,2%-ы – әйел. Бір қарағанда, медициналық жоғары оқу орындарына түсушілер арасында гендерлік теңдік (ерлер 40%, әйелдер 60%) бар секілді, алайда радиология, кардиохирургия, анестезиология сияқты медицина салаларындағы әйелдер үлесі 20%-ға да жетпейді.

Мамандық атауы	Саны		Бітірушілер	
	барлығы	әйелдер үлесі	барлығы	әйелдер үлесі
5B110000 – Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)	3 009	2 398	792	648
5B110100 – Мейрбике ісі	313	304	142	134
5B110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау	973	716	401	308
5B110300 – Фармация	1 723	1 378	249	206
5B130000 – Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)	31 168	18 139	5 192	3 233
5B130100 – Жалпы медицина	26 252	15 656	4 467	2 866
5B130200 – Стоматология	4 595	2 212	725	367
5B130300 – Педиатрия	321	271	-	-
Барлығы:			55	

1-кесте. 2019-2020 оқу жылындағы студенттерді мамандықтарына қарай бөлу

Кейінгі он жылда жасалған әлеуметтік зерттеулер медицина мамандықтарын таңдауға мәдениет пен мінез-құлық көп әсер ететінін дәлелдеген (Hill & Giles, 2014). Қоғамдағы әйелдердің гендерлік рөлі мен медициналық оқу орындарындағы гендерлік сегрегацияның пайда болуын байланыстырып, медициналық оқу орындарындағы

гендерлік дискриминация әйелдердің кәсіби дамуына қалай әсер ететінін зерттеген жұмыстар көп емес.

Жынысына қарай басынудың түрлі формаларын зерттеген ғылыми жұмыстар нәтижесі бұл құбылыс ғылыми ортада, әсіресе медицинада кеңінен тарағанын көрсетті (Johnson et al., 2018). Жынысына қарай басыну жеңіл формада қылмыстық әрекетке дейін ұласады. Маргарита Шнайдер мен Сюзан Филипс оны төрт санатқа бөлген:

1. жынысына қарай тіл тигізу/ауызша қорлау/кэтколиң секілді гендерлік қысым;
2. жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу, жанасу, қаламаса да дегеніне көндіру;
3. жынысына қарай қысым көрсету;
4. жыныстық зорлық-зомбылық (Schneider & Phillips, 1997).

Авторлар бұл категорияларды студенттер сипаттаған гендерлік дискриминация оқиғаларына қарай топтастырған.

Гендерлік дискриминация әлемдегі барлық оқу орындарында бар және өзге мандықтарға қарағанда медициналық оқу орындарының студенттері гендерге қарай алалайтыны және қысым көрсететінін айтып жиі шағымданған (Henning et al., 2017; Fnais et al., 2014). Медицинада оқитын студенттердің басым бөлігі әйел адамдар болғанымен, медициналық мекемелердегі шешім қабылдайтын қызметтерде көбіне ер адамдар отырады немесе оларға гендерлік дискриминация фактісі туралы тиісті орындарға айтқан қауіпті және бұл оқу орнында қатаң қарым-қатынас орнатып, оны одан әрі ушықтыруы мүмкін. Гендерлік дискриминация екі жынысқа да әсер еткенімен, көбіне әйелдер ұшырайды (Dzau, Johnson, 2018; Komaromy et al., 1993).

Америка Құрама Штаттары, Канада, Пәкістан және Ұлыбританияда жасалған халықаралық зерттеулерге сәйкес, медицинада оқитын барлық студенттердің 49-68%-ы оқу орындарында гендерлік дискриминация мен жынысына қарай қысым көрудің кем дегенде бір түрін бастан өткергенін айтқан (Fnais et al., 2014). Зерттеулерден медицина факультеті студенттері гендерлік дискриминацияны проблема деп бағаламайтынын байқаймыз. Білім беру саласындағы гендерлік дискриминация оқуға кері әсерін тигізіп, әйел студенттердің қабілетін төмендетіп, оқуын мерзімінен бұрын аяқтауына ықпал еткен (Bursch et al., 2013). Медицина факультеті студенттеріне қатысты басқа зерттеулер жынысына қарай алалау, құрметтемеу және басыну әйел студенттердің білім алуына зиян тигізгенін көрсеткен (Shochet et al., 2013). Гендерлік дискриминация мен жынысына қарай қысым көрсету әйелдер жұмыс күшінің басым бөлігін, ал басқару ісінің аз бөлігін құрайтын салаларда жиі кездесетінін бірқатар зерттеулер дәлелдеген (Hingle, Barrett, 2020). Оқу орнында гендерлік дискриминацияға куә болған немесе бастан өткерген студенттер медицина саласындағы ерлер мен әйелдердің мансап мүмкіндіктерін қалай қабылдайтыны туралы аз біледі немесе көп жағдайда

медицинада оқып жатқан студенттер бұл мәселелерді өзгелерге тіс жарып айтпаған (Rosso, Leger, Steichen, 2018).

Жоғары білім беру саласындағы гендерлік теңдік мәселесі маңызды саналғанымен, гендерлік дискриминацияның таралуын анықтайтын ұзақ мерзімді зерттеулер Қазақстанда жасалған жоқ. Қазақстандағы медициналық жоғары оқу орындарына түсетін студенттер саны жыл сайын артатынын және әйел студенттер үлесі төмендемейтінін ескеріп, бұл мәселені зерттеу жоғары білім беру саласындағы және медициналық оқу орындарындағы гендерлік, өзге де алалаулар түрін анықтауға мүмкіндік береді.

Басқаша айтсақ, зерттеу мақсаты – медициналық жоғары оқу орындары студенттері арасындағы гендерлік дискриминация проблемасы туралы түсініктері мен тәжірибелерін зерттеу.

Зерттеу барысында мына сұрақтарға жауап іздейміз:

1. Кейінгі онжылдықта медициналық оқу орындарындағы әйелдер саны артқанымен, студент-қыздар медициналық білім беру саласындағы гендерлік дискриминацияның негізгі нысаны болып отыр ма?
2. Гендерлік дискриминацияға тап болған әйелдер де, ерлер де өз оқу курстарына көңілі тола ма және олар өздеріне берілетін кәсіби мүмкіндіктерді медицинадағы гендерлік теңдікке қатысты проблема деп бағалай ма?


Зерттеу әдіснамасы

Медицина саласында оқытын студенттер оқу орнында кездестірген гендерлік дискриминацияны анықтау үшін сандық және сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеудің сандық бөлімінде 20–24 жастағы 8 студенттен ZOOM платформасы арқылы онлайн сұхбат алынды. Зерттеудің сапалық бөлімінде Алматы, Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Семей және Түркістан қалаларындағы медициналық оқу орындары студенттеріне аноним онлайн сауалнама жолданып, «жетек қар» әдісімен сұхбат берушілер таңдалды. Осыған дейін АҚШ, Германия мен Ұлыбритания елдерінде осы тақырыпта қолданылған және жарияланған сауалнамаларға сүйеніп, жергілікті контекске сай сауалнама дайындадық. Сауалнама үш бөлімнен тұрды. Олар төрт балдық Лайкерт шкаласы бойынша (0 = ешқашан, 1 = сирек (бір-екі рет), 2 = кейде (үш-төрт рет), 3 = жиі (бес немесе одан да көп) гендерлік дискриминацияға қатысты жағдайларды қанша рет «бастан өткергенін» (жеке тәжірибесі), «көргені» мен «естігенін» баяндады. Студенттер жауабындағы гендерлік терминдер баршаға түсінікті болсын деп ілеспе хатта гендерлік дискриминация мен жынысына қарай бопсалауға қатысты

анықтамалар қоса берілді. Гендерлік дискриминацияны «әртүрлі қарым-қатынас, іс-әрекеттер немесе қолайсыз орта құру салдарынан әйелдерге де, ерлерге де теріс әсер ететін мінез-құлық, саясат және өзге де әрекеттер» деп сипаттадық. Студенттердің тәжірибелері мен түсініктері жайлы қосымша ақпарат алу үшін ашық сұрақтарға берген жауаптары да қарастырылды. Гендерлік дискриминацияны бастан өткерген, көрген немесе естіген студенттерден бұл жағдай олардың оқу үлгеріміне, мамандық бағытын таңдауына әсер еткен-етпегенін сұрадық, олар «иә/жоқ/білмеймін/жауап жоқ» деген нұсқада жауап берді.

Талқылау және нәтижесі


Зерттеу жұмысының нысаны – Алматы, Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Семей және Түркістан қалаларындағы медициналық жоғары оқу орындарында оқитын студенттер. Сауалнамаға бес медициналық оқу орнынан 88 студент қатысты (65 әйел, 23 еркек). Зерттеу 2021 жылғы 18 қыркүйек – 1 желтоқсан аралығында өтті. Сауалнамаға



2-кесте. Гендерлік дискриминацияға қатысты «жеке тәжірибелері» (пайызға шаққанда)

қатысқан еркектердің 88%-ы ешқашан гендерлік дискриминацияны бастан өткермеген, ал әйелдердің 5%-ы ғана «құрбан» болмаған. Әйелдердің 68%-ы ЖОО-да гендерлік дискриминацияға жиі ұшырағанын мәлімдесе, ешбір еркек жиі кезікпеген, тек 22%-ы сирек немесе кейде кезіккен. Бұл деректерді қорытарда еркектер мен әйелдердің гендерлік дискриминацияны әртүрлі түсінетінін және жариялауға дайындығын ескеру керек. Сауалнамада әйелдерден университетте гендерлік дискриминацияға кезіккен-кезікпегенін сұрап, жеке тәжірибесін бөліскенін қаладық. Мұндай жағдайға қаншалықты жиі тап болғанын сұрадық. Сұрақ ашық түрде емес, төрт нұсқа түрінде берілді.

3-кестеде көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқандардан «Университетте гендерлік дискриминацияға куә болдыңыз ба?» деп сұрадық. Яғни өздері осындай жағдайға тікелей куә болды ма немесе гендерлік дискриминация құрбаны болған құрбы-құрдастарына кеңес берді ме деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа жауап берген әйелдердің 26%-ы және еркектердің 2%-ы мұндай жағдайды жиі көргенін мәлімдеген. Алайда




3-кесте. Гендерлік дискриминацияны «көргендер» (пайызға шаққанда)

куәгер ретінде қандай реакция көрсеткенін немесе алалауға қатысты жеке әрекеттерін сұраған жоқпыз. Сауалнамаға қатысқан еркектердің 71%-ы, яғни 23 еркектің 16-сы ешқашан өз университеттерінде гендерлік дискриминацияға куә болмаған. Ал 27%-ы сирек және кейде куә болған. Демек, басым бөлігі жеке тәжірибесіне қарағанда өзгелер ісіне куә болған, яғни бұл өзгелер тәжірибесін көбірек білетінін көрсетеді.

Оқу орындарында гендерлік дискриминацияны өз басынан өткермеген және өзі куә болмағандарға «Гендерлік дискриминацияға қатысты жағдайларды естідіңіз бе?» деген мағынадағы сұрақ қойылды. 4-кестеден осы сұрақ жауаптары көрсетілген.

Алдыңғы екі сұрақ жеке тәжірибелері мен өздері куә болған гендерлік дискриминация жайында болса, үшінші сұрақта өздері оқитын оқу орнында болған гендерлік дискриминация туралы өзгелерден естіген-естімегені сұралды. Сұраққа жауап берген еркектердің 65%-ы және әйелдердің 25%-ы ешқашан естімеген, бұл көрсеткіш жеке тәжірибесі мен куә болған жайттар үлесінен азырақ. Ал әйелдердің 57%-ы бұл туралы жиі, еркектердің 35%-ы сирек немесе кейде естіген. Демек, гендерлік дискриминацияны басынан өткерген және куә болған студенттерге қарағанда, олар жайлы естігендердің үлесі басым. Есітігенде не істегенін, қандай реакция танытқанын сұрамадық.



4-кесте. Гендерлік дискриминация туралы «естігендер» (пайызға шаққанда)

Гендерлік дискриминацияны бастан өткергенін, көргенін немесе естігенін университет әкімшілігіне немесе өзге де құзыретті органдарға неге хабарламағанын білу мақсатында арнайы сұрақ қойылып, бірнеше нұсқа ұсынылды. 1-диаграммада студенттердің университеттегі гендерлік дискриминация туралы тиісті орындарға хабарламаған себептері көрсетілген.



1-диаграмма. Гендерлік дискриминация туралы тиісті орындарға хабарламаған себептері


Сауалнамаға қатысқандардың гендерлік дискриминацияны бастан өткергенін, көрген-білгенін анықтау және хабарлауға қатысты сұрақтардан кейін 5-кестедегі дискриминация түрінің қайсына қаншалықты жиі тап болғанын және оны кімдер жасағанын сұрадық. Гендерлік дискриминацияның он түрі берілді, тараптар ретінде университет және құрдастары көрсетілді. Медициналық оқу орындарындағы студенттер жынысына қарай ауызша кемсітуді (56 жайт) өте көп кездестірген, ал сирек кездескен дискриминация ретінде орынсыз сыйлық беру/көңіл бөлуді (11 жайт) көрсеткен. Кестедегі дерекке сүйенсек, гендерлік дискриминацияға еркектерге қарағанда әйел студенттер жиі ұшыраған.

Зерттеудің екінші гипотезасы: гендерлік дискриминацияға тап болған әйелдер де, ерлер де өз оқу курстарына көңілі тола ма және олар өздеріне берілетін кәсіби мүмкіндіктерді медицинадағы гендерлік теңдікке қатысты проблема деп бағалай ма? Осыны анықтау мақсатында «Гендерлік дискриминацияға тап болу медицинадағы

кәсіби салаңызды таңдауға әсер етті ме?» деген сұрақ қойылды. Сұраққа жауап ретінде «иә/жоқ/білмеймін/жауап жоқ» деген 4 нұсқа берілген. Сауалнамаға қатысушылардың 57%-ына, яғни 50 респондентке гендерлік дискриминацияға тап болғаны кәсіби бағытын анықтауға әсер етпеген, оқу курстарына көңілі толады және медицина саласындағы гендерлік теңсіздікке кезікпеген. Сауалнамаға қатысқандардың 22%-ы «жоқ» және «білмеймін» деген нұсқаны таңдаса, респонденттердің 21%-ы гендерлік теңсіздікке ұшырағандықтан, оқу курстарына көңілі толмай, медицинаның басқа саласын таңдаған. Демек, олар гендерлік теңдікке қатысты бастан өткерген, көрген және естіген жайттарды проблема деп танып, оған төзбейді әрі ашып айта алмай жасырады. Студенттер жауабы 2-диаграммада көрсетілген.

Гендерлік дискриминация түрлері	Ерлер, N=23		Әйелдер, N=65	
	Университет	Құрдастары	Университет	Құрдастары
Тәжірибелері				
Жынысына қарай ауызша кемсіту	7	5	29	15
Кей медицина салаларында әйелдер істей алмайды деу	2	7	23	9
Жынысқа қатысты орынсыз әзілдер айту	5	3	14	6
Жынысына қарай кемсіту ретінде бағаны төмендету	0	-	7	-
Жынысына қатысты орынсыз комплимент айту	2	3	10	16
Медициналық қызметін жыныстық қатынасқа ұластыру/сексуалдандыру	5	12	19	5
Еркінен тыс денесін ұстау (сипалау, құшақтау, тиісу және т.б.)	1	4	6	10
Кездесуге шақыру немесе кездесуге мәжбүрлеу	0	2	9	13
«Байқамай» денесін ұстау/тиісу	0	1	5	21
Орынсыз сыйлықтар беру/көңіл бөлу	0	2	1	8

5-кесте. Респонденттердің гендерлік дискриминация түрлерін кездестіру сипаты



2-диаграмма. Гендерлік дискриминацияға тап болу медицинадағы кәсіби салаңызды таңдауға әсер етті ме? (пайызға шаққанда)

Зерттеудің сапалық бөлімінде онлайн сауалнамаға қатысқандар арасынан өз еркімен ниет білдірген 8 студенттен сұхбат алынды. Сұхбат ZOOM платформасында аудио және видео жазба жасалмастан 40–65 минут аралығында жеке-жеке жүргізілді. Сұхбатқа Семей, Қарағанды, Нұр-Сұлтан, Алматы медициналық оқу орындары студенттері қатысты. Медициналық оқу орындарында гендеріне қарай кемсіту мен сексист көзқарастар бар екенін респонденттердің бірі айтып берді:

Кей профессорлар бізге «тарихи мамандықтарың медбикелікке түсіп, сонша қиналмауларың керек еді» дегенде мен өзімді ЖОО-да оқуға лайық емес жан ретінде сезіндім. Мен медбике болғым келсе, коллежге түсер едім ғой. ҰБТ-дан жоғары балл жинап, грантқа түссем де, бізді медицина университетіне кездейсоқ келген адамдар деп ойлайтындар бар. *Әйел, 22 жаста*

Медициналық оқу орындарындағы оқытушылар мен студенттер арасындағы гендерлік дискриминация сирек кездесетінін және әйел студенттердің белгілі бір медицина бағытын көп таңдайтынын студенттердің бірі былай түсіндірді:

Қыз балалардың хирургия, реаниматология, анестезиология немесе нейрохирургия саласында аса жетістікке жетпейтінін біз бәріміз білеміз. Тынымсыз әрі біздің табиғатымызға, нәзіктігімізге сай келмейді деп ойлаймын. Мен офтальмология бағытын таңдадым, себебі көзәйнек тағатындар саны артып бара жатыр (күлді). *Әйел, 25 жаста*

Өзге оқу орындарына қарағанда медициналық оқу орындарында гендерлік дискриминация жиі кездесетінін дәлелдейтін бірнеше зерттеу жұмыстары нәтижесі кейде қазақстандық оқу орындарындағы гендерлік теңсіздік мәселелеріне сәйкес келмейтінін мына студент жауабынан байқаймыз:

Мен ординатураға түсу үшін күйеуімнен екі жыл бойы өтіндім. Ол әлі де менің күндіз жұмыс істеп, кешке оқуыма қарсы, оған қоса баламыз бар. Бірақ мен қазір қиналып жүрсем де, болашақта қызығын көретініме сенемін. *Әйел, 29 жаста*

Медициналық оқу орындарындағы әйелдер маманданған салалардағы әйелдер үлесінің азаймағанын және кейбір медицина мамандықтарындағы гендерлік сегрегацияға қатысты патриархал қоғамның сексист көзқарасын мына пікірден көре аламыз:

Бір профессор маған «Неліктен мынандай фигурамен, сырт келбетіңмен бізге оқуға түскенсің, жастығыңды қор қыласың ғой» деген. Miss Shymkent конкурсына қатысқанмын. Айдай Исаева сияқты Miss Universe, Miss Shymkent болмасам да, отбасылық дәрігер болғым келді. Бірақ мен ол профессорға ештеңе деген жоқпын. *Әйел, 22 жаста*

Гендерлік теңсіздікке ұшырағандардың басым бөлігі әйелдер болғанымен, медициналық оқу орындарындағы еркектер де жынысына қарай кемсіту объектісі болуы мүмкін. Топта ұл студенттер аз болғандықтан, олар қыз студенттер еңбегін пайдаланатын жағдайлар кездеседі. Еркек студенттер әйел студенттер еңбегін пайдалану да гендерлік теңсіздікке жататынын білмеуі мүмкін, себебі олар өз жағдайын асыра пайдаланып, әйел студенттер еңбегін құнсыздандырады. Оған мына пікір дәлел:

Маған кейде достарым айтып, мазақтайды, себебі біз группада екі-ақ ұлмыз. «Қыздардың арасында оқыған қалай екен, үй тапсырмасын жасамайтын шығарсың немесе ең әдемі қызды таңдап жүрсің бе?» дейді, бұл маған маңызды емес. Қыздар конспектілерін беріп, үнемі көмектесіп тұрады. Ол жағынан проблема жоқ. Қыздарға қатысты ешбір кемсітушілік байқамаймын, қазіргі заманда ондай жоқ деп ойлаймын. *Еркек, 21 жаста*

ЖОО студенттеріне, әсіресе 7–9 жыл оқитын медициналық оқу орындары студенттерін оқытушылар, әкімшілік қызметкерлері немесе құрдастары жынысына қарай кемсітіп, түрлі пікірлер айтады екен. Сондай пікірлердің бірі мынадай:

Қыздар, сөз айтқан жігіттерің болса, оқу бітіргенше тостырып қоймаңдар. Сендер оқу бітіргенше жас қыздарды тауып алады» деген адамдардың сөздерін естігенде, оларға «Сендердің жеке өміріңде нелерің бар?» дегім келеді. Біз жеке өмірге қатысты комментарий естуге емес, дәрігер болуға келдік қой. *Әйел, 24 жаста*

Медициналық оқу орындарындағы еркек студенттер әйел студенттерді жынысына қарай ауызша кемсіткені немесе вербал/бейвербал әрекеттері әйел студенттердің өздерін кем сезінуіне, мүмкіндіктері тең екенін білмеуіне себеп болуы мүмкін.

Практика сабақтарында ақ халатпен жүргенде қыздарға біз «секси болып кетіпсіңдер» дейміз, ол сөздің ешбір астары жоқ деп ойлаймын. Біздің униформа сондай ғой енді, кейбір қыздардың тырыстырып киетіні болмаса. Медбикенің образы да ұлдарға түрлі фантазия тудырады ғой (күлді). *Еркек, 25 жаста*

Медицина мамандықтарының кей салалары әйел студенттерге қызық емес және әйелдер ол салаларға қабілеті жетпегендіктен қызықпайды деген ойдың қате екенін университет оқытушылары да, студенттер де білуге тиіс.

Патологоанатомда қыздар почти жоқ қой, себебі ол – өте ауыр қызмет. Бізді моргке апарғанда талып, құлап жатқандар – көбіне қыздар. Негізі, кейбір ұлдар да өздерін жаман сезінді, бірақ құлағандарын көрмедім. Олар құлап қалуға ұялған шығар. Сол кезде бізді қанша дайындап апарса да, ана иістер мен денелерді көру – ауыр, негізі. Бірақ біз пациенттерді таңдамауымыз керек. Қыздар ұл студенттерге қарағанда жақсы оқиды ғой үнемі. *Әйел, 22 жаста*



ҚОРЫТЫНДЫ

Денсаулық сақтау және білім беру саласындағы гендерлік теңсіздіктер мен кей медицина мамандықтарына қатысты гендерлік стереотиптер – қазіргі білім беру және денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Джеймс Маллахан Кейннің «Медициналық оқу орындарында әйелдерге көшбасшылықты оқыту неге маңызды?» деген сұрағына мынадай жауап алдық: «Гендерлік теңдік қағидасын ұстанған медицина қызметкерлерінің құзыреті (қызметі/құқығы/міндеті) медицина саласындағы келешек көшбасшыларды даярлағанда аса қажет және маңызды. Денсаулық сақтау мекемелерінде әйелдер әдетте екінші деңгейдегі қызметтер атқаратынын ескерсек, оларды жоғары лауазымды қызметке қою арқылы ғана медицинадағы гендерлік теңсіздікті жоюға болады» (Cain et al, 2002). Медициналық жоғары оқу орындарында гендеріне қарай кемсіту көп кездесетіні бекер емес, өйткені ол жалпы қоғамда бар құрылымдық теңсіздікті көрсетеді. Шынында, медициналық оқу орындары өмірді медициналандыру арқылы әлеуметтік бақылау механизмі ретінде жұмыс істейді дейді. Медицина мен басқару саласында еркектердің көп болғаны қалыпты көрінгендіктен, әйелдер бұл салаларда жұмыс істеуге «тым эмоционал» саналады. «Әйелдер туралы мұндай көзқарас қалыптасуына әйелдердің репродуктив рөлі, олардың тұлғалық ерекшеліктері мен психологиялық жай-күйі әсер еткен» деген ой XIX ғасырдың аяғынан бері медициналық білім беру саласында және жалпы практикада басым. Нәтижелерді қорыта келе, зерттеу сұрақтарына былай жауап беруге негіз бар:

1. Кейінгі он жылда медициналық оқу орындарындағы әйелдер саны өскенімен, студент қыздар медициналық білім беру саласындағы гендерлік дискриминацияның негізгі нысаны болып отыр ма?

Жауап: Иә, онлайн аноним сауалнама нәтижесіне сәйкес, әйел студенттердің 60%-дан астамы гендерлік дискриминацияны бастан өткерген, куә болған және естіген. Бұл әрекеттерді гендерлік дискриминация деп тану және оны тиісті орындарға хабарлауға кедергі болған мәселелермен күрескенде, әйелдер негізгі нысан болуы қажет.

2. Гендерлік дискриминацияға тап болған әйелдер де, ерлер де оқу курстарына көңілі тола ма және олар өздеріне берілетін кәсіби мүмкіндіктерді медицинадағы гендерлік теңдікке қатысты проблема деп бағалай ма?

Жауап: Сауалнама кезінде ұсынылған гендерлік дискриминацияның он түрін кезіктіру жиілігі мен сипаттамасына назар аударсақ, студенттер гендерлік теңсіздікке тап болғанымен, оны проблема санамайтынын, елемейтінін байқаймыз. Өйткені олардың гендерлік теңсіздікке тап болғаны медицинадағы кәсіби

саласын таңдағанда маңызды рөл атқармаған немесе оның рөлі жайлы әлі де ойланбаған. Сұхбатқа қатысқан студенттер пікірінше, әйел студенттердің гендерлік теңсіздікке ұшырауы – қоғамда қалыптасқан жағдай көрінісі және әйел студенттер медицинадағы кәсіби бағыттарын таңдағанда академиялық қабілеттері мен мансап жолына құрған жоспарын басшылыққа алмайды, мұнда отбасындағы рөлі, маман ретінде әлі де өзіндік ойы қалыптаспағаны және гендеріне қарай кемсіткен оқытушылар пікіріне қарсылық танытпағаны негізгі рөлге ие болған. Медициналық оқу орындарындағы гендерлік дискриминацияға қарсы күрес осы саладағы гендерлік сегрегация проблемасын толық жоя алмайды, медицинадағы «терапия мен педиатрия – әйелдердің, хирургия мен радиология – еркектердің ісі» деген пікір азайсын десек, ЖОО-ға түскенге дейін әйел студенттердің гендерлік сауатын аттыру керек.

Дереккөз

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. – 2021. – URL: <https://gender.stat.gov.kz/> (соңғы қаралған күні: 22.09.2021)

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. «Жоғарғы оқу орындарында білім алу деңгейінде мамандық топтары бойынша, жынысы бойынша бөліністе бөлу». – 2021. – URL: https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=39&slug=-33&cat_id=8&lang=ru. (соңғы қаралған күні: 28.09.2021)

András M. Komáromy, Andrew Bindman, Barbara Haber. (1993). «Sexual harassment in medical training». *The New England Journal of Medicine*. 328(5): 322–6.

Brenda Bursch, Joyce M Fried, Paul F Wimmers, Ian A Cook, Susan Baillie, Hannah Zackson, Margaret L Stuber. (2013). «Relationship between medical student perceptions of mistreatment and mistreatment sensitivity». *Med Teach.*, 35(3): e998–1002.

Elspeth Hill R.J., James A. Giles (2014). «Career decisions and gender: the illusion of choice?» *Prospect Med. Educ.*, 3: 151–4.

Henning, Marcus A.; Zhou, Chen; Adams, Peter; Moir, Fiona; Hobson, Jennifer; Hallett, Charlene; Webster, Craig S. (2017). «Workplace harassment among staff in higher education: a systematic review». *Asia Pac. Educ. Rev.*, 18: 521–39.

ILO (2017). *Report for discussion at the Tripartite Meeting on Improving Employment and Working Conditions in Health Services*. Geneva: International Labour Organization.

James Mallahan Cain, Weiblen GD Donoghue, Deanna Magrane DM, David Rusch RB. (2002). «Why is it so important to ensure that women's health, gender-based competencies are woven into the fabric of undergraduate medical education?» *Am J Obstet Gynecol*. 187: S1–S3.

Margaret Schneider, Susan P. Phillips. (1997). «A qualitative study of sexual harassment of female doctors by patients». *Soc. Sci. Med.*, 45(5): 669–76.

Mackenzie R. Wehner, Kevin T. Nead, Katerina Linos, Eleni Linos. (2015). «Plenty of moustaches but not enough women: cross sectional study of medical leaders». *BMJ*, 351: 6311.

Naif Fnaiss, Charlene Soobiah, Maggie Hong Chen, Erin Lillie, Laure Perrier, Mariam Tashkhandi, Sharon E Straus, Muhammad Mamdani, Mohammed Al-Omran, Andrea C Tricco. (2014). «Harassment and discrimination in medical training: a systematic review and meta-analysis». *Acad Med.*, 89(5): 817–27.

OECD (2021). *OECD Health Statistics 2021*. www.oecd.org/gender/data/women-make-up-most-of-the-health-sector-workers-but-they-are-under-represented-in-high-skilled-jobs.htm. Соңғы қаралған күні: 20.09.2021.

Peter Conrad 1, Phyllis Carr, Sharon Knight, Megan R Renfrew, Mary B Dunn, Linda Pololi. (2010). «Hierarchy as a barrier to advancement for women in academic medicine». *J Womens Health* (Larchmt) 19(4): 799–805.

Paula A. Johnson, Sheila Marie Evans Widnall, Ellen C. Benya (2018). *Sexual harassment of women: climate, culture, and consequences in Academic Sciences, engineering, and medicine*. Washington: The National Academies Press; PDF is available at <http://nap.edu/24994>. Соңғы қаралған күні: 27.09.2021.

Reshma Jaggi, Kent A. Griffith, Rochelle Jones, Chithra R. Perumalswami, Peter Ubel, Abigail Stewart. (2018). «Sexual harassment and discrimination experiences of academic medical faculty». *JAMA*.

Reshma Jaggi, Kent A. Griffith, Abigail Stewart, Dana Sambuco, Rochelle DeCastro, Peter A. Ubel, (2012). «Gender differences in the salaries of physician researchers». *JAMA*, 307(22): 2410–17.

Rosso, Leger, Steichen (2018). Glass ceiling for women in academic medicine in France. *La Revue de Medecine Interne*, 03 Jun 2018, 40(2): 82–87

Shochet, Robert B., Colbert-Getz, Jorie M., Wright, Scott M. (2013). «Gauging events that influence students' perceptions of the medical school learning environment: findings from one institution». *Acad Med*. 88(2): 246–52.

Susan Hingle, Eileen Barrett. (2020). Gender Differences in Resident Assessment. The Glass Ceiling and Sticky Floor for Women in Medicine Begin Early, *JAMA Netw Open*. 2020;3(7):e2010985. doi:10.1001/jamanetworkopen.2020.10985

Victor Joseph Dzau, Shad Johnson PA. (2018). «Ending sexual harassment in academic medicine». *The New England Journal of Medicine*. 379(17): 1589–91.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ГЕНДЕРГЕ ҚАРАЙ ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ ЖӘНЕ АҚЫСЫ ТӨЛЕНБЕЙТІН ЖҰМЫС

Айжан Сәлімжанова

КІРІСПЕ

Қазақстандағы әйелдер саны жалпы халықтың жартысынан асады, алайда олар мемлекеттің экономикалық өмірі мен әл-ауқатына өз деңгейінде үлес қосып отырған жоқ. Үкімет гендерлік теңдікті жақсарту мақсатында бірқатар жұмыс атқарып жатыр. 2005 жылы 2006–2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдіктің ұлттық стратегиясы бекітілді, онда ерлер мен әйелдердің құқығы мен мүмкіндігі тең болуына жағдай жасайтын шаралар да бар, әлеуметтік-саяси өмірде, экономикада, білім саласында гендерлік теңдік орнату; қоғамдық сананың гендерлік теңдік мәселесін жете түсінуіне жағдай жасау (ақпараттық-құқықтық «Әділет» жүйесі, 2005) сияқты шаралар қолға алынған. Сондай-ақ елде 2030 жылға дейінгі Отбасы мен гендерлік саясат концепциясы қабылданды («Әділет» АҚЖ, 2016). Гендерлік саясат концепциясының басты мақсаты – білім беру және жұмыспен қамту саласында қалыптасқан стереотиптермен күресу және әйелдерге көрсетілетін зорлық-зомбылыққа қарсы тұру. Үкімет еңбек нарығындағы әйелдер үлесін арттыру үшін түрлі амал жасағанымен, ЭЫДҰ дерегіне сүйенсек, Қазақстандағы әйелдердің экономикалық белсенділік деңгейі ұйымның орташа көрсеткішінен төмен, яғни 61%-ға тең (OECD, 2017).

Дүниежүзілік экономикалық форумдағы Global Gender Gap Report 2020 баяндамасында Қазақстан гендеріне қарай бөліну көрсеткіші бойынша 153 ел арасында 72 орында тұр деп жазылған. Баяндамада әйелдер экономикалық даму жетістігін қаншалықты пайдаланатынын олардың еңбек нарығындағы жағдайына қарап

анықтауға болады дейді. БҰҰ-Әйелдер және БҰҰ Даму жөніндегі бағдарламасы сияқты халықаралық ұйымдардың пікірінше, білім беру және жұмыспен қамту саласындағы мүмкіндіктерді тең пайдалана алмау, еңбек ақысын бірдей төлемеу, ақысы төленбейтін еңбекті бөлгендегі гендерлік теңсіздік қоғамның түрлі саласында гендеріне қарай бөлінуге себеп болады және әйелдердің қоғамдағы орны мен дәрежесіне ықпал етеді. Халықаралық валюта қорының 2016 жылғы бағалауына сүйенсек, әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздік салдарынан Еуропа елдерінде ІЖӨ-нің 10,8%-ын жоғалтса, бұл көрсеткіш Таяу Шығыста 37,8%-ға, Орталық Азияда 10,1%-ға жеткен (Kalpana Kochhar et al., 2017). БҰҰ жанынан құрылған Әлеуметтік даму ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Магдалена Сепульведаның пікірінше, ақысы төленбейтін үй шаруасы – адам құқығы саласындағы елеулі мәселе (БҰҰ жаңалықтары, 2013). Ол үй шаруасын өз мойнына алған, балаларға қарайтын, қарт және мүгедек адамдарды бағып-қағатын әйелдер қоғамнан оқшауланып қалады және кедейлік зардабын тартады дейді. Сөйтіп, ақысы төленбейтін еңбекке жұмсалатын уақыт тең бөлінбегендіктен, көп әйелдер кәсіби өмірін ысырып тастап, қоғамнан жырақтап қалады. Бұл еңбек өнімділігі мен мемлекеттің экономикалық өсіміне де ықпал етеді.

Ақысы төленетін және ақысы төленбейтін еңбек анықтамасы Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ, 2013) халықаралық концепциясында және экономикалық іс-әрекет көрсеткішін есептеу жөніндегі халықаралық стандартта (Ұлттық есеп жүйесі, 2008, 2012) анық жазылған. Қандай да бір атқарылған жұмысқа ақша төленбейтін болса, ондай еңбекті ақысы төленбейтін еңбек дейміз. ХЕҰ ақысы төленбейтін еңбектің мынадай түрлері бар дейді: *нәтижесінде өзің тұтыну үшін үй шаруасын істеу; отбасы мүшелеріне күтім жасау; пайдам тисін деп жергілікті қауымдастыққа немесе басқа үй шаруашылығына көмектесу* мақсатында ақысыз еңбек ету. Бұл санаттарға үй шаруашылығын жүргізу, үй жинау, кір жуу, тамақ істеу, қажет заттарды сатып алу, сәбилер мен балаларға қарау (белсенді немесе пассив көмек), төсек тартып жатқан немесе уақытша ауырып қалған адамға күтім жасау (қарт туыстар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға қарайласу) және үй жануарларына қарау кіреді. Мұндай міндеттерді орындау физикалық күш-қуат пен уақытты қажет етеді. Ақысы төленбейтін еңбекті атқаруға қанша уақыт кететіні отбасының қалада немесе ауылда тұратынына, әлеуметтік инфрақұрылымның бар-жоғына, үй шаруашылығының өзіне тән ерекшелігіне байланысты. Ақысы төленбейтін еңбек үй шаруасын атқарумен шектелмейді. Ақысы төленбейтін еңбектің басқа да түрлері бар, мысалы: ерікті болу, қайырымдылықпен айналысу, өзге туыстары мен достарының үй шаруасына көмектесу және басқа да қоғамдық жұмыстарды тегін істеу.

Ресми түрде «нарықтан тыс еңбек» деп аталатын ақысы төленбейтін еңбек ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) есебіне және мемлекеттік бюджетке кірмейді, саяси шешімдер қабылдағанда, саяси тұжырымдама жасау процесінде елеусіз қалады (Charmes, 2019). Ақысы төленбейтін еңбекті дәл бағалау қиын. Феминист ғалымдар күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін еңбекті гендерлік теңдік пен әйелдердің экономикалық және әлеуметтік құқығы мен мүмкіндігін кеңейту жолындағы негізгі кедергі санайды (Кантильон және Тисдейл, 2021). Сөйтіп, саяси мекемелер саяси шешімдер қабылдағанда үй шаруасын елеусіз қалдырып, солай болуға тиіс деп қарайды. Күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін еңбекке қатысты әлеуметтік және мәдени гендерлік нормалар отбасының жеке мәселесі, ішкі шаруасы саналады, қоғамдағы бұл көзқарас өте баяу өзгеріп келеді.

Осы зерттеуде автор Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросынан алынған гендерлік сегрегация туралы (үй шаруасын зерттеу аясындағы) бастапқы деректерді сараптаған. Автор 2018 жылы бірнеше мың отбасын іріктеп алып жүргізілген ішінара зерттеу деректерін (бастапқы деректер) пайдаланған. 11 904 отбасының 32 301 респондентінен (10 жастан бастап) сауалнама алған. Сауалнамада адамдар үй шаруасына және отбасы мүшелеріне күтім жасауға қанша уақыт жұмсайтынына (кір жуу, үй жинау, тамақ істеу, отбасындағы кіріптар жандарға күтім жасау т.б.) қатысты сұрақтар болды. Респонденттердің жынысы, отбасындағы орны, жасы, білім деңгейі күтім жасау мен үй шаруасын істеуге бөлетін уақытына қаншалықты әсер еткені ескерілген. Зерттеу жұмысында Қазақстандағы әйелдерге әлеуметтік қолдау көрсете отырып, олардың экономикалық дербестігін арттыратын мемлекет атқаруға тиіс шаралар көрсетілген. Жалпы алғанда, қазір экономика саласындағы әйелдердің әлеуетін арттыру ел дамуындағы басты мақсаттардың бірі болып тұр.

Әйелдер мен еркектердің ақысы төленетін және төленбейтін жұмысқа бөлетін уақыты: әдебиеттерге шолу

Біріккен Ұлттар Ұйымының статистика бөлімі адамдар уақытын қалай пайдаланатынын зерттеп (БҰҰ статистика бөлімі, 2007), әлемнің барлық елінде ақысы төленбейтін еңбекті негізінен әйелдер істейтінін анықтаған. Үй шаруашылығындағы ақысы төленбейтін еңбек теңдей бөлінбегендіктен, әйелдер мемлекет істеріне де, жеке өміріне де көп көңіл бөле алмайды. Ақысы төленбейтін еңбектің кең тараған бір түрі – ақысы төленбейтін үй шаруасы. Әдетте мұндай ақысыз еңбектің бар ауыртпалығын әйелдер көтереді. Үй шаруасына тым көп көңіл бөлу әйелдің өзіне де, ресми жұмыс істеуіне де кері әсер етеді, нәтижесінде балалары, қоғам мен мемлекет те зардап шегеді.

Халықаралық еңбек ұйымы (ILO, 2018) дерегіне сүйенсек, мемлекет дамып, әлауқаты артқан сайын ақысы төленбейтін еңбекке жұмсалатын уақыт, соның ішінде үй шаруасына бөлінетін уақыт та азаяды. Бұл айтылғанның бәрі көпшілік тұрмыстық техника мен үй шаруасын жеңілдететін құралдарды оңай сатып алатындай жағдайға жеткенде іске асады. Ал кедей елдерде күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін еңбек адамның күнделікті қажетін өтеуімен байланысты, сондықтан үй шаруасы көп уақыт пен күшті қажет етеді (мысалы, азық-түлік әкелу, су тасу, отбасы мүшелеріне қарау және т.б.) (БҰҰ-Әйелдер, БҰҰ ЕЭК, 2021).

Бүкіл әлемде үй шаруасындағы күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін жұмысқа жұмсалатын уақыттың 76,2%-ы әйелдерге тиесілі, бұл еркектер жұмсайтын уақыттан үш есе көп (ILO, 2018). БҰҰ Даму жөніндегі бағдарламасы дерегіне сүйенсек, Еуропа және Орталық Азиядағы әйелдер күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін жұмысқа еркектерге қарағанда көбірек уақыт бөледі: күніне орта есеппен әйелдер 4,5 сағатын, ал еркектер 2,2 сағатын жұмсайды (UNDP, 2017). Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның сегіз ауданындағы отбасылар уақытты қалай пайдаланатынына қарап (*Time use data*), ақысы төленетін және төленбейтін жұмысты істеуде гендерлік теңсіздік барын анық байқаймыз, яғни ақысы төленетін және төленбейтін жұмыстың көп бөлігін әйелдер істейді. Қазақстандағы әйелдер ерлерге қарағанда ақысы төленетін жұмысқа аз уақыт, ал ақысы төленбейтін жұмысқа екі есе көп уақыт жұмсайды. Өзге елдердегі жағдай да осы шамалас. Молдова, Македония мен Сербия елдерінде ақысы төленетін жұмыс істейтін әйелдер мен ерлердің уақыт айырмашылығы аса байқалмайды, дегенмен әйелдер ресми жұмысына бәрібір азырақ уақыт бөледі. Алайда бұл айырмашылық өзге елдердің көрсеткішінен әлдеқайда төмендеу. Ал ақысы төленбейтін еңбекке келсек, гендерлік теңсіздік қай елде де бары анық. Албаниядағы әйелдер еркектерге қарағанда ақысыз жұмысқа 7,5 есе көп уақыт жұмсайды; Арменияда бұл көрсеткіш 5,6 есе, Түркияда және бұрынғы Югославияның Македония Республикасында 3,3 есе, ал Қырғызстан, Қазақстан мен Сербияда екі есе көп уақыт жұмсайды (UNDP, 2017).

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Қазақстандағы әйелдер отбасы мен отбасы мүшелеріне тегін қызмет көрсетуге үш есе көп уақыт бөледі, ал отбасы мүшелеріне (балалар мен отбасының кіріптар мүшелеріне) күтім жасауға екі есе көп уақыт бөледі дейді. Сондықтан әйелдің ақысы төленетін жұмыс істеуіне, мәдени шараларға барып демалуына және өзге адамдармен араласып, сөйлесуіне уақыты жете бермейді (1-кесте).

Сағат-минут

Үй шаруашылығына жұмсалатын уақытты зерттеуге арналған жұмыс түрлері	Жұмыс істейтін		Жұмыссыз	
	Жынысы		Жынысы	
	Еркектер	Әйелдер	Еркектер	Әйелдер
Тәуліктегі уақыт	24,00	24,00	24,00	24,00
Жұмыс түріне қарай				
Жұмыспен қамту және жұмыспен қамтуға байланысты басқа іс-әрекеттер	05,29	04,34	00,26	00,13
Отбасы және отбасы мүшелеріне көрсетілетін ақысы төленбейтін қызмет түрлері	01,09	03,36	01,24	04,05
Отбасы мүшелеріне күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін қызметтер	00,19	00,38	00,10	00,50
Ақысы төленбейтін ерікті болу мен өзге де ақысы төленбейтін жұмыстар	00,01	00,01	00,02	00,01
Білім алу	00,02	00,04	01,46	00,53
Әлеуметтену мен қарым-қатынас, бірлестік мүшесі болу және діни тәжірибе	00,49	00,41	01,07	00,57
Мәдениет, демалыс, бұқаралық ақпарат құралдары мен спорт шаралары	03,16	02,03	04,59	03,27
Жеке гигиена, өзіне күтім жасау	12,27	12,12	13,39	13,22

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы


1-кесте. Еркектер мен әйелдердің ақысы төленбейтін үй шаруасына жұмсайтын орташа уақыт көлемі (Қазақстан Республика тұрғындарының уақыт қорын тәулікке бөлу, 2018 жыл)

Бала қарау – ақысы төленбейтін еңбектің маңызды бөлігі. Жанет Горник және Ариан Хегевистің пікірінше, отбасындағы балалар мен қарттарға қарау жауапкершілігі әйелдерге жүктелгендіктен, олар жұмыс күші ретінде қоғам өміріне еркектермен бірдей араласа алмайды (Gornick & Hegewisch, 2010). Еуропа мемлекеттері адамдардың жұмыс істеуі мен ата-ана міндетін қатар атқаруын қолдайтын саясатты күшейтті. Мұндай қолдауға бала қарауға байланысты ақысы төленетін және төленбейтін демалыс, жұмыс кестесін бейімдеу, салыққа жеңілдіктер мен басқа да қаржылай жеңілдіктер, балаға берілетін жәрдемақы кіреді; осының бәрі бала қарап отырған ата-ананың табыссыз қалмауына ықпал етеді. Оған қоса мемлекеттік күтім жасау, бала күтіміне байланысты жәрдемақы беру, жеке орталықтар атқаратын мемлекеттік күтім жасау секілді түрлері де бар.

Кьяра Сарасено мен Вольфганг Кек гендерлік саясат сәбилі болған ата-анаға демалыс пен жәрдемақы беруді, күтім жасауға қатысты мемлекеттік қызметтерді дамытуды көздеуі мүмкін дейді (Saraceno & Kesk, 2010). Сарасено мен Кек Еуропадағы 27 мемлекеттің бала күтімі саясатын талдаған, олар мемлекеттер арасында үш жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты берілетін көмек түрлерінде айырмашылық көп екенін анықтаған. Отбасы жағдайына байланысты демалыс алуға шектеу қойылған мемлекеттерде айтарлықтай айырмашылық бар: Бельгияда бала дүниеге келгеннен бастап екі жасқа дейін көптеген қызмет түрін ұсынады, мәселен, сәбиі бар отбасына мемлекет аз-маз қаржылай қолдау көрсетеді; Нидерланд, Ұлыбритания мен Италия сияқты елдерде үш жасқа дейін бала күтіміне байланысты бірнеше қызмет түрін пайдалануға болады және ата-анасына аздаған қаржылай қолдау көрсетеді. Бұл елдерде мемлекеттік қолдау аз болғандықтан, отбасылар бала күтіміне кететін шығынның көп бөлігін өзі көтереді. Басқа елдерде, мысалы, Солтүстік Еуропа мен Францияда мемлекет бала күтіміне байланысты ата-анасына демалыс береді және бала үш жасқа толғанға дейін ресми бекітілген қызмет түрлерін пайдаланады. Бұл мемлекеттерде балалы отбасы (ата-ана) ақылы күтім жасау қызметіне де жүгінеді.

Үш жасқа дейінгі балаларды балабақшаға беру Шығыс Еуропа мен Орталық Азия аймағында (27%) Еуропалық одақ пен ЭЫДҰ орташа көрсеткішінен (33%) төмен (UNDP, 2017). Кей аймақтарда ғана ерте жас тобындағы балалардың 10%-дан астамы мектепке барады. Мысалы: Беларусьте 19%, Черногория мен Қазақстанда 15% шамасында. Бес мемлекетте (Албания, Босния және Герцеговина, Косово, Түркия мен Өзбекстан) ерте жас тобына қатысты ресми статистика жоқ (UNDP, 2017).

Салыстырмалы түрде алсақ, үш жастағы және одан үлкен балалар мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне көп барады. Бірақ мемлекеттер арасында бірқатар айырмашылық бар: Албания, Беларусь пен Украина балабақшамен толық қамсыздандырылған десек, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия мен Өзбекстанда үш жастан жоғары балалардың балабақшаға бару көрсеткіші 30%-дан төмен (UNDP, 2017). 2014 жылға дейін Қазақстанда үш жастан жоғары балалардың балабақшаға бару деңгейі 60%-дан сәл төмен болатын. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі Ұлттық агенттігінің кейін шыққан дерегіне сүйенсек, бұл көрсеткіш 2020 жылы 3–6 (7) жастағы балалар арасында 98,7%-ға дейін артқан. Ерте жастағы балаларға арналған орталықтар мен мектепке дейінгі мекемелерге баруға жасы жетпейтін балаларға күтім жасау міндеті (күтім жасайтын арнайы қызметтер болмағандықтан) әйелдің мойнына артылатыны түсінікті. Сөйтіп, әйел күтім жасауға көбірек көңіл бөліп, ақысы төленетін жұмысқа уақыты қалмайды.



* Ең соңғы қол жетімді ұлттық деректер негізінде


** Оқуға түсудің жалпы коэффициенті білім беру жүйесінің мүмкіндігін көрсетеді, алайда жоғары коэффициент екінші жылға немесе кеш оқуға түсетін балалардың едәуір санын көрсетуі мүмкін.

Дереккөз: <https://www.eurasia.undp.org/content/rbec/en/home/library/gender-equality/investing-in-social-care-for-gender-equality-and-inclusive-growth-in-Europe-and-Central-Asia.html>

2-сурет. Балаларды күтіммен және мектепке дейінгі біліммен қамту көрсеткіштері*

Кейінгі он жылда Қазақстандағы әйелдердің жұмыс күші ретіндегі көрсеткіші 65,2%-ға жеткен. Бұл ерлермен салыстырғанда 11,3%-ға төмен (ҚР-ның Статистика жөніндегі Ұлттық агенттігі берген дерек). Жұмыс күші құрамына қарап, жұмыс істеп немесе іздеп жүрген еңбек етуге жасы жеткен мемлекет тұрғындарының үлесін анық көруге болады (ХЕҰ, 2015). Балалар мен қарттарға қарау көбіне әйелдерге жүктелетіндіктен, күтім жасау бойынша қызметтерді дамыту әйелдердің еңбек нарығындағы жұмысқа шығуына ықпал етеді. Өкініштісі, Қазақстанда балаларға күтім жасау бойынша қызметті дамытуға инвестиция құю мен өзге де бастамалар айтарлықтай нәтиже бермеді. Әлі күнге балалардың бәрі бірдей мектеп жасына дейін білім беретін мекемелерге бармайды. Кейінгі жылдары мемлекетте әйелдердің жұмыс күші ретінде еңбекке араласу деңгейі төмендеген (ҚР Статистика жөніндегі Ұлттық агенттігінің дерегі).

2000 жылдардың басынан бері Қазақстан үкіметі отбасындағы міндет пен ақысы төленетін жұмысты қатар алып жүруге ықпал ететін саясат жүргізіп келеді. Алайда постсоциалистік Еуропа елдерінің көбіндегі жағдай біздің елде де қайталанды.



Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика агенттігінің деректері

3-сурет. 2010–2020 жылдардағы әйелдердің Қазақстандағы жұмыс күшіне қатысу деңгейі (жалпы халық санағында жұмыс істейтіндердің үлесі) (%)

Қазақстанда ерлер мен әйелдердің жұмыспен бірдей қамтылуына қолдау көрсетілгенімен, үйдегі күтім жасау шаруасын тең бөлуге көңіл бөліне қоймайды. Екі асыраушысы бар, яғни әйелі мен ері екі жақтап табыс табатын отбасына қолдау көрсету үшін балаларға күтім жасайтын ақылы қызмет түрін көбейтті. Күтім жасау ісіне ер адамдар да аралассын деп жасалып жатқан болмашы әрекеттер әйел ғана күтім жасаумен айналысқан бұрынғы үлгіден бас тартып, екі асыраушысы бар, яғни ері де, әйелі де табыс табатын, бірақ басты асыраушысы ер адам болып қалатын, әйел ресми жұмыс істесе де, үй шаруасының көбін өзі атқаратын жаңа үлгіге көшуге ықпал еткен (Meurs et al., 2021). Қазір Қазақстанда ерте жастағы балаларға күтім жасау бойынша мемлекеттік қолдаудың көбі тек әйелдерге (анасына) арналған. Әкелер жаңа туған бала күтіміне берілетін 56 күндік демалысты ала алмайды. Қазақстанда ерлер үш жасқа дейінгі бала күтіміне берілетін бір жыл ақылы демалыс пен екі жыл ақысыз демалысты ғана ала алады. Бірақ ерлерді мұндай демалысқа шығуға ынталандыру жағы қарастырылмаған, ал жұмыс беруші балаға күтім жасауға жәрдемақы төлей ме, жоқ па, өзі біледі. Сондай-ақ ақылы демалыс кезінде берілетін жәрдемақының жалақыдан аз болғаны әкелердің бала бағуына кедергі болып отыр (OECD, 2017a). Қолда бар деректерге сүйенсек, мұндай демалыс алатын әкелер саны аз (ILO, 2012). 2008 жылдан 2018 жылға дейін 80 мыңға жуық еркек бала күтіміне байланысты демалыс алған және бала бір жасқа толғанға дейін күтім жасауына байланысты табыссыз қалғаны үшін әлеуметтік төлем алған (Информбюро, 2018). Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі Ұлттық агенттігінің ресми дерегіне сүйенсек, осы уақытта 4 209 144 сәби өмірге келген, оның 600 мыңын жалғызбасты аналар тапқан, сонда әке статусы бар 3 604 565 еркектің 2,2%-ы ғана декретке шыққан.

2009 жылдан бастап Қазақстанда балаға күтім жасау қызметтері ауқымы айтарлықтай артты. «Балапан» бағдарламасының арқасында 2010–2020 жылдары балаларға күтім жасайтын қызмет түрі көбейген. Бағдарламаның басты мақсаты 2015 жылға дейін бір жастан алты жасқа дейінгі балалардың 77,7%-ын, ал 2020 жылға дейін 100% қамту болатын (ҚР Үкіметінің қаулысы, 2010). Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі Ұлттық агенттігінің ресми дерегіне сүйенсек, 2000 жылдан 2019 жылға дейін балаларға арналған мекемелер саны шамамен 10 есе артқан: 2000 жылы 1089 болса, 2020 жылы 10 650 болған. 2011 жылдан бастап жекеменшік орталықтар саны көбейді, олардың көбі мемлекетпен келісімшартқа отырып, жұмыс істейді. Елде бала туу көрсеткіші артқаны балаларға және отбасының өзге де кіріптар мүшелеріне күтім жасау қызметін ресми бекіту жағын қолға алу керегін көрсетіп отыр. Сөйтіп, күтім жасау қызметтерін ресми бекіту арқылы мемлекет әйелдерді қолдап, олардың еңбек нарығындағы белсенділігін арттырады.

Материалдар мен әдістер

ҚР Статистика жөніндегі Ұлттық агенттігінің 2003, 2006, 2012 және 2018 жылдары уақыт бюджетін бөлу бойынша отбасын іріктеу әдісімен зерттеген (D 001 формасы). Отбасы және отбасы мүшелері зерттеу нысаны болды. Бұл еңбекте 2018 жылғы деректерді қарастырамыз. Автор күтім жасау және үй шаруасын істеу сияқты жұмыстарға бөлінетін уақытқа респонденттердің жынысы, отбасы жағдайы, жасы мен білім деңгейі қалай ықпал еткенін қарастырды.

Зерттеу үлгісі: автор 11 904 отбасындағы 32 301 респонденттен сауалнама алды. Қай уақытта не істегенін жазатын күнделікті (*Time Use Survey*) 10 жастағы және одан ересек отбасы мүшелері толтырды. Күнделікті екі күн, яғни жұмыс күні (дүйсенбі-жұма) және демалыс күндері (сенбі, жексенбі) толтырды. Күнделікте тәуліктегі 24 сағат уақыт толық қамтылған, әрқайсын 10 минуттан 144 аралыққа бөледі; іс-әрекеттің нақты басталу және аяқталу уақыты көрсетіледі. Сауалнамада мынадай жұмыстар мен қызметтерге қанша уақыт жұмсайтынын сұрадық: **ақысы төленетін жұмыс** (жұмыспен қамту және жұмыспен қамтуға қатысты басқа іс-әрекет түрлері); **отбасы мен отбасы мүшелеріне көрсетілетін ақысыз қызмет түрлері** (тамақ істеу, үй жинау, қолмен/машинамен кір жуу және тұрғын үй мен ауладағы басқа да жұмыстар); **отбасы мүшелеріне күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін қызметтер** (бала қарау және оқыту, кіріптар ересек адамдарды күтіп-бағу және басқа да ақысы төленбейтін үй жұмыстары); **ақысы төленбейтін ерікті болу мен өзге де ақысы төленбейтін жұмыстар** (өз еркімен тегін қызмет көрсету, басқару, құрылыс жұмыстары және жөндеу,

балалар мен ересектерге өз еркімен тегін күтім жасау және басқалары); **білім алу** (мектеп/университетке және басқа да ресми білім беру орындарына бару сияқты іс-әрекеттер); **әлеуметтену мен қарым-қатынас** (әңгімелесу, сұхбаттасу, мәдени және қоғамдық бірлескен іс-шараларға қатысу, басқа да әлеуметтену мен қарым-қатынасқа қатысты шараларға араласу, бірлестіктерге мүше болу, діни тәжірибе); **мәдениет, демалыс, бұқаралық ақпарат құралдары мен спорт шаралары** (мәдени, ойын-сауық және спорттық шараларға қатысу, мәдени өмірге араласу, хобби, ойындар және басқа да шаралар).

Отбасы мүшелерінің түрлі жұмыстарды атқаруға қанша уақыт жұмсайтынын анықтау үшін жұмыс түрлерін мынадай негізі бес санатқа бөлдік:

1. **Жұмыспен қамту/ақысы төленетін жұмыс** (жұмыспен қамту және жұмыспен қамтуға қатысты басқа іс-әрекет түрлері).
2. **Отбасы мен отбасы мүшелеріне көрсетілетін ақысыз қызмет түрлері** (үй жинау, кір жуу сияқты жұмыс пен қызметтің барлық түрін қамтиды).
3. **Отбасы мүшелеріне күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін қызметтер** (бала және отбасының кіріптар мүшелеріне қарау сияқты нақты ақы төленбейтін жұмыстар).
4. **Білім алу, әлеуметтену, мәдениет пен демалыс** (ресми білім алу, әлеуметтену мен қарым-қатынас; мәдени, ойын-сауық және спорттық шараларға қатысу т.б.).
5. **Ақысы төленбейтін ерікті болу мен өзге де ақысы төленбейтін жұмыстар** (басқа үй шаруашылығында ерікті болып тегін жұмыс істеу, өз еркімен қызмет көрсету, басқару, құрылыс, қайта салу және жөндеу т.б.).

Автор респонденттердің түрлі жұмыстарды істеуге кететін уақытын мынадай жас тобы бойынша сараптаған: 18 жастан 30 жасқа дейін, 31 жастан 45 жасқа дейін және 46 жастан 65 жасқа дейін. Отбасы мүшелерінің білім деңгейі мен отбасындағы жағдайын да сараптады. Сараптаманың толық нұсқасы «Зерттеу нәтижесі» бөлімінде берілген.

Зерттеу нәтижесі

Бастапқы деректерге жасалған зерттеу нәтижесіне сүйенсек, «Жұмыспен қамту/ақысы төленетін жұмыс» деп аталатын бірінші санатқа жұмыспен қамтуға қатысты барлық жұмыс пен қызмет түрлері кіреді, бұл санаттағы барлық жас тобында (18–30 жас, 31–45 жас және 46–65 жас) әйелдерге қарағанда еркектер ақысы төленетін жұмысқа көбірек уақыт жұмсайды. Сөйтіп, Қазақстандағы еңбек нарығында ерлер көбірек жұмыспен қамтылған деп тұжыруға болады. «Отбасы мен отбасы мүшелеріне көрсетілетін

ақысыз қызмет түрлері» деген екінші санаттағы барлық жас тобында әйелдер кір жуу, үй жинау, тамақ істеу сияқты міндеттерді орындауға көп уақытын арнайтынын көрдік. Алайда уақыт бойынша айырмашылық респонденттердің жасы ұлғайған сайын азаяды: 18 жастан 30 жасқа дейінгі әйелдер ерлерге қарағанда үйдегі ақысы төленбейтін жұмысқа 23% артық уақыт жұмсайды, ал 46 жастан 65 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер арасында бұл көрсеткіш 8,6%-ға кеміген. «Отбасы мүшелеріне күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін қызметтер» деп аталатын үшінші санатта да осындай жағдай байқалады, адам жасы ұлғайған сайын ерлер мен әйелдер арасында балаларға және отбасындағы өзге де кіріптар адамдарға қарау секілді қызмет түрлеріне жұмсалатын уақыт айырмасы азайған. «Білім алу, әлеуметтену, мәдениет пен демалыс» деген төртінші санатта барлық жас тобындағы ерлер мен әйелдер ел-жұртпен араласу, әлеуметтену және мәдени шараларға шамамен бірдей уақыт жұмсайды. «Ақысы төленбейтін ерікті болу мен өзге де ақысы төленбейтін жұмыстар» деген бесінші санатта 18 жастан 30 жасқа дейінгі ерлер әйелдерге қарағанда басқа үй шаруашылығына өз еркімен қызмет етуге, көмектесуге, басқаруға, құрылыс және жөндеу жұмыстарына 42,8% көбірек уақыт жұмсайтынын көрдік. Жас ұлғайған сайын бұл айырмашылық азаяды.

Респонденттердің білім деңгейіне қарап жұмыспен қамтуға жұмсалатын уақытты сараптадық, сонда жоғары білімі бар әйелдер ерлерге қарағанда (жоғары оқу орнынан кейін білім алған респонденттер) ақысы төленетін жұмысқа көбірек уақыт жұмсайтынын (16%-ға артық) анықтадық. Тағы бір қызық көрсеткіш: білім деңгейі жоғары ерлер білімі төмен басқа еркектерге қарағанда үйдегі ақысы төленбейтін жұмыстар мен отбасы мүшелеріне қызмет көрсетуге көбірек уақыт жұмсайды. Ал әйелдің білім деңгейі қаншалықты жоғары болса, ол отбасы мүшелеріне күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін жұмысқа азырақ уақыт жұмсайды. Еркектер мен әйелдер білім деңгейіне қарамастан, «Білім алу, әлеуметтену, мәдениет пен демалыс» және «Ақысы төленбейтін ерікті болу және өзге де ақысы төленбейтін жұмыстар» деген санаттарға шамамен бірдей уақыт жұмсайтыны белгілі болды.

Сараптау нәтижесі көрсеткендей, отбасылық жағдайы қандай екеніне қарамастан, ерлер де, әйелдер де ақысы төленетін жұмысты істеуге бірдей уақыт жұмсайды. Ал «Отбасы мен отбасы мүшелеріне көрсетілетін ақысыз қызмет түрлері» санатында ажырасқан немесе ешқашан тұрмыс құрмаған әйелдерге қарағанда некеде тұрған әйелдер үй жұмысына көбірек уақыт жұмсайтыны белгілі болды. «Отбасы мүшелеріне күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін қызметтер» деген үшінші санат бойынша отбасы жағдайына қарамастан (некеде болсын, ажырасқан, жесір немесе ешқашан тұрмыс құрмаған болсын), әйелдер отбасы мүшелеріне күтім жасап, қызмет көрсетуге шамамен бірдей уақыт жұмсайды. Бұл отбасылық жағдайы әртүрлі еркектердің

жұмсайтын уақытынан көбірек. Сонымен, отбасы мүшелеріне күтім жасау жұмыстары негізінен әйелдердің міндеті саналады деген қорытынды жасауға болады. Ерлер мен әйелдер отбасы жағдайына қарамастан, «Білім алу, әлеуметтену, мәдениет пен демалыс» және «Ақысы төленбейтін ерікті болу және өзге де ақысы төленбейтін жұмыстар» деген санаттарға шамамен бірдей уақыт жұмсайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін үй шаруасы гендерлік теңдікке жету және әйелдер мүмкіндігі мен құқығын арттыруға кедергі болады. Үй шаруашылығындағы ақысы төленбейтін еңбекке қатысты әлеуметтік және мәдени гендерлік нормалар әлі күнге сақталған. Бүкіл әлемде еркектерге қарағанда әйелдер күтім жасау жұмыстарына екі есе көп уақыт жұмсайды. Күтім жасау міндетін осылай тең бөлмеу дискриминацияға толы әлеуметтік институттар мен қоғамдағы гендерлік рөл туралы стереотиптерге байланысты туған. Еңбек нарығындағы гендеріне қарай бөлу, еркек пен әйелге бірдей еңбекақы төлемеу және оларға ұсынылған жұмыс сапасын (лайық жұмыс орнын) сараптағанда күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін жұмыстағы гендерлік теңсіздік мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Санаға сіңген гендерлік нормалармен және стереотиптермен күресу ерлер мен әйелдер арасында күтім жасау және үй шаруасын атқару міндетін бөлудегі алғашқы қадам болмақ. Осы кезге дейін күтім жасау қызметтерін тең бөлмеудің әлеуметтік және экономикалық салдары толық ескерілмеді. Оған қоса гендеріне қарай бөлуге қатысты ұлттық деңгейдегі деректер жоқтығы осы мәселелерді шешуге бағытталған нақты саясат пен бағдарламалар әзірлеуге кедергі болып отыр.

Қазақстан Республикасы әке-шешесі баланы бірге қарағанын белгілі бір деңгейде қолдайды. Жұмыс беруші келіссе, баланың әкесі бала күтіміне байланысты демалыстың бір бөлігін ала алады. Өзге постсоциалистік елдер сияқты Қазақстан да 3–6 жас аралығындағы балаларға жасалатын қамқорлықты ресми бекітуге тырысып жатыр, аналар баласы бір жасқа толғанға дейін ақылы демалыс алады. Әдетте ерте жастағы (үш жасқа дейінгі) баланы анасы қарауға тиіс деген көзқарас қалыптасқан.

Сондай-ақ Қазақстандағы гендерлік саясат жұмыспен қамту саласында да теңдікті сақтауға бағытталған. Әйел жұмыс пен отбасы міндетін қатар алып жүруі үшін үкімет балаларға күтім жасау қызметтерін көбейтті және бұл қызметтерді аймақтардағы халық та пайдаланатындай жағдай жасап жатыр. Дегенмен Қазақстан балаға күтім жасауға құйған инвестициясы және басқа да саяси бастамалары биліктегілер күткендей зор нәтиже бермеді. 2000 жылдардан бастап әйелдердің ресми жұмысқа тұру көрсеткіші өскен жоқ, тіпті кейінгі жылдары кеміп кеткен.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, барлық жас тобы бойынша (18 жастан 65 жасқа дейін) Қазақстандағы еркектер әйелдерге қарағанда ақысы төленетін жұмысқа орта есеппен көбірек уақыт жұмсайды. Ал барлық жастағы әйелдер кір жуу, үй жинау, тамақ істеу сияқты жұмыстарды істеуге көп уақытын арнайды. Алайда респонденттердің жасы ұлғайған сайын уақыт айырмасы да кеми береді. Отбасы мүшелеріне күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін жұмыста да осындай жағдай байқалады, яғни ерлер мен әйелдердің жасы ұлғайған сайын бала қарау және отбасындағы кіріптар адамдарға қызмет етуге бөлетін уақыт айырмасы азаяды.

Респонденттердің білім деңгейі де жұмысқа (ақысы төленетін жұмыс) бөлетін уақытына ықпал етеді. Жоғары білімі бар (жоғары оқу орнынан кейін білім алған) ерлерге қарағанда әйелдер ақысы төленетін жұмысқа көбірек уақыт бөледі. Оған қоса, білім деңгейі жоғары ерлер білімі төмен басқа еркектерге қарағанда үйдегі ақысы төленбейтін жұмыстар мен отбасы мүшелеріне (балалар мен басқа да кіріптар адамдар) қызмет етуге көбірек уақыт жұмсайды. Ал әйелдің білім деңгейі қаншалықты жоғары болса, отбасы мүшелеріне күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін жұмысқа соншалықты азырақ уақыт жұмсайды.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, отбасы жағдайы қандай екеніне қарамастан, ерлер де, әйелдер де ақысы төленетін жұмыс істеуге бірдей уақыт жұмсайды. Алайда тұрмыс құрған әйелдер ажырасқан немесе ешқашан тұрмыс құрмаған әйелдерге қарағанда үй жұмысына көп уақыт жұмсайды. Сондай-ақ әйелдердің отбасы жағдайы қандай екеніне қарамастан, олар отбасы мүшелеріне қызмет етіп, күтім жасауға шамамен бірдей уақыт бөледі; ал барлық жас тобындағы еркектер керісінше отбасы мүшелеріне күтім жасауға аз уақыт жұмсайды. Қазақстанда отбасы мүшелеріне күтім жасау жұмыстары негізінен әйелдердің міндеті саналады.

Осы факторлардың бәрі кішкентай баласы бар әйелдің ақысы төленетін жұмысқа шығуын қиындатады. Бала қарап, ұзақ уақыт жұмысқа шықпай қалған әйел кейін де өз әлеуетіне лайық жұмыс табуы қиындап, мансабына кері әсер етуі мүмкін, сондықтан кішкентай баласы бар әйелдердің жұмысқа шығуына көмектесетін, барлық мәселені толық шешетін жолын қарастыру қажет. Осылай жұмыс істегенде ғана гендерлік теңдік мәселесін шешуге болады және бұл елдегі әлеуметтік әрі экономикалық жағдайды да жақсартады.

Әйел экономикалық тұрғыдан белсенді болмағаны өзіне де, отбасына да кері әсер етеді, жалпы экономикаға да зиянын тигізеді. Әйел ақысы төленетін жұмыс істемесе, отбасының орташа табысы да азайып кетеді. Оның үстіне, зейнет жасына жеткенде зейнетақы салымы мен жарнасы жоқ әйелдер тек ең төмен мөлшердегі зейнетақы алады. 2021 жылы Қазақстанда зейнетақының ең төмен мөлшері 43 272 теңге болды.

Ресми жұмысы мен тұрақты жалақысы жоқ әйел несие ала алмайды. Ресми жұмысы жоқ әйелдер бала босанғанда да өте аз жәрдемақы алады. 2022 жылы Қазақстанда жұмыс істемейтін әйелдер мен еркектерге баласы бір жасқа толғанға дейін берілетін ең төмен жәрдемақы көлемі 5,76 есептік көрсеткішке тең (бірінші балаға) болды, бұл дегеніңіз – 18 300 теңге (5,76 x 3 180 теңге). Ал ең төмен күнкөріс деңгейі (негізгі әлеуметтік төлемдер мөлшерін есептеуге арналған) – 37 389 теңге. Демек, жұмыс істемейтін әйелдер (және ерлер) үшін бала күтіміне байланысты берілетін ай сайынғы жәрдемақы мөлшері өте аз. Оған қоса, үй шаруашылығындағы ақысы төленбейтін жұмысты ғана істейтін әйелдердің өзін-өзі дамытуына мен жеке тұлға ретінде өсуіне мүмкіндігі болмайды. Отбасындағы кіріптар адамдарға қарауға мәжбүр әйелдерді әлеуметтік тұрғыдан қолдаудың барлық түрін қарастыру керек. Мысалы, декрет демалысында отырған уақытын жұмыс өтіліне қосуға болады. Экономика тұрғысынан қарасақ, жұмыссыз әйелдер саны артқаны ресурстарды тиімді пайдаланбағанға тең, сөйтіп, ел экономикасының өсімі азаяды, салық түсімі мен зейнетақы төлемі жеткіліксіз болады, оған қоса тұтынушы сұранысы төмендейді; экономиканың көлеңкелі саласы дамып, халық кедейлене түседі және елдегі табыс деңгейінің көрсеткіші азаяды.

Сараптама нәтижесіне сүйеніп, мынадай ұсыныс тастағым келеді:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне түзету енгізу қажет. Жұмыс берушілер қызметкердің өтінішіне сүйеніп, бала қарайтын және отбасындағы өзге де кіріптар жандарға күтім жасайтын қызметкерлерге ыңғайлы жұмыс кестесін жасауы керек.

Жұмыс істейтін ананың құқығын заңда бекітіп, оған ыңғайлы жұмыс кестесін жасап беру, толық емес жұмыс күні немесе үйден жұмыс істеу мүмкіндігін беру әйелдің кәсіби және ана ретінде міндетін қатар алып жүруіне жағдай жасар еді. Қазір ҚР Еңбек кодексінің 1-тарауы 74-бабында: «Жұмыскерлер, оның ішінде қашықтан жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін олардың әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де жеке қажеттіліктерін өндіріс мүдделерімен үйлестіру мақсатында икемді жұмыс уақыты режимі белгіленуі мүмкін» делінген. Қызметкерге ыңғайлы жұмыс кестесіне көшу екі тараптың келісіміне сүйеніп іске асады. Алайда жұмыс берушілер осы норманы бекітетін шартқа қол қоюға асықпайды. Жұмыс істейтін аналарға ыңғайлы жұмыс кестесін жасарда барлық ерекшеліктерді анықтап алу керек, жұмыс орнында заңға қайшы әрекеттерді болдырмау үшін осы норманы жүзеге асыру тетіктерін әзірлеу керек.

0–3 жас аралығындағы балаларға көрсетілетін мемлекеттік қызмет санын арттыру керек.

Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда және мемлекеттен тапсырыс алатын жекеменшік балабақшаларда 0–3 жас аралығындағы балаларға күтім жасау қызметтері болуы керек. 0–3 жас аралығындағы балаларға күтім жасау ұсынысын іске асырудың жолдары: мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың қызмет сапасын арттыру; мектепке дейінгі тәрбие беретін жекеменшік ұйымдардың қызмет бағасын реттеп отыру керек, өйткені көп жағдайда мұндай қызметті пайдалануға әйелдің табысы жетпейді; көп жағдайда еңбекақы көлемі аса көп болмайтын салаларда (білім беру, медицина) жұмыс істейтін әйелдердің жалақысын өсіру қажет; декрет демалысынан кейін еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз болып қалатын әйелдердің жұмысқа орналасуына қолдау көрсету; мемлекеттік балабақшалар мен мемлекеттен тапсырыс алатын жекеменшік балабақшаларға балаларды қабылдаудың «оңтайлы» жасын қайта қарау (мемлекет оны «үш жас» деп бекіткен); үш жасқа толмаған балаларды балабақшаға алуға мүмкіндік беретін жаңа жағдайлар жасау.

Бұған қоса үй шаруасы мен кәсіби міндетін қатар алып жүру мәселесін ары қарай зерттеу керек және гендерлік теңсіздік мәселесін, яғни үй шаруашылығындағы ақысы төленбейтін жұмысты теңдей атқару, бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлін анықтау, ерлердің мәртебесі мен жауапкершілігін көтеру, отбасы құндылығын бекіту және ең бастысы – гендерлік теңдікке ұмтылу мәселесін тереңінен қарастыру керек. Әйелдерге қолдау көрсету бағдарламаларын дамыту және іске асыру жұмыстарын жалғастыру керек, олар үй шаруасынан бөлек ақысы төленетін жұмыс пен бала қарау және отбасындағы өзге де кіріптар жандарды күтіп-бағу сияқты ақысы төленбейтін жұмыстарды қатар алып жүруге шамасы жетуі керек.

Дереккөз

«Әділет» АҚЖ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. «Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы №1677 Жарлығы. – 2005. – Жарлықты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U050001677_ (2021, қыркүйек)

«Әділет» АҚЖ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі (2015 жылғы 23 қараша, №414-V ҚРПЗ.) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. – 2015. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (2021, қазан)

«Әділет» АҚЖ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы. – 2016. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384> (2021, қыркүйек)

БҰҰ статистика бөлімі, Экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті. «Руководство по подготовке статистических данных об использовании времени для оценки

оплачиваемого и неоплачиваемого труда». – 2007. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://unstats.un.org/unsd/publication/seriesf/seriesf_93r.pdf (2021, желтоқсан)

БҰҰ Жаңалықтары (2013 жылғы 24 қазан). – 2013. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://news.un.org/ru/story/2013/10/1231461> (2021, қыркүйек)

БҰҰ-Әйелдер, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК). «Расширение прав возможностей женщин посредством снижения объема неоплачиваемой работы: региональный анализ для стран Европы и центральной Азии». – 2021. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://unece.org/sites/default/files/2021-06/Empowering%20women%20through%20reducing%20unpaid%20work_RU.pdf

«Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010–2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы №488 Қаулысы. – 2010. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000488_/history (2021, қараша)

Еуропалық комиссия, Халықаралық валюта қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Дүниежүзілік банк (2012). «2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесі». – 2012. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/sna2008russian.pdf> (2021, қыркүйек)

Информбюро (Informburo). «Более 40 тысяч мужчин в Казахстане ушли в декретный отпуск». – 2018. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://informburo.kz/novosti/bolee-40-tysyach-muzhchin-v-kazahstane-ushli-v-dekretnyy-otpusk.html> (2021, қазан)

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://stat.gov.kz/> (2021, желтоқсан)

Кантильон С., Тисдейл Н., Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК), «БҰҰ-Әйелдер». «Расширение прав возможностей женщин посредством снижения объема неоплачиваемой работы: региональный анализ для стран Европы и центральной Азии». – 2021. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://unece.org/sites/default/files/2021-06/Empowering%20women%20through%20reducing%20unpaid%20work_RU.pdf (2021, қараша)

Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ). «Резолюция I. Резолюция о статистике трудовой деятельности, занятости и недоиспользования рабочей силы, принятая на 19 Международной конференции статистиков труда», Женева. – 2013. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---stat/documents/normativeinstrument/wcms_235603.pdf (2021, қыркүйек)

Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ). «Ключевые показатели рынка труда. 1. Уровень участия в составе рабочей силы». – 2015. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://www.ilo.org/global/statistics-and-databases/research-and-databases/kilm/WCMS_501601/lang--en/index.htm (2021, қыркүйек)

ЭЫДҰ, Еуразия мемлекеттерімен жұмыс істеу жөніндегі бөлімі. «Реформы в Казахстане: успехи, задачи и перспективы». – 2017. – Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://www.oecd.org/eurasia/countries/Eurasia-Reforming-Kazakhstan-Progress-Challenges-Opport.pdf> (2021, қыркүйек)

Charmes J., «The Unpaid Care Work and the Labour Market. An analysis of time use data based on the latest World Compilation of Time-use Surveys». International Labour Organization, 2019. Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---gender/documents/publication/wcms_732791.pdf (2021, қыркүйек)

International Labor Organization (ILO) (2012). «Work and Family Responsibilities: The Republic of Kazakhstan». Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://www.ilo.org/moscow/information-resources/publications/WCMS_312669/lang--en/index.htm (2021, қараша)

Gornick J., Hegewisch A. (2010). «The Impact of 'Family-Friendly Policies' on Women's Employment Outcomes and on the Costs and Benefits of Doing Business». Commissioned Report for the World Bank, Washington DC.

International Labour Organization (ILO) (2018). «Care Work and Care Jobs: For the future of decent work». Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---dcomm/---publ/documents/publication/wcms_633135.pdf (2021, қараша)

Kalpana K., Sonali J-C., Monique N. (2017). «Women, Work, and Economic Growth. Leveling the Playing Field». International Monetary Fund. Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://www.elibrary.imf.org/view/books/071/23146-9781513516103-en/23146-9781513516103-en-book.xml> (2021, қыркүйек)

Meurs M., Nugmanova M., Salimzhanova A., Marvin S. (2021). «Gender Regime and Women's Employment in Kazakhstan». Comparative Economic Studies. Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://doi.org/10.1057/s41294-021-00173-0> (2021, желтоқсан)

Organization for Economic Co-operation and Development (OECD) (2017a). «Early childhood education and care: policy review». Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://www.oecd.org/education/school/Early-Childhood-Education-and-Care-Policy-Review-Kazakhstan.pdf> (2021, қараша)

Saraceno C. and Wolfgang K. (2010). «Can We Identify Intergenerational Policy Regimes in Europe?». European Societies 12(5): 675–696. Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/14616696.2010.483006> (2021, қыркүйек)

United Nations Development Programme (UNDP) (2017). «Investing in Social Care for Gender Equality and Inclusive Growth in Europe and Central Asia», Policy Brief. Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: <https://www.eurasia.undp.org/content/rbec/en/home/library/gender-equality/investing-in-social-care-for-gender-equality-and-inclusive-growth-in-Europe-and-Central-Asia.html> (2021, қазан)

World Economic Forum. «Global Gender Gap Report 2020». Құжатты мына сілтемеден оқи аласыз: URL: https://reliefweb.int/sites/reliefweb.int/files/resources/WEF_GGGR_2020.pdf (2021, қазан)

«ЕКІНШІ АУЫСЫМ» НЕМЕСЕ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРДІҢ ТЕҢ БӨЛІНБЕУІ

Айгүл Беймішева

КІРІСПЕ

Қазіргі Қазақстан қоғамында елеулі әрі терең құрылымдық өзгерістер жүріп жатыр. Әлеуметтік институттар қайта құрылып, бір қоғамдық институт орнына басқасы келіп, жалпы өмірлік стратегиялар өзгеріп жатқанын байқаймыз. Әйелдер экономикалық қарым-қатынас субъектісі ретінде қоғамның экономикалық игілігін жасауда маңызды рөл атқарады.


Ер адам отбасының жалғыз немесе негізгі асыраушысы болған патриархал отбасы үлгісі өзгеріп келеді, отбасы мен тұрмыстағы қарым-қатынас мүлде басқаша қалыптасып, үй шаруасын үйлестірудің жаңа әдістері пайда болды. Қазіргі әйелдер отбасында ерлі-зайыптылар құқы тең болғанын қалап, міндеттерін бір-біріне ыңғайлы болатындай етіп бөліп алуға тырысады. Өйткені әйел тәуелсіз болуға ұмтылады: отбасымен шектелмей, қызметте, бизнесте де өз мүмкіндігін іске асырғысы келеді.

Нарықтағы қарым-қатынас қалыптастырған қазақстандық еңбек нарығы қызметкердің жынысына қарамастан мамандардың бәріне бірдей талап қояды.

Қазақстан мен Орталық Азиядағы жұмыссыз әрі кедей топтың негізгі бөлігі әйелдер екені белгілі, оларды еңбек нарығында жынысына қарай жиі алалайды (диаграмма) және үй шаруашылығындағы жұмыстың көбін солар атқарады. Үй шаруасы әлі күнге әйелдің міндеті саналады. Әдетте әйелдер күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін жұмыстың 75%-ын атқарады (Stat.gov.kz, 2021).

Формулаға сүйеніп, үй шаруасына жұмсалатын уақытты санмен былай көрсетуге болады: 133/246. 133 минут – ақысы төленетін жұмысқа жұмсайтын әйелдің бір

күндегі уақыты. 246 минут – өзгелерге күтім жасау және үй шаруасын атқаруға, яғни ақысы төленбейтін жұмысқа жұмсайтын әйелдің бір күндік уақыты. Салыстыру үшін айта кетейік, осы формула бойынша Қазақстандағы ер адамның ресми жұмысына және үй шаруасына жұмсайтын уақыты 203/110-ға тең (UNDP, 2017).



Алдымызға қойған міндетті дұрыс түсініп, талдау үшін «үй шаруасы» санатына нақты анықтама беру керек.

Үй шаруасы – отбасы мүшелері мен қоғамның экономикалық, әлеуметтік, психологиялық және басқа да қажетін өтеу үшін үй шаруашылығындағы өнім дайындауға және қызметтерді жасауға бағытталған адам еңбегінің бір түрі.

Үй шаруасын отбасы мүшелері де, жалдамалы жұмысшылар да атқаруы мүмкін. Көбіне адамның жынысы мен жасына қарай қай шаруаны кім атқаратыны белгілі болады. Демек, үй шаруасы тек үй шаруашылығы құрылымына жатады (Крицков, 2016).

Дегенмен Қазақстан қоғамында сақталып қалған дәстүрге сүйенсек, үйде атқарылуға тиіс негізгі міндеттер және өсіп келе жатқан балаларды тәрбиелеу әйелдерге жүктелген деуге болады.

Бұл жағдайды 2020 жылы белең алған коронавирус инфекциясы кезіндегі пандемия да асқындырып жіберді. 2020 жылы жеке үй шаруашылықтарындағы ахуалды

зерттегенде, авторлар пандемияның салдары көп, ол гендерлік бөлініске де ықпал етті деген еді. Мамандар пандемияның мынадай салдары болуы мүмкін дейді: үйдегі зорлық-зомбылық көбейеді, кедейлік деңгейі артады, мектеп, балабақша, өзге де оқу орындары жабылғандықтан, үйдегі жұмыс артады, отбасы мүшелеріне күні бойы күтім жасау керек болады (ILO, 2020).

Үй шаруасындағы әйелдердің рөлі мен міндетіне COVID-19 пандемиясы қалай ықпал еткенін зерттеген қазақстандық ғалымдар тіршіліктің барлық саласы бұрынғыдай емес, өзгерген дейді. Әсіресе тұрмыстағы зорлық-зомбылық көбейгенін зерттеу жұмыстарының нәтижесі растап отыр (Даржанова, 2021). Авторлар пандемия кезінде тұрмыстағы зорлық-зомбылық артқанына мына жағдайлар ықпал етуі мүмкін дейді: құқықтық актілерді қолдану тәртібі, гендерлік теңсіздік, әлеуметтік-мәдени нормалар, экономикалық және қаржылық фактор, өз құқын білмеу (жыныстық және репродукциялық құқық пен білім беру). Сөйтіп, әлеуметтік-мәдени нормалар тобында қалыптасқан түсінік бойынша, Қазақстандағы әйелдер дәстүрлі гендерлік рөлге сай болуы үшін айтарлықтай қысым көрген және көріп келе жатыр, мұның үй шаруасын істеуге де қатысы бар.

Қазақстандағы әйелдер көбіне үй шаруасын істейтін адам әрі маман ретіндегі рөлін қатар алып жүреді. Әлбетте, қандай да бір рөлді сапалы атқару үшін жеткілікті уақыт пен күш керек, сондықтан рөл аралық шиеленіс те жиі туады. Қазір мұндай шиеленіс еркектердің де басында бар. Шиеленіскен жағдай отбасының тұрақтылығына кедергі болады: нәтижесінде отбасының әлеуметтік капиталы азайып, ажырасу саны артады, сөйтіп, елеулі әлеуметтік проблема туады.

Жұмыстың **мақсаты** – 2021 жылғы қазан–желтоқсан айында Алматы қаласы мен Алматы облысындағы еңбекке қабілетті адамдар арасында (18–45 жас аралығындағы әйелдер мен 18–50 жас аралығындағы еркектер) жүргізілген сауалнамаға сүйеніп, ерлі-зайыптылардың үй шаруасындағы міндеттерін бөліп алуына ықпал еткен негізгі факторларды анықтау.

Тұтас отбасынан емес, жекелеген адамдардан сауалнама алынғанын осы зерттеу жұмысының мүмкіндігіне де, шектеуіне де жатқызуға болады; сондықтан бастапқы деректер ерлі-зайыптылар арасындағы міндет қалай тең бөлінгенін бағалауға мүмкіндік бермейді, тек белгілі бір аймақтағы ерлер мен әйелдердің үй шаруасын істеуге кететін уақытын анықтауға көмектеседі.

Зерттеу міндеттері:

- үй шаруасын бөліп алудағы гендерлік сегрегацияны зерттеудің теориялық-әдістемелік базасын талдау;

- жеке үй шаруашылықтарындағы отбасы мүшелері күнделікті уақытын (апта бойы) қалай өткізетінін талдау;
- Алматы қаласы мен Алматы облысында тұратын отбасы мүшелері үй шаруасын атқарудың негізгі параметрлері жайлы не ойлайтынын білу;

Зерттеу нысаны: Алматы қаласы мен қала маңындағы ауыл тұрғындары.

Зерттеу тақырыбы: үй шаруасын бөлу саласы.

Зерттеу болжамы: Қазақстанда ақысы төленетін жұмысты ерлермен қатар істейтініне қарамастан, үйдегі ақысы төленбейтін жұмысты негізінен әйелдер атқарады.

Материалдар мен әдістер

Толкотт Парсонстың құрылымдық функционализмі – үй шаруасының экономикамен байланысын қарастырған алғашқы теориялық бағыттардың бірі. Ол ерлі-зайыпты мен балаларынан ғана тұратын шағын отбасы – қазіргі дамыған индустриялық қоғамға лайық ең адекват отбасы формасы, бұл отбасында үй шаруасын екеуара бөлісу де, үй шаруашылығын жүргізу де оңай дейді (Барсукова, Радаев, 2000).

Гери Беккер үй шаруасын зерттеу мәселесіне ресурс тұрғысынан қарау керек деген (Becker, 1965). Рационал таңдау теориясы осындай ресурстық тәсілге сүйеніп дамиды. Мұндай тәсілмен отбасы мүшелері ресми жұмысына жұмсайтын уақытын оңтайландырып, үй шаруасына да, еңбек нарығына да «тиімді пайдалану» жағын қарастырады. Экономиканың басқа саласындағыдай, отбасы экономикасы да берекелі болуы үшін оған тауар және уақыт секілді ресурстар қажет.

XX ғасырдың екінші жартысында Гери Беккер еркектер міндетті түрде үй шаруасына жиі араласатын болады деп болжаған. Оның бәрі әйелдердің қоғамдық өндірістегі мәртебесі артқанына байланысты. «Мүмкіндіктер теңсіздігі» деген түсінік енген



кезеңді инновациялық сәт деуге болар, бұған ерлі-зайыптылардың табысынан бөлек, статус айырмашылығы да жатады (Becker, 1965: 493–517).

Бір анығы, бұрын да, қазір де отбасы мүшелерінің еңбек нарығындағы жұмыс пен үй шаруасына және демалысқа қажет уақытты тиімді бөле алуы негізгі мәселе болып тұр.

Үй шаруашылығындағы міндеттерді зерттеу идеясын марксизм мен социалистік феминизм идеялары толықтырған. Әлеуметтік теорияларға сүйенсек, үй шаруасын бөлгенде «бұл жұмысты қыздар істейді» немесе «бұл ұлдардың жұмысы» деген сенімділік бар, оны ертеден келе жатқан салт-дәстүр, қоғамдағы функционал рөлдер мен мәртебеге қатысты түсінік пен нормалар қалыптастырған, оның бәрі ер мен әйел еңбегінің құнын әртүрлі бағалау дегенге кеп саяды. Сөйтіп, үй шаруасын ерлі-зайыптылардың еңбек нарығындағы тиімділігіне қарай емес, дәстүрлі гендерлік ерекшелігіне қарай бөлу басым екенін білеміз.

Бетти Фридан мен Энн Оуклидің 1960–70 жылдары жазған еңбектерінде әдетте патриархал қоғам құндылығына, бизнес пен нарық қарым-қатынасының дамуына және әйелдің «үй шаруасын істейтін адам» деген дәрежесі беки түскеніне байланысты туып, қоғамда кең тараған стереотиптерді қарастырған (Фридан 1994, Oakley 1974).

Бет Энн Шелтон мен Дафна Жон «Разделение домашнего труда» деген еңбегінде ерлі-зайыптылар арасындағы еңбекті бөлуге ықпал ететін факторларды талдаған (Shelton, John, 1996). Олар факторлардың бірінші тобына салыстырмалы ресурстарды жатқызған. Бұл әдіс бойынша ресурсы көп адамдар (қаржысы, білім деңгейі, кәсіби дәрежесі т.б.) соның бәрін үй шаруасынан бас тарту үшін пайдаланады немесе орнына істеп беретін адам тауып, өз міндетін арнайы мамандарға жүктейді. Екіншіден, ол жинаған ақшасына да байланысты. Айнымалының тағы бір тобы – ерлі-зайыптылардың білім деңгейі. Кей ғалымдар ер адамдар білім деңгейіне қарап үй шаруасына араласпауы мүмкін, алайда мұндай мүмкіндік әйелдерде жоқ дейді (Малкова, 2010).

Татьяна Лыткина жеке үй шаруашылығы құрылымындағы шаруашылық міндеттерді зерттеу үшін үй шаруашылығын басқару және ұйымдастыруды да қарастыру керек деп жүр. Кеңестік кезеңнен нарықтық кезеңге өткенде бұл сала да айтарлықтай өзгеріске ұшырауға тиіс еді, өйткені тұрмыстық техниканы көпшілік ала алатындай жағдайға жетті, халық бұрынғыдай тапшылық көрмейді, онлайн сауда дамыды (әсіресе, пандемия кезінде), тұрмыстағы қызмет құрылымы да өзгерді (Лыткина, 2001). Алайда заманауи зерттеулер көрсеткендей, посткеңестік отбасылардың көбінде ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлі сақталып қалған (Бурова, 2010).

Америка ғалымдары жүргізген зерттеу нәтижесіне сүйенсек, ерлі-зайыптылардың сипаттамасы мен үй шаруасын бөлу көрсеткіші арасында мынадай байланыстар жиі кездеседі (Малышева, 2001):

- ері мен әйелінің табысында айырмашылық неғұрлым аз болса, үй шаруасын соғұрлым тең бөліп алады;
- еркектің білім деңгейі қаншалықты жоғары болса, үй шаруасына соншалықты көбірек араласады;
- күйеуінің лауазымы қаншалықты жоғары болса, үй шаруасымен соншалықты аз айналысады;
- еркектің эгалитар көзқарасы үстем болса, ері мен әйелі үй шаруасын тең бөліп істейді;
- әйелдің лауазымы оның үй шаруасына жұмсайтын уақытына айтарлықтай әсер етпейді;
- эгалитар көзқарасы үстем әйелдер үй шаруасына аз уақыт жұмсайды.
- Ресейдің көрнекті зерттеушілері (Барсукова С., 2000; Караханова Т., 2001) ұсынған зерттеу нәтижесіне сүйенсек, жағдай мынадай:
- ерлер мен әйелдердің еңбекке жұмсайтын жалпы уақыты шамалас (ерлерде 45%, ал әйелдерде 55%); еңбек нарығындағы еркектің үлесі – 62%, әйелдің үлесі – 38%; үй шаруасына уақыт бөлетін еркектің үлесі – 31%, әйелдікі – 69%;
- еңбек нарығында еркектерге жұмыс көп болған сайын, әйелдер үй шаруасына көбірек уақыт бөлуге мәжбүр, әйелдер істейтін, ақысы төленетін жұмыс көбейіп, үй шаруасындағы үлесі азайғанымен, істелмей қалған үй шаруасын істеу еркекке жүктелмейді – әйелі жұмыс істейтін еркек үй шаруасына толық көңіл бөлмейді, оның үлесі салыстырмалы түрде ғана артады; түсетін табысқа қатысты да осындай заңдылық байқалған;
- үй шаруасын істеу адам жасына байланысты дей алмаймыз, дегенмен егде тартқан сайын ерлі-зайыптылар үй шаруасын аз істейді;
- ерлі-зайыптылардың білім деңгейі артқан сайын еңбек нарығындағы қызметі де, ақысы төленетін жүктемесі де артады, еңбекті (нарықтағы болсын, үйдегі жұмыс болсын) қайта бөлуге ерлі-зайыптылардың білімі мүлде әсер етпейді;
- салыстырмалы түрде отбасы мүшелерінің әлеуметтік-кәсіби статусы еңбек жүктемесін бөлуге әсер ете қоймайды, жұмысшылар отбасы дәстүрлі еңбек бөлінісіне бейім деген болжам расталған жоқ;
- либерал (консерватор емес) гендерлік көзқарасы басым әйелдер отбасындағы еңбек бөлінісіне көңілі толады.

Оған қоса халықаралық деңгейде гендерлік теңсіздікке қарсы нақты әрі үйлесімді әрекеттер көптеп жасалып жатқанын да айта кету керек.

Ресми құжаттарда ақысы төленетін және төленбейтін еңбек деп бөлінетін үй шаруасын бөлуге қатысты анықтамалар баршылық. Мұндай анықтамаларды

Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) жұмыс күшінің халықаралық концепциясынан да алуға болады және Экономикалық іс-қимыл көрсеткіштерін есептеу жөніндегі халықаралық стандарттарда да (Ұлттық есептер жүйесі, ҰЕЖ, 2008) бар.

ХЕҰ ақысы төленбейтін еңбектің үш формасы бар дейді:

1. Нәтижесінде өзің тұтыну үшін үй шаруасын істеу.
2. Отбасы мүшелеріне күтім жасау.
3. Жергілікті қауымдастыққа пайдам тисін деп немесе басқа үй шаруашылығына көмектесу мақсатында ақысыз еңбек ету.

Бұл санаттар өз ішінде тағы бірнеше топқа бөлінеді, оларға: сауда жасау, отбасы мүшелерін мектеп немесе ауруханаға апару, тамақ істеу және тіпті үй жануарларына күтім жасау сияқты қызмет түрі кіреді. Мұндай қызметтер дене күші мен уақытты талап етеді, ол әдетте адамның қала немесе ауылда тұратынына, әлеуметтік инфрақұрылымның бар-жоғына және үй шаруашылығының жеке сипатына байланысты болады.

1995 жылы өткен Әйелдер ахуалы жөніндегі халықаралық Бейжің конференциясы ақысы төленбейтін еңбекті бағалауға және оны еңбек статистикасы мен ұлттық есеп жүйесіне қосуға түрткі болған. Бейжің іс-қимыл платформасы ұсынысына құлақ асқан 88 мемлекет 90-жылдардың аяғында тұрғындар уақытын (уақыт бюджетін) қалай пайдаланып жүргенін білу үшін арнайы зерттеу жүргізген. Зерттеулерге сүйенсек, зерттеушілер ақысы төленетін және төленбейтін еңбектің тұрғылықты жері, жасы, білім деңгейі, қызмет дәрежесі, табыс деңгейі, отбасы жағдайы секілді параметрлерін әр мемлекетте әртүрлі бағалайтынын және жынысына қарай бағалайтынын да анықтаған.

Тұрақты даму мақсатындағы №8 міндетте «2030 жылға дейін еркектер мен әйелдердің бәрін, соның арасында жастар мен мүгедектерді де толық әрі өнімді жұмыспен қамту керек және құндылығы бірдей еңбек үшін бірдей ақы төлеу керек» деп жазылған. Халықаралық еңбек ұйымы «БҰҰ-әйелдер» және ЭЫДҰ қатысуымен өткен жан-жақты бастама кезінде 2017 жылғы қыркүйекте құрылған Еңбекақыны тең төлеудің халықаралық коалициясы осы мақсатқа жету үшін ерлер мен әйелдерге бірдей ақы төлеу қажет деп талап еткен.

Үй шаруасын тең бөлмеу себептерін түсіндірген әдебиеттерді талдай отырып, оның кем дегенде екі тәсілі барын байқадық. Бірінші және негізгі тәсілді айырбастың таза экономикалық немесе гендерлік бейтарап теориясы деп сипаттауға болады. Бұл парадигма бойынша ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы саналы әрі тепе-теңдігі сақталған экономикалық айырбас, ал ресурс тұрғысынан бір-біріне тәуелді болу сияқты көрінеді: отбасын асыраушы еркек – табыс табатын негізгі

адам, ол үй шаруасын аз істейді не мүлдем істемейді; ал отбасы бюджетіне аз қаржы әкелетін адам (әдетте ол әйелі) табысы аз болғандықтан (немесе мүлде болмағандықтан), барлық үй шаруасын өзі істейді. Әдетте тұрмыс құрған әйелдердің көбі күйеуінен азырақ ақша тапқандықтан, үй шаруасының көбін өзі істейді, содан барып осындай қарым-қатынас қалыптасады. Мұндай қарым-қатынас күйеуі мен әйелінің табысы бірдей болғанда, бірнәрсенің орнын толтыру қажет болмағанда ғана жойылады.

Заманауи әлеуметтану мен гендерлік зерттеулерде үй шаруасын тең бөлмеудің екінші тәсілін мәдени немесе гендерлік дисплей үлгісі деп атайды. Бұл тәсіл бойынша ақысы төленетін еңбек пен үй шаруасын бөлісу – әйелге тән («әйел адам – отбасы берекесін сақтаушы», «әйел еркектен бір саты төмен тұрады», «табыс таппайды, күйеуінен ақша сұрайды») және еркекке тән («көп табыс табады», «ер адам – негізгі асыраушы, шаңырақтың иесі, мансапқор, үй шаруасына мейлінше араласпайды») деген гендерлік кімдіктің маңызды символдарының бірі.

Ерлі-зайыптылардың үй шаруасын бөліп алуына қатты ықпал ететін тағы бір нәрсе – ерлерге тән гендерлік нұсқаулықты сақтау қажеттігі (үй шаруасын «ердікі» және «әйелдікі» деп бөлу). Бұл логика «орын толтырушы маскулиндік» феноменінен байқалады, табыс табуға қабілеті шамалы еркектер патриархал отбасы тәртібін ұстанып, еркек ретінде ерекшелену үшін үйде «әйелдердің» жұмысын істеуден бас тартды (Радаев, 2017).

Үй шаруасын экономикалық тұрғыдан ғана бағаламай, үй мен үй шаруашылығындағы міндеттердің маңызды санатына жататын әлеуметтік сипатын да айта кету керек.

COVID-19 пандемиясы кезінде адам өмірін сақтау үшін күресіп, денсаулық сақтау саласында талмай еңбек еткен әйелдер көп болды. Мектептер мен балабақшалар жабылған соң, әйелдер күтім жасау бойынша ақысы төленбейтін жұмыстың қосымша жүктемесін де атқарды, үйдегі шаруаның басым бөлігін өздері істеді, балаларды қашықтан оқыту мен кәсіби міндетін атқару және отбасының өзге де кіріптар мүшелеріне көмектесу сияқты міндеттердің бәрін қатар алып жүрді. COVID-19 еркектерге қарағанда әйелдерге қатты әсер етті, оның зардабы әлі талай уақытқа созылады.

Сонымен, Қазақстандағы әйелдердің үй шаруасын істейтін адам әрі маман ретіндегі рөлі кең тараған үлгі болып отыр. Әлбетте, қандай да бір рөлді сапалы атқару үшін уақыт пен күш керек, сондықтан рөлралық шиеленіс те жиі туады. Қазір мұндай шиеленіс еркектердің де басында бар. Шиеленіскен жағдай отбасының тұрақтылығына кедергі болады: нәтижесінде отбасының әлеуметтік капиталы азайып, ажырасатындар саны артады, сөйтіп, елеулі әлеуметтік проблема туады.


Қазіргі әйелдер барлық қызметті бір уақытта және бәрін бірдей жақсы атқаруға тырысқаны (көбіне бұл қызметтер бір-біріне қайшы) балаларға күтім жасау мен тәрбиелеу деңгейіне де әсер етуі мүмкін. Сөйтіп, отбасы еңбегін бөлісу проблемасы заманауи отбасының тұрақтылығы мен ерлі-зайыптының балалы болуына да тікелей әсер етеді, сондықтан бұл саланы әлеуметтік саясат саласына қосып қарау керек.

Зерттеудің басты нәтижелері

2021 жылғы қыркүйек–желтоқсан айларында зерттеуге негіз болған, мәселені жан-жақты қамтыған 10 сұхбат ұйымдастырылды. Сұхбатқа Алматы қаласы мен Алматы облысында тұратын отбасы мүшелері қатысып, жауап берді.

Сауалнамаға жеті үлкен отбасы мен үш шағын отбасы қатысты. Таңдалған отбасылардың бәрінде әйелдері ресми жұмыс істейді, яғни тұрақты жұмысы бар.

Әйелі ресми жұмыс істейтін отбасыларды таңдау әлеуметтік зерттеудің негізгі мақсаты мен міндетіне жатады. Сол арқылы ері мен әйелі бірдей ресми жұмыс істейтін отбасындағы үй шаруасын бөлу мәселесін талдауды көздедік.



Қала мен ауылдағы отбасында неше адам болатынын салыстырғанда, ауылда үлкен отбасылар жиі кездесетінін, тиісінше ондағы отбасы мүшелері де көп болатынын анықтадық. Қаладағы әрбір бесінші отбасы бес және одан да көп адамнан құралған

үлкен отбасы болса, ауылда мұндай отбасылар шамамен 35,6%-ға жиі кездеседі (stat.gov.kz, 2021). Статистикаға сүйенсек, ауылдағы әйелдердің отбасындағы рөлі мен жүктемесі отбасының көлеміне қарай арта береді. Әйелдердің өмірлік стратегия қалыптастыру процесінде атқаратын міндеттері де артады.

Сұхбат нәтижесі көрсеткендей, зерттелген отбасылардың бәрінде отбасы бюджеті ортақ. Қаржылық сауаты аз болғандықтан, отбасы бюджетін рационал пайдаланудың бір ғана әдісін пайдаланады, яғни ақшаның бәрін бір адам ұстап, қалай, не нәрсеге жұмсау керегін сол шешеді. Әдетте мұндай қызметті әйел атқарады. Еркектердің үйге көбірек ақша әкелетініне қарамастан, жағдай осындай.

■ Иә, біздің үйде ақшаны әйелім ұстайды. Мен жалақымды оған әкеп беремін.

■ Отбасының барлық шығынын мен есептеймін: мектепке, балабақшаға, үйірмелерге төлеу, азық-түлік пен үйге қажет заттар алу – менің мойнымда. Ер адам бәрін құнттап, қажет нәрсеге жұмсай алмайды.

■ Күйеуімнің ақшасы – біздікі, менің ақшам – өзімдікі деген сөз дұрыс айтылған.

Басқаша айтқанда, отбасы бюджетін реттеудегі әйелдің рөлі ақшаны тиісті орнына жұмсаудан көрінеді. Бір жағынан, мұндай қызметтер көбірек қаржылай және басқалай мүмкіндіктер береді; ал екінші жағынан қосымша міндет артады, психологиялық қысым күшейеді.

Әйелдің отбасындағы рөлі келін қызметін атқарудан басталады. Сауалнамаға қатысқан он отбасының жетеуіндегі әйелдер үлкен отбасында тұрады.

■ Иә, ата-енеммен бірге тұрамыз. Үй сатып алуға жағдайымыз келмеді (қазір де мүмкіндігіміз жоқ).

■ Күйеуім – үйдің кенжесі, дәстүр бойынша біз күйеуімнің әке-шешесімен бірге тұрамыз.

■ Күйеуім бес ағайынды. Екі қарындасы мен екі інісі бар. Ол – үйдің үлкені. Қарындастары мен інілері және ата-енем – бәріміз бірге тұрамыз. Қазір үйде он адамбыз. Бұл оңай емес.

Біздің қазақстандық қоғам сияқты патриархал жүйе тамырын терең жайған қоғамда бала жоспарлау және туу мәселесі талқыланбайды, тіпті оны талқылау керек деген түсінік те жоқ.

Бала тәрбиелеуге ата-анасы бірдей араласуы керек деген жалпылама пікірге қарамастан, ұстанған дәстүрлі жолымызға қарай, күнделікті өмірде бала тәрбиесімен

әйелдер ғана айналысады. Әкесінің рөлі көбіне «патриарх», «отағасы», «үлгі тұтуға лайық ер адам» деңгейінде қалған.

Сөйте тұра, ерлі-зайыпты баланы бірдей тәрбиелеуі керек деген идеал көзқарас іс жүзінде орындалмай, көпшілік тәрибеге тек әйелдер жауапты болғанын биологиялық және моральдық-рухани себептермен түсіндіріп жүр.

Үш жасқа толмаған бала анасының жанында болуы керек, бұл жаста сәби мен анасының байланысы ерекше болады.

Балада әке болуға тиіс, оның рөлі өте маңызды, бірақ тәрбиелеу – анасының міндеті.

Баланы анасы тәрбиелеуге тиіс, ал әкесі кейін, бала өсіп, ересек болғанда ғана тәрбиеге араласады.

Ер адам ешқашан бала тәрбиесіне көп араласпаған.

Отбасында бала тәрбиелеу міндетін бөліп алғаны байқалады, ол әдетте баланы жынысына қарай еңбекке баулитын дәстүрлі тәрбиеге сай және соның жалғасы деуге болады. Сондықтан ер адам әке ретіндегі міндетін немқұрайлы атқарып, кейін оның бәрі әкесі мен балаларының бір-бірінен алшақтауына, әкенің отбасындағы тыныс-тірлішіден оқшауланып қалуына себеп болады.

Балаларды оқытуға және тәрбиелеуге ата-анасы бірдей араласуы – отбасындағы маңызды міндет.

Сұхбат нәтижесі көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан отбасылардың 90%-ында балалардың сабағын әйелдер қадағалайды.

Күйеуім тым кеш келеді, балалар үй тапсырмасын орындағанын қадағалауға уақыты болмайды.

Әкеміз бәрібір ештеңе түсінбейді, ұлдармен бірге сабақ оқуға шыдамы да жетпейді.

Көптеген зерттеулер нәтижесі, сонымен қатар өзіміз күнделікті көріп жүргеніміз бен зерттеуіміз көрсеткендей, үй шаруасының басым бөлігін әйелдер істейді.

Сұхбат бергендердің жауабын талдай отырып, өзіне және отбасы мүшелеріне тамақ істеп беретіндер әйелдер екенін анықтадық. Әдетте тамақ істеу әйелдің жұмысы саналады.

Күнде жұмыстан соң кешкі ас істеймін деп асығып, үйге жүгіремін. Тамақ істегенде ертеңгі түскі асқа қалатындай етіп мол қылып пісіремін. Балалар сабақтан келген соң, сол тамақты ішеді ғой. Бұл жағдай күнде қайталанатын.

Үйге қай уақытта келсем де, үйдегілердің қарны ашып отырғанын көремін. Мен келіп, тамақ істегенше кеш батады, шамамен сағат тоғызда кешкі асымызды ішеміз.

Бұл зерттеудің басты мақсаты – үй шаруасын бөлу кезіндегі сегрегация дәрежесін талдау. Осы мақсатқа жету үшін уақыт бюджетін пайдаландық. Уақыт бюджетін қалай пайдаланғанына қарап, ерлі-зайыптылар күнделікті тіршіліктегі міндеттерді қалай бөліскенін, отбасы тыныс-тіршілігі қалай қалыптасқанын аңғаруға болады.

Еркектер мен әйелдер күнделікті шаруалардың қайсын қаншалықты атқаратынын анықтауға тырыстық.

	Еркектер	Әйелдер	Жұмсалған уақыт ара қатынасы (әйелдер/ерлер)
Ақысы төленетін жұмыс (кәсіпкерлік, жалдану)	47	45	0,9
Азық-түлік пен қажет тауарларын сатып алу	4	5	1,25
Өзіне және отбасы мүшелеріне тамақ істеу	6	21	3,5
Үй, пәтер жинау	5	10	2
Кір жуу, үткітеу	3	3	1
Бала қарау, тәрбиелеу	5	14	2,8
Қарт туыстарына, әке-шешесіне қарау	6	10	1,6

1-кесте. Үй шаруасын істеуге кететін уақыт
(сауалнама толтырған отбасы мүшелері үй шаруасына аптасына неше сағат жұмсайтыны жазылған)

Зерттеу нәтижесі әдепкі жорамалдың дұрыстығын, яғни үйдегі жұмысты негізінен әйелдер істейтінін көрсетті.

Ері мен әйелінің негізгі жұмысқа бөлетін уақыты бірдей бола тұра, әйелдер өзі мен отбасы мүшелеріне арнап тамақ істеуге үш жарым есе көп уақыт жұмсайды.

Азық-түлік пен тұрмысқа қажет заттарды сатып алуға ерлер де әйелдермен бірдей уақыт жұмсайтынын, сауалнамаға қатысқан еркектер үйге қажет заттарды алуды тек әйелдің ісі санамай, оған тең міндетім деп қарайтынын да айта кету керек.

Дегенмен өсіп келе жатқан буынды тәрбиелеу, бала бағу тек әйелдің жұмысы болып тұр. Әйелдер бала қарау мен тәрбиелеуге аптасына шамамен 14 сағатын, ал еркектер баласына қарап, тәрбиесіне көңіл бөлуге аптасына бес-алты сағатын ғана жұмсайды. Нәтижесінде әйелдердің өзіне уақыт бөлуіне, дұрыстап тынығуына уақыты қалмайды.

Сауалнамаға қатысқан он отбасының жетеуі үлкен отбасы екенін ескерсек, қарт туыстарына күтім жасау, соның ішінде қартайған ата-анаға қарау да айтарлықтай уақыт алады. Аталған отбасында келін рөлін атқаратын әйелдер өздерімен бірге тұратын қарт туыстарына қарау үшін аптасына кем дегенде 10 сағатын бөледі, ал ерлер олардан 1,6 есе аз уақыт жұмсайды.

Бір қызығы, ауылдық жерге қарағанда қаладағы отбасыларда үй жинауға азырақ уақыт кетеді екен. Сұхбат кезінде анықталғандай, ауылда тұратын әйелдер орта есеппен аптасына шамамен 10 сағатын үй жинауға арнаса, қалалық жерде 6 сағатын жұмсайды (ауылдағы еркектер бес сағат, қаладағы еркектер де бес сағат уақыт жұмсайды). Бұған қарап, еркектер мен әйелдер атқаратын үй шаруасының көлемі олардың тұрғылықты жеріне, тіпті дәстүрлі немесе заманауи көзқарасына да байланысты шығар деген ой түйдік.

Отбасы мүшелері берген жауаптарға қарап мынадай қорытындыға келдік:

- Сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым бөлігі экономикалық жағдайын «орташа» деп сипаттаған.

Әйтеуір бәрі ретімен жүріп жатыр. Айлықтан айлыққа дейін ақшамызды жеткізіп күн көреміз. Туыстарымыз бен таныстарымыз сияқты, ел қатарлы тұрып жатырмыз.

Кедей де, бай да емеспіз. Әрине, үнемдейміз. Бірақ кейде несие алуға тура келеді.

- Ауылдағы отбасы отбасы бюджетін жоспарлауға көбірек көңіл бөледі, олар әлеуметтік капитал мен ағайындарына арқа сүйейді.

Барлық шығын мен табысты мұқият есептейміз. Аяқ астынан бірдеңе бола қалса, ала қоятын қорымыз жоқ. Бірақ көмектесетін туыстарымыз бар.

- Қымбат, қомақты дүние сатып алуға қиналады.

Ел қатарлы өмір сүріп жатырмыз. Телефон, жаңа теледидар сияқты қымбат зат сатып алу үшін не ақша жинаймыз, не несиеге аламыз.

Сөйтіп, біз жасаған зерттеу осы сауалнамаға қатысқан отбасылардың негізгі өмірлік стратегиясын анықтауға көмектесті.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, қазақстандық отбасыларда мәдени факторлар, атап айтқанда, патриархал түсінік немесе қалыптасқан дәстүр маңызды рөл атқарады.

Тағы бір айта кетерлік жайт, үй шаруашылығының, отбасының тұрмыс-тіршілігі экономиканың құрамдас бөлігіне толық жатпаса да, әлеуметтік факторлар отбасындағы экономикалық жағдайға әсер етеді.

Зерттеу нәтижесіне қарап, отбасы мүшелері ресми жұмысқа бірдей уақыт бөлсе де, үй шаруасын бөліп істеуге келгенде теңсіздік барын байқадық. Зерттелген аймақтағы мұндай гендерлік теңсіздікті «гендерлік айна» әсері дейді. Мұндай «гендерлік айнаға» сәйкес үй шаруасын әйел істейді, мұның еркекке қатысы жоқ деген түсінік қалыптасады.

Біз қарастырған жағдайда үй шаруасын бұлай бөлу – ықпалды адамның ығына жығылудың бір көрінісі, яғни экономикалық тұрғыдан күйеуіне тәуелді әйел үй шаруасының басым бөлігін атқаруға мәжбүр, басқаша айтсақ, үй шаруашылығында «әйел еңбегін қанау» бар.

Зерттеу нәтижесіне сүйеніп, ерлер мен әйелдер үй шаруасын қаншалықты істейтінін, оған қанша уақыт жұмсайтынын және мінез-құлық стратегиясын анықтайтын гендерлік-рөлдік қарым-қатынас жүйесі айқын байқалады дегуге болады. Мұндай жүйеге кем дегенде екі фактор әсер етеді:

«Бұл – келіннің міндеті» деген секілді патриархал әлеуметтік нормалар мен ережелер;

Күйеуі табыс табатын басты адам саналатын рационал экономикалық айырбас. Мұндай айырбас көбіне осындай энергия алмасудың «табиғи» екенін көрсетеді, сонымен қатар дәл қазіргі жағдайын сақтап қалғысы келетін көптеген отбасының алға тартатын дәлелі де осы;

Заманауи қазақстандық әйел өз рөлі бақытты ана және отбасы ұйытқысы болу ғана емесін, сапалы білім алып, қызметте де жетістікке жете алатынын да, оған әлеуеті жететінін де жақсы біледі.

Әйел бақытты болуы үшін отбасы және жұмысын қатар алып жүруі керек. Дені сау әйел отбасына, отбасы мүшелеріне, мансабына көңіл бөлуі керегін біледі, сондай-ақ демалуы да қажет; жеке өміріндегі қиындықтар мен мәселелер қызметіне кедергі болмауға тиіс.

Қазіргі Қазақстан қоғамы өзгеріп жатыр. Бұл өзгеріс қоғамның барлық саласын, яғни әлеуметтік, саяси және экономикалық салаларды қамтып отыр. Сонымен қатар қазақстандық отбасылардың өз отбасын тұрақты ету үшін жасайтын жаңа өмірлік стратегиясы да өзгереді. Оның тұрақты болуы әйелдің жағдайына және үй шаруасын қаншалықты атқаратынына да байланысты. Қазіргі әйелдер кейде көпшілік көре бермейтін көптеген қиындыққа тап болып отыр. Дегенмен өмірдің барлық саласын бірдей алып жүру үшін оған қандай да бір жағдай жасалуы керек.

Сөз соңында бірқатар ұсыныс тастағым келеді:

- еңбекақы төлеудегі гендерлік айырмашылықты азайту үшін мемлекеттік бағдарламаларды қайта қарау;

- «анасы мен қызы асүйде жүруге тиіс, әкесі мен ұлы басқа іспен айналысуы керек» деген гендерлік стереотиптерді толықтай қайта қарау керек. Мұндай өзгеріс бастауыш сыныптан, еңбек сабағынан басталуы керек, өйткені еңбек сабағындағы сыныпты екіге бөлу осындай гендерлік айырмашылықтың белең алуына себеп болады, үй шаруасына маңызсыз жұмыс деп қарау сол кезден басталады.

Дереккөз

Барсукова С.Ю., Радаев В.В. Легенда о гендере. Принципы распределения труда между супругами в современной городской семье // Мир России. – 2000. – №4.

Бурова С.Н. Социология брака и семьи: история, теоретические основы, персоналии/С.Н. Бурова, Белорусский государственный университет. – Минск: Право и экономика, 2010. – с. 444

Гендерный разрыв в заработной плате. – URL: https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=18&slug=-14&cat_id=7&lang=ru

Даржанова А. Рост случаев бытового насилия во время COVID-19 и роль социальных медиа, освещающих эту тему в Казахстане. Казахстан и COVID-19: медиа, культура, политика. – Алматы: DELUXE Printery, 2021 – с. 380.

Караханова Т.М. Трудовое поведение городских жителей в бытовой сфере и его динамика за 30 лет // Бюджет времени и перемены в жизнедеятельности городских жителей в 1964–1998 годах/Отв. ред. Т.М. Караханова. – М.: Институт социологии РАН, 2001.

Крицков В.И. «Методология и история экономической мысли. История экономики. Роль и место домашнего труда в истории народного хозяйства: от средних веков до новейшего времени» // «Научные исследования экономического факультета». Электронный журнал. – Том 8. – №4.

Лыткина Т.С. Распределение власти в семье как фактор стратегий занятости и организации домохозяйства // Рубеж., 2001. – №16-17.

Мальшева М.М. Современный патриархат. Социально-экономическое эссе. – М.: – Academia, 2001.

Малкова М.А. Домашний труд в современной российской семье: типологический анализ: препринт WP15/2010/02 [Текст]/М.А. Малкова; Я.М. Рощина; Гос. ун-т – Высшая школа экономики. – М.: Изд. дом Гос. ун-та – Высшей школы экономики, 2010. – с. 84

Распределение домохозяйств по составу и наличию детей. <https://bala.stat.gov.kz/raspreделение-domoхоzяjstv-po-sostavu-i-nalichiyu-detej/>

Фридан Б. Загадка женственности. – М.: «Прогресс», 1994.

Becker, G. Theory of Allocation of Time // Economic Journal, 1965, No 75.

Care work and care jobs for the future of decent work / International Labour Office – Geneva: ILO, 2018.

ILO 2019. The Unpaid Care Work and the Labour Market. An analysis of time use data based on the latest World Compilation of Time-Use Surveys / Jacques Charmes. International Labour Office – Geneva.

Oakley, A. The Sociology of Housework. London: Martin Robertson, 1974.

Shelton, B.A, John D. The Division of Household Labor // Annual review of sociology. 1996. vol. 22.

UNDP 2017. Investing in Social Care for Gender Equality and Inclusive Growth in Europe and Central Asia, Policy Brief 2017/01.

МЕДИА

ҚАЗАҚСТАН МЕДИАСЫНДА ФЕМИНИТИВТЕРДІ ҚОЛДАНУ НЕМЕСЕ ҚОЛДАНБАУ

Айсұлу Тойшыбекова

КІРІСПЕ

Интернет пен гаджеттер шыққалы адамдардың желідегі қарым-қатынасы жаңа деңгейге өткен. 2020 жылғы пандемия кезінде елімізде қатаң карантин енгізілгенде Қазақстанда интернет қолданушылар саны артқан: 2021 жылғы қаңтарда қазақстандық интернет қолданушылары саны 15,47 миллион адамға жетіп, 2020 жылдың басынан бері 5%-ға өскен. Әлеуметтік желі қолданушылары тіпті көбейген: 2021 жылғы қаңтарда олардың саны 2,5 млн адамға артқан, яғни 2020 жылдың басынан бері 26%-ға өсіп, 12 миллион адам болған (economist.kz, 2021, «Қазақстандағы 2020 жылғы медиа тұтыну: интернет пен әлеуметтік желілер жеңіске жетті»).

Интернет пен әлеуметтік желі қолданушылары саны күрт артқандықтан, онлайн белсенділіктің қоғамдық қозғалыс пен идеялар тарауына әсер ететін жаңа формалары қалыптаса бастады (Regina, 2018).

Феминистер, феминист белсенділер мен әйелдер құқығын жақтайтын қозғалыстарды қолдайтындардың бәрінің басын қосқан интернет-кеңістіктегі феминизм идеясы өз ортасын әбден қалыптастырған. Интернеттегі пікірталастарға назар аударсақ, кейінгі жылдары феминистер әйелдер репрезентациясын жақсарту үшін феминитив сөздерді қолданысқа енгізу керек деп жүр. Феминитивтер немесе феминативтер – адамның әйел екенін білдіретін сөздер. Орыс тілінде мұндай сөздер «-ица», «-ша», «-ка» және т.б. арнайы жұрнақтар көмегімен жасалады. Қазіргі феминизм күн тәртібіндегі феминитивтер кейінгі он жылда айқын көрініп жүрген еркектер репрезентациясындағы гендерге қатысты бұрмалауды жойып, медиакеңістіктегі әйелдер репрезентациясын қалыптастырған маңызды лингвистикалық құралға айналды. Бұрын тек

ерлер үстемдік еткен бизнес, саясат, басқару салаларында әйелдер саны артқан соң, әйелдерге де тілдік ортадан орын беру керек деген талап қойыла бастады; сонымен қатар бұған қоғамдық-саяси өмірдегі феминизмнің үшінші толқыны да, феминизмді қолдайтын әйелдер саны артқаны да ықпал еткен.

Феминитив туралы жазылған ғылыми мақалалар мен зерттеулер көп, тіпті кітаптар да бар. Солардың бір-екеуін атап өтсем деймін: Ирина Фуфаеваның «Как называются женщины» кітабы мен зерттеуші Елена Челактың «Феминитивы в дискурсе интернет-коммуникации» мақаласында бұл мәселеге алдымен лингвистика тұрғысынан қарап, феминистік іс-шаралар өткізу мен репрезентация мәселесін ығыстырып тастаған. Мысалы, Ирина Фуфаева «Как называются женщины» кітабында «феминитив – шындықтың көрінісі емес, тілдің ерекшелігі» деп анықтама берген. Ал біздің зерттеуде феминитивтер әйелдер тәжірибесін көрсететін құрал ретінде қарастырылады, сондықтан лингвистикалық ерекшеліктер мен ережелерге тоқталмаймыз, өйткені зерттеу лингвистикалық емес, гендерлік мәселеге арналған.

Феминитивтер Қазнеттегі жеке адамдардың блогтарында да, ақпарат құралдарында да қолданыла бастаған. Қазақстандық БАҚ-та феминитивтерді қолдану мәселесін Facebook әлеуметтік желісіндегі «Журналисты Казахстана» деген жабық топта журналистер мен редакторлар жиі талқылайды. Әдетте мұндай пікірталаста белгілі бір мәмілеге келіп, сындарлы диалог орнату мүмкін емес, осыдан-ақ кәсіби мамандар арасында бұл мәселе ушығып тұрғанын байқауға болады. Соған қарамастан Қазақстан медиа нарығында феминитивтерді жұмыс барысында қолданатын редакциялар да бар. Алайда феминитивтерді қалай қолданған жөн деген сұраққа жауап болатын ортақ тұжырым жоқ, сондықтан қазақстандық басылымдар мақалаларда қалыптасқан феминитив сөздердің орнына маскулинитив сөздерді қолданады.

Директора средней школы №122 обвинили в неоднократном присвоении госимущества. Дело рассматривалось в суде №2 города Костаная, передает Zakon.kz.



Подсудимая М. за период с октября 2019 года по январь 2021 года неоднократно похищала и присваивала бюджетные средства на общую сумму 1 955 300 тенге, вверенные ей в связи со служебной деятельностью. В результате мошеннических действий М. государству в лице «Управление образования акимата Костанайской области» причинен материальный ущерб.

Пресс-служба Костанайского областного суда

Как уточняется, подсудимая вину не признала.

zakon.kz сайтында жарияланған (24.11.2021) жаңалық скриншоты: «Директора школы оштрафовали на 19 миллионов тенге в Костаная»

Зерттеу барысында медиада феминитивтерді маргиналдайтынына көз жеткізіп, оған, ең алдымен, феминизмнің теориялық базасы толық қалыптаспағаны және әйел/еркек авторлар, журналистер, редакторлар мен корректорлар феминизмнен хабарсыз болуы ықпал етуі мүмкін деген гипотезаға сүйендік.

Материалдар мен әдістер

Феминизм дамыған сайын ғылыми ортада гендерлік тақырыптарды және қоғамдағы гендер рөлінің ықпалын зерттейтін салалар қалыптасты. Ресейлік лингвист Алла Кирилина, тарихи тұрғыдан алғанда, гендерлік зерттеудің үш кезеңі бар дейді, оның бәрі түрік гендер зерттеушісі Дениз Кандиотидің «Эволюция гендерных исследований» еңбегінде жазылған. Осы зерттеу жұмысында екінші кезең, яғни феминистік концептуалдау туралы тарқатып айтамыз. Бұл кезеңде түрлі ғылым саласында феминистік мәселелелерді зерттейтін жаңа бағыт қалыптаса бастаған, соның ішінде феминистік лингвистика да бар (Кирилина, 2005).

«XX ғасырдың 60-жылдарының аяғы мен 70-жылдарының басында АҚШ пен Германиядағы әйелдер қозғалысының жаңа толқыны тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің қарқынды дамуына үлес қосқан, соның арқасында тіл білімінде феминистік лингвистика (ФЛ) деген жаңа бағыт пайда болған, оны кейде феминистік тіл сыны дейді. Феминистік лингвистиканың басты мақсаты – патриархатты, қоғамдық және мәдени өмірдегі еркектер үстемдігін әшкерелеу» деп жазған Кирилина «Гендер и язык» (2005) кітабында.

Ол білім мен тарихтың антропоцентризмiне ғана емес, ерлерге бағытталған андроцентризмге де мән берген. Коммуникация құралы ретінде бұл жердегі тілдің маңызы жоғары. Сөйтіп, феминистік лингвистика әйелдер қалай білім мен тарихтан шет қалғанынан бастап әйелдерге объект ретінде қарауға дейінгі мәселенің бәріне тоқталады. Кирилина феминистік лингвистикада андроцентризмнің алты белгісі бар дейді:

1. «адам» және «еркек» ұғымын теңестіру;
2. орыс тілінде мужской род-та тұрған зат есімдер барлығына ортақ, яғни еркекке де, әйелге де осы топтағы сөздер қолданылады. Мысалы, *студенты выступили, делегаты прибыли*;
3. бір мамандық атауын әйелге және еркекке қарата айтқанда, әйелге қарата айтқан нұсқасының мағынасы көбіне жағымсыз болып келеді: врач/врачиха. Сонымен қатар Кирилина дәрежесі төмен, кәсіби білікті қажет етпейтін кәсіп атаулары да көбіне феминитив формада кездеседі дейді: *техничка, нянька*,

сиделка. Ал дәрежесі жоғары мамандықтар мен регалиялар тек маскулинитив формада қолданылады: *государственные мужи, ученый, профессор, председатель совета директоров*;

4. феминитивтер тек маскулинитивтерден жасалады: *юрист – юристка*;
5. сөздердің синтаксистік байланысы референттің жынысына қарай емес, сөз табының грамматикалық тегіне қарай анықталады. Кирилина неміс тілінен мысал келтіреді: *Wer hat hier seinen Lippenstift vergessen? сөзбе-сөз аудармасы: «Кто забыл здесь его помаду?» («Мына далапты кім қалдырып кеткен?»)*. Ал бұл жерде *әйел туралы айтылып тұр*;
6. феминдікті маскулиндікке қарсы қою. Мұндай қарсы қою сапалық (оң және теріс коннотациялар: *еркекке тән мінез; қыз сияқты жылау*) және сандық түрде де кездеседі (ерлерге тән сөздер әмбебап саналады), осының бәрі гендерлік асимметрия тудырады.

Қазақстандық феминист белсенді және «Feminita» фем-бастамасының негізін қалаушылардың бірі Жанар Секербаева (total.kz, 2016) сөзді басты құрал ретінде қолданатын тіл мен медиада әйелдерді ерлермен тең репрезентациялайтын құрал жоғын сынаған. Медиадағы гендерлік асимметрияны жою үшін ол сөйлеу тілі мен хатқа феминитивтерді енгізу керек, сөйтіп, тілдегі репрезентация арқылы қоғамдағы гендерлік рөл туралы түсінікті қайта қарап, адамзат дамуына қосқан әйелдердің үлесін бағамдайық дейді (total.kz, 2016).

2019 жылы Орталық Азиядағы FemAgora феминистік алаңы бірқатар шаралар өткізіп, мұқабасы жылтыр басылымдарды мысалға ала отырып, гендерлік медиа трансформациясы жайлы пікірталас өткізген, оған қазақстандық журналист және редактор әйелдер қатысып, отандық БАҚ-тағы феминитивтерді талқылаған. Демек, феминитивтерді талқылау Қазақстан қоғамына жат емес, бұрыннан көтеріліп келе жатқан мәселе деуге болады. Феминитивтерді қолданайық деп жүрген қазақстандық феминистер сын айтқанда феминистік лингвистика қалыптастырған тілдегі андроцентризм белгілеріне сүйенеді.

Қазір ең басты жаһандық қарым-қатынас алаңына айналған, жеке тұлғаның қалыптасуы мен даму процесі жүріп жататын жаңа әлеуметтік-мәдени орта – интернет феминитивтерді халық арасына кең таратып, қолданысқа енгізетін негізгі алаң деуге болады (Челак, 2018: 197–199). Бұл дискурс белгілі бір тілге байланбаған, яғни тіл тобының ерекшелігіне тәуелді емес, бірақ әр тілдің өз ерекшелігі барын да мойындау қажет (Гаврилова, 2016).

Ғалымдар орыс тіліндегі әйелдік санаттардың тарихынан бастап қазірге дейінгі даму жолын мұқият зерттеген. Елена Челак мақаласында тілдің қалыптасу процесі

мен феминитивтерді қолдануды зерттеу саласына өзгешелік берген орыс тіліне тән бірқатар ерекшелікті атаған. Атап айтқанда, орыс тілінде тектік санат айқын көрінеді, сондықтан тілдегі андроцентризм қатты байқалып, феминитив жасау ежелден қиын болмаған (Челак: 197). Ежелгі орыс тілінің өзінде еркекке қарата қолданатын баламасы жоқ феминитивтер болған, олар -j (а) және -ниц (а) жұрнақтары арқылы жасалған: бізге таныс *швеея* және қазір сирек кездесетін *бралья, ткаля, пряля* сөздерін мысалға алуға болады. Әйелдер атқаратын кәсіп түрі көбейіп, дамығандықтан, маскулитивтер мен феминитивтер арасында осындай алшақтық пайда болған. XVIII ғасырдың ортасында Ресейде әйелдер жұмыс істеп, кәсіби орта қалыптаса бастады. Ғалымдардың пікірінше, сол кезде *портретистка, переводчица, акушерка* сияқты феминитивтер шыққан.

РМГУ әлеуметтік лингвистика оқу-ғылыми зертханасының ғылыми қызметкері Ирина Фуфаева «Как называются женщины» кітабында орыс тіліндегі феминитивтер жайлы жан-жақты баяндаған. Оның айтуынша, тілдегі феминитивтер бұл мәселе феминистік лингвистикада көтерілгенге дейін де болған, оған дәлел ретінде XIII ғасырдан бергі тарихи құжаттарды ұсынған. Құжаттарда қазіргідей болмаса да, «феминитивтер кездесіп қалады» дейді. Фуфаева феминитив жасайтын жұрнақтарды толық талдаған. Мысалы, XVIII ғасырдағы *-ша* жұрнағы экспрессивтік және кемсіту мәні жоқ сөздер жасауға қолданылған, қазір адамдар мұндай сөздерге бұл жұрнақты қоспай сөйлеуге тырысады. Мысалы: *опекунша, великанша*. Сол кезеңде бұл жұрнақты біреудің әйелі жайлы айтқанда ғана емес, әйелдің мамандығын білдіру үшін де қолданған.

Феминитив жасауда жиі қолданылатын, саяси лауазымдарға көп жалғанатын танымал жұрнақ – *-ка* жұрнағы, XVIII ғасырдан бері оны әйелдердің мамандығы мен кәсібін білдіру үшін қолданып келеді: *христианка, пастушка, иноземка*. Бұл жұрнақтың кең тарауына орыс тіліне енген кірме сөздер әсер еткен дейді. Бір қызығы, екі жұрнақ бір-бірінің орнына қолданыла берген: *комедиантка – комедианша, музыкантка – музыкан(т)ша*. Оған қоса, орыс тілінде *-ка* жұрнағының көмегімен этнонимдер де жасалады: мысалы, *японка, англичанка, американка, казашка* және т.б.

Орыс тілінде *-ка* жұрнағымен жаңа феминитивтер жасау әлі де бар, қазіргі зерттеушілер оның мынадай негізгі факторларын тізіп шыққан: славян тілдерінде осы жұрнақты жалғап сөз жасау заңы бар; жұрнақтың түрлі түбірге жалғануына бөгет болатын кедергілер жоқ; осы жұрнақ арқылы жасалған феминитивтер бұрыннан көп, сондықтан феминитив-неологизмдердің «бөтен» екені байқалмайды (Regina R. Guzaerova, Vera A. Kosova, Drahomira Sabolova, 2018). Мақала авторлары *-ка* жұрнағын жалғап феминитив-неологизмдер жасаудың үш жолын анықтаған:

1. ресми түрде шектеу қойылмаған мамандықтарға жалғау: *юрист(ка), режиссер(ка)*;
2. *-ша* жұрнағы сияқты теріс мән үстемейді, сондықтан оған балама феминитивтер жасауға болады: *авторша – авторка, вахтерша – вахтерка, тренерша – тренерка*;
3. жаңа мамандық атауларына да жалғауға болады (кірме сөздерге қатысты): *блогер(ка), менеджер(ка)*.

Өткенге оралайық. Байырғы орыс тілі дамуының ерте кезеңіндегі әйел құқығы мен әйел репрезентациясына аса қатысы жоқ феминитив сөздер уақыт өте қолданыстан шығып қалған. Ольга Дмитриеваның диссертациясына сілтеме жасаған Ирина Фуфаева XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әйелдерге арналған басылымдарда түрлі жұрнақ арқылы жасалатын феминитивтер 80-жылдарға қарай айтарлықтай азайды дейді (2020: 118). Фуфаева орыс тілінде күрт көбейіп, көп қолданылған феминитивтерді XIX ғасырға қарай әмбебап тіл бірлігіне арналған маскулинитивтер ығыстырғанына негіз болған төрт себеп бар дейді:

1. ерлер мен әйелдер арасындағы бәсеке; феминитив мамандық атауы салмақты естілмейді (мысалы: Күміс ғасырдағы ақын әйелдер өздерін *поэтесса* емес, *поэт* деп атағанды құп көрген);
2. тілді бюрократияға сай бір қалыпқа түсіру (баспасөз бен ресми тілде маскулинитивтерді қолданып, соны тиімді көреді);
3. маскулинитивтер семантикасы бай (мысалы, *товарищ* және *товарка* жұбы);

4. тым көп ақпарат, мысалы, орыс тілінде феминитив жанында тұрған есімдік субъектінің жынысын көрсетіп тұрады (мысалы: *Она* репортер-ша).

Бюрократия туралы айтсақ, лингвистер әйелді екінші орынға қою мен феминитив жасаудың арасында заңдылық барын байқаған: кеңестік кезеңде жаңа феминитивтер

ҚАЗАҚСТАН МЕДИАСЫНДА ФЕМИНИТИВТЕРДІ ҚОЛДАНУ НЕМЕСЕ ҚОЛДАНБАУ

МАСКУЛИНИТИВТЕРДІ ФЕМИНИТИВТЕРДІ ЫҒЫСТЫРУЫНЫҢ 4 СЕБЕБІ:

- Феминитив мамандық атауы салмақты естілмейді
- Тілді бюрократияға сай бір қалыпқа түсіру
- Маскулинитивтер семантикасы бай
- Тым көп ақпарат



жеңіл өнеркәсіп, типография мен баспа ісі секілді әйелдер көп жұмыс істейтін салалардан шыққан. Дәл осындай жағдай адамның жынысы басты рөл ойнайтын спортта да бар. Ал лауазымды қызметтер мен атақтарда лауазым мен атақ иесінің әйел екенін білдіретін балама атау болмаған: *академик, Герой Советского Союза, Герой Труда, заслуженный учитель. Учительница* мен *героиня* деген феминитивтер кең тарағанымен, қолданылмады (Фуфаева: 123). Кеңес одағы әйелді азат еттік, ерлер мен әйелдер құқын теңестірдік деп мақтанғанымен, шын өмірдегі жағдай осыдан асып кетпеген.

Нәтижелер

Зерттеу жұмысының негізгі мақсатына жету үшін тереңдетілген сұхбат және фокус-топпен пікірталас өткізу секілді сапалық әдіс түрлерін пайдаландым.

2021 жылғы қарашада қазақстандық БАҚ өкілдері – редакторлар және журналистерден бірнеше рет құрылымдық сұхбат алдым. Сұхбат берушілерді таңдағанда мынадай критерийлерге мән бердім: респонденттің жұмыс тәжірибесі, феминизм не екенін білу деңгейі, жұмыс істейтін басылымының ауқымы мен бағыты. Бір немесе екі басылымда тұрақты жұмыс істейтін фриланс-журналистер де қатысты. Сұхбат берушілер тек еркек не тек әйел емес, аралас болуына да мән бердім, бірақ баспасөз саласында әйелдер көп болғандықтан, зерттеуге қатысқан әйелдер саны басым болды. Барлығы бес рет кездестік, оған төрт әйел және бір ер адам қатысты.

Сұхбат берушілер – ең азы 13 жыл, ең көбі 26 жыл журналист болған тәжірибелі мамандар. Осы жылдар аралығында қоғамдық-саяси, мәдениет пен өнер бағытында жазатын түрлі басылымдарда жұмыс істеген. Респонденттер газет-журналдар мен онлайн БАҚ-та істеген. Сондықтан олар қамтитын тақырып аясы да ауқымды. Солардың арасында экономика, кен өндіру саласы, тарих, әлеуметтік сала мен медицина, саясат, мәдени құбылыстарды ерекше атап өткім келеді. Сұхбат берген мамандардың біреуі ғана гендерлік тақырыптарды көтеріп, феминизм туралы шолу жасап, арнайы айдар жүргізгенін де ескерте кетейін. Қалған қатысушылар бұл тақырыпқа ара-тұра жазып тұрған.

Қатысушылардың бәрі жұмысына жауапты қарайтынын, әлі де талай мақсаттары барын айтты. Журналистика қоғам мүддесіне қызмет етеді деп сенеді. «Біздің жұмысымыз қоғамда болып жатқан процестерге оң ықпал етеді, оқырмандарға шындықты жеткізіп, маңызды мәселелерді көтереді» дейді. Сөйте тұра олар мамандық әлеуетін шынайы бағалап, қазіргі Қазақстан журналистикасындағы қиындықтарды мойындайды. Мәселен: білікті мамандар тапшы, тәуелсіз редакциялардың қаржылық жағдайы қиын; мемлекеттік тапсырысқа сүйенген саясат теріс ықпал етеді, ал бұқаралық ақпарат

құралдарының көбі амалсыз мемлекетке тәуелді; Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі өзгерістер, парламент қабылдаған заңдар.

Феминитив пен феминизм туралы сөз қозғағанда олардың ойы екіге жарылады. Мысалы, бір редактор әйел (1-сұхбат беруші) феминитив-неологизмдерді ұнатпаймын, мұндай сөздер «тілімізге жасанды жолмен еніп жатыр» дейді. Ол тілге сіңіп кеткен феминитивтерді жаңа сөздерге қарсы қойып, «бұрынғылар қисынды көрінеді, құлаққа түрпідей тимейді» дегенді алға тартты. Ол әйел істейтін басылымда феминитивтерді сол күйі қалдыру керек пе, керек емес пе деген мәселені мақала, сұхбат, жаңалық пен сайттағы өзге де материалдарды соңынан оқитын корректор әйел шешеді екен. Ал корректор әйел орыс тіліндегі негізгі сөздіктерге сүйенеді. Сөйте тұра сұхбат берген әйел феминизмге қатысты материалдар мен мақалаларда феминитив-неологизмдерді қолдануға болады, ол сөздер кейіпкер әйелдің өзіндік табиғатын аша түседі дейді. Мысалы, *авторка* немесе *координаторка*. Жалпы алғанда сұхбат берген әйел феминитивтерді тұрақты, ауызекі және жаңа феминитивтер деп үш топқа бөлген. Редактор әйелдің пікірінше, үшіншісінің көбіне кемсіту мәні бар, салмақты емес. Бір қызығы, бұлай бөлгенде «учительница» деген феминитив ресми әрі дұрыс көрінеді, ал әйелдерге лайық емес саналатын мамандықты игерген әйелдерге қатысты феминитив сөздер жағымсыз естіледі екен. Мысалы, респондент «журналистка» сөзін ауызекі феминитивке жатқызып, құжаттарда «журналист» болып жазылады, өзара сөйлескенде «журналистка» дей береміз дейді.

Одан кейін редактор әрі журналист әйел (2-сұхбат беруші) сұхбат берген болатын, ол штаттағы журналистер мен штаттан тыс авторлар дайындаған материалдардан феминитив сөздерді көргенде тиіспей, сол қалпы қалдырамын дейді (ол туралы толық баяндаймыз). Штатта корректор жоқ болғандықтан, феминитивтерді өзгертпей сайтқа жариялайды. Барлығы әділ болсын деп, өзге материалдардағы маскуинитивпен жазылған әйелдерге қатысты сөздерді феминитивке өзгертпейді екен. Яғни екі жағдайда да редактор әйел таңдау еркіндігін авторға қалдырып тұр, феминитивтерді қолдану-қолданбауды автор өзі шешеді. Спикерлермен және кейіпкерлермен жұмыс істегенде де осы әдісті қолданады: оның тәжірибесінде феминитив-неологизмді қолдануға өтініш білдіргендер де, бұрыннан бар феминитивтерді маскуинитивке ауыстыруды талап еткендер де болған.

Кейінгі жылдардағы тәжірибесіне сүйене отырып, редактор әйелдерді сипаттағанда бір материалда феминитив пен маскуинитив сөздерді қатар қолдана беремін дейді. Сұхбат берушінің пікірінше, жаңа феминитивтерді қолдану мәселесі әлі талқыланып жатыр, бәріне ортақ норма қалыптаспаған. Өзінің феминитивке қатысты ұстанымы да сондай: кей неологизмдерді өзі де қолданса, кейбірін қолданбайды.

Мысалы, ол *гинекологиня* – қолдануға болатын феминитив сөз, ал *психологиняның* қажеті жоқ, мұндайда сөздің қалай естілгені маңызды дейді. Сонымен қатар ол адамның феминитивтерді қабылдауға дайындығы мен желіден оқығандары да әсер етеді деп ойлайды. Оның өзі *Twitter* әлеуметтік желісінде және гендерлік мәселелерді жазып жүрген автор әйелдердің материалдарын оқығанда феминитив сөздерді жиі байқайды екен. Сұхбат беруші бұқаралық ақпарат құралдарында феминитивтерді қолдану керек, содан мамандықтар атауын жазғанда қазіргі әйелдер нендей кәсіппен айналысып жатқанын көруге болады дейді.

Феминитивтерді қолданғанда контекске де мән беру керек. Редактор әйел өлең жазатын адамдардың жынысын білдіретін *поэт*, *поэтесса* және *поэтка* деген сөздерді мысалға келтірді. Алайда өзін *поэтесса* деп атауға қарсы әйелдер бар, оған әдетте ішкі мизогиния ықпал етеді: *поэт* – талантты, кәсіби маман, ал *поэтесса* таланты аз дау, қабілеті төмендеу адам сияқты естіледі. Осыдан барып жаңа сөз шығады, *поэт* сөзін енді *поэтка* деуге де болады. *Поэтка* реклеймингке (жапа шеккен топ өздерін қорлайтын сөзді қолдана-қолдана, оның теріс мәнін жойып жіберетін процесс. Мысалы, афроамерикалықтарға қатысты қолданылатын *n-word* сөзі сияқты) жол бермей, феминизм, акционизм мен поэзия тоғысқан тұстан жаңа сөз болып шыға келді. Әзірге бұл феминитивті қолдамайтындар көп, оның екі себебі бар: а) *поэтесса* деген феминитив бар; б) жағымсыз естіледі.

Редактор әйелдің ұстанымы белгілі болды, енді журналистердің ұстанымы жайлы айтқым келеді. Басылым контентінің көп бөлігін журналистер жасайды, әдетте олардың көзқарасы редакцияның саясатына тәуелді, редакцияда ондай саясат болмаса, редактордың ұстанымына бағынады (редакция ұстанатын саясатты редактор қалыптастырады). Дерек жинай жүріп бір журналист әйелден (3-сұхбат берушіден) қызық сұхбат алдым, ол қазақстандықтар арасында танымал ірі ақпарат порталында жұмыс істейді (Similar Web сервисінің дерегіне сүйенсек, ол – Қазнеттегі барлық сайттар арасында 13-орында тұрған сайт). Журналистика саласында жүргеніне 13 жыл болған сұхбат беруші бірнеше ірі қазақстандық басылымда жұмыс істеген. Ол жұмыс істеген редакцияларының саясаты бір-біріне ұқсамайтын дейді. Соның арқасында ол, бір жағынан, үнемі үйреніп, жаңа тәжірибе жинаған, ал, екінші жағынан, бұрынғы тәжірибесінің құны қалмай, (редактор мен журналистің материалға қатысты көзқарасы сай келмегенде) жаңа басшылықпен сөзге келіп қала берген. Жалпы, журналист әйел басшылық авторларды белгілі бір қалыпқа салып, шектеу қоятынын жасырмайды. Мұндай жағдайға тап болғанда әріптестері анда-санда болмаса да, көбіне қолдай қоймайды. Дау шешілмей, ушыққанда басшылық жұмыстан шық деп қысқа қайыратын көрінеді.

Феминитивтерге оралайық, ол жұмыс істеген басылымдардың бәрінде феминитивтерге деген қатынас бір: жаңа феминитивтер ресми тілге енбеген, сондықтан оларды қолдануға болмайды. Негізгі сөздіктерге енген ресми феминитивтердің де жағдайы оңып тұрған жоқ. Сұхбат беруші бір оқиғаны баяндап берген еді, сонда ірі газеттің сайтына редактор (жынысын нақтылап сұрамадым, дегенмен журналист әйел ол туралы айтқанда мужской род есімдігін қолданды) «журналистка» деп жазған, ал оны басшылық «журналист» деп түзеткен. Ол сұхбат алған кейіпкерлерім солай жазыңыз десе, феминитив сөздерді қолдануға мүлде қарсы емеспін дейді.

Ауызекі тілде қолданылатын феминитивтерге келсек, мұндайда көп нәрсе сөздің қалай естілетініне байланысты болмақ. Мысалы, журналист әйел *-ка* жұрнағы жалғанатын жаңа феминитивтерге әлі үйреніспеген, тіпті кейбірін орынсыз санайды. *Водолаз* (сүңгуір) әйелге қандай феминитив қолдануға болады? Оған *-ка* жұрнағын жалғасақ, *водолазка* деген киім атауы шығып, адамды шатастыруы мүмкін дейді. Сөйте тұра сұхбат беруші СТС телеарнасынан көрсетілген ресейлік «Психологини» сериалын мысалға алып, *психологиня* неологизмін қабылдауға болады дейді.

2017 жылы шыққан ресейлік сериалда психология факультетін бітірген үш құрбының өмірі баяндалған, атап айтқанда, олардың әріптестерімен, емделушілерімен және клиенттерімен қарым-қатынасы көрсетілген. Кейіпкерлердің романтикалық қарым-қатынасына да айтарлықтай көңіл бөлінеді. Өзім сериалдың бір сериясын ғана көрдім де қойдым. Атауындағы феминитив сөз бұл сериал сюжетінің жеңіл-желпі, іліп алар дүние жоғын білдіріп, осының бәрі «әйелге тән» деп тұрғандай көрінді.

Редактор ретінде де, журналист ретінде де тәжірибесі мол төртінші сұхбат беруші – фрилансер, ол тек өзі қызығатын тақырыптарда жазады екен, сондықтан құндылықтары ұқсас аудиторияға арнап жазып, көзқарасы сәйкес келетін редакциямен ғана жұмыс істейді. Оның айтуынша, мұндай ұстаным табысына әсер етеді, дегенмен редакция дедлайн деп қыспайды, мақаланы қай кезде, қанша бет жазатынын өзі шешеді. Өзі «аясы тар» санайтын, яғни ақыл-ой саулығы, гендерлік және жыныстық кімдік, поп-мәдениет тақырыптарында жазатындықтан, редакция таңдағанда тым кірпиязбын дейді. Бұлардың бәрі – қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының көбі жарияламайтын немесе сыңаржақ, аса маңызды емес материал деп қарап, көп мән бермейтін тақырыптар. Сұхбат беруші өзі жұмыс істейтін редакцияларда цензура жоғына сенімді.

Ол үнемі феминизм мен әйелдер мәселесі жайлы жазатындықтан, мәтінде феминитивтерді жиі қолданады. «Мұның бәрін әдейі істемеймін, талай жылдық тәжірибемнің арқасында осындай әдет қалыптасқан» дейді. Сондықтан да ол жаңа феминитивтер «орыс тілін бүлдіреді» дейтін адамдарды жақсы түсінеді. «Ағылшын тілінен

енген сөздердің көбі орыс тіліне сіңіп кетті ғой, сондықтан бір нәрсені басынан бастап үйрену қиын болса, оны үйренудің қажеті жоқ дейтіндермен келіспеймін, орыс тіліндегі феминитивтердің тағы бір пайдасы бар: жазғанына қарап кімнің кім екенін дереу ажыратуға болады» дейді ол. Сұхбат беруші: «Адамның аты-жөнін: «Журналист Айман Ахмет» деп жазсам, қазақша білетін немесе қазақстандық аудитория әйел адам туралы айтып тұрғаныңды біледі. Ал ресейлік оқырман оны түсінбейді. Сондықтан «докторка Айман Ахмет» немесе «журналистка Айман Ахмет» деп жазу мәтінді түсінікті әрі анық ете түседі. Ал бұл – біздің, яғни редакторлардың міндеті» дейді.

Редактор әрі журналист еркектің пікірінше, «сөзбен жұмыс істейтін» адамдар (ең алдымен БАҚ қызметкерлері, филологтар мен лингвистер) феминитивтер жайлы өзара ақылдасып, бір мәмілеге келуі керек, сөйтіп, ресми феминитивтер мен жаңа феминитивтерді заңдастыру қажет. Сарапшылар тобы өзара келісімге келсе, феминитив сөздер нормаға айналып, тілге енеді.

Мен сұхбаттасқан мамандар арасында, басқаларына қарағанда, төртінші сұхбат беруші үшінші және төртінші толқын феминизмінің теориясы мен тәжірибесі жайлы көбірек біледі. Ол феминизмді 2015 жылдан бері зерттеп жүр. Ерлер үстемдігі жайлы ойланып, толғану нәтижесінде феминизмге бет бұрған. Бірнеше жыл бұрын бүкіл әлемдегі мыңдаған әйел басынан өткен зорлық-зомбылықты баяндаған *Me Too* қозғалысы басталды, соның арқасында Қазақстанда да феминизм кең тарады.

Талқылау

Мамандардан алған сұхбаттарға сүйеніп, БАҚ-тағы феминитивтер мен феминитив-неологизмдерге деген теріс көзқарас қалыптасуына мына жайттар әсер етуі мүмкін деген ой түюге болады:

- басылым тіліне қатысты қалыптасқан дәстүр;
- гендерлік мәселе көтерілген және феминитивтер қолданылған материалды қалай жариялау керектігін қамтыған нұсқаулық пен редакция саясаты жоқ;
- редакция қызметкерлері феминизм теориясын және феминизмге қатысты өзекті мәселелерді біле бермейді;
- феминизм туралы стереотип көзқарас және феминистерді маргиналдау.

Феминитивтерді қолданатын, әсіресе, жаңа феминитивтерді қолданатын басылымдардың осындай қадамға баруына ықпал еткен факторлар:

- редакцияның немесе белгілі бір әйел, еркек журналистердің, редакторлардың феминизм мен феминитивтерге әйелдің әйел екенін көрсететін құрал деп қарауы;

- редакция саясатына сай феминитивтерді бекіту (авторда онлайн-басылымда бас редактор болып істеген әйел жазып, бекіткен редакция саясатының көшірмесі бар. Онда феминитив сөздер медиадағы әйелдер репрезентациясын арттыратын құрал деп жазылған және бұл жерде әйел, еркек авторлардың қалауы да ескеріледі, яғни феминитивтерді қолдануға ешкімді міндеттемейді. Қазір басылым қожайыны мен редакция ауысып, құжат та күшін жойды. Бұл кейбір қазақстандық басылымдарда дәстүр сабақтастығы жоғын көрсетеді).
- авторлардың пікірі мен көзқарасын редакторлар бағалайды, сондықтан жеке ұстанымына қарамай мәтіндегі феминитивті қалдырады (әдетте олардың ұстанымы оң немесе бейтарап болады).

БАҚ-ТАҒЫ ФЕМИНИТИВТЕР МЕН НЕОЛОГИЗМ-ФЕМИНИТИВТЕРГЕ ДЕГЕН ТЕРІС КӨЗҚАРАСТЫҢ СЕБЕПТЕРІ:

- Басылым тіліне қатысты қалыптасқан дәстүр бар;
- Арнаулы нұсқаулық пен редакция саясаты жоқ;
- Редакция қызметкерлерінің феминизм жайындағы білімі жеткіліксіз;
- Феминизм туралы стереотип көзқарас және феминистерді маргиналдау.



Осылардың бәрін ой елегінен өткізіп, басылымдарда феминитивтерді қолдану/қолданбау, алдымен, автордың, редактордың жеке ұстанымына байланысты, содан кейін барып лингвистикалық нормаға назар аударады деген ой түйдім. Соңғысы орыс тіліндегі маскулинитивтерді бірегейлендіру сынына төтеп берген ресми феминитивтерге ғана қатысты. Жаңа феминитивтер интернетте кең тараған феминистік қозғалыстардың арқасында дамып келеді. Феминистер феминитив сөздер мен әйелдер репрезентациясы арасында байланыс бар деп жүр, соның арқасында ресми сөздік қордан шығып қалған феминитивтер де қайта оралды. Мысалы: *журналистка, учительница, воспитательница* (zakon.kz-тен скриншот).

Керісінше, феминитивтерді мойындағысы келмейтін басылымдардағы әйел, еркек авторлар феминитивтерді қолдану тілді бұзады дегенді ғана алға тартады. Кейінгі он жылда феминистер мен осы саланы зерттеушілер феминитивтер аясын кеңейткен, соның арқасында бұл сөздер лингвистика мен сөздіктерде ғана қолданылмай, халық арасына кең тарап барады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан медиасында феминитивтерді қолдануға болады, дегенмен ол үшін талай тер төгу керек. Феминист белсенділер мен ұйымдар күшін жұмылдырып қана қоймай, ең алдымен, БАҚ қызметкерлері, лингвистер және филологтардың басын қосу керек. Күш біріктіріп, феминист белсенділер мен феминист зерттеушілер және журналистер мен редакторлар, лингвистер арасында байланыс орнатсақ, жаңа сөздерді нормаға айналдыру жеңіл болмақ. Сонда әйелдер қоғамға нендей үлес қосып жатқанын анық көрсететін жеке кеңістік қалыптасады. Осы тұста, (ресми және жаңа) феминитивтерді қолданып, өзгелерге үлгі болып жүрген еркек, әйел журналистер өзара тәжірибе алмасуы қажет секілді.

Айта кетер бір жайт, әйелдер проблемасы феминитивке қатысты дау-дамаймен және репрезентациямен шектелмейді. Дегенмен феминитивтер мен күн тәртібіндегі өзге де өзекті мәселелерге қатысты сөз қозғалғанда, көбі осы аргументті алға тартып, бұдан да маңызды нәрселерге көңіл бөлейік дейді. Бұлай бөлінгендерді өзім мүлде қолдамаймын, ол әйелдер қозғалысын күшейтпейді, қайта әлсіретіп жібереді және әйелдер мүддесіне де қайшы. Бұл салада маңызды-маңызсыз мәселе деген жоқ.

Әйелдер мәселесі – әлбетте, бүкіл әлемдегі және Қазақстандағы әйелдер өмірінің көп саласын қамтитын бірнеше деңгейден тұратын проблемалар кешені. Ол өмір сүру құқығынан бастап дене автономиясы мен экономикалық құқыққа дейін жалғасып кете береді. Шынын айту керек, қазақстандық БАҚ-тағы әйелдер репрезентациясы мәз емес, ал жарияланған дүниелердің көбінде қоғамдағы гендер рөлін біржақты беріп, осыған дейін қалыптасқан әйелдер туралы стереотиптерді қыздардың миына құя береді. Дегенмен оң өзгерістер де бар. Мысалы, гендерлік мәселелерді көтерген этикаға сай мақалалар жазылып жүр, әйелдер құқығын бұзу мен әйелдерге қарсы жасалған қылмысты жариялау көбейді, феминистік шаралар мен акцияларға қызығушылық бар. Мұның бәрі – гендерге қатысты тақырыптарды этикаға сай жариялауды талап етіп, журналистер қауымымен бірлесе жұмыс істеп жатқан ҰЕҰ мен белсенділер жұмысының нәтижесі.

Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында феминитивтерді қолдану немесе қолданбау туралы зерттеуді қорытындылай келе, феминист белсенділер мен әйелдер құрған ҰЕҰ және журналистер қауымы арасында байланыс орнатып, оны сақтаудың маңызы жайлы айтқым келеді, өйткені феминитивтерді түсіну үшін БАҚ қызметкерлерінің білімін арттыру керек. Феминитивтерді қолдану гендерлік теңдікке қалай ықпал ететінін саналы түрде түсінген кәсіби мамандар қалыптасып, саны артқанда әйел журналистердің, редакторлардың, лингвистер мен өзге де тіл саласында жұмыс істейтін сарапшылардың басын қосып, пікірталас өткізуге болады.

Зерттеудегі шектеулер

Бір өкініштісі, белгілі бір жағдайларға байланысты сұхбат берушілерден құралған фокус-топпен пікірталас өткізуге мүмкіндік болған жоқ. Зерттеу барысында блогерлермен сөйлесу де мүмкін болмады, дерек жинай және сұхбат ала жүріп, екі танымал блогердің тікелей өзіне хабарлама жазып та, менежерлері арқылы хабарласып та көрдім, алайда сұрағыма жауап ала алмадым.

Дереккөз

Гаврилова Д. Как «авторки» и «экспертки» меняют языки и реальность [Wonderzine.com.]. – 2016. (соңғы қаралған күні: 12.12.2021)

Кирилина А. Гендер и язык. – Москва: Языки славянской культуры, 2005.: – 622 с.

Фуфаева И. Как называются женщины. – Москва: CORPUS, 2020. – 304 с.

Челак Е. «Феминитивы в дискурсе интернет-коммуникации» // Международный научно-исследовательский журнал (78), – 2018. – №12. – С. 197–199.

Regina R. Guzaerova (2018) «Russian feminine nouns with suffix -k(a) in the modern mediaspace». REVISTA SAN GREGORIO, No 25, SPECIAL EDITION OCTOBER (36–43). Portoviejo, Manabi, Ecuador.

ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕВИЗИЯ ЖАРНАМАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ СТЕРЕОТИПТЕР

Айдана Тілеулесова

КІРІСПЕ

Гендерлік стереотиптер – заманауи қоғамдағы маңызды мәселенің бірі. Гендер туралы жалпылама көзқарас пен біржақты пікірлерден гендерлік теңсіздікке және ерлер мен әйелдердің жыныстық сипаттамасына қатысты көптеген проблема мен даудамай туады. Гендерлік стереотиптер оң да, теріс те болуы мүмкін, мысалы, «әйелдер нәзік» немесе «әйелдер әлсіз»; «еркектер күшті» немесе «еркектер дөрекі». Гендерлік стереотип сипаты қандай болса да (оң немесе теріс), ең алдымен, ол гендер арасындағы теңсіздікті күшейтеді, сексизмнің таралуы мен жынысына қарай алалауға жол ашады. Көптеген гендерлік стереотиптер шындыққа сай келмейтін, дегенмен әйелдер мен ерлер туралы қоғамда қалыптасқан, қарадүрсін түсініктерге сүйенеді.

Гендерлік стереотип – ер мен әйелдің қай әлеуметтік топқа жататынына қарай олардың жеке ерекшелігін, сипаттамасын және рөлін солай болуы керек деп қабылдау, таңу (Гоголева, 2019). Жарнамадағы гендерлік стереотиптер адам қоғамда өзін және өз рөлін қалай көретініне әсер етеді, оларға белгілі бір мінез-құлық үлгісін таңып, әлеуетін пайдалануға кедергі болады. Сөйтіп, гендерлік стереотиптер еркек немесе әйелдің көзқарасына теріс ықпал етіп, зиян келтіруі мүмкін. Олардың өзі туралы түсінігі басқалардың көзқарасымен қабыспай, қате болжам жасауы ықтимал.

Көптеген дерекке (Гоффман, 1979; Айвазова, 2017) сүйеніп, гендерлік стереотиптер түбінде психологиялық, физикалық және әлеуметтік тұрғыдан адамның мүмкіндігін шектейді деп тұжыруға болады. Зерттеулер (Гоффман, 1979) жарнама адамдардың жынысына сай болуы керек немесе жынысына сай әрекет етуі керек дейтін, кең

тараған болжамдар мен талаптарға қатысты бірқатар гендерлік стереотиптерді бекітіп, нығайта түседі деген қорытынды жасаған. Жалпы, жас аудиторияны теріс гендерлік стереотиптерден қорғау керек, өйткені жарнамадағы дүние жастарға қатты ықпал етеді. Мұндай стереотиптер гендерлік кімдігі туа біткен жынысына сай келмейтін адамдарға да қиындық тудырады.

Қазақстандағы жарнаманың 52%-ы телеарналардан көрсетіледі («Хабар 24» телеарнасы, 2019). Телевизиялық жарнама – коммуникацияның тиімді құралы. Ол тауарлар мен қызметтер жарнамасын жасаудан бөлек, қоғамдағы қарым-қатынасты көрсетеді, адамдардың нақты мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал етеді. Жарнама – белгілі бір деңгейде гендерлік стереотипті таратуға ықпал ететін көптеген факторлардың бірі.

90-жылдардың басында қазақстандық телеарналар көбіне автономды тәуелсіз жарнамаларды көрсететін (Vlast.kz, 2015). Әйелдерді ері жұмысқа кеткенде үйде қалатын ана немесе жар бейнесінде сипаттайтын. Дәстүрлі көзқарасқа сай әйелдің қоғамдағы гендерлік рөлі бекітіліп қойған, ол үй шаруасын істеп, бала-шағасына қарап, отанасы ретінде үйде отыруға тиіс. (Наисбаева, 2017). Уақыт өте үй шаруасын істейтін әйел бейнесі жұмыс істейтін әйелдермен де толықты; алайда, тіпті қазірдің өзінде, қазақстандық телеарналардан әйелдерді үй шаруасын ғана істейтін адам деп бейнелейтін көріністерді жиі көруге болады.

Зерттеу жұмысында қазақстандық телеарналардан көрсетілетін жарнамаларды талдап, ондағы кең тараған гендерлік стереотиптерді қарастырамыз. Зерттеудің мақсаты – жарнамадағы гендер туралы теріс түсініктерге, стереотиптерге қоғам назарын аударту; соның бәрі гендерлік стереотипке толы рөлдер мен сипаттарды нығайтуға ықпал ететінін көрсету.

Зерттеу құрылымы: кіріспеде зерттеудің проблемасы, мақсаты мен міндеттері талқыланады, сонымен қатар жарнамадағы гендерлік стереотип туралы жазылған әдебиеттерге шолу жасалады. Одан әрі зерттеу әдістері мен деректерді қалай сараптағанымызды, сәйкесінше осы жұмыстардың нәтижесі, пайдаланған материалдар мен құралдар және шектеулер жайлы айтамыз. Одан соң нәтижесін көрсетіп, оның ықтимал себептерін ұсынамыз. Қорытынды бөлімде гендерлік стереотиптерді қолдану себебін талқыладық, әсіресе, әйелдерге қатысты стереотиптер туралы баяндадық. Оған қоса гендерлік стереотиптермен күрес туралы және бұл зерттеудің қоғамға нендей пайдасы барын айтамыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу дерегі ретінде НТК арнасынан көрсетілген жарнамаларды алдық. Олар 2021 жылғы 7 наурызда, 2021 жылғы 7 мамырда, 2021 жылғы 6 қыркүйекте, 2021 жылғы

11 қазанда, 2021 жылғы 16 желтоқсанда, 2021 жылғы 28 желтоқсанда онлайн көрсетілген. Жалпы саны 132 жарнама ролигі көрсетілген. Гендерге қатысы жоқ, бас кейіпкері жануарлар болып келетін роликтер, қайталанған жарнамалар мен анонстарды зерттеу нысаны ретінде алмадық. Осы іріктеуден өткен 93 жарнама ролигін зерттедік.

Жарнама мәтінін зерттеу үшін дискурс-анализ әдісін, ал бейнелерді талдау үшін эмпирикалық әдісті пайдаландық. Жарнама мазмұны мынадай талаптарға сай сарапталып, кодталды: жарнамаланатын қызметтер санаты, бас кейіпкер, бас кейіпкердің жасы, ер мен әйел кейіпкерлердің гендерлік рөлі, олардың гендерлік сипаты және кейіпкерлерді объективтеу деңгейі. Сараптама бірліктері – жарнамадағы диалог/монологтар, бас кейіпкер жасаған бейвербал әрекеттердің визуал, кинесикалық (ым, ишара) элементтері және сырт келбеті.

Әр талапқа сай анықталған айнымалылар мен тиісті мәндер: жарнамаланатын қызметтің тоғыз санаты; қатысушылардың үш түрі: әйелдер, ерлер және екеуі де бар роликтер; бес жас тобы (бала, жасөспірім, жас, орта жас, егде жас); әйелдер мен ерлердің стереотип рөлдері (мамандығы, кәсібі, саласы); сипаттамасы (әр жынысқа қатысты сипат, бейне) және объективтеу деңгейін анықтадық.

Гендерлік стереотип рөлдер – қоғамдағы адам атқаратын белгілі бір әрекет түрлері. Мысалы, әйелдерге бала бағып, үй қызметшісі сияқты үй тірлігін істеуге немесе мейірбике сияқты күтім жасауға тиіс деп қарауы мүмкін. Ер адамдар құрылыс саласында жұмыс істейтін немесе отбасында қаржы мәселесін шешетін, табыс табатын негізгі тұлға ретінде көрсетіледі. Балалар түскен жарнамадан қуыршақпен ойнап отырған қыздарды және жүк көлігі немесе құрылыс ойыншықтарымен ойнап жүрген ұлдарды көреміз.

Гендерлік стереотип сипаттама – белгілі бір жынысқа байланысты сипатталатын мінез-құлық үлгісі. Мысалы, әйелдер сезімтал және ерлерге қолдау көрсететін адам ретінде, ал еркектер озбыр, үстем және эмоциясын білдіре алмайтын адам ретінде сипатталады. Бұған сырт келбетіне қатысты нормалар да, «ұлдарға арналған» және «қыздарға арналған» деп бөлінетін белгілі бір түс пен киімдер де жатады. Әлбетте, бұл санаттар араласып келуі де мүмкін, мысалы, стереотип гендерлік рөлі бар жарнамада стереотип гендерлік сипаттама да кездесетін сәттер болады.

Объективтеу (Словарь гендерных терминов, 2002) – адамды денесіне ғана мән беріп бейнелеу (оның ашық сексуалдық сипатта болуы маңызды емес), сол арқылы оны физикалық нысанға айналдырады. Мысалы, модельдің түрін жасырып, денесінің басқа бір бөлігіне назар аударту, біреуді кемсіту немесе жарнамасы жасалған өнімге қатысы жоқ адам денесін сексуалды етіп көрсету, сол арқылы жарнамаға назар аудартуға тырысу – осының бәрі объективтеу.

Жарнамадағы гендер мәселесінің заманауи шешімі. Қазақстан

Қазіргі БАҚ-тағы гендер проблемасы – бүкіл әлемге кең тараған мәселенің бірі. Алайда Қазақстан халқы оған аса көңіл бөлмейді. Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы заңының» «Жөнсіз жарнама түрлері» деген 7-бабының 3-тарауында жеке тұлғалардың нәсілін, ұлтын, тілін, кәсібін, әлеуметтік жағдайын, жасын, жынысын, діни нанымын және саяси көзқарасын қорлайтын сөздерді, теңеулерді, бейнелерді пайдаланып, жалпыға бірдей ізгілік пен мораль нормаларын бұзатын мәтіндік, визуал, дыбыстық ақпараты бар жарнама бейәдеп жарнамаға жатады деп жазылған. Алайда заңда мораль нормаларына нендей әрекеттер жатпайтыны көрсетілмеген және сексист жарнамаларды таратуға тыйым салынбаған. Осыдан барып қазақстандық БАҚ-та жарнамаға салынатын бірқатар тыйым мен шектеулер бар, дегенмен гендерлік стереотипке келгенде мұндай тыйым мен шектеулер жоғын байқаймыз.

Украина

Украина бұқаралық ақпарат құралдарында гендерлік стереотипке қатысты жағдай біршама жақсы. Жоғарғы Рада 2021 жылғы 10 қыркүйектегі екінші оқылымында гендерлік дискриминацияға қарсы жұмыс істейтін «О внесении изменений в закон Украины «О рекламе» относительно противодействия дискриминации по признаку пола» деген заң нормасын қабылдап, жариялады. Заң 2021 жылғы желтоқсанда күшіне енген. Оны 450 депутаттың 307-сі қолдаған. Түзетілген заң жобасында жарнама өнімінде адамды жынысына қарай алалауға және кез келген сексизмге тыйым салынған. Бұған еркек әйелге физикалық зорлық-зомбылық көрсетуі немесе керісінше жағдайлар, гендерлік стереотиптер, жынысына қарай абыройына нұқсан келтіру; бір жыныстың екіншісінен ақыл-ой, физикалық, әлеуметтік, қаржылай немесе басқа да жағынан басым екенін көрсетуі кіреді. Сонымен қатар мүшеқап сияқты өнімдерді қолдануға қатысы болмаса, көптің наразын аударту мақсатында адам денесін сексуалдандыру, жыныстық қатынасты меңзейтін кез келген дыбыс, сурет пен сөзге тыйым салынған.


Ұлыбритания

Британ жарнамасында да гендерлік стереотипке тыйым салынған. Бұдан былай ерлер бар күшін салып киім жууға тырысқанын көрсеткен немесе әйелден жағажай демалысына қалай дайындалып жатқанын (*beach body*) сұраған жарнамалар көрсетілмейді. Ерлер баланың жөргегін ауыстыра алмай әлектенбейді, әйелдер үй жинамайды, ерлер диванда жатпайды, әйелдер автокөлігін тұраққа қоя алмай қиналмайды. Гендерлік стереотипке сүйенген мұндай жарнамаларды енді Ұлыбританиядан таппайсыз. Жарнама стандартын қадағалайтын басқарма мұндай өзгеріс болғанын

желтоқсанда хабарлаған (Advertising Standards Authority, 2019), дегенмен заң күшіне енгенге дейін түзету жұмыстарын жүргізу үшін компанияларға алты ай уақыт берілген. Жарнама стандартын қадағалайтын басқарманың (ASA) атқарушы директоры Гай Паркер былай дейді: «Жарнамадағы жағымсыз гендерлік стереотиптер салдарынан бәрімізге зияны тиетін қоғамдағы теңсіздік мәселесі туады. Мұны қолда бар деректерге сүйеніп айтып отырмыз». Ұлыбританиядағы Жарнама стандартын қадағалайтын басқарма (ASA) ұлдар мен қыздарға белгілі бір стереотип таңатын жарнамаға да тыйым саламыз дейді. Мысалы: ұлдар батыл, қыздар нәзік деген секілді тұспал болмайды; стереотипке сай әйелдің жұмысын (үй жинау, кір жуу немесе бала бағу) істей алмай жатқан ерлерге күлмейтін болады.

Қазақстан жарнамасын сараптау. Жарнама қызметтері

Жарнама кампаниясы көрсететін қызметіне қарай тоғыз санатқа бөлінген: азық-түлік өнімдері, дәрі-дәрмек, тұрмыстық химия, бьюти-өнімдер, қызметтер, жануарларға арналған өнімдер, құрылыс материалдары, киім-кешек пен ойыншықтар. Ең көп тараған қызмет түрлері: азық-түлік өнімдері (45), одан әрі дәрі-дәрмек (13), тұрмыстық химия (11), бьюти-өнімдер (9) және мобильді қосымша, банктер, ұялы байланыс операторлары және т.б. қызмет түрлері (9). Жарнама ролигінде көрсетілетін осы қызмет санаттарына сүйеніп, Маслоудың қажеттілік пирамидасын жасауға болады (1-диаграмма).



1-диаграмма. Маслоудың қажеттілік пирамидасы

1-диаграммада, ең алдымен, адамның физиологиялық қажеті (азық-түлік), одан соң – қауіпсіздікке қажет заттар (дәрі-дәрмек) және тиісті болу қажетіне (тұрмыстық химия мен бьюти-өнімдер т.б.) жататын өнімдер берілген

Бас кейіпкер

Сарапталған жарнама роликтерінің отыз бесіндегі бас кейіпкер – әйелдер, ерлер 28 роликте негізгі рөлді сомдаған, ал екеуі де бас кейіпкер болған ролик саны – 32. Кестеде ең танымал төрт қызмет санатындағы бас кейіпкерлердің (еркек, әйел, екеуі де бар) көріну жиілігі ұсынылған.

Қызмет санаты	Әйелдер	Ерлер	Екеуі де бар
Азық-түлік	13	8	26
Дәрі-дәрмек	7	6	-
Тұрмыстық химия	2	6	3
Бьюти-өнімдер	9	-	-
Қызметтер	2	5	2
Құрылыс материалдары	-	2	-
Киім-кешек	1	1	-
Жануарларға арналған өнімдер	-	-	1
Ойыншықтар	1	-	-

1-кесте. Қызмет санатына қарай гендердің бөлінуі

1-кестеден көргеніміздей, әйелдер көбіне осы категориялар арасында азық-түлік жарнамасын жасаған роликтерде бас кейіпкер болған. Әйел кейіпкерлер құрылыс материалдары қызметіне жарнама жасаған роликтерге мүлде түспейтінін айта кету керек. Азық-түлік өнімдеріне жасалған жарнамада еркектер де жиі бас кейіпкер болады. Ал бьюти-өнімдерге жасалған жарнамаларда тек әйелдер бас кейіпкер болған.



Жас тобы

Бас кейіпкерлерді бес жас тобына бөліп алдық: балалар (0–16), жасөспірім (16–25), жастар (25–35), орта жастағылар (35–55), егде жастағылар (55–75). Кестеде ерлер мен әйелдердің жас тобына қарай көріну жиілігі ұсынылған.

Жас тобы	Әйелдер	Ерлер
0–16 – балалар	2	1
16–25 – жасөспірім	9	7
25–35 – жастар	21	9
35–55 – орта жастағылар	3	13
55–75 – егде жастағылар	5	4

2-кесте. Бас кейіпкердің жасы

2-кестегі дерекке қарап, көбіне жас, яғни 25–34 жас аралығындағы әйелдер бас кейіпкер етіп таңдалғанын көреміз, бұл дәл осы жастағы бас кейіпкер болған ер адамдардан 70%-ға көп (21: 9). Ал бас кейіпкер болған еркектердің дені – орта жастағы, яғни 35–55 жас аралығындағы адамдар. Бұған қарап Қазақстанда гендерлік рөлге бөлгенде сұлулығы сақталған және бала көтере алатын жастағы әйелдерге көп мән беретінін айту керек; ал орта жастағы ер адамды таңдау арқылы қызметте жетістікке жеткеніне, билігі мен беделіне мән береді.

Айта кетерлік бір жайт, 25–35 жастағы әйел кейіпкерлер бьюти-өнімдер мен азық-түлік өнімдерінің, ал 35–55 жастағы еркектер дәрі-дәрмек, қызмет көрсету және құрылыс материалдарының жарнамасын жасаған роликтерге түседі.



Гендерлік рөл

Гендерлік рөлге мамандық, әлеуметтік дәреже, қызмет пен белгілі бір кәсіп саласындағы ерлер мен әйелдер рөлі кіреді. Зерттеу барысында таңдалған қазақстандық жарнама роликтерін сараптағанда бас кейіпкер рөліндегі ерлер мен әйелдердің көріну жиілігі мен жарнамадағы жыныстық-рөлдік стереотиптердің болуына мән бердік. Сараптама нәтижесінде жарнама ролігінде еркектерге қарағанда әйелдер жиі көрінетінін байқадық. Дегенмен еркектің тауар өндіруші немесе жақсылық жасаушы деген ерекше рөлі бар, ал әйел тұтынушы болумен шектеледі. «Мистер Пропер» тазартқыш құралының жарнамасына зер салайық (1-сурет), ондағы еркек (Мистер Пропер) еден жуудың мінсіз формуласын ойлап тапқан. Ал бас кейіпкер – егде жастағы әйел, сол құралды пайдаланатын адам.



1-сурет. Е – өндіруші, Ә – тұтынушы.
«Мистер Пропер» жарнамасы

Оған қоса роликтерден жарнамасы жасалған өнімдер қызметі кейіпкерлердің жынысына қарай нақты бөлінгенін де байқадық. Мысалы, әйел кейіпкерлер көбіне бьюти-өнімдерге, күтім жасауға арналған құралдар мен тазартқыш заттар жарнамасына, ал еркек кейіпкерлер тұрмыстық техника, электроника мен жиһаздар жарнамасына түседі.

Әйел және еркек кейіпкерлер ойнайтын ортаның да өз айырмашылығы бар.

Әйелдерге қарағанда еркектер жұмыс орнында екі есе көп отырса, еркектерге қарағанда әйелдер төрт есе көп үйде отырады. Бұған қарап еркектердің гендерлік рөлі жұмыс және мансаппен байланысты болса, әйелдердікі үй шаруасын істеуге тіреледі деп жорамалдауға болады. Жарнама мазмұнына келсек, гендерлік стереотип рөлдер жиынтығы айқын байқалады. Қазір Қазақстан телеарналарынан көрсетілетін жарнамалардағы еркектер табысты кәсіпкер, басшы, өрт сөндіруші және отағасы ретінде сипатталады. Мысалы, *Laus* чипсінің жарнамасында еркектер университет профессоры немесе ғарышкер болып ойнайды (2-сурет). Ал басқа жарнама роликтеріндегі әйелдер үй шаруасын істейтін бақытты отанасы (3-сурет), ана немесе фотомодель рөлін сомдайды. Осыған қарап жарнамадағы гендерлік рөлдер билік, еркіндік пен беделді әйелдермен емес, еркектермен байланыстыратынын көреміз.

Әйелдің келін ретіндегі дәстүрлі рөлі де қазақстандықтардың санасына сіңіп кеткен, оны «*Нектар Солнечный*» шырынының жарнамасынан көруге болады, енесі келініне бүкіл отбасына шырын құйып бер дейді, бұл қазақтың «келін шай» дәстүріне

ұқсатып жасалған. Дәстүр бойынша, жаңа түскен келін қонақтардың бәріне шай құйып, құрмет көрсетуі керек.

Рөлдің мүлде керісінше бөлінгенін тым сирек байқаймыз, мысалы, *Raffaello* жарнамасында әйел жұмыстан қолы тимейтін сәулетші болып жүрсе, ері сезімтал, романтик пианист рөлін сомдайды. Ал *Coca-Cola* жарнамасында ері үйде балаларына қарап, тамақ істесе, әйелі кеңседе жұмыс істеп жүреді.



2-сурет. Е – ғарышкер. *Lays* жарнамасы



3-сурет. Ә – үй шаруасындағы әйел. *Garnier* жарнамасы

Гендерлік сипаттама

Гендерлік сипаттамаға белгілі бір жынысқа тән мінез-құлық үлгісі, сырт келбет нормалары кіреді. Кір жуатын ұнтақтың жарнама роликтерінде еркектер айналасын ластап, шашып жүретін адамдар секілді сипатталады, мысалы байқамай үстіне тамақ төгіп алады (4-сурет), кірлеткен затын лақтыра салады (5-сурет). Ал әйелдер кір затты жуып тастауға, үйді жинап қоюға құмар адамдар ретінде сипатталады; салақсып, айналасының ыбырсығаны не кір-қожалақ болып жүру олардың жүйкесіне тиеді. Мұндай мінез-құлықты басты рөлде актриса Динара Бақтыбаева ойнайтын *Fusetea* сусынының жарнамасынан айқын байқайсыз. Қазақстандық кино актрисасы бұл роликте шашылып жатқан бөлмесін көріп күйіп-піскен, күйгелек қыздың рөлін сомдайды.



4-сурет. Е – салақ. *Ariel* жарнамасы



5-сурет. Е – ұқыпсыз. *Persil* жарнамасы

Жарнама роликтерін сараптай келе бьюти-өнімдер жарнамасына түскен әйелдердің мінез-құлқы әрқилы етіп көрсетілгенін байқадық: бірі өзіне сенімді, пысық, сезімтал болса, енді бірі өзіне және сырт келбетіне көңілі толмайды. Бұл – қазіргі заманның үлкен проблемасы, өйткені теледидар әйел бейнесі осындай болуы керек деген пікір қалыптастырып, сұлулық стандартын бекітетін құралға айналған; сондықтан әйелдер өз келбетіне көңілі толмай, қапалануы мүмкін. *Garnier* шаш бояуы жарнамасынан да осыны байқауға болады. Жарнаманың бас кейіпкері – орта жастағы әйел, ол шашына ақ түскенін көріп, қымсынады. Мәселені шешудің жалғыз жолы шашымды бояу деп ойлайды. Егде жастағы әйелдердің бетіне әжім түсірмейді дейтін *Loreal* кремі жарнамасын да мысалға алуға болады. Қоғам ағарған шаш пен беттегі әжім тек әйелдердің проблемасы, оның еркектерге мүлде қатысы жоқ деген біржақты ой қалыптастырады. Нәтижесінде әйелдер еркектерге қарағанда сырт келбетіне көңілі толмай, өзін сынауға бейім тұрады.

Еркектердің мінез-құлқына қатысты тағы бір стереотип үлгі: әйел мен еркек танысқанда, бірінші қадамды еркек жасайды, ол өзіне ұнап қалған әйелді қаратуға тырысып, сыйлық беріп, қамқор болады. *Orbit* сағызының жарнамасында маркетинггерлер адамды мекиенін өзіне қарату үшін қауырсынын жайып жіберетін қораз-тауысқа ұқсатады. Еркектерді осындай стереотипке сай сипаттау белгілі бір мінез-құлқы үлгісін қалыптастырады, ол әсіресе жеке пікірі қалыптаспаған жас аудиторияға қауіпті. Осындай жарнаманы көрген жастар жағдайдың балама нұсқасы туралы ойламауы мүмкін, мысалы, қыз бірінші болып жігітпен таныспайды деген ой қалыптасады.

Еркек кейіпкерлер көбіне спортпен шұғылданатын, соның ішінде экстремал және белсенді спортқа жақын адам ретінде сипатталатынын да айта кету керек. Мысалы, *Altel* жарнамасында еркек парашютпен секіреді; *Coca-Cola* жарнамасында баскетбол ойнайды; *Sportmaster* ұсынған жарнамада хоккей мен футбол ойнап жүреді; *Snickers* жарнамасында құзға өрлейді; *Doritos* түсірген жарнамада аюды қолға үйретеді. Ал әйел кейіпкерлер спорттың қауіпсіз әрі көркем түрлерімен айналысады, мысалы, *Sportmaster* жарнамасында олар мәнерлеп сырғанаса, *Coca-Cola* жарнамасында билейді.

Бас кейіпкерлер рөлін екі ер адам ойнайтын *Activ* байланыс желісінің жарнамасына бөлек тоқтала кетейік. Бірі – құрбан, екіншісі – абьюзер. Жарнама ролигінде абьюзер қараңғы көшеде келе жатқан құрбанды ұстап алып, тонамақ болады; мұны еркектер ғана істейді дейтін стереотипке сай, озбырлық көрсетеді. Алайда жәбір көрген адам да қарап қалмай, күшті әрі батыл екенін көрсетіп, бұзақының сазайын береді; бұл да – еркектерге тән дейтін мінездің бірі.

Сырт келбет нормасына келсек, жалпы алғанда, ерлер мен әйелдер туралы түсінікте ілгерілеу бар. Мысалы, *Coca-Cola* жарнамасында тырнағын бояп алған жас жігіт

бас кейіпкер рөлін ойнайды (6-сурет). Демек, ерлер де тырнақ бояуына болады деген түсінік қалыптасып келеді.

Алайда бұл – әйелдер ғана істейді дейтін стереотип сипаттаманың еркек кейіпкер бойынан байқалған жалғыз мысалы. Ал әйел кейіпкерлерді еркекке тән сипатта бейнелейтін, яғни табысты, беделді және күшті етіп көрсететін жарнамалар анағұрлым көп. Мысалы, «*Бонпари*» жарнамасында егде әйел немересін бір қолымен ақ басынан асырып лақтырып жібереді; *Tess* жарнамасында әйел штурвалға тұрып, яхтаны басқарады; *Lego* жарнамасында қыз бала машинамен ойнайды. Бұған қарап біздің қоғамда еркекті әйелге ұқсатқаннан гөрі, әйелді еркекке ұқсатқанды жатсынбайтынын байқаймыз. Демек, Қазақстан қоғамында әйелге тән деп жүрген стереотиптерге қарағанда еркекке тән стереотип сипаттар жоғары бағаланатын болып тұр.



6-сурет. Е – маникюр. *Coca-Cola* жарнамасы

Әйелдер мен ерлер бейнесін объективтеу

Бас кейіпкерлерді объективтеу жағы, яғни олардың сексуалдығы өнімді сатуға немесе қызметті өткізуге қолданылатын нысан ретінде көрсетілу деңгейі сарапталды. Мұқият сараптау нәтижесінде еркек кейіпкерді объективтеген үш жағдай, әйел кейіпкерді объективтеген екі жағдай анықталды.

Мысалы, *Pampers* (7-сурет) жарнамасындағы бас кейіпкер әйелдің иығы мен омырау тұсы ашық. *Kitkat* жарнамасындағы бас кейіпкер де – ернін қып-қызыл далаппен бояған, жырығы санына жетіп тұрған ұзын көйлек киген әйел. Еркек кейіпкерлерді объективтеу одан да айқын байқалады, мысалы, *Old spice* (8-сурет) және *Gillette* жарнамасында кеудесі жалаңаш еркектер бұлшық етін көрсетеді; бұл да – еркек денесі туралы стереотип түсінік, мұндай көрініс ерлер арасында өз денесін қор санап, ұялуына себеп болуы мүмкін.



7-сурет. Ә – нәзік. *Pampers* жарнамасы



8-сурет. Е – жалаңаш дене. *Old spice* жарнамасы

Жалпы алғанда, бұл жарнамадағы (7-сурет) әйел денесін көрсеткенін, сипағанын ақтап алуға болады, өйткені оның жарнамасы жасалған өнімге тікелей не жанама қатысы бар, мұнда бас кейіпкердің тек сырт келбетіне мән беріп тұрған жоқ. Ал *Izi* мобильді операторының жарнама ролигінен магнитофон қосып, музыка даусын қатты шығарып жатқан жалаңаяқ әйелді көреміз. Бұл роликтегі объективтеу жарнамасы жасалған өнімге қатысы жоқ, әйел бейнесін сексуалдандырғаны айқын байқалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөзімізді қорыта келе, қазақстандық телеарналардан көрсетілетін жарнамаларда гендерлік стереотип бар дей аламыз. БАҚ-тағы гендерлік стереотипке қарсы күрескен шетелдіктер тәжірибесін сараптаған деректер бұл мәселенің өзекті екенін дәлелдеген әрі біздегі осы мәселені шешіп, қазақстандық қоғамның дамуына үлес қосатын бірнеше жол көрсеткен.

Жұмыс барысында НТК телеарнасынан көрсетілген жарнама роликтері сарапталды. Роликтер бас кейіпкерлердің жыныс, жас, гендерлік рөлі мен сипаты және ерлер мен әйелдер бейнесін объективтеу деңгейіне қарай таңдалды. Сараптау нәтижесінде ерлер мен әйелдер туралы негізгі гендерлік стереотиптерді анықтадық. Әйелдерді сырт келбеті мен сұлулығына ғана мән беретін, мысалы, арық болуға, сәннен қалмауға, бояну мен әшекейге әуес деп сипаттайтын стереотиптер барын байқадық. Әйелдерді батыл, беделді кәсіпкер емес, үй шаруасын ғана істейтін пассив адам етіп сипаттау жиі кездеседі. Ал еркектерді сырт келбетінен бұрын, тұлға ретінде қалыптасуына, жетістігіне көп көңіл бөлетін адам деп көрсеткен. БАҚ еркектерді ақылды әрі отбасын асырай алатын табысты, үйінде де, қызметінде де абыройлы адам ретінде сипаттайды. Дәстүрге сай Қазақстан маскулинді мәдениеті басым, ерлерді әйелдерден жоғары қоятын мемлекет болғандықтан, бұқаралық ақпарат құралдары да ерлер мен әйелдердің дәстүрлі рөлін басшылыққа алып, осындай гендерлік стереотиптерді әдейі көрсетеді деген ой түйесіз. Мұндай дәстүрлі, консерватив, шектелген гендерлік рөлге оралу қоғамды жынысына қарай бөлуге жетелейді, яғни ерлер қоғамдық және саяси салада жетекші саналады, ал әйелдер отбасы, ошақ қасынан аспайтын адам болып қалады.

БАҚ-тағы гендерлік стереотипке қарсы күресті шешудің бір жолы – мониторинг жасайтын комиссия құру. Мұндай комиссия БАҚ-тағы стереотиптерді анықтау, Украина мен Ұлыбританиядағыдай халықаралық тәжірибені қолдану, гендерлік стереотип пен жыныстарды сексуалды етіп көрсететін жарнамаларға заң жүзінде тыйым салу және аталған мәселені барынша көтеріп, кеңінен насихаттау жұмыстарын атқаруы

керек. Проблеманы шешудің тағы бір жолы – гендерлік тұрғыдан бейтарап жарнама роликіне тән критерийлер нақты көрсетілген, жарнама кампанияларына арналған чек-лист жасау. Мұндай тәжірибе мемлекеттің саяси, экономикалық, құқықтық және әлеуметтік-мәдени дамуына оң ықпал етеді.

Дереккөз

Айвазова С.Г. Гендерный дискурс в поле консервативной политики // Женщина в российском обществе. – 2017. – №4. – С. 313.

Гоголева Е.Н. Гендерные стереотипы в телевизионной рекламе как отражение гендерного неравенства // Женщина в российском обществе. – 2019. – №1. – С. 77–86.

Грошев И.В. Гендерная невербальная коммуникация в рекламе // Социологические исследования. – 1999. – №4. – С. 71–77. – URL: http://ecsocman.hse.ru/data/020/542/1217/009_goshev_Gendernye_issledovaniya.pdf

Козлов К. «Казахстанская реклама 90-х». – 2015. – URL: https://vlast.kz/obsshestvo/kazahstanskaja_reklama_90_h-10536.html (жарияланған күні: 15.04.2015) – Vlast.kz

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508 «Жарнама туралы» Заңы. – 2003. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000508_

Закон Украины «О рекламе» от 4 мая 2020 года №3427. – 2020. – URL: https://ips.ligazakon.net/document/JI02003I?utm_source=biz.ligazakon.net&utm_medium=news&utm_content=bizpress05

Наисбаева А.К. Стереотипы женского образа в казахстанской рекламе как отражение современной культуры страны // Культурология и искусствоведение: материалы III Междунар. науч. конф. – Санкт-Петербург, 2017. – С. 31–34. – URL: <https://moluch.ru/conf/artcult/archive/247/12749/>

Словарь гендерных терминов // Информация XXI век. Под ред. А.А. Денисовой М.: – 2002. – С. 256. – URL: <http://www.owl.ru/gender/>

«52% рекламы в Казахстане размещают на телевидении». Телеканал «Хабар 24» – 2019. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=3vGzFLO9OIs>. – YouTube

Advertising Standards Authority «Ban on harmful gender stereotypes in ads comes into force». – URL: <https://www.asa.org.uk/news/ban-on-harmful-gender-stereotypes-in-ads-comes-into-force.html> (жарияланған күні: 14.06.2019)

Bourdieu P. La domination masculine. Paris: Seuil, 1998. 142 p. URL: <https://www.mondediplomatique.fr/1998/08/BOURDIEU/3940>

Goffman, E. (1979) Gender Advertisement, New York, Haggerstone, San Francisco, London: Harper & Row Publishers

Hofstede, G. (2001), Culture's Consequences: Comparing Values, Behaviors, Institutions, and Organizations Across Nations, 2nd ed. Sage, Thousand Oaks, CA.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕДИА: КТК, АЙҚЫН ЖӘНЕ WWW.MALIM.KZ МЕДИА ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Есенгүл Кәпқызы

КІРІСПЕ

Қазақстанда көпбалалы аналар тақырыбы гендер тұрғысынан талқыға түсіп көрген жоқ. Көп ақпарат құралы бұл мәселеге тек қоғамдық проблема немесе әлеуметтік түйткіл ретінде ғана баға беріп келді. Ал қазақ медиасындағы әйелдер, соның ішінде көпбалалы аналар репрезентациясы ғылым тұрғысынан сарапталып, жүйелі түрде зерттеу нысанына айналмаған.

Жалпы, гендер мәселесінің өзі әлемдік медиақауымдастық назарына тек өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап іліккен. Дегенмен ғалымдар медиа бұл тақырыпқа 1980–1990 жылдары түбегейлі назар аудара бастаған дейді. Мәселен, Американың *New York Times* газеті жүргізген зерттеуге сүйенсек, «тұрмыстағы зорлық-зомбылық бойынша 1970–1976 жылдары Америка басылымдары жеті-ақ мақала жарияласа, 1971 жылы Британияның *The Sun*, *The Daily Mirror* және *The Times* газеттерінде «зорлау» туралы 31 мақала шыққан. 1978 жылы бұл тақырыптағы мақалалар екі есе, 1985 жылы тағы екі есе көбейген» (Ross & Byerly, 2006).

Кеңес одағы құлағаннан кейін Қазақстандағы қоғамдық жүйе біршама өзгерді. Ұлттық құндылықтарға сүйенген мемлекет құру идеясы талқылана бастады. Бұл қоғамдағы әйелдің рөлі мен міндеті біршама өзгеруіне ықпал етті. Дәстүрлі қазақ басылымдары әйелдің орны отбасы, ошақ қасы деп, ана, жар ретінде суреттеуді өз міндеті санады. (Nuketayeva, et al., 2012). Қазақстандағы гендерлік қарым-қатынас әйелдің әлеуметтік ортадағы ана болу қызметін ерекше бағалайтын дәстүрлі деңгейде

деп сипаттайды. Олардың пайымдауынша, маскулиндік – басты әрі позитив дүние, ал фемининдікке негатив әрі перифериялық сипат берілген. Дәл осы идеяны Әлия Қожабекова бастаған өзге авторлар да қолдайды: «Пост-кеңестік Қазақстанда кейінгі жиырма жылда жүргізілген реформалар мәдени құндылықтарды біршама өзгертті. Идеологиялық қадағалау жойылғаны екі түрлі көзқарас қатар дамуына мүмкіндік берді: біріншісі – батысқа тән либералдық көзқарас, мұнда отбасы мен отбасындағы әйел рөліне батыстағыдай қарайды; екіншісі – ұлттық көзқарас, мұнда отбасылық құндылықтар және еркектің отағасы ретіндегі ерекше рөліне баса мән береді. Бұл экономикалық және идеологиялық факторлар әйелдердің мемлекеттік және лауазымды қызметтерді атқаруына ықпал етуге тиіс еді, алайда оның қалай ықпал еткені айқын емес» (Kuzhabekova et al., 2017).

Осы тұрғыдан қарастырғанда, қазақ басылымдарындағы көпбалалы аналар репрезентациясы қалай болды? Медиа «көпбалалы ана» категориясын қалай сарапқа салды және қалай пайдаланды? Бұл зерттеуде осы сұрақтарға жауап іздеп, қазақ тіліндегі үш медиа құралы: «Айқын», КТК және Malim.kz сайттары көпбалалы аналар бейнесін көрсеткенде қандай бағыттарға басымдық бергенін анықтауға тырыстық.

Негізгі зерттеу нысанына алынған материалдар 2019–2021 жылдары жарияланған. Бұл кезең Қазақстандағы көпбалалы аналар қозғалысы белең алған кезге тұспа-тұс келеді. 2019 жылы бұрынғы Астана (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласында тұратын Ситер отбасындағы 5 бүлдіршін отқа оранды. Ата-анасы жанбағыс қамымен жүріп, үйде ең үлкені 13 жаста, кішісі әлі жасқа толмаған бес бала қараусыз қалған. Бұл қайғылы жағдайдың аяғы көпбалалы аналардың толқуына ұласты және үкіметтің әлеуметтік саясатына аз да болса өзгеріс енгізілді. Қазақ медиасы да бұл тақырыпқа осы кезеңде назар аудара бастады әрі көптеген материал жарық көрді. Гендерлік зерттеулер мұндай толқулар әйелдердің бірігіп, күшке айналуын және саясатқа араласуы деңгейін арттырды деп баға берген (Maltseva, 2021).

Зерттеу әдіснамасы

Медианың белгілі бір адамдарды репрезентациялауы салдары гендер ұғымының әлеуметтік, мәдени және саяси астарын мүлде өзгертіп жібереді. Шын мәнінде, медиадағы репрезентация мен шындық арасы үнемі алшақ жатады. Стюарт Халл медиадағы репрезентацияны сипаттау үшін үш түрлі категория ұсынады: рефлексив, мақсатты (*intentional*) және конструктив әдіс (Krijnen & Bauwel, 2015 cited in Stuart Hall, 2013). Зерттеушілер медиада әйел мен еркектің үлес салмағы рефлексив түрде ұсынылуын сол қоғамның айнасы деп біледі. Ал репрезентация ұсынушының белгілі бір

мақсатты көздеуі өте аз зерттелген екен. Конструктив әдіс – репрезентация мен мағына арасындағы белгілі бір келісім нәтижесі.

Зерттеушілер гендерлік репрезентацияны айқындау үшін әлеуметтік зерттеу саласының контент және дискурс-анализ әдістерін қолдануды ұсынады. Өйткені осы әдістер арқылы медиадағы басым топтардың дискурстары сарапқа салынып, идеологиясы әшкереленеді.

Зерттеушілер контент-анализге түрлі анықтама береді. Мәселен, Роберт Филипп Вебер (1990) мәтіндегі тұжырымдарды негіздеуге қолданылатын процедуралар жиынтығы (Riffe et al., 2019 cited in Weber, 1990) десе, Клаус Криппендорф (1980) оның сенімді әрі шынайы болуына баса назар аударып: «Контент-анализ – мәтін контексіндегі деректерге сүйенген әрі қайталанатын тұжырымдар жасауға қолданылатын зерттеу әдісі» дейді (Riffe et al., 2019 cited in Krippendorff, 1980). Бұл жердегі деректер сандық контент-анализ редуционистік екенін, коммуникация құбылыстарын сол құбылыстар туралы қорытынды жасауға негіз болатын басқарылатын мәліметтерге (мысалы, сандарға) дейін төмендететін іріктеу, операциялық немесе өлшеу процедуралары барын еске салады.

Дегенмен зерттеушілердің көбі Бернард Берелсонның анықтамасына сүйенгенді жөн көреді. «Контент-анализ – коммуникация мазмұнын объектив, жүйелі және сандық тұрғыдан сипаттайтын зерттеу әдісі» (Riffe et al., 2019 cited in Berelson, 1952). Бұл әдісті қолданғанда жүйелі әрі репродукционистік, қайталанатын символдар мен коммуникация символдарына баса назар аудару керек. Сондай-ақ шынайы, объектив және айқын болуды талап етеді.

Контент-анализ сандық зерттеу әдісі саналса, сыни дискурс сапалық зерттеуге жа тады. Сыни дискурс анализдің атасы саналатын Норман Фейрклоу (Fairclough, 1995) дискурсты үш түрлі санаттан қарастыру керек дейді. Олар: текстологиялық немесе мәтінді талдау, оның дискурсив практикасы мен әлеуметтік салдарын түсіну.

Масс-медиа тілінде үнемі екіұшты мағына болады, әрі сол мағына арқылы оқырман немесе көрермен көңілін аулау, қоғамда пікір қалыптастыру мақсаты жатуы мүмкін. Сыни дискурс-анализ (СДА) мақсаты – масс-медиа әлдекімдердің үгіт-насихат алаңына айналуына жол бермеу, сондықтан сыншылар, зерттеушілер масс-медиа тілін үнемі қадағалап отыруы керек. СДА дискурстың қоғам, идеология және саясаттың қолшоқпарына қалай айналатынын зерттейді, масс-медианың қоғамға тигізетін зиянын азайту үшін масс-медиа идеологиясын анықтауға көмектеседі (Berger, 2014).

Контент-анализді қолданып көпбалалы аналар туралы мақалаларды сандық және мазмұндық тұрғыдан сарапқа салу көзделсе, Фейрклоудың үш санатты талдауына сүйеніп, сыни дискурс-анализге жүгінеміз. Сондай-ақ Стюарт Халл ұсынған гендер репрезентациясының үш санаты бойынша сараптама жасаймыз.

Бұл зерттеуде қазақ басылымдарындағы көпбалалы аналар репрезентациясы қалай болды, медиа «көпбалалы ана» категориясын қалай сараптады және бұл категорияны қалай пайдаланды деген зерттеу сұрақтарына жауап іздейміз.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нысаны ретінде үш медиа құралы арнайы таңдалды. Басты критерий – медиа құралдарының құрылтайшылары. Мысалы, «Айқын» газеті билік партиясы – «Нұр Отан» (қазіргі «Аманат») партиясының басылымы болса, КТК телеарнасы өзін жекеменшік арна деп атайды. Алайда арна басшыларының бірі, «Портрет недели» бағдарламасының жүргізушісі Артур Платонов – «Нұр Отан» партиясы атынан сайланған Мәжіліс депутаты. Malim.kz – 2020 жылғы ақпанда ғана ақпарат нарығына шыққан тәуелсіз сайт.

Зерттеу барысында «Айқын» газетінен 84 ақпарат (мақала деген категорияға сай келетіні өте аз), КТК арнасының «Дау-дамайсыз» бағдарламасының кейінгі үш жылдағы 15 шығарылымы және Malim.kz сайтының 9 материалы сарапталды.

«Айқын» газеті

Aikyn.kz сайтынан «көпбалалы ана» хештегімен 2019–2021 жылдары жарияланған 84 материал табылды. Материалдардың басым бөлігі ақпараттық сипатта (1-диаграмманы қараңыз). Жағдайды сараптаған, көпбалалы аналардың проблемаларын айқындаған мақалалар жоқ. Десе де ақпаратқа тән емес, кей проблемаларды қозғаған жарияланымдарды да «проблемалық» мақалалар қатарына жатқызып отырмыз.



1-диаграмма

Барлық 84 материалдың 70-і ақпараттық сипатта, қалған 14-і проблеманы жанай өткен.

Бұл ретте басылым мақсаты елді дүр сілкіндірген көпбалалы аналар қозғалысының себебіне үңілу, әлеуметтік проблеманы зерттеу болмағанын көреміз. Керісінше, басылым осы үрдісті пайдаланып, өзін қаржыландыратын топтарға немесе құрылтайшыларына жарнама жасап кеткен. Гендерлік проблеманы зерттеушілер Карен Росс пен Каролин М. Байерли кез келген санаттағы әйелдер әлдекімдердің құралына айналады деген: «Сайып келгенде, бұл кез келген технологиялық трансформация секілді жай ғана құрал екенін ұмытпауымыз керек. Олардың шешуші факторына осы технологияға қатысы барлар мен қадағалайтындар ықпал ете алады» (Ross & Byerly, 2006).

Бұл ретте «Айқын» газеті де «көпбалалы аналар» тақырыбын құралға айналдырғанына куә боламыз. Ендеше оларды құралға айналдырып отырған кім? Материалдарды талдау барысында байқағанымыз – мемлекеттік институттардың көбі осы тақырып арқылы өзіне жарнама жасап қалуға тырысқан. Мәселен, біз сарапқа салған материалдарды талдай отырып әкім-қаралар, билік және партия өкілдері өзін жарнамалау үшін көпбалалы аналар тақырыбын желеу етіп, өздері оларға нендей қамқорлық жасап жатқанына баса назар аударатынын байқаймыз. 2-диаграммаға назар аударыңыз.



2-диаграмма

Демек, осы тақырып арқылы түрлі деңгейдегі әкімдер (аудан, қала, облыс), «Нұр Отан» (қазіргі «Аманат») партиясы, билік мейлінше өз имижін көтеруге тырысқанын байқаймыз.

«Айқын» газетінде COVID-19 пандемиясы кезінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі ғимаратының алдына түнеген аналар туралы материал жоқ. Яғни журналистер оқырманға сүзгіден өткен ақпаратты ғана ұсынады.

Басылымдағы материалдар тақырыбын талдай отырып, ондағы негізгі дискурс көпбалалы аналарға беріліп жатқан жәрдемақы, көмек төңірегінде болғанын байқау қиын емес. 3-диаграммаға қараңыз:



3-диаграмма

Тақырыптарды сарапқа салсақ: «Көпбалалы аналарға үй берілді» (Айқын, 2020а); «Көпбалалы отбасылар баспана кілтін алды» (Айқын, 2021а); «Көпбалалы аналарға – баспана» (Айқын, 2021b); «176 көпбалалы отбасы баспаналы болады» (Айқын, 2021с); «Көпбалалы отбасыларға пәтер беру басталды» (Айқын, 2021d); «Көпбалалы аналар пәтер алды» (Айқын, 2021е); яғни 14 тақырыптың алтауында «пәтер берілді» деген тіркес қолданылған. Көпбалалы аналар тақырыбы үкімет жүргізіп отырған саясатты насихаттайтын құралға айналып, қоғамдық санаға манипуляция жасау мақсаты айқын көрініп тұр. Мұндайды медиа зерттеушілері сананы «қалыпқа салу» немесе «фреймиң» деп атайды. Бұл әдісті саясаткерлер және ақпарат құралдары әлеуметтік саясат пен осы саясатты жүргізіп отырған институттарға ықпал ету үшін жиі қолданады.

Фреймиң теориясының авторы Ервинг Гоффман (Goffman, 1974, 1986) фреймиң аудиторияның қалауы мен түсінігін өзгерту, қалыптастыру үшін қолданылады дейді (Трајкова, 2019). Авторлар жаңалық жеткізгенде аудиторияға не жайында ойлау

керегін ғана емес, сонымен қатар белгілі бір проблема жайында *қалай* ойлау керегін де айтады. Сөйтіп, оқырман ақпараттың тек бір қырын көреді. «Айқындағы» көпбалалы аналар туралы материалдарды оқыған оқырман газет «көпбалалы аналардың еш уайымы жоқ, үкімет олардың бар жағдайын жасап отыр» деген біржақты идея қалыптастырғысы келетінін анық байқайды.

Басылым тек біржақты ақпарат таратып қоймай, сонымен бірге аналар қозғалысын сынауды да ұмытпайды. Мәселен, «Аналардың арызы бар» деген мақаладағы: «Бүгінде көпбалалы аналарға мемлекет тарапынан аз қамқорлық жасалып жатқан жоқ. Алайда «аналар шеруі» әлі күнге азаймай тұр. Бұрын аналар орталық алаңға шығып, талап қоятын болса, қазір олар әкімдік ғимаратына жиналады» (Сатылған, 2021) деген дискурс арқылы аналар шеруін айыптайды. Роберт М. Энтман (Entman, 2007: 163) «біржақты болу» терминінің үш негізгі мағынасы бар дейді: шындықты бұрмалайтын немесе нақты жағдайды өтірік сипаттайтын (бұрмаланған шындық) жаңалықтар; бір тарапты мақтап, екінші тарапты даттайтын немесе екі жаққа да тең мүмкіндік бермейтін жаңалықтар (біржақты контент жасау); біржақты контент жасайтын журналистердің мотивтері мен тұжырымдары (біржақты шешім қабылдау). Осы тұрғыдан алғанда, бұл материал осы үш категорияға да сай келеді.

Оқырманға ұсынылған материалдар арасында «айқындықтар» басымдық берген тағы бір тақырып – жәрдемақы. Бұл тұста да «фреймиң» әдісін анық байқаймыз. Ішкі контентіне үңілмей, тақырыбына ғана назар аударып көрейік: «Жарты жыл ішінде көпбалалы аналар 113,6 млрд теңге көлемінде жәрдемақы алды» (Айқын, 2021f); «Еліміздегі көпбалалы аналар 93,9 млрд теңгеге жәрдемақы алды» (Айқын, 2020b); «Президент көпбалалы аналарға арналған жаңа жәрдемақы бекітілген Заңға қол қойды» (Айқын, 2020c); «Көпбалалы аналарға көмек: Кімге, қаншадан беріледі?» (Айқын, 2019a); «Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы көлемі тағы көбейді – Тоқаев қол қойған жаңа заң» (Айқын, 2020d).

Энтман айтқан үш категория элементтерін бұл тақырыптардан да табамыз. Материалдарды оқи отырып, басылым аналарға көрсетіліп жатқан көмекті асыра дәріптеуден жарыс өткізген бе деп ойлап қаласың. Мысалы, «Көпбалалы аналарға қамқорлық» (Айқын, 2019b); «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған жиында көпбалалы аналарды марапаттады» (Айқын, 2021g); «Көпбалалы аналарды қуантқан күн» (Айқын, 2021h); «Халықаралық әйелдер күніне орай көпбалалы аналарға әлеуметтік көмек көрсетілді» (Айқын, 2021i); «Ақ жаулықты аналар ардақталды» (Айқын, 2021j); «Аналар құрметке бөленді» (Айқын, 2021k); «Аналарға құрмет көрсетілді» (Айқын, 2021l); «Көпбалалы аналарға 16 мыңнан астам маска таратылды» (Айқын, 2020d) деген тақырыптағы материалдар белгілі бір лауазымды тұлғаларды, билік субъектілерін

дәріптеуден өзге міндет атқарып тұрған жоқ. Тіпті 8 наурыздағы 17 долларлық көмек (Айқын, 2021j) пен 10 теңге тұратын бетперде (Айқын, 2020d) таратылғаны «Айқын» газетіне шыққан. Тонни Т. Крийнен мен Софие Ван Баувел медиадағы репрезентация үнемі шындықтан алшақ, оқырман ақиқатты емес, медиа таңдаған шындықты ғана біледі дейді (Krijnen & Bauwel, 2015). Олардың айтуынша, бұл репрезентация Халлдың мақсатты әдісімен жасалған.

Қорыта айтқанда, «Айқын» газетіндегі материалдарда «көпбалалы аналар» категориясы белгілі бір лауазымды тұлғаларға, билік субъектілеріне, саяси партияларға жарнама жасауға пайдаланылған. Бұл тұстағы ақпарат манипуляция құралы болып тұр. Ақпарат дискурсы оқырманға билік идеологиясын күштеп таңуды және көпбалалы әйелдердің ешқандай проблемасы жоқ, мемлекет беріп жатқан көмек шаш етек-тен дегенге сендіруді көздейді. «Көпбалалы аналар» категориясы репрезентациясы мақсатты түрде бұрмаланған.

КТК телеарнасы: «Дау-дамайсыз» телебағдарламасын сараптау

Біздің қолымызда КТК телеарнасының «Дау-дамайсыз» телебағдарламасының барлық шығарылымы жоқ. Телеарна сайтында бағдарлама мұрағаты болмай шықты, сол себепті *Youtube-megi* бағдарлама арнасынан кейінгі үш жылдағы шығарылымдарын тауып, соның арасынан көпбалалы аналар тақырыбына арналған 15-ін таңдап алдық. Мұндағы кейіпкер әйелдердің бәрі – көпбалалы аналар.

Зерттеушілер журналистиканы «феминизациялау» ақпаратты коммерцияландыру кезінен басталған дейді. Коммерцияландыру мақсатында ақпарат құралдары «адам мүддесі, оқырманның қажеті мен қалауы, эмоцияға әсер ету және сезімді ояту» секілді тақырыптарды жиі көтерген. Цинтия Картер (Cynthia) бастаған ғалымдар бұл үш бағыт әйелдерді құрал ретінде пайдаланудың таптырмас амалы болды деген (Carter et al., 1998). Мәселен, эмоцияға әсер ету (*emotional investment*), сезімді ояту (*sensationalism*) және адам мүддесі (*human interest*), негізінен, әйелдердің мәселесіне қатысты тақырыптарды қамтыған дейді. Біздіңше, бұл қатарға оқырманның қажеті мен қалауы (*audience needs and desires*) деген төртінші бағытты да қосуға болады. Бұл бағыт та қазақ медиасының әйелді құрал ретінде пайдалануына негіз болған іспетті. Оқырман тарту үшін әйелдердің жеке басына қатысты жайттарға баса назар аудару ақпараттың «феминизациялануына» себеп болды.

Феминизация дегеніміз, негізінен, ақпараттың әйелдер тақырыбына ойысып, оның өзінде мәселеге жеңіл-желпі қарап, көңіл көтеру бағытына бұру, әйелдерге құрал сияқты қарап, сол арқылы оқырманның қажетін өтеу. Фактіге сүйенген ақпаратты

«салмақты жаңалық» (*hard news*) және жұрттың көңілін көтеретін ақпаратты «жеңіл-желпі жаңалық» (*soft news*) деп жіктеу өткен ғасырдың 60–70 жылдарында басталған. «Жеңіл-желпі жаңалықтардың ақпараттық маңызы төмен, күнделікті тіршілік, айрықша оқиғалар, трендтер мен атақты адамдардың жеке өмірі туралы болғандықтан, оларды заматында жариялаудың қажеті жоқ» (North, 2014). Журналист Сузанна Моор: «Бұрынғыға қарағанда қазіргі жаңалықтар әлдеқайда жеңіл, сексуалдық сипатта әрі оқырман көңілін көтеруді көздейтін болған» дейді (Carter et al., 1998).

«Дау-дамайсыз» телебағдарламасының *Youtube* желісіндегі арнасына 137 мың адам жазылған. Біз сарапқа салған шығарылымдардың ең азы 139 365 рет қаралса, ең көбі 2 миллионға жуық қаралған. Бағдарлама көрерменге әсер етуі үшін адамның басынан өткенін (*human story*) ашып көрсететін оқиғаларды таңдап алған. Әр бағдарлама көпірме сөзден, отбасы, ошақ қасындағы әңгімеден әрі аспайды. Негізгі тақырыптар:

1. Отбасындағы жанжал (тұрмыстағы зорлық-зомбылық) (КТК, 2019b); (КТК, 2021c);
2. Құлдықта болған отбасы (КТК, 2019c);
3. Балаларын тастап кеткен ана (КТК, 2019a); (КТК, 2020a); (КТК, 2020b); (КТК, 2021a); (КТК, 2020c);
4. Балаларын тастап кеткен әке (КТК, 2019f); (КТК, 2020d);
5. Атаулы әлеуметтік көмек дауы (КТК, 2019e);
6. Баспана мәселесі (КТК, 2021d);
7. Маскүнем ана (КТК, 2019d);
8. Құжатсыз ана (КТК, 2021e).

Тізімдегі бағдарламалардың жетеуі – балаларын тастап кеткен аналар туралы. Бағдарламалар сипатын талдай келе, ең әуелі, журналистердің «рефлексив» әрекетін аңғаруға болады. Атап өткеніміздей, Халл «әйел бейнесі медиада рефлексив түрде көрсетілуі – сол қоғамның айнасы» деген. Дегенмен көпбалалы аналар бейнесі тек «рефлексив» емес, сонымен бірге «стереотип» тұрғысынан да ұсынылған. Стереотип – қоғамда қалыптасқан қасаң қағидалар жиынтығы. Оның негатив мәнге ие болуы тек кейінгі жылдардағы зерттеушілер еңбектерінен көрініп жүр. Халлдың концепциясына сүйенсек: «Стереотип – адамдардың бірнеше қарапайым ерекшелігіне қарай қалыптасып қалған түсініктер жиынтығы» (Krijnen & Bauwel, 2015 cited in Stuart Hall, 2013). Қазақ медиасы әйел мен еркектің отбасындағы рөлін сипаттағанда осы стереотиптерді бұзуға көп талпынбайды. Ол стереотиптер, негізінен, «маскулиндік» және «феминдік» ұғымдары төңірегінде топтасқан.

«Маскулиндік» дегеніміз – «еркек болу», дегенмен қазір оның мағынасы біршама өзгерген. Ал «феминин» «әйел болу» ұғымына сәйкес келеді. Дегенмен бұл ұғым әйелдің рөліне қатысты стереотип секілді қабылданады. Қазір «феминин» (нәзіктік) ұғымы әйел үшін өзекті болудан қалған. Бірақ «маскулиндік» (батылдық) ұғымы үнемі батылдық, еркіндік секілді жағымды қасиеттерді еске түсірді. Ал «феминин» (нәзіктік) әлсіздік, тәуелді болу мен ұяңдықтың символы ретінде сипатталады (Gauntlett, 2008). Осы тұрғыдан алғанда, «Дау-дамайсыз» бағдарламасы көпбалалы аналарға үнемі «ана» екенін, олардың отбасындағы рөлі «ерекше» екенін ескертіп отырады.

Зерттеушілер жаңалықтардағы еркектер мен әйелдер бейнесі түрлі категорияда көрсетілген дейді. Мәселен, әйелдердің рөлі үнемі «ерекше» жағдайда ғана (отбасы, ошақ қасында, балаларының анасы ретінде) көрінсе, еркектер көбіне «сарапшы, эксперт» ретінде шақырылған. Мәселен, Жаһандық БАҚ мониторингі жобасы (*Global Media Monitoring Project – G MMP*) 2010 жылғы зерттеуінде 108 елдегі 1 281 газет, радио және телестанцияның 76 жаңалық сайты мен 8 әлемдік сайтқа контент-анализ жасап, ондағы әйел мен еркек репрезентациясын талдаған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, еркектермен салыстырғанда әйелдердің отбасындағы рөлі төрт есе артық ескеріліп, әйелдердің жас мөлшері туралы бірнеше есе артық айтылған. Жаңалықтардан көрсетілген «құрбандардың» 18%-ы – әйелдер, 8%-ы – еркектер (Krijnen & Bauwel, 2015). Дәл осы тұжырымға сүйенсек, біз сарапқа салған бағдарламадағы көпбалалы әйелдер бейнесі көбіне «құрбан» ретінде сипатталады. Бұл бағдарлама тек әйелдерді емес, балаларды да құрбан қылып көрсеткен. Мысалы, 15 бағдарламаның он екісінде балалар бейнесі пайдаланылады. Олардың бетін кей бағдарламаларда ғана көлегейлеп, көбінде жүзін жасырмаған. Барлық бағдарламада баланы жылатып, сол арқылы көрерменнің «сезімін оятып» (*sensationalism*), эмоциясына әсер ету (*emotional investment*) фактілері жиі кездеседі. Жеке мәселесін айтқысы келмеген әйелдерді күштеп сөйлетеді, камераға түскісі келмегендерді жазғырады. Кейіпкерлердің жеке өміріне араласып, әйелдердің жасын үнемі айтып отырады. Бағдарлама жүргізушілері «біздің бағдарламада заңсыздыққа жол жоқ» дегенді жиі айтады, сөйте тұра, өздері заңды және медиа этикасын өрескел бұзады. Дәлелденбеген ақпарат, әсіресе кейіпкерлерін қылмыскер ретінде қаралау кездеседі. Мәселен, 2021 жылғы 22 қаңтардағы шығарылымында кейіпкерін педофил деп айыптаған. Алайда қылмыс құрамы болмағандықтан, жігіт ақталған (КТК, 2021с). Журналистің әлі сотқа жетпеген істі дүйім жұртқа жар салып айтуға құқы жоқ еді. Сондай-ақ балалардың мекенжайы, оқитын мектебі, аты-жөні бірнеше рет қайталаанады. Бағдарлама аяғында балаларға мектепке киетін киім-кешек, азық-түлік әперіп, жаңа киімін кигізіп, балалар аузынан алғыс айтқызады.

Бағдарлама жүргізушілері әйелдер бейнесін сипаттағанда қолданған сөздері:

1. Бақытсыз (КТК, 2021b);
2. Бетсіз (көрерменге жүзін көрсетер беті жоқ) (КТК, 2021a);
3. Қашқын (КТК, 2020a);
4. Жауапсыз (КТК, 2020a);
5. Баладан безген (КТК, 2019a; КТК, 2019g; КТК, 2020c; КТК, 2021a);
6. Қызық қуып жүр (КТК, 2019a; КТК, 2019g);
7. Қыдырымпаз (КТК, 2020c);
8. Қаңғыбас (КТК, 2020c);
9. Агрессор (КТК, 2019a);
10. Басы ауған жаққа кеткен келіншек (КТК, 2019a);
11. Сауық-сайран құрған өмірін артық көрді (КТК, 2019a);
12. Жүргіш (КТК, 2020a);
13. Маскүнем әйел (КТК, 2019d);
14. Бейбақтар (КТК, 2019a).

Әрі кейбір айыптауды балаға айтқызады, кәмелетке толмаған балалар анасын айыптап жылайды. Балалардың көзінше сол отбасындағы «бақытсыздықты» сөз қылады. Бағдарлама жүргізушілері өзі «заңгер», өзі «адвокат», өзі «төреші» және «тергеуші» қызметін атқарады. Эмоциясын тежей алмайды.

Гендер мәселесін зерттеуші Каролин М. Байерли феминист-сыншылар медиадағы гендер тақырыбы төңірегіндегі үш маңызды проблеманы анықтаған дейді. Олар: өзекті де маңызды ақпаратта әйелдер көрінбеуі, тіпті еленбеуі; екіншісі – әйелдер репрезентациясы немесе олардың белгілі бір қалыпқа салынуы (*portrayal*); әйелдердің ақпарат жасаушыларға жете алмауы (Byerly, 2006). «Дау-дамайсыз» бағдарламасындағы көпбалалы аналар репрезентациясын қорытындылай келе, біз Каролин М. Байерли назар аударған проблема арасынан аналар репрезентациясы белгілі бір қалыпқа салынғанын анықтадық. Ол «ана» үлгілі, отбасының ұйытқысы болуы керек, алдынан қандай қиындық шықса да «ана» деген атқа кір келтірмеуге тиіс. Бұл ретте ананың ішкі күйін, неге мұндай жағдайға тап болғанын жан-жақты сараптамаған. Оның орнына КТК телеарнасындағы «Дау-дамайсыз» бағдарламасы көпбалалы аналарды құрал ретінде пайдаланған.

Malim.kz

Malim.kz сайтынан «көпбалалы аналар» хештегімен тоғыз материал таптық. Материалдардың бәрі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі алдына түнеген көпбалалы аналар жайында.

Стереотиптер жайында айтқанда, ақпарат құралдарының аналарды біржақты репрезентациялауына көбірек мән берген едік, өйткені қазақ медиасында аналардың саяси белсенділігі, талаптары жарияланбайды не еленбейді. Мұндай жағдай өткен ғасырдың 70–80 жылдары бүкіләлемдік тенденцияға айналған еді. Мұны Дэвид Гонтлет жасаған анализден анық көреміз. Ол Макнейлдің зерттеуіне сүйеніп, телеарнадағы әйелдер бейнесі көбіне романтикалық бағытта немесе отбасындағы проблемаларға қатысты болса (74%), мұндай жағдайда еркектер бейнесі тек 18% пайдаланылған дейді. Ал әйелдер бастап шыққан саяси қозғалыстарды телеарналар мүлдем елемеген (Gauntlett, 2008 cited in McNeil 1975). Арада жарты ғасыр өткенмен, дәл осы тенденцияны қазақ медиасынан да байқауға болады. Десе де «нұротандық» әріптестерімен салыстырғанда, Malim.kz көпбалалы аналардың әлеуметтік-саяси қозғалысы жайлы біршама ақпарат беруге тырысқан.

Әйелдер бастаған саяси қозғалыстардың медиа құралдарында көрсетілгені неге маңызды? Е.Мальцева елдегі әйел мен еркек арасындағы әлеуметтік теңсіздіктер жойылуына, адам құқығы сақталуына осындай қозғалыстар ықпал етеді дейді:

«Әйелдердің жұмыла қимылдағаны әлеуметтік және саяси институттар үшін өте маңызды. Біріншіден, саяси құрылымдардан тыс әйелдердің саясатқа белсене араласа бастағаны Қазақстандағы билік пен басқа да ресурстарда гендерлік бөлініс қаншалықты әділетсіз екенін, еркектерге басымдық берген Қазақстан билігіндегі демократиялық теңсіздік қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Әйелдердің саяси күш біріктіруі жалғаса берсе, қазіргі Қазақстандағы гендер мәселелерінің өзгеруіне мүмкіндік жасар еді» (Maltseva, E., 2021).

Алайда мұндай маңызды қозғалыстар елдегі басты медиа құралдарында жарияланбағаны әйелдер бастаған саяси қозғалыстарға қолдау көрсетілмегені деп түсінеміз. Ал гендер зерттеушісі Гайе (Gaye) Такман бұл құбылысты «әйелдердің символдық жойылуы» (*symbolic annihilation of women*) деп атаған (Byerly, K., 2006 cited in Tuchman 1978).

Malim.kz сайты осы олқылықтың орнын толтыру үшін тек Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі алдына түнеген көпбалалы аналар жайында 9 материал ұсынған. Материалдар тұтас үшінші жақтан баяндалған. Журналистің жеке көзқарасы, оқиғаға берген бағасы, тұжырымы байқалмайды. Алайда әкімдік алдына түнеген аналар арасынан екі анадан ғана пікір сұрап, журналист оқиға орнынан ақпарат таратпаған, аналармен телефон арқылы сөйлескен, көрнекі материалдар аз, кейіпкерлер жоқтың қасы (Malim.kz, 2020; Malim.kz, 2021a; Malim.kz, 2021b; Malim.kz, 2021c; Malim.kz, 2021d; Malim.kz, 2021e). Мәселен, «Көлгіновтің кабинетіне барған аналарды полиция алып кетті» (Malim.kz, 2020) деген мақаланы оқиға орнында болған ана түсірген видеоға сүйеніп жазған. Оқиға болғанын растау үшін «Азаттық» радиосына сілтеме жасаған,

материалдарда барлығы 4 (+1) сурет пайдаланған. 4 сурет оқиға орнынан түсірілген, оқиға орнынан түсірілген 1 суретке қала әкімі суретін қойып, коллаж жасаған. Бір материалда ерекше қажеті бар баланың бейнесін пайдаланған (Malim.kz, 2021с).

Дегенмен Malim.kz сайты аналардың саяси талаптары арқылы әлеуметтік мәселелерін көтеруге тырысып, медиадағы әйел даусы артуына үлес қосып отыр деуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы таралымы мол, көрермені және оқырманы көп үш ақпарат құралы мәселені үш түрлі сипаттап, «көпбалалы аналар категориясын» үш түрлі ракурстан репрезентациялайды. Бірінші, «Айқын» газеті аналарды билік өкілдеріне, саяси партияларға жарнама жасау үшін құралға айналдырған, ал КТК телеарнасы көпбалалы аналардың проблемасын эмоциялық деңгейде көрсеткен, сөйтіп, телеарнаға жарнама жасап, көпбалалы аналар проблемасын тауарға айналдырған. Бұдан шығатын қорытынды: ақпарат құралдары әйелдер бейнесін пайдаланғанда дәстүрлі стереотиптерден арыла алмаған («Айқын», КТК), аналар мен балалар бейнесін «сезімді ояту, эмоцияға әсер ету» (КТК) мақсатында қолданған. Осы үш медиа арасында аналар бастаған саяси қозғалысты тілге тиек еткен – тек Malim.kz сайты.

Осыған дейін жиған-терген ақпаратты қорыта келе, мынадай ұсыныстар айтуды жөн көрдік:

Ақпаратты оқырманға ұсыну барысында журналистер мейлінше бейтарап болғаны жөн. Журналистер кейіпкерлеріне төрелік айтып, олардың жеке өміріне араласқанын жиі байқадық.

Әйел тақырыбы, гендер мәселесін көтергенде отбасы, ошақ қасы және бала мәселесіне тоқталмау мүмкін емес. Оның үстіне тақырыбымыз көпбалалы аналар репрезентациясы болғандықтан, балалар анасымен бірге басты планда жүрді. Осы ретте балалар бейнесін пайдалану, балаға қатысты деректерді оңды-солды тарату этикаға да, заңға да қайшы, сондықтан баланы құрал ретінде пайдаланбаған жөн.

Кейбір телебағдарламада аналар жүзін жасырып, экраннан көрінгісі келмейді. Біздің журналистер ол аналарды күштеп сөйлетеді, тіпті эфирге шыққысы келмегені үшін жазғырады. Бұл ретте сіз көтеріп отырған тақырып жеке мәселеге арналған ба, әлде қоғамдық мүддемен астаса ма? Қоғамдық мүддемен астаспаса, экранға шыққысы келмеген адамды мәжбүрлеп сөйлету де – этикаға қайшы.

Қоғамдық маңызы бар оқиғалар журналистер назарынан тыс қалады. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласындағы әкімдік алдына түнеген аналар туралы ақпаратты көбі

елемеген, сондықтан журналистер қоғамдық мүддені ескеріп, маңызды оқиғаларды қалт жібермеуге тиіс.

Көпбалалы аналарға қатысты ақпарат бергенде әлдекімдерге көбірек жарнама жасалып, проблемаға қатысты нақты шындық айтылмай жатады, сондықтан жасалып жатқан жақсылықтан бұрын шынайы проблеманы көтерген жөн.

Дереккөз

Айқын. Көпбалалы аналарға көмек: кімге, қаншадан беріледі? – 2019а. – URL: <https://aikyn.kz/8998/12021-коер-balaly-analargha-коемек-kimge-qanshadan-beriledi/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Көпбалалы аналарға қамқорлық. – 2019а. – URL: <https://aikyn.kz/3555/1170-коер-balaly-analargha-qamqorlyq/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Көпбалалы аналарға үй берілді. – 2020а. – URL: <https://aikyn.kz/55493/коерbalaly-analargha-uej-berildi/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Еліміздегі көпбалалы аналар 93,9 млрд теңгеге жәрдемақы алды. – 2020b. – URL: <https://aikyn.kz/50937/elimizdegi-коерbalaly-analar-939-mlrd-tenggege-zhaerdemaqu-aldy/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Президент көпбалалы аналарға арналған жаңа жәрдемақы бекітілген Заңға қол қойды. – 2020с. – URL: <https://aikyn.kz/43395/prezident-коерbalaly-analargha-arnalghan-zhangazhaerdemaqu-bekitilgen-zanggha-qol-qojdy/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Көпбалалы аналарға 16 мыңнан астам маска таратылды. – 2020d. – URL: <https://aikyn.kz/66805/k-pbalaly-analar-a-16-my-nan-astam-maskataratyldy/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Көпбалалы отбасылар баспана кілтін алды. – 2021а. – URL: <https://aikyn.kz/96934/корbalaly-otbasy-lar-baspana-kiltin-a-2/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Көпбалалы аналарға – баспана. – 2021b. – URL: <https://aikyn.kz/4108/2597-коерbalaly/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. 176 көпбалалы отбасы баспаналы болады. – 2021с. – URL: <https://aikyn.kz/5853/6023-176-коерbalaly/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Көпбалалы отбасыларға пәтер беру басталды. – 2021d. – URL: <https://aikyn.kz/5853/6023-176-коерbalaly/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Көпбалалы аналар пәтер алды. – 2021е. – URL: <https://aikyn.kz/3456/941-коерbalaly-analar-paeter-aldy/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Жарты жыл ішінде көпбалалы аналар 113,6 млрд теңге көлемінде жәрдемақы алды. – 2021f. – URL: <https://aikyn.kz/60224/zharty-zhyl-ishinde-коерbalaly-analar-1136-mlrd-tenggekoeleminde-zhaerdemaqu-aldy/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған жиында көпбалалы аналарды марапаттады. – 2021g. – URL: <https://aikyn.kz/175611/teuelsizdiktin-30-zhyldygyna-arnalghan-zhiynda-корbalaly-analardy-marapattady/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Көпбалалы аналарды қуантқан күн. – 2021h. – URL: <https://aikyn.kz/117187/корbalaly-analardy-kuantkan-kun/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

Айқын. Халықаралық әйелдер күніне орай көпбалалы аналарға әлеуметтік көмек көрсетілді. – 2021i. – URL: <https://aikyn.kz/116023/halykaralyk-eyelder-kunine-oray-корb-2/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz

- Айқын. Ақ жаулықты аналар ардақталды. – 2021j. – URL: <https://aikyn.kz/118101/ak-zhauulykty-analar-ardaktaldu/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz
- Айқын. Аналар құрметке бөленді. – 2021k. – URL: <https://aikyn.kz/117209/analar-kurmetke-bolendi/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz
- Айқын. Аналарға құрмет көрсетілді. – 2021l. – URL: <https://aikyn.kz/116843/analgara-kurmet-korsetildi/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2019a. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=D7pOaph8Zii/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2019b. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=WjzEwOf9UhQ/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2019c. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=xmBjzT28xEo/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2019d. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=ZmpZWWqiSVk/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2019e. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=GhwwuWP8OWA/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2019f. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=D6Fuh42FFrg/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2019g. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=PQZvKFpfB5U/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2020a. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=OsIf96dLO_E/ (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2020b. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=YPOJ65Dus2w/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2020c. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=PNa-dHntmAo/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2020d. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=8pf1lpQ0Dbg/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2021a. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=XjXYkqDCHz4/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2021b. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=MtRpYzMdsoE/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2021c. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=4hHEyj1iG7M/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- КТК. Дау-дамайсыз. – 2021d. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=4ZT17LjRo80/> (соңғы қаралған күні: 26.01.2022) – YouTube
- Malim.kz. Министрлік алдында түнеп жатқан аналарды полиция күштеп алып кетті. – 2020. – URL: <https://malim.kz/4447> (соңғы қаралған күні: 27.01.2022) – Malim.kz
- Malim.kz. Көлгіновтің кабинетіне барған аналарды полиция алып кетті. – 2021a. – URL: <https://malim.kz/12861/> (соңғы қаралған күні: 27.01.2022) – Malim.kz
- Malim.kz. Әкімдікке түнеген сегізінші күн: Көлгінов аналармен кездескісі келмей ме? – 2021b. – URL: <https://malim.kz/12803/> (соңғы қаралған күні: 27.01.2022) – Malim.kz
- Malim.kz. Бізге адам деп қарап жатқан жоқ: Аналар мүгедек балаларымен бірге әкімдік дәлізіне түнеуде. – 2021c. – URL: <https://malim.kz/12842/> (соңғы қаралған күні: 27.01.2022) – Malim.kz

- Malim.kz. Аналар үш күннен бері Нұр-Сұлтан әкімдігіне түнеп жүр. – 2021d. – URL: <https://malim.kz/12725/> (соңғы қаралған күні: 27.01.2022) – Malim.kz
- Malim.kz. Аналар тағы да алаңға шықты. – 2021e. – URL: <https://malim.kz/13865/> (соңғы қаралған күні: 27.01.2022) – Malim.kz
- Сатылған С. Аналардың арызы бар. – 2021. – URL: <https://aikyn.kz/101543/analdyn-aryzy-bar/> (соңғы қаралған күні: 24.01.2022) – Aikyn.kz
- Berger, A., 2014. *Media analysis techniques*. London: Sage
- Byerly, K., 2006. Feminist Interventions in newsrooms. In Ross, K. & Byerly, C.M., 2006. *Women and media: International perspectives*, (pp. 109–131) Chichester: Blackwell Publishing.
- Carter, C., Branston, G. & Allan, S., 1998. *News, gender and power*, London: Routledge.
- Entman, M. R., 2007. Framing bias: Media in the distribution of power. *Journal of Communication*, 57 (1): 163–173. [Online] Available from: <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.2006.00336.x>
- Fairclough, N., 1995. *Media Discourse*. Edward Arnold.
- Gauntlett, D., 2008. *Media, gender, and identity: An introduction*, London: Routledge.
- Kuzhabekova, A., Janenova, S. & Almukhambetova, A., (2017). Analyzing the experiences of female leaders in civil service in Kazakhstan: Trapped between economic pressure to earn and traditional family role expectations. *International Journal of Public Administration*, 41(15), pp. 1290–1301.
- Krijnen, T. & Bauwel, S.V., 2015. *Gender and media representing, producing, consuming*, London: Routledge.
- Matthes, J. & Kohring, M., 2008. The content analysis of media frames: Toward improving reliability and validity. *Journal of Communication*, 58(2), pp. 258–279.
- Maltseva, E., 2021. Women's Political Empowerment in Post-Soviet Kazakhstan. In Karabchuk, T. et al., 2021. *Gendering POST-SOVIET space: Demography, Labor Market and values in*, (pp. 333–357) S.I.: SPRINGER VERLAG, SINGAPOR.
- North, L., 2014. The gender of «soft» and «hard» news. *Journalism Studies*, 17(3), pp. 356–373.
- Nuketayeva, D. et al., 2012. Gender Component in the National Project of Kazakhstan. *International Journal of Social, Behavioral, Educational, Economic, Business and Industrial Engineering*, 6(6), pp. 1151–1154.
- Ross, K. & Byerly, C.M., 2006. *Women and media: International perspectives*, Chichester: Blackwell Publishing.
- Riffe, D. et al., 2019. *Analyzing media messages: Using quantitative content analysis in research*, London: Routledge.
- Trajkova, Z., 2019. Manipulating truth in media discourse. *Journal of Contemporary Philology, Ss Cyril and Methodius University, B Koneski Faculty of Philology*, 1(2), pp. 24–46.

ДӘСТҮР МЕН МОДЕРН ҚАЙШЫЛЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИАДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК РӨЛДЕР КӨРІНІСІ

Оразай Қыдырбаев

Мақаланы даярлауға көмектескен
досым Мөлдір Утегеноваға алғыс айтамын.

КІРІСПЕ

Балалар әлеуметтенуінде балаларға арналған медианың маңызы зор. Медиа көмегімен балалар қоршаған ортасын таниды, балаларға арналған басылым кішкентайлардың өзара ақпарат алмасып, коммуникация құруына жағдай жасайды, сондай-ақ ересектер ұсынған ақпаратты қорыта отырып, әлем жайлы көзқарасын қалыптастырады (Маругина, 2015). Әлеуметтік гендер теориясына сүйенсек, балаларға арналған медиа балалардың гендер жайлы ой қалыптастыруына үлес қосады. Бұл теория бойынша, гендерлік кімдік (identity) қалыптасуына қоршаған ортаның әлеуметтік формациясы көбірек ықпал етеді және гендерлік айырмашылықтар қалыптасуына жеке тұлғаның тұрақты қасиеттеріне қарағанда, әлеуметтік және құрылымдық (институционалдық) тәжірибелер әсер етеді (Bussey & Bandura, 1999). Ал медиа – әлеуметтік құрылымдардың бірі. Яғни балаларға арналған медиа болашақ ересек адамдарға қоғамдағы «орны» мен «гендерлік рөлін» үйретеді. Бұл тұста біз «гендерлік рөлдер» ұғымын әйелдер мен ерлердің жынысына қарай атқаруға тиіс қоғамдағы рөлдері мен жосықтары деп қарастырамыз (Blackstone, 2003). Гендерлік рөлдер түрлі қоғамдағы гендер жайлы түрлі құндылық пен сенімге сүйеніп, индивидтерден түрлі нәрсені талап етеді. Сөйтіп, «жыныстық айырмашылыққа қатысты қоғамда қалыптасқан түсінікке сай гендерлік рөлдер қалыптасады» (Blackstone, 2003).

Осыған дейінгі зерттеулерде көз жеткізгендей, балаларға арналған медиа мен өнімдердің (ойыншықтар, компьютерлік ойындар, киімдер т.б.) біразы фемининдік және маскулиндікке қатысты дәстүрлі әрі стереотип идеяларды ұсынады, сондай-ақ қыздарды маргиналдап, гендерге бөлінген әлемді насихаттайды (Lemish, 2013). Дәстүрлі гендерлік рөлдер, қарапайым тілмен айтқанда, «әйел – ана, үй шаруасын істеуші, ал еркек – жұмыс істеп асыраушы, қорғаушы» дейтін патриархал қоғамға тән гендерлік рөл бөлінісі.

Феминист және сыни бағыттағы медиа зерттеулері гендерлік теңсіздік пен шеттетуді, алалау мен стереотиптерді насихаттайтын балаларға арналған медианы өткен ғасырдан бері тергеп, бұл медиа құралдардың кемшілігін көрсетіп келеді (Steeves, 1987; Maker & Childs, 2003). Балалар бағдарламасындағы кейіпкерлер арасында қыздар аз кездескені, олар басты рөлде аз ойнағаны, кейіпкер ұл мен қыздың мінез-құлқы мен мамандығы дәстүрлі патриархал көзқарас аясында ұсынылғаны көптеген зерттеуге негіз болған (Leaper, 2002; Gotz, 2012; Baker & Raney, 2007).

Балаларға арналған анимациялық мультфильмдерде кейіпкер әйелдердің аздығы жас көрермендерге әйелдер маңызды емес деген ой қалыптастырып, қыздан гөрі ұл болған жақсы немесе әлеуметтік жағынан артықшылығы көп екенін көрсетуі мүмкін (Schiau, 2013).

Кішкентайлар балаларға арналған медиа арқылы әлемді ғана емес, өзін де таниды: медиада өзіне ұқсайтын адамдар репрезентациясы жасалмағаны қыздардың өзін қабылдай алмауы секілді проблема туғызуы мүмкін. Мысалы, әбден қалыптасқан сұлулық стандарттарын көрсететін теледидар бағдарламасын жиі көру мен қыз балалардың әлеуметтік жағдайы және сыртқы келбетіне деген сенімділігі төмендеуі арасында байланыс бары анықталған (Rivadeneira, 2007). Зерттеуші Дафна Лемиштің пайымдауынша, мұндай сыни зерттеулердің әсерінен кейінгі кездері балаларға арналған және балалар тұтынатын медиа контент жақсы жағына қарай біршама өзгерген (мысалы, Disney, Pixar, Netflix т.б. кино студиялары мен стримиң компаниялары басты рөлде қыз балалар ойнайтын, гендерлік стереотиптерді бұзатын және барынша инклюзив туындылар шығара бастаған), дегенмен бұл салаға қатысты түйткілді мәселелер әлі де аз емес (Lemish, 2013). Атап айтқанда, кейінгі кездері медиа зерттеушілері көрсеткендей, балаларға арналған медиада еуропалық сұлулық стандарттарын насихаттап, байырғы (native) немесе отар халық өкілдерін экзотикаландырып, балаларды, әсіресе қыз балаларды сексуалды етіп көрсету (McDade-Montez және басқалары, 2017) сияқты проблемалар бар.

Осы зерттеу жұмысында Қазақстандағы балаларға арналған медиада гендерлік рөлдер қалай көрінгенін, қыз және ұл бала бейнесі қалай жасалғанын қарастырамыз.

Зерттеу нысаны – балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық «Ұлан» газетіндегі материалдар және Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы шығарған анимациялық фильмдер. «Ұлан» газеті де, «Қазақфильм» киностудиясы да – мемлекет қаржыландыратын ұйымдар. Медиа ұсынған әр хабарламада идеологиялық астар мен мағына бар. Ал бұл мағынаны медиа құрылтайшылары, медианы қаржыландыратындар мен ақпарат өндірісіне қатысатын медиа мамандары қалыптастырады (Herman & Chomsky, 2008: 60-61). Бұл ұстанымға сүйенсек, «Ұлан» мен «Қазақфильм» ұсынатын және насихаттайтын идеология – өзін қаржыландыратын Қазақстан Республикасының және сол медиа ұйымдарында қызмет ететін медиа мамандарының идеологиясы. Осы зерттеу жұмысы арқылы мына сұрақтарға жауап табуды көздейміз: Заманауи феминист медиа зерттеулері жасаған сыни ескертпелер Қазақстандағы балаларға арналған медиаға әсер етті ме? Балаларға арналған мемлекеттік медиада гендерлік рөлдерді қалай көрсетіп жүр? Дәстүрлі, стереотипке, патриархал түсінікке сай гендерлік рөлдерді ұсына ма, әлде стереотиптен ада, инклюзив, модерн гендерлік рөлдерді ұсына ма? Еліміздегі балаларға арналған медианың мазмұны мемлекеттің ресми гендерлік саясатына сәйкес келе ме? Бұл сұрақтарға жауап іздемес бұрын Қазақстанның гендерлік саясатына шолу жасағанымыз жөн. Сонымен, мемлекеттің гендерлік ұстанымы қандай?

Қазақстан қоғамы және гендер: модерн және дәстүрлі нарративтер

Жанар Таткеева Қазақстан қоғамында гендерлік рөлдерге қатысты дәстүрлі, модерн және постмодерн сынды үш түрлі нарратив байқалады дейді. Зерттеуші бұл нарративтердің алғашқы екеуі жоғарыдан төмен (мемлекет әкімшілігі қалыптастырып, азаматтарға әсер етеді), ал кейінгісі төменнен жоғары (азаматтар қалыптастырады) бағытталады дейді. Дәстүрлі нарратив әйелді ана, еркекті асыраушы ретінде көрсетсе, модерн нарративте әйел ана болғанымен қатар, асыраушы да бола алады, ал еркек – асыраушы болғанымен қатар, бала қарап, үй шаруасын да істей алады. Постмодерн нарратив болса, әйел алдымен – асыраушы/жұмыскер, содан кейін ана болуы мүмкін, еркек те – асыраушы/жұмыскер, содан кейін әке болуы мүмкін дегенді алға тартады (Tatkeyeva, 2018: 16–20).

Қазақстан Республикасы қол қойған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында кез келген алалауға тыйым салынады. 1998 жылы мемлекет «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы» халықаралық конвенцияға қосылған (adilet.zan.kz-1). БҰҰ-ның 17 бағыттан тұратын тұрақты даму мақсаттарының бірі – гендерлік теңдік, осы мақсаттар Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше Қазақстан

Республикасының да даму мақсаты саналады. Қазақстан Республикасы гендерлік теңдік саясатын қолдап, арнайы бағдарламалар қабылдап, жүзеге асырып келеді. Атап айтқанда, 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясын іске асырған. Бұл бағдарлама мақсаттарының бірінде «гендерлік сезімтал қоғамдық сананы қалыптастыру» деп жазылған. Бағдарлама құжатында «сезімтал қоғамдық сананы қалыптастыру» дегенді «қоғамдық сананы түбірімен өзгерту, бір жыныстың екінші жыныстан артықшылығы мен басымдығы туралы пікірге байланысты гендерлік таптаурындарды түбірімен жою» деп түсіндірген (adilet.zan.kz-2). Ал қоғамдық сананы қалыптастырып, стереотиптерді жою үшін медиа көмегіне жүгінері анық. Олай болса, мемлекет қаржыландыратын «Ұлан» газеті мен «Қазақфильм» киностудиясы мемлекеттің идеологиялық ұстанымы саналатын гендерлік теңдік идеясын насихаттап, осы идеяға сай контент жасауға тиіс деп білеміз.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысында Қазақстандағы балаларға арналған медиа гендерлік рөлдерді қалай қалыптастырып жатқанын анықтау үшін контент-анализ әдісін пайдаландық. Көбіне сандық әдіс ретінде сипатталса да, сапалық зерттеу әдістерін де қамтитын контент-анализ – Холсти айтқандай, мессеждер контексі, себептері мен салдары туралы қорытынды жасауға болатын, мессеждердің нақты сипаттамасын жүйелі әрі объектив анықтайтын кез келген зерттеу техникасы (Тичер және басқалары, 2009). БАҚ кең тарай бастаған соң контент-анализ әдісі де дамыды, сол сияқты қоғамда әйелдер қозғалысы ұлғайып, феминист-медиа зерттеулерінде контент-анализ жиі қолданыла бастады. Бұл бағыттағы зерттеулер гендерлік теңдік идеясын жақтай отырып, медиадағы теңсіздікпен күресіп келеді (Rudy және басқалары, 2009).

Осы зерттеу техникасын пайдаланып, «Қазақфильм» киностудиясы шығарған анимациялық фильмдер мен «Ұлан» газетінің жарияланымдарындағы символдармен көмкерілген контентті түрлі категория бойынша кодтап, жіктейміз. Мақсатымыз – нақты деректер көмегімен медиа ұл және қыз образдарын қалай және қаншалықты жиі қалыптастырып жатқанын анықтау.

1934 жылы құрылған «Қазақфильм» киностудиясы жүздеген анимациялық фильм шығарған, дегенмен зерттеу жұмысына кейінгі онжылдықта (2011 жылдан бастап) шыққан және интернеттен көпшілік көре алатын анимациялық фильмдер таңдалды. Сөйтіп, зерттеу аясын барынша тарылтып әрі Қазақстанда гендерлік теңдік бағдарламасы жүзеге асқан кезеңдегі анимациялық фильмдерді талдауға мүмкіндік туды. Сол аралықта киностудия 33 анимациялық фильм шығарған, соның жиырма бірі *YouTube*

желісінен табылды. Осы 21 фильм, яғни жалпы ұзақтығы 455 минут болатын анимациялық видео зерттелді. Сонымен қатар «Ұлан» газетінің 2021 жылғы қаңтар-наурыз айларында шыққан 12 саны қарастырылды.

Алдымен, «Қазақфильм» түсірген анимациялық фильмдердегі ұл және қыз/әйел кейіпкерлер саны анықталды. Фильмдегі кейіпкерлер саны мына әдіспен есептелді: 1) кейіпкер фильмнің бір кесіндісінде кемі 15 секунд көрсетілуі керек; 2) 15 секундтан аз көрсетілген әрі сөйлемеген немесе т.б. ерекше іс-қимылымен оқиғаға тікелей араласпаған тұлға кейіпкер саналмайды; 3) саны бірден көп болғанымен, бәрі бір рөлді атқарған кейіпкерлер (мысалы, далада асық ойнап жүрген 6-7 ұл бала) бір кейіпкер ретінде қарастырылады; 4) фильмдегі адам санатына жатпайтын кейіпкерлер (мысалы, ағаш, жылқы, робот т.б.) «кодтау мүмкін емес» категориясына жатқызылды.

Анимациялық фильмдердегі кейіпкерлер саны анықталған соң, ең маңызды үш кейіпкердің **жасы** (кейіпкерлер жасы алты категорияға бөлінген: 0–6, 5–16, 16–30, 30–50, 60-тан жоғары, «кодтау мүмкін емес» категориялары) және **кескін-келбеті** (азиялық немесе еуропалық, қалыпты немесе әсіреленген: денесі тым маскулин немесе тым феминин, «кодтау мүмкін емес» категорияларына қарай) кодталды. Одан бөлек, кейіпкердің мінезі, іс-әрекеті қалай көрсетілгені тоғыз категорияға жіктелді: 1. Пассив (басқа кейіпкердің тасасында жүреді); 2. Біреудің көмегі мен қорғауына мұқтаж; 3. Үй шаруасын істеп, бала бағатын кейіпкер; 4. Сезімтал; 5. Өктем; 6. Ашушаң; 7. Қатал; 8. Эмоциясыз; 9. Басқаша (бұл жағдайда қалай көрсетілгені жазылды).¹

«Ұлан» газетінің форматы анимациялық фильмдерден өзгеше болғандықтан, контенті де басқаша талданды. Газет материалдары негізгі үш бағытта қарастырылды:

1. Материал авторы кім? (қыз, ұл, анықтау мүмкін емес)
2. Визуал контентте не көрсетілген? (қыз, ұл, ұл-қыз аралас, кодтау мүмкін емес)
3. Газеттегі «ұл», «қыз», «әйел», «еркек», «ер», «жігіт» кілт сөздері кездесетін материалдардың гендерлік стереотиптерге қатысы бар ма?

Тұтас материал емес, кілт сөздер кездесетін абзацтар ғана талданды және бұл сөздер қолданылу мақсатына қарай 3 категорияға жіктелді:

Гендерлік стереотиптерді бекіте түседі, дәстүрлі патриархал құндылықтарды алға тартады. Мысалы: *Қыз балалар табиғатынан гүлдей нәзік.*

Гендерлік стереотиптерді бұзып, дәстүрлі патриархал нарративке қарсы шығады. Мысалы: *Ұлдардың боянуы – қалыпты нәрсе.*

¹ Бұл категориялар қыз бен ұлға қатысты стереотип мінездер мен әрекеттер қаншалықты жиі көрсетілетінін анықтауды мақсат етеді, сондықтан категориялар сипатының көбі – негатив. Дегенмен стереотиптерді бұзатын мінез бен әрекеттер тоғызыншы категорияға жатқызылып, олар да есепке алынған.

Бейтарап. Кілт сөздерден гендерге қатысы бар нақты үгіт-насихат байқалмайды, кілт сөздер кейіпкерді сипаттау немесе ақпарат беру мақсатында қолданылған. Мысалы: *Қыздар мен ұлдар үй ауласында ойнап жүр.*

Талдау және нәтижелері

«Қазақфильм» түсірген анимациялық фильмдердегі гендерлік рөлдер көрінісі

«Қазақфильм» киностудиясы жариялаған 21 анимациялық фильмді талдағанда бұл туындылардың бәрінде дерлік дәстүрлі қоғам құндылығына тән гендерлік рөлдер ұсынылғаны байқалды. Анимациялық фильмдердің басым бөлігінде басты рөлді ұл/ер кейіпкер ойнайды, ал қыз/әйел кейіпкерлер саны ұл/ер кейіпкерлерден бірнеше есе аз.

<i>фильм аты</i>	<i>ұл/ер кейіпкер</i>	<i>қыз/әйел кейіпкер 2</i>	<i>кодтау мүмкін емес</i>	<i>жалпы</i>
Мақтаншақ қыз	4	2	0	6
Қазақ елі	25	0	3	30
Темір және айдаһар	4	2	2	6
Толағай	6	2	1	9
Маймақ қаз*	3	4	1	6
Ер Төстік және айдаһар	10	1	6	20
Көксәрек	4	5	4	9
Күлтегін	14	1	1	20
Балақайлар мен Бөжекейлер	2	0	3	6
Оттан жаралғандар	3	2	1	4
Батыл қояндар	1	0	3	6
Менің атым Қозы 3-серия	2	0	3	5
Тастүлек	6	2	3	9
Қазақстан - біздің ортақ шаңырағымыз	6	1	1	9
Қошқар мен теке	1	1	5	7
Кілем үстіндегі қала	3	3	1	5
Мұзбалақ	6	1	2	11
Әнуар мен Мұса	4	1	2	7
Тапқыр Фархад	5	2	1	7
Бұршақ	4	1	2	8
Үш сыйлық	5		0	6
Жалпы:	118	33	45	196

1-кесте. Зерттелген анимациялық фильмдердегі ұл және қыз/әйел кейіпкерлер үлесі

Анимациялық фильмдерді категорияларына қарай кодтау және жинақталған деректерді талдау нәтижесінде мынадай ерекшеліктерге көз жеткіздік:

1. Данагөй, желеп-жебеуші, тарих пен бүгінді байланыстырушы еркектер

Талданған анимациялық фильмдерде данагөй, бас кейіпкерді желеп-жебеуші, өткен мен бүгінді байланыстырушы ретінде үнемі ер кейіпкерлер – ата мен ақсақал көрсетіледі. Мысалы, «Толағай», «Қазақ елі», «Ер Төстік» фильмдеріндегі қария (атасы) баяғыда болған хикаяны бүгінгі ұрпағына баяндап береді.



1-сурет. «Қазақ елі» анимациялық фильмінен үзінді: Керей мен Жәнібек хандар ескерткіші алдында атасы екі ұл немересіне Қазақ хандығының құрылу тарихын баяндап тұр.

Сондай-ақ «Қазақ елі», «Темір және айдаһар», «Кілем үстіндегі қала» фильмдерінде бас қаһарманға құнды ақпарат беріп, оны желеп-жебеуші рөлін ер қариялар (еркек бейнесіндегі балбал тас, Қызыр ата т.б.) атқарады. Ұрпақтар сабақтастығы, тарихты байланыстыру үнемі ер кейіпкерлер міндетіне кіреді. Сонымен қатар анимациялық фильмдердің көбінде оқиға басы мен аяғын ер жүргізуші баяндайды. Бұлардың бәрі қосылып, көрермен санасында «ақпарат пен білім – жасы үлкен ер адамдарға тиесілі» деген түсінік қалыптастыруы мүмкін.

2. Қазан-ошақ төңірегіндегі әйелдер, сырттағы еркектер

Зерттелген фильмдердің көбінде патриархал қоғамға тән дәстүрлі гендерлік рөл бөлінісі көрсетіледі. Фильмде аз ғана көрсетілетін әйелдер көбіне үй шаруасын істеп жүреді немесе бала қарап отырады. 21 фильмнің жартысынан астамында (13 фильмде) қыз/әйел кейіпкерді қазан-ошақ басынан немесе баласының жанынан көреміз. Ал ұл/ер кейіпкерлер көп жағдайда үй сыртында (жорықта, сапарда т.б.) жүреді, тамақ ішкенде, тынығып-демалғанда және мәжіліс құрып, ақылдасқанда ғана үйде отырғаны көрсетіледі.



2-сурет. «Мақтаншақ қыз» анимациялық фильмінен үзінді. Бибігүл қыз бен шешесі бауырсақ пісіріп жатыр, ал хан мен нөкерлері жорықта жүр.

Бір анимациялық фильмде ғана («Әнуар мен Мұса») үй шаруасын істеп жатқан ер кейіпкер көрсетіледі. Сөйтіп, балаларға арналған медиа көмегімен «қыз бала – үйде, ұл бала – түзде» деген түсінік беки түседі, әйелді үй мен қазан-ошаққа байланыстырған дәстүрлі гендерлік сегрегация ортаға шығады.

3. Агрессор және доминант еркектер, әлсіз және пассив әйелдер

Коннелл маскулиндіктің гегемон, серіктес (complicit), маргинал, бағынышты (subordinate) маскулиндік деп аталатын кең тараған төрт типі бар дейді. «Қазақфильм» киностудиясы кейінгі он жылда шығарған және көпшілік интернеттен көре алатын 21 фильмнің басым бөлігіндегі ұл/ер кейіпкерлер бейнесі гегемон немесе серіктес маскулин типіне жатады. Бұл шығармалардағы ұл/ер кейіпкерлер күш-қуатымен, қарағандығымен көзге түседі. Олар елін жаудан қорғап, зұлым күштермен айқасады, әділдік орнатады. Зұлым күшке ие, қиратушы антиқарағандық рөлдерін де ұл/ер кейіпкерлер сомдайды («Ер Төстік және айдаһар», «Күлтегін», «Мұзбалақ») немесе ер дикторлар дыбыстайды («Бұршақ»). Ал қыз/әйел кейіпкерлер үнемі ұлдардың көмегіне мұқтаж. Өз-өзін, ел-жұртын қорғау қыздарға тән емес. Жалғыз «Күлтегін» анимациялық фильмінде ерлермен қатар қыздар да жауынгерлік қырынан көрінген, билікке

лайық екенін жариялап, ер кейіпкерлермен таққа таласқан. Қалған анимациялық туындылардағы әйелдер – қорғансыз және пассив. Мәселен, Ю.Тхай мен Р.Усмановтың «Темір және айдаһар» фильмінде айдаһардың зұлымдығын сипаттағанда «қыздарды ұрлайтын – осы» дейді. Ал халықты айдаһардан құтқару – батыр рөлін сомдайтын ұл/ер кейіпкер мойнында.



4. Ер адам меншігі және сынақ соңында «сыйға берілетін» әйелдер

«Қазақфильм» түсірген анимациялық фильмдердегі келесі бір мәселе – қыз балаларды жеке тұлға, өзіне керегін өзі таңдайтын тәуелсіз адам бейнесінде емес, еркектерге тиесілі және солардың шешіміне/әрекетіне тәуелді кейіпте ұсыну. Мысалы, «Мақтаншақ қыз» анимациялық фильміндегі хан Бибігүл сынақтан сүрінбей өтсе, өзіне жар ететінін мәлімдейді. Бұл ханның: «Тоқып берсең – өзіңді аламын, болмаса – басыңды аламын» деген сөзінен көрінеді. Осы тұста Бибігүлдің ханға жар болғысы келетін-келмейтіні көрсетілмейді және ол ханға әйел болу үшін кілем тоқуы керек еді. Хан талабын орындап, жары болу биік мәртебе сияқты көрсетілген. Ал «Ер Төстік және айдаһар» анимациялық фильмінде Мыстан кемпір Түнек патшасына көрсеткен қызметінің өтеуі ретінде хан қызы Бекторыны ұлына беруін сұрайды. Бұл жерде де қыз бала қалауы ескерілмей, орнына өзгелер шешім қабылдайды. Б.Дәуренбековтың «Тапқыр Фархад» анимациялық туындысында да хан сынақтан өткен адамға қызын беремін дейді. Бұл фильмдерде қыз баласы таңдау құқығы жоқ, өзгеге тәуелді кейіпкер ғана емес, сонымен қатар әлдебір істің өтеуі ретінде берілетін тауар сияқты көрсетілген. Үш фильмде де еркектер қызға меншігі сияқты қараған.

5. Өзі көрінбейтін, үні үйден шығатын әйелдер

Бұл анимациялық фильмдерде қыз/әйел кейіпкерлер аз болғанымен қоса, оларды экраннан үнемі көрсете бермейді. Мысалы, режиссер Ғ.Мырзашевтың «Көксерек» анимациялық фильмінде кішкентай Құрмаш, атасы, қасқыр, ауыл тұрғындары мен иттер көрсетілгенімен, әжесін мүлде көрсетпейді. Үй ішін көрсеткенде даусы ғана естіледі, бұл көрерменге «әже – үйде отыратын кейіпкер» деген ой салады. Мұндай жағдай «Қазақ елі» анимациялық фильмінде де бар. Фильм аяғында екі балақайды анасы

тамақ ішуге шақырады, өзі көрінбегенімен, көпқабатты үйден шыққан даусы естіледі. «Менің атым – Қозы» анимациялық фильмінде Қозының анасының даусы телефонмен сөйлескенде естілгенімен, өзі көрінбейді. Әжесінің де Қозыға қарата сөйлегенін естігенімізбен, бейнесін көрмейміз. Әйел үнінің тек үйден шыққаны «әйелдер кеңістігі, орны тек үйде» деген ой салады, бұл балалардың жаңсақ түсінік қалыптастыруына және дәстүрлі гендерлік рөлдерді санасына сіңіруіне итермелейді.

«Ұлан» газетіндегі гендерлік рөлдер көрінісі

1930 жылдан бері тұрақты шығып келе жатқан апталық «Ұлан» газеті қазір «Қазақ газеттері» ЖШС меншігінде, мемлекет қаржыландырады. «Ұлан» газетінің негізгі аудиториясы – мектеп оқушылары мен жасөспірімдер. Бұл газет оқушыларға танымдық ақпарат беріп, көзқарасын қалыптастырумен қатар, оқырман хаттары мен жас тілшілер материалдарын жариялап, балалар мен жасөспірімдер ойын көпшілікке ұсынады, әлеуметтенуіне үлес қосады. «Ұлан» газетіндегі гендерлік рөлдер көрінісі «Қазақфильм» түсірген анимациялық фильмдердегі көрініске ұқсамайды. Бұл басылым контентін анағұрлым инклюзив және гендерге қатысты стереотиптерді бұзған деуге болады. Талдау барысында «Ұлан» газетінен мынадай негізгі ерекшеліктер анықталды:

1. Әйел авторлар, визуал контенттегі қыздар мен ұлдардың тең бейнесі

«Ұлан» газетінде қыздардың визуал бейнесі ұлдардікіне қарағанда басымырақ, ал қыз авторлар жазған материалдар саны ұл авторлардікіне қарағанда бірнеше есе көп. Газеттегі визуал бейнелер бірнеше категорияға топтастырылды:

- қыздар бейнесі көрсетілетін визуалдар саны – **168**;
- ұлдар бейнесі көрсетілетін визуалдар саны – **115**;
- қыздар мен ұлдар бейнесі аралас ұсынылған визуалдар – **76**;
- кодтау мүмкін емес (жансыз объектілер, жануарлар т.б.) – **117**.

«Ұлан» газеті материал кейіпкерлерін және визуал контент ұсынарда қыз-ұл деп бөлместен, бәрін тең көретіні байқалады. Әсіресе мұны білімге қатысты материалдардан анық көреміз: шетелде оқып жатқан жастарды, өнерлі жасөспірімдерді таныстырған материалдарда ұлдар мен қыздар саны тең. Тағы бір назар аударар жайт – «Ұлан» газетіне жарияланған материалдардың басым бөлігін қыз авторлар жазған:

- қыз авторлар жазған материалдар саны – **245**;
- ұл авторлар жазған материалдар саны – **41**;
- авторын анықтау мүмкін емес материалдар (авторы көрсетілмеген немесе Мерей, Бақыт секілді есімі бейтарап авторлар) саны – **25**.

Біз «Ұлан» газетінен анықтаған қызға қатысты дәстүрлі гендерлік рөлдер:

- қыздар қыз сияқты киінуі және қазақы тәрбиені бойына сіңіруі қажет (4 рет кездеседі);
- әйел баласы мейірімді және көктемдей құлпырады (7 рет);
- қыздар өз-өзін тоқтата алмайды және сұлулыққа құмар (3 рет);
- қыздар тоқыма тоқиды, тамақ істейді (3 рет);
- қыздар – болашақ ана және жар (2 рет).

Дәстүрлі гендерлік рөлдерге қарсы шығатын мынадай ойлар кездеседі:

- әйел – көшбасшы әрі кәсіпкер (1 рет);
- қыздар жетістікке жетеді және жеңеді (3 рет);
- жаумен шайқасқан тарихтағы қаһарман әйелдер (1 рет);
- костюм – тек ұлдардың киімі емес (1 рет).

Газетте еркектерге қатысты мынадай стереотип гендерлік рөлдер мен нормалар кездеседі:

- ұл баланың денесі мығым, шымыр болуы керек (1 рет);
- жігіт намысқа тырысады (1 рет);
- ұлдар елін қорғайды, Отанын сүйеді (3 рет).

Гендерлік стереотиптерге қарсы мынадай ойлар бар:

- ұлдар да балет билейді (1 рет);
- жасөспірім шақта ұлдар да эмоционалға айналады (1 рет);
- сән әлемі еркектерге жат емес (1 рет);
- токсик әрі гегемон маскулиндікті, яғни «нағыз жігіт» образын сынға алу (1 рет).

«Ұлан» газетіндегі стереотиптерді бекіте түсетін материалдарды көбіне оқырмандар жазса, ал стереотиптерге қарсы шығатын материалдарды әдетте редакция қызметкерлері жазған. Бұл «Ұлан» газеті қызметкерлерінің гендерге қатысты модерн нарративтерге жақтас екенін білдіреді. Ал оқырмандар (мектеп оқушылары) санасына дәстүрлі қоғамға тән гендерлік рөлдер түсінігі орныққан деуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ, ШЕКТЕУЛЕР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстандағы балаларға арналған мемлекеттік медиа гендерлік рөлдерді қалай ұсынатынын анықтауды мақсат етті. Ол үшін балаларға арналған медиада қыз бен ұл бейнесі қаншалықты жиі және қай қырынан көрсетілетінін

қарастырдық. Жұмыс кемшіліктері мен шектеулері жоқ емес: зерттеуде Қазақстандағы тек балаларға арналған мемлекеттік медиа, оның ішінде балаларға арналған қазақ тіліндегі медиа қарастырылды. Яғни орыс тіліндегі және жекеменшік медиа ұйымдары гендерге қатысты қандай идеология өндіріп жатқаны бұл зерттеу еңбегінде қамтылған жоқ. Сондай-ақ анимациялық фильмдер мен газет мәтіндеріне де терең анализ жасалған жоқ, медиадағы гендерлік рөлдер туралы негізгі көріністі анықтау үшін жалпылама шолу ғана жүргізілді. Тағы айта кететін жайт – жұмыс медианың гендерлік рөлдерді қалай ұсынғанын анықтаумен ғана шектелген. Бұл жұмыс алдағы уақытта медиа ұсынған гендерлік рөлдерді балалар қалай қабылдайтынын анықтауды мақсат тұтқан аудитория зерттеулеріне жол ашады деп үміттенеміз.² Бүгінде балалар тек «Қазақфильм» түсірген анимациялық фильмдерді көріп, «Ұлан» газетін ғана оқымайды, әлемдік студиялар өнімдерін де қатар тұтынады: мұндай жағдайда балалардың гендер конструкциясы өзгеше болатыны анық. Зерттеудің тағы бір шектеуі – контент өндірушілерге неге дәл мұндай контент жасағаны жайында сұрақ қойылып, сұхбат, дискуссия жүргізілген жоқ. «Қазақфильм» аниматорлары мен «Ұлан» редакторларының ой-пікірін білу де жаңа тұжырымдарға жол ашуы мүмкін.

Зерттеу барысында анықталғандай, «Қазақфильм» киностудиясының анимациялық фильмдеріндегі идеология мен «Ұлан» газетіндегі материалдар идеологиясында елеулі айырмашылық байқалды. «Қазақфильм» киностудиясының анимациялық фильмдері қыз/әйел кейіпкерлерді сирек көрсетіп және патриархал қоғамдағы дәстүрлі гендер рөлдерін алға тартса, «Ұлан» газеті әрі модерн, әрі дәстүрлі гендер рөлдерін қатар көрсеткені мәлім болды. Бұл медианы қаржыландырушының (мемлекеттің) идеологиялық басымдығымен салыстырғанда, тапсырыс орындаушылардың (контент өндірушілердің) идеологиялық басымдығы маңызды екенін білдіреді. Дегенмен осы тұста газет және анимациялық фильм өндірісінің ерекшеліктеріне де назар аудару қажет деп есептейміз: анимациялық фильм өндірісі анағұрлым күрделі, шығыны көп әрі тапсырыс берушінің талабына сай болуы керек. Ал газет өндірісі жылдам, шығыны аз әрі контент тапсырыс беруші талабына аса тәуелді емес.³

² Зерттеу барысында «Ұлан» газетінде жарияланған оқырман хаттары мен мектеп оқушыларының материалдарын да қарастырып, оқырмандардың гендерлік рөлдерге қатысты көзқарасын анықтауға тырысқанымыз рас, дегенмен бұл көзқарастардың қалыптасуына осыған дейін жарияланған «Қазақфильм» немесе «Ұлан» өнімдері қаншалықты ықпал еткені қарастырылған жоқ.

³ Мысалы, аниматорлар уақыт пен қаржы тапшылығына байланысты көп жағдайда тапсырыс беруші талабын орындап, өзі қалаған анимациялық фильмді жасап үлгермеуі мүмкін. Ал газет өнімін дайындау жеңіл әрі жылдам болғандықтан, редакция тапсырыс беруші талап еткен жарияланымдар санын жылдам орындап, өзі қалаған мазмұндағы материалды да жасап үлгеруі мүмкін. Бұл осыған дейін жазған «контент мазмұны тапсырыс берушіден гөрі, орындаушыға байланысты» деген тұжырымға қайшы келетіні рас. Қай көзқарастың рас екенін анықтау үшін контент өндірушілерге бағытталған зерттеулер қажет-ақ.

Зерттелген контент өндірушілерді мемлекет қаржыландырғанымен, гендерлік призма тұрғысынан неге бір-біріне ұқсамайтын идеология ұсынған? Бұл сұраққа мына тұжырымдарға сүйеніп жауап бермекпіз:

- Контент жасаушылардың идеологиялық ұстанымдарындағы басымдықтар. Зерттелген «Қазақфильм» түсірген анимациялық фильмдердің бәрін дерлік еркек режиссерлер жасаған. Төрт мультфильмнің режиссерлер құрамында ғана әйел режиссер бар. Ал «Ұлан» газетінің редакциясы түгелге жуық әйелдерден тұрады. Яғни контент жасаушылар құрамы контент мазмұнына ықпал еткен болуы мүмкін.
- «Қазақфильм» киностудиясының анимациялық фильмдері тарихи оқиғаларға, халық ертегілеріне сүйеніп жасалған. Зерттелген мультфильмдердің төртеуінде заманауи қала өмірі, қалған 17 фильмде орта ғасырдағы дәстүрлі қоғам көрсетілген. Тарихымыз патриархалдық тәжірибелер мен дәстүрлі нарративтерге толы болғандықтан, тарихи анимациялық фильмдер де патриархал құндылықтар аясынан шыға алмауы мүмкін. «Ұлан» газеті мерзімді басылым болғандықтан, өткенді емес, қазіргі өміріміз туралы көбірек жазып, гендерге қатысты заманауи нарративтерді де ұсынған болады.

Зерттеу қорытындысы «Қазақфильм» түсірген анимациялық фильмдер мазмұны мемлекеттің ресми гендерлік саясатына сай келмейтінін көрсетіп отыр. Яғни бұл анимациялық фильмдер мемлекет бағдарламасында айтылған «сезімтал гендерлік сана» қалыптастырудың орнына, гендерлік теңсіздікті ұлғайтатын стереотип ойларға басымдық беріп отыр. Мысалы, қыздарды үй шаруасын істейтін, қорғансыз, жұбай және ана ретінде ғана көрсетсе, ұлдарды басшы, қорғаушы образында ұсынған.

Жанар Таткеева айтқандай, Қазақстан үкіметі іс жүзінде бір мезгілде екі мақсатқа жетуге тырысып отыр: заманауи болуды, сонымен қатар қазақтың этностық өзегін нығайтуды қалайды. Қазақстан билігі гендерлік теңдік орнатуға бағытталған ресми бағдарламалар арқылы модерн нарративтерді насихаттайды, ал ұлттық кімдік қалыптастыру үшін тарихқа көз жүгіртіп, өткенді еске салатын мәдени өнімдер шығарады және бұл мәдени өнімдер өткеннің патриархал түсініктерін қайта жаңғыртып, дәстүрлі нарративтерді қалыптастырады (Tatkeyeva, 2018: 18).

Мәдени өнімдердің сананы, сананың күнделікті өмірді қалыптастыратын күші барын ескерсек, «Қазақфильм» киностудиясы анимациялық фильмдеріндегі ұлдар мен қыздар бейнесін тең, инклюзив, стереотиптерден ада етіп жасамайынша, Қазақстан мемлекетінің гендерлік теңдікке қатысты бағдарламалары мен міндеттемелері лайық деңгейде орындалуы екіталай.

Қазақстандағы балаларға арналған мемлекеттік медиа мемлекеттің ресми гендерлік ұстанымдарына сай болуы үшін мынадай кеңестер ұсынамыз:

1. Медиа өнімінде жыныс/этнос/жас т.б. айырмашылықтарды құрметтей отырып, рөлдер мен мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету.
2. Түрлі әлеуметтік категориядағы кейіпкер әралуандығын сақтау: яғни қоғамдағы түрлі әлеуметтік санатта ұл/ер кейіпкерлер де, қыз/әйел кейіпкерлер де бірдей көрсетілуі керек;
3. Дәстүрлі нарративтен бас тартып, барлық адамзатқа ортақ әрі әмбебап саналатын модерн және постмодерн нарративтер ұсыну: қыздар – тек ана немесе үй шаруасындағы әйел, еркектер – тек басшы немесе асыраушы ретінде көрсетілмегені жөн.
4. Заманауи өмірді көрсететін анимациялық фильмдер санын арттыру. Ал ұлттық кімдік қалыптастыру және аудитория танымын кеңейту мақсатында тарихи мультфильмдер түсіргенде тарихқа феминист призма тұрғысынан жаңаша интерпретация жасап, әйел қайраткерлер бейнесін көрсетуге болады.
5. Балаларға арналған медиа қызметкерлерінің де әралуандығын қамтамасыз ету: анимациялық фильмдер өндірісіне әйел режиссер, әйел сценаристер көбірек араласуы қажет.
6. Еуропа мемлекеттерінің тәжірибесіне сүйене отырып, балаларға арналған мәдени өнімдерге алалауға қарсы сараптама жасайтын тәуелсіз кәсіби комиссия құру: бұл комиссия мемлекет қаржыландыратын медианың мемлекет құндылықтарына сай контент өндіруін қадағалауға тиіс.

Зерттеуші Дафна Леммиш айтқандай, балалардың бос уақытын өткізу мәдениеті түбегейлі өзгеруі – жалпы қоғамға, әр адам тең болуы керек деген қоғам ұмтылысы мен кішкентайлардың жарқын болашағы туралы қиялына тәуелді болып қала береді (Lemish, 2013).

Дереккөз

Қазақстан Республикасының Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы №248 Заңы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000248> (соңғы қаралған күні: 15.04.2022)

Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы №1677 Жарлығы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U050001677_#z74 (соңғы қаралған күні: 15.04.2022)

Тичер С., Мейер М., Водак Р., & Веттер Е. Методы анализа текста и дискурса. *Харьков: Гуманитарный центр*, 2009. – №5. – С. 92-93

Baker, K., & Raney, A. A. (2007). Equally super?: Gender-role stereotyping of superheroes in children's animated programs. *Mass Communication & Society*, 10(1), 25–41

- Blackstone, A. M. (2003). Gender roles and society, in *Human Ecology: An Encyclopedia of Children, Families, Communities, and Environments*, edited by Julia R. Miller, Richard M. Lerner, and Lawrence B. Schiamberg. Santa Barbara
- Bussey, K., & Bandura, A. (1999). Social cognitive theory of gender development and differentiation. *Psychological review*, 106(4), 676
- Drabman, R. S., Robertson, S. J., Patterson, J. N., Jarvie, G. J., Hammer, D., & Cordua, G. (1981). Children's perception of media-portrayed sex roles. *Sex Roles*, 7(4), 379–389
- Götz, M., & Lemish, D. (Eds.). (2012). *Sexy girls, heroes and funny losers: Gender representations in children's TV around the world*. Peter Lang GmbH, Internationaler Verlag der Wissenschaften. p. 4
- Herman, E. S., & Chomsky, N. (2008). *Manufacturing Consent: The Political Economy of the Mass Media*. Random House
- Leaper, C., Breed, L., Hoffman, L., & Perlman, C. A. (2002). Variations in the gender-stereotyped content of children's television cartoons across genres. *Journal of Applied Social Psychology*, 32(8), 1653–1662
- Lemish, D. (2013). Boys are... girls are...: how children's media and merchandising construct gender. In *The Routledge Companion to Media & Gender* (pp. 197–207). Routledge
- Maker, J. K., & Childs, N. M. (2003). A longitudinal content analysis of gender roles in children's television advertisements: A 27 year review. *Journal of current issues & research in advertising*, 25(1), 71–81
- McDade-Montez, E., Wallander, J., & Cameron, L. (2017). Sexualization in US Latina and White girls' preferred children's television programs. *Sex Roles*, 77(1), 1–15
- Rivadeneira, R., Ward, L. M., & Gordon, M. (2007). Distorted reflections: Media exposure and Latino adolescents' conceptions of self. *Media Psychology*, 9(2), 261–290
- Rudy, R. M., Popova, L., & Linz, D. G. (2010). The context of current content analysis of gender roles: An introduction to a special issue
- Steeves, H. L. (1987). Feminist theories and media studies. *Critical Studies in Media Communication*, 4(2), 95–135
- Schiau, S., Plitea, I., Gusiță, A., Pjekny, S., & Iancu, I. (2013). How do cartoons teach children? A comparative analysis on preschoolers and schoolchildren. *Journal of Media Research*, 6, 37–49
- Tatkeyeva, Z. (2018). The construction of gender roles perceptions among young adults in kazakhstan

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІНІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

*Майра Жолшаева
Жолдасбек Мәмбетов*

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетіндегі классик көркем прозаның қалыптасуы мен дамуының ғасырдан асатын тарихы бар. Алғашқы қазақ романы деп жүрген Міржақып Дулатовтың 1911 жылы жазылған «*Бақытсыз Жамал*» туындысынан бастап, ХХІ ғасырдың алғашқы жиырма жылына дейін талай прозалық шығарма жазылып, түрлі типтегі көркем образдар сомдалды, оның ішінде әйелдер бейнесі де бар.¹

Зерттеуімізде 1991 жылдан кейін жазылған жастар прозасындағы әйелдер бейнесі типологиясы қарастырылады. Қазақ әдебиетіндегі жас прозашылардың тәуелсіздік кезеңінде жазылған шығармаларында тақырыптық, жанрлық, образ сомдауы жағынан елеулі өзгешеліктері бар. Қазіргі жастар прозасы постреализм, постмодернизм бағыттарына сүйенгендіктен, мазмұн мен пішін тұрғысынан ерекшеленіп тұрады.

Постреализм – посткеңестік кезеңдегі жазушылардың соцреализм бағытынан кейін тапқан әдісі. Бұл бұрынғы социалистік реализмнен бас тартқан қаламгерлердің

¹ Көркем бейне – көркем өнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталып суреттелетін өмір құбылысының нақты көрініс-қалпы, жазушы көркем ой елегінен өткізіп, қорытындылап жасаған кейіпкер тұлға-бейнесі. Көркем бейнеде екі түрлі ерекшелік – жинақтау, жалпы сипаттарды топшылап-түйіндеу және даралау, жеке қасиет-белгілерді нақты көрсету іштей астасып, қабысып жатады. Көркем бейне – әдебиетте өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты, адам тағдырын бейнелеп көрсететін әдіс (Ахметов, 2006: 192).

Көркем бейне арқылы жаңа эстетикалық шындық жасалады. Көркем бейне көпқырлы, сол себепті әр оқырман оны өзінше түсініп, қабылдайды. Зәки Ахметов әдеби шығармадағы адамның көркем бейнесін «оның бой-тұлғасындағы, кескін-кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, ойлау-сөйлеу әрекетіндегі өзгеше сипат белгілерді нақтылы суреттеу арқылы жазушы типтік қасиеттерді, қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ, жалпылық мәні бар ерекшеліктерді айқын танытады» деп көрсеткен (2006: 192). Ғалымның бұл пайымдауы барлық образға, оның ішінде әйелдер бейнесіне де қатысты.

реалистік дәстүрді жалғастыра отырып, өзгерген жаңа пішінге қатысты ізденістерінен туған (Лейдерман & Липовецкий, 2003: 343).

Постмодернизм – алдындағы модернизмді жоққа шығарушы бағыт. Постмодернизм (*postmodernism*) – тарихи кезең әрі постструктурализмнің басқаша атауы. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тағы мәдени дәуірде суретшілер мен жазушылар жоғары және бұқара мәдениеті арасындағы шекараны бұзып, дәстүрлі стильдер мен өнердің әрқилы тұжырымдарын, еркін тәжірибелер жасады. Әдебиеттегі постмодернизм бағытындағы жазбалардың әдеби техникалары, бұралаң (желілік емес) баяндаулары мен пародиялық әсіре бейнелеулері көзге ұрып тұрады (Джули Ривкин & Майкл Райан, 2019: 559).

Қазіргі қазақ прозасында өнімді жазып жүрген жас қаламгерлер арасында постмодернизм бағытын қолдайтындар да, постреализм бағытына басымдық беретіндер де кездеседі. Оларды, әрине, бір-біріне қарсы деуге болмайды. Олардың айырмашылығы жазу стильдерінен, шығармаларында насихаттайтын идеялық тұжырымдары мен туындыларында суреттелетін образдардың психологиялық ерекшеліктерінен аңғарылады.

Жастардың шығармаларында ұлттық дәстүр өзгергені, ұрпақтар арасындағы ескіден келе жатқан байланыстар модерндегені, осы өзгерістердің ықпалымен болып жатқан жеке адам көзқарасы мен психологиясындағы ерекшеліктер, таным-түсініктер басқаша қалыптасқаны, құндылықтар жаңа сапада бағаланғаны бейнеленеді. Тақырыптық жағынан алғанда жастар прозасында, бір жағынан, дәстүрлі тақырыптар жалғасын тауып жатса, екінші жағынан, діни, мистикалық, эротикалық тақырыптар да қозғалып келеді.

Осы уақытқа дейін жаңа кезеңдегі қазақ әдебиетінде жарық көрген прозалық шығармалар көркемдік-поэтикалық тұрғыда арнайы зерттеліп, бұл салада «*XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті. 2001–2011*» (2011) және «*Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар*» (2017) деген екі ұжымдық монография жарық көрді. Дегенмен қазақ әдебиетінде қазіргі жастар прозасындағы әйелдер бейнесіне қатысты талдау, оның ішінде гендерлік зерттеу жоқтың қасы. Осы тұрғыдан алғанда зерттеуіміздің тақырыбы әсіресе өзекті бола түспек.

Зерттеу материалдары

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жазылған жас қаламгерлердің прозалық шығармаларын зерттеу материалы ретінде алдық. Атап айтқанда, Мадина Омарованың «*Жол үстінде*» (2014), Лира Қоныстың «*Патагония аруы*» (2020), «*Айгүл*» (2019),

Аягүл Мантайдың «Қарғыс» (2017), Қанат Тілеуханның «Шатырдағы әйел» (2020), «Қайтқан қыз» (2019), Әлішер Рахаттың «Үздіксіз әуез» (2020), Бейбіт Сарыбайдың «Перінің қызы – Бекторы» (2014), Ерғали Бақаштың «Еден жуушы» (2020) әңгімелері талданды.

Талқылау және нәтижесі

Көркем әдебиеттің қоғамдық мәні тәрбие, таным, эстетика ұғымдарымен тығыз байланысты. Бұл ұғым-түсініктер уақыт пен кеңістік құбылғанына қарай өзгеріп отырады. Бұл қазіргі прозадағы әйелдер бейнесі жаңа типте бейнеленгеніне де қатысты. Юрий Лотман «*Беседы о русской культуре. Быт и традиции русского дворянства (XVIII – начало XIX века)*» деген зерттеуінде әйелдер бейнесінің негізгі түрлерін үшке топтастырады: дәстүрлі бейне, қайсар мінезді (героини) бейне, сайтан мінезді (демондық) бейне (Лотман, 1994: 64–67).

Лотманның көрсетуінше, әйелдер бейнесінің бірінші түріне арманшыл және әлжуаз, жеке өмірі қатал қоғам талқысына түскен әйелдер бейнесі жатады (Лотман, 1994: 65). Бұл типтегі әйелдер бейнесіне біз зерттеу нысаны ретінде қарастыратын Лира Қоныстың «*Айгүл*» әңгімесіндегі Айгүл бейнесін жатқызуға болады.

Зерттеуші қайсар әйелдерге берген анықтамасында бұл типті рухани әлсіз еркектерге қарсы қою арқылы танытады (Лотман, 1994: 72). Қайсар мінезді әйелдер типіне Қанат Тілеуханның «*Қайтқан қыз*» әңгімесіндегі Бәтимашты, Ерғали Бақаштың «*Еден жуушы*» шығармасындағы еден жуатын әйелді жатқызамыз.

Ғалымның жіктемесіндегі үшінші сайтан мінезді әйелдер типіне қалыптасқан ережелер мен әдепті бұзатын, ақсүйектер әлеміндегі жалғандық пен шарттылықтарды суқаны сүймейтін әйелдер жатады (Лотман, 1994: 66). Бұл типтегі әйелдер санатына қазіргі жас қаламгерлер шығармаларындағы Әлішер Рахаттың «*Үздіксіз әуез*» әңгімесіндегі Риза, Қанат Тілеуханның «*Шатырдағы әйел*» әңгімесіндегі Анар, Бейбіт Сарыбайдың «*Перінің қызы – Бекторы*» әңгімесіндегі Назым бейнесі жатады.

Көркем туындыдағы әйелдер типіне қатысты Лотманның осы жіктемесін негізге алып, Валентина Кардапольцева *оны* ары қарай мазмұндық жағынан «*Женские лики России*» еңбегінде дамыта түседі. Әйелдерді әлеуметтік сипатына қарай құндылық бағдарына, қоғамға пайдалы іске атсалысқанына, олардың үйге, отбасына тәуелді болғанына, ана және әйел ретіндегі әлеуметтік рөліне, дәстүрлі патриархал қатынастарды жандандырған көріністерге сүйеніп, ол да әйелдер типін *дәстүрлі, қайсар, сайтан мінезді* деп үшке бөліп қарастырады. Кардапольцеваның ойынша, *дәстүрлі* типтегі әйелдер – отбасы, ошақ қасын пір тұтатын, дәстүрді қастерлейтін, өзгелер үшін жанын қиюға даяр, махаббатына берік әйелдер. *Қайсар* әйелдер қиындықтан қорықпайды, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады, олар үй шаруасын, отбасын

бірінші орынға қоймайды, керісінше, өздері сенген идея мен көзқарастардың «құлы». *Сайтан мінезді* әйелдер сан қырлы және біріне-бірі ұқсамайды. Оларға ер адамдар жасаған шарттылықтардың бәрін батыл қирататын муза-әйелдер, қауіпті, «көбелек» әйелдер жатады (Кардапольцева, 2000: 56). Бұл еңбектерде талданған әйелдер типологиясына қатысты теориялық тұжырымдар осы зерттеу барысында қолданылды.

Қазіргі көркем әдебиеттегі жаңаша сомдалған әйелдер бейнесі, біріншіден, қазіргі прозадағы осы заманға сай жаңа әйел образын танытса, екіншіден, әйелдің әлеуметтік бейнесі арқылы қоғамдағы шындықты көрсетеді. Кейінгі жылдары жазылған қазақ прозасын саралағанда, әйел образының әлеуметтік сипатынан гөрі оның жеке басының проблемаларына, ішкі жан дүниесіне көбірек мән берілгені байқалады.

Әдетте ғылыми зерттеу еңбектерінде әйелдер бейнесі гендерлік стереотиптер тұрғысынан қарастырылады. Гендерлік стереотиптің өзіне зерттеушілер түрлі анықтама беріп жүр:

- 1) гендерлік стереотиптер – әлеуметтік стереотиптердің бір түрі, ықшамдалған, қалыпқа түскен әйелдің және еркектің тұрақты бейнесі (Ильин, 2010: 585);
- 2) «әйел» және «еркек» ұғымдарына сәйкес келетін мінез-құлық моделдерінің стандартталған көрінісі; әлеуметтік рөлдер мен дәстүрлі гендерлік мінез-құлықты қалыптастырудың жарқын әрі тиімді тетігі (Воронина & Клименкова, 1992: 16);
- 3) гендерлік стереотиптер – мәдениеттің жемісі ретінде әйел мен еркектің психологиялық және мінез-құлық сипатына қатысты адамдар санасында қалыптасқан норматив үлгілер; адамдарды олардың жынысына қарай жіктеу құралы; сондай-ақ өзара әрекет ететін адамдар арасындағы әйел мен еркектің мінез-құлқына қатысты бағдар (Клецина, 2004: 248).

Әдебиеттанудағы гендерлік зерттеулердің міндеті – мәдени мәтіндегі түрлі дискурстық тәжірибе үлгілеріне сүйеніп, әйелдің субъектив образын ерекше құндылық ретінде суреттеу (Воробьева, 2016: 195).

Автор ақиқатты қайта тұжырып, қорытып, шығармашылық тұрғысынан ұсынатын көркем мәтінде гендерлік стереотиптер ашық және жасырын түрде көрінеді. Әйелге тән гендерлік стереотиптерге негізінен мыналар жатады: *сезімтал; мейірімді; қамқор; эмоциясы басым; әлеуметтік белсенділігі төмен; тартымды; біреудің қорғауына зару; ана; отбасының ұйытқысы; көнбіс; тәзімді*. Бұл стереотиптер Лотманның және Кардапольцеваның көркем әдебиеттегі әйелдер типіне қатысты жіктемесіндегі дәстүрлі бейнеге сәйкес келеді. Біз талдау нысанына алған қазіргі жас прозашылардың туындыларында бұл стереотипке келетін бейнелерден бөлек, әйелдер бейнесінің екінші және үшінші типі, атап айтқанда, қайсар мінезді және сайтан мінезді әйелдер бейнесі барын байқадық.

Жалпы ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі жастар прозасында бұл стереотиптер сақталғаны да, өзгеріске түскендері де бар. Қазіргі прозадағы әйел образын зерделей отырып, еліміздегі әйелдерге деген көзқарас, ер мен әйел қарым-қатынасына қатысты таным-түсініктер, олардың (әйелдердің) қоғамдағы орнын, жан дүниесіндегі өзгерістерді әр қырынан байыптауға болады.

Әйел жазушылардың шығармаларында бас кейіпкерлер негізінен әйелдер болып келетіні байқалды. Олардың кейіпкерлерін екі топқа бөліп қарастыруға болады: бірі – батыл шешім қабылдайтын күрескер не мінезі шәлкес әйелдер; екінші – әйел-ана, отбасын сақтаушы тұлғалар. Бұл образ түрлері әдебиетте бұрыннан бар, тек кейінгі жылдары жазылған шығармаларда заманға сай өзгерген. Оған себеп – қазіргі жаһандану процесі, әлем халықтары араласып кеткені, технология жылдам дамығаны, адамдар атқаратын қызмет түрлері сан алуан салаларға бөлінгені.

Осы күнгі қаламгерлердің шығармаларындағы әйелдер ұлттық болмысын сақтаған кеңес кезіндегі образдардан ерекше, олар өз алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын, көп жағдайда тәуекелшіл, батыл да қайсар болса, енді кейбірі – сабырлы, бәріне салмақты қарайтын, кешірімшіл, кейде тіпті шектен тыс қанағатшыл, көнбіс, жаны нәзік әйелдер. Бұл сомдалған образдардың көбі адам жаратылысының сан қилы иірімдері мен қалтарыстары барын дәлелдейді. Мысалы, өз махаббаты үшін бәрін де құрбан етуге даяр әйелдерді де, қоғамдағы келеңсіздіктерге жаны төзбейтін нәзік бикештерді де, өзін түсінбеген ортадан қаншама азап көрсе де, шыдап, кешіріммен қарауға үйренген сабырлы әйелдерді де осы авторлардың шығармаларынан көруге болады. Кей әйел бейнелері шағын жанрда қысқа сипатталғанымен, жазушы сомдаған қанық бояулардың арқасында атқарған істерінен ерекше адами қасиеттері мен мінезі айқын да нақты көрінеді, сондықтан ер адамдар бейнесіне қарағанда есте қалады.

Еркек жазушылардың әйел кейіпкерлері

Қанат Тілеухан

Қазіргі жас қаламгерлер арасында дәстүрлі проза жанрында жазып жүрген талант иесі – Қанат Тілеухан. Ол – шағын жанрда өз замандастарының бейнесін барынша шынайы суреттеп жүрген реалист жазушы. Оның *«Шатырдағы әйел»*, *«Қайтқан қыз»* әңгімелерінде жас шамасы түрлі әйелдер образы сомдалған. Шығармада ерекше көркемдік детальдар арқылы қоғамдағы проблемалар суреттелген.

Сөз өнерінің басты мақсаты – ақиқат шындықты дәлелдеу емес, сол шындықты адам санасында елестету. Нарық заманындағы адамдар санасындағы өзгерістер, рухани дүниеге қарағанда материалдық дүниенің үстем болғаны, туыстық, жолдастық

қатынастар арасына сызат түсе бастағаны жазушының көркем шығармаларында жүйелі көрініс тапқан.

Қанат Тілеухан бейнелеген әйелдер образы күрделі, өйткені оның кейіпкерінің бойынан түрлі типтегі әйелді көруге болады. Мысалы, *«Шатырдағы әйел»* әңгімесіне бала кезінде психологиялық соққы алған Анар есімді әйелдің тағдыры өзек болған. Жас күнінде ағасы байқаусызда әкесін мерт қылып, он жылға сотталады. Асыраушыларынан айырылған шешесі балаларын алып төркініне көшіп кетеді де, басына түскен ауыр қайғыны көтере алмай психикалық дертке шалдығып, ақыры ауруханада қайтыс болады. Ал кішкентай Анар жас күнінен нағашыларының үйінде қиындық көріп өседі. Осындай күйге түскеніне араққа салынып, бала-шағасының қамын ойламай кеткен әкесінің де, оны қызбалықпен мерт қылған ағасының да, күйеу баласымен қосылып арақ ішіп, оны туған қызына айдап салған нағашы әжесінің де кінәсі бар.

Анар жетімдіктің кесірінен өзі тұрып жатқан үйдің үлкендерінен талай рет сөз естіген. Өсіп келе жатқан жас қыз өзіне қамқор болар біреуге бала болып еркелей де алмайды, басынан өтіп жатқан қиындықтарды айтып шағына да алмайды. Оны қаламгердің мына бір суреттеуінен анық көреміз:

«Анар туған әпкем Нұргүлмен түйдей құрдас екен. Бетінің қан-сөлі жоқ мүсәпір қыз айналасына үрке қарайтын... Ата-анасы мен ағасын ойлап түнімен жылаушы еді. Оның үстіне қуығы ұстамай, үнемі бұтына жіберіп қоятын. Таңертең әжем ылғи тұра сала Анардың көрпесін жұлып алып: «Ой, шыжың қаншық-ай, тағы да бұтыңа сидің бе? Үйдің бәрін сасыттың ғой. Ағасы туған әкесін өлтірген қаныпезер, өзі дардай қыз болса да бір шыжың кегір. Марқұм әкесі алқаш еді ғой. Алқаштан қайбір оңған бала туушы еді?!» (Тілеухан, 2020).

Анардың осындай қатынасқа шыдағандағы басты себебі – үйде араздық, ұрыскеріс болмауын ойлағаны. Шығарма сюжетінің дамуы барысында Анардың үнемі болмашы нәрсені уайымдап, кез келген адамның көңілін қалдырмауға тырысатын психологиялық болмысынан да аңғарылады. Бірақ жас қыз сезімтал болып өседі. Бөлесі екеуі мектеп кітапханасына барғанда ондағы әйелдер шешесін жамандап жатқанын естіген Құрман ызадан жарылардай болып жүгіре жөнеледі.

«Анар мені орта жолда қуып жетіп алды. Ентігін баса алмай:

– Жыламашы, Құрман, жыламашы, – деп мені бас салып құшақтады.

– Анар, аналар айтқандай мамам жаман адам емес. Саған жаманшылығы жоқ, – деймін даусым дір-дір етіп.

– Әрине, әрине. Тәтем жақсы адам. Қазір өмір сүру қиын ғой. Ақшаны үнемдеу үшін, бізге тамақ алу үшін маған Нұргүлдің формасын кигізеді. Онда тұрған ештеңе де жоқ» (Тілеухан, 2020).

Осы үзіндіде Анар жас та болса алды-артын ойлайтын, қанағатшыл, ақылды қыз бейнесінде көрінеді. Бұл жерде сюжет әлдебір оқиғалар мен деректерді шұбырта жинақтауға ғана емес, тұрмыстағы қайшылықтарды кейіпкерлердің көңіл-күйіне бағындыра отырып, дәлелді бейнелеуге сүйеніп дамиды. Кішкентай Анар – өмір мектебінен өткен, не боларын байыптай алатын қыз. Жазушы осы оқиғаның аяғы жанжалға айналып кетерінен қорқып, еріксіз Құрманды алдап тұрғанын оның нәзік психологиялық әрекеттері арқылы шебер көрсете білген.

«Нүргүлдің дене бітімі менен үлкен болғандықтан, оның былтырғы киімдері маған шақ. Егер Нүргүлдің бойы менен кіші болғанда менің киімімді ол киетін еді, – деп Анар жылы шыраймен езу тартты» деген екеуара диалогтан ақыл айтып жұбатқаны, дәлел келтіргені өз еркімен, шын жүректен айтылмаған сөз екенін оқырман бірден байқайды. Егер Құрман естігенін сол қалпында шешесіне жеткізсе, үйдегі жанжалдың одан да әрі ушығып кетерін Анар жас та болса сезеді және өзінің осындай жасанды қылықтарымен сол зауалдың алдын алуға тырысады. Жас қыздың «жылы шыраймен езу тартқаны» да көңілдің кіршіксіз көрінісі емес, оның астарында өзін, өзінің бауырын қорғап қалуға жанталасқан іштегі арпалыс, алда болатын қорқынышты қалай да болдырмау үшін жасалған әрекет жатқаны аңғарылады.

Жазушы Анарды бауырмал, барлық адамға жақсылық ойлап жүретін ниеті ізгі жан ретінде бейнелеген. Ол – досқа адал, бауырға жанашыр. Оның бойында өзге адам үшін жанын қия алатын мәрттік те бар. Бөлесі екеуі киім-кешекке ақша табайық деп металл жинайды. Бір күні Құрман тоқсаныншы жылдары бағаналарда еш пайдасыз салбырап тұратын электр желісін шығарып алып сатуды ойлайды. Оған Анарды да көндіреді.

«– Бірақ, бағаналарға сен емес, мен шығамын, – деп шарт қойды бөле әпкем. Ондағысы биіктен құлап, бір жерін жарақаттап ала ма деп, алаңдағаны ғой. Менің ойым Анардың соры болды. Биік бағанадан құлап жамбасын сындырды» (Тілеухан, 2020).

Бұл тұстан Анардың ерлігі, жанашырлығы байқалады. Бірақ ол көбіне осындай жақсылығының азабын тартады. Оқырман шығарма сюжетіне тереңдей отырып, жаны жайсаң, өзінен бұрын өзгенің жайын ойлап жүретін сүйкімді Анарды алда бақыт күтіп тұр-ау деп топшылайды. Алайда шығарма аяғына қарай сюжет желісі басқаша дами бастағанын сезгенде, автор қандай идеяны мақсат тұтқаны байқалады. Ол сүйген адамымен тұрмыс құрып, бала тапқанымен, жас күнінен қалған жан жарасы еш уақытта жазылмайды. Ішкілікке үйір болып, отбасынан безіп, қаңғыбастар қатарына қосылады, қызы тұратын үйдің шатырын мекен етеді. Ал кейде ақыл-ойы замандастарынан озық. Бойында бір қайсарлық бар. Оның мұндай күйге түскеніне ер адамдар үстемдік еткен қоғам кінәлі секілді. Ол жоғары оқу орнын бітіріп, сәулетші

болып та істеген. Бір отбасын бақытқа да кенелткен. Бастығы еркінен тыс қысым көрсетіп, бар бақытынан айырылса да, Анар өзгелер секілді өмірден баз кешіп кетпейді. Жұмыссыз жүрсе де, баспанасыз қалса да, өзіне тән қайсар мінезінен айнымайды. Құрман оның шатырда тұрып жатқанын естіп, үйіне алып келгенде де одан қысылып, ұнжырғасы түспейді. Оның сана түкпірінен жекелеген адамдарға ғана емес, жалпы еркектерге деген жиіркеніш аңғарылады.

«– Енді Еркіннен ажырасқалы міне 16 жыл болды. Неге қайта тұрмыс құрмадың?

– Қазір дұрыс еркек бар ма? Тауып берші. Қазір-ақ үйленейін. Сен менің басымды қатыру үшін үйіңе алып келдің бе?» деген сөз саптасында еркек атаулыға деген бір зіл жатқандай.

Сонымен, жазушы сомдаған Анар бейнесінде әйелдерге тән дәстүрлі стереотиптермен (қамқор, бауырмал, сезімтал, төзімді, көнбіс) қатар, оның бойынан қайсар және сайтан мінезді әйелдер типажына тән қайсарлық, өжеттік, кейде тіпті шәлкес мінез де көрінеді.

Жазушы Қ.Тілеуханның екінші әңгімесі «*Қайтқан қыз*» деп аталады. Бұл әңгімеде жаһандануға бет бұрған қазіргі замандағы қазақ әйелінің образы әр қырынан бейнеленген. Бәтимаш жас күнінен болашаққа сеніммен қарайтын, өзі білімі мен қайратына ғана сенетін нарық заманына бейім адам ретінде суреттеледі. Өзі таңдаған оқуға түседі, қолынан келген көмегін бауырларынан аямайды. Заман талабына сай көлік алып, дүкен де ашып үлгереді. Алайда күйеуі есірткіге әуес болып, өзі уақытша күйзеліске түседі. Үш баласымен ата-анасының қолына барып тұрады. Бұл әңгімеден «Қайтып келген қыз үш баласымен төркініне сыюы қиын» деген қоғамда қалыптасқан түсінікті көреміз. Соны дер кезінде түсінген Бәтимаш қайтадан қалаға көшіп кетеді. Жаңа өмір бастамақ. Тәуекелшіл, ойға алғанын орындамай тынбайтын Бәтимаш образын кәсіпкерлікке ер адамдармен таласа кірісіп кеткен қазіргі қазақ қыздарының жиынтық бейнесі деуге келеді. Артынан іздеп келген інісі оның бір жылда кәдімгідей жетістікке жетіп, жағдайын түзеп алғанын көреді.

«Аңғарғаным, Бәтимаштың қазіргі тұрмысы жаман емес. Кезінде бірге бизнес бастаған құрбысының компаниясында есепші екен. Өмірге деген құштарлығы сезіліп тұр. Алдағы уақытта кәсіпкерлікпен шұғылданам дейді. Жоспарлары да көп екен» (Тілеухан, 2019).

Бәтимаш – өз еркіндігін бағалай алатын әйел. Ол ешкімге алақан жайғысы келмейді, қайта бір істің ебін таба алмай жүрген інісіне, ауылда шаруасын үйлестіре алмай, басы қатқан әкесіне ылғи көмектеседі, ақылын айтады, өйткені ол – заман беталысын ертерек аңғарған жан. Ойының еркіндігі, әйел ретінде өз құқын қорғай алатыны, кез келген істі өз қалауымен істейтіні Бәтимаштың жаңа сипаттағы кейіпкер екенін

көрсетеді. Мысалы, Талғат екеуінің арасындағы сезім шырғалаңын ақылмен тоқтата алғаны, екі арада жеңгетайлық жасап жүрген туған әпкесінің кінәсін бетіне басқаны оның өжеттігін айғақтайды. Бұл қасиетін жазушы Бәтимаштың аузына салған мына бір диалог арқылы көрсеткен: «Талғатқа да қаным қайнады. Мен тек өз қалауыммен отбасын құратын жан емеспін бе? Содан әлгі «күйеу» жігітті шақырып алып, «курс-тасыңмен бірге құры. Енді келме деп ат құйрығын кесістім» дейді. Яғни жаңа заман оқиғасын суреттей отырып, қаламгер қазіргі қазақ әйелінің жаңа бейнесін жасаған.

Ерғали Бақаш

Қиындыққа мойымайтын, рухы биік, адам баласы үшін еңбектенгенді басты міндеті санайтын әйел бейнесі де жастар прозасында жиі көрінеді. Ерғали Бақаштың «*Еден жуушы*» деген әңгімесіндегі зейнеткер әйелдің өз еркімен еден жуып, халыққа қызмет еткені ғана емес, тәрбие бергені, шынында, көпшілікті өзгеше ойға жетелейді. Бақытты адам қандай болады өзі? Ол міндетті түрде бай, бастық болуы керек пе? Оның жауабын еден жуатын әйелдің мына сөзінен табуға болады: «Бойымда қуат-күшім барда жұртқа қызмет ете бермекпін. Соңғы кездері жүрегім тіпті де тыныштыққа бөленгендей, ұйқым да жақсы, көңіл-күйім де орнықты. Есіңде болсын, жүрегі таза адамның бойында кісілік пен кішілік қатар жүреді. Иман деген сол, шырағым! Егер ол қасиет болмаса, онда оның адам болып өмір сүре алмағаны анық» (Бақаш, 2020).

Әлішер Рахат

Әлішер Рахаттың «*Үздіксіз әуез*» (Рахат, 2020) әңгімесінде қазір елімізде болып жатқан қоғамдағы өзгерістер мен сол заман ағымына ілескен Риза деген қыздың басынан өткен әр алуан оқиғалар тізбегі суреттелген. Жас қыз қысқа уақытта талай оқиғаларды бастан өткергені, қоғамнан өз орнын таба алмай адасқаны шынайы бейнеленген. Бірақ бұл жайындағы автор көзқарасы бейтарап қалған, кейіпкер қылығына қатысты ойын мүлде көрсетпейді.

Шығарма мазмұнын зерделесек, бәріне кінәлі Ризаның өзі секілді. Білім құған студент, дінге мойын бұрған фанат, секс-қызметші. Бұл үшеуі – бір-бірімен сәйкеспейтін, қарама-қарсы типаждар және бұрынғы қазақ прозасында кездеспеген образ, алайда жазушы осындай үш түрлі қасиетті бір образ бойына жинақтай алған.

Бейбіт Сарыбай

Бейбіт Сарыбайдың «*Перінің қызы – Бекторы*» (Сарыбай, 2014) әңгімесінде арулар сайысының жеңімпазы Назым есімді қыздың басынан өткен оқиға баяндалады. Сұлу қыздың келісті келбеті, дене бітімі барынша шеберлікпен суреттелген. Автор мақтау

мен қошеметке ерте бөленген Назымды сырты сұлу болғанымен, ақыл-парасатын төмен етіп көрсетеді. Оның жеңілтектігі, білімінің таяздығы, мақтаншақтығы шағын әңгімеде жан-жақты ашылған.

Әйел жазушылардың әйел кейіпкерлері

Қазіргі қазақ әдебиетінде әйелдер прозасы қарқынды дамып келе жатқаны байқалады. Әйелдер прозасы Кеңес дәуірінде де болды. Бірақ ол кездегі әйел жазушылар еркек жазушылардың тасасында қалып келгені аян. Социализм әйелге теңдік берді десек те, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәміл Нұрпейісов деңгейіндегі әйел жазушыны кездестіре алмаймыз.

Бұрынғы қазақ қоғамында әйел тағдырына, олардың шығармашылық өнеріне немқұрайлы қарау сол тақырып төңірегінде қарапайым халықтың санасында көптеген миф пен түсінік қалыптастырғанын атап өту керек. Әдебиет пен өнер саласына назар аударсақ, бұл салада ер адамдар ғана нағыз өнер жәдігерлерін жасай алған, яғни ғажайып сөз бен өнер тарихы – данышпан ер адамдардың тарихы дегенді сирек те болса естиміз (Трофимова, 1997: 47).

Заманауи әйелдер прозасында жас әйел қаламгерлер айтар ойы, шығарма арқылы беретін идеясы, шығарманың мазмұны мен формасы жағынан батыл қадамдарға барып, қазақ әдебиетінде кездесе бермейтін тың тақырыптарды жазып жүр. Әр қарай әйел жазушылардың әйел кейіпкерлерін саралаймыз.

Мадина Омарова

Постмодернизм үлгісінде өнімді еңбектеніп жүрген жазушылардың бірі – Мадина Омарова. Оның шығармаларында әлем әдебиетіндегі постмодернизм үрдістері қазақтың ұлттық дүниетанымымен астасып кеткен. Жазушы *«Емші ана», «Жақсы көру», «Таң алдында», «Құдайы тамақ», «Суық», «Ұят», «Мәңгілік», «Ақша іздеген бала»* атты әңгімелеріндегі қысқа да қарапайым оқиғалар арқылы қоғам шындығын жеткізген. Омарованың әңгімелерінде дәстүрлі қаламгерлерге тән толыққанды жұмыр да шираған сюжет желісі кезікпейді. Ойды нақты бір образдың бойына жинақтап көрсетуге тырыспайды. Әңгіме мазмұны шиеленіскен тартыстан да ада болғанымен, кейде оқып отырып мұңға батасыз, кейде өзіңіз күнде көріп жүрген үйреншікті оқиғаларға тосыннан қарағандай күй кешесіз. Шығарма оқырманға ой салады, автордың мақсаты – оқырманды сол ойдың арнасына бағыттау. Оқырман жазушыны да, шығармадағы оқиғаны да ұмытып, өзімен өзі қалады.

Омароваға тән стильдік ерекшелік – шығарманы бірінші жақтан баяндау, сондықтан сомдаған образдарының көбі автордың өзі ретінде қабылданады. Ол кез келген

құбылысты әйел көзқарасымен бағалайды. Юлия Ремаева бұрынғы және қазіргі ағылшын әдебиетіндегі әйелдер бейнесін салыстыра отырып жүргізген зерттеуінде бұл жалпы әлем әдебиетіне тән құбылыс дейді (Ремаева, 2007: 16).

Омарованың (2015) «*Жақсы көру*» деген әңгімесіне інісі мен әпкесінің қысқа ғана диалогы арқау болған. Тоғыз жасар бала кітап оқып отырған әпкесін әңгімеге тартқысы келеді. Алайда кітап қызығына кіріп кеткен әпкесі оны елей қоймайды. Балақай оған «сен мені жақсы көрмейсің» деп өкпелеп, ақыры орындықта отырып ұйықтап қалады. Әңгіме әпкесінің «ақырын барып шашынан сүйдім» деуімен аяқталады. Бұл оқырманға адамдар бір-бірінен алыстап бара жатқан жоқ па деген ой тастайды. Мадинаның шығармаларында ер мен әйел арасындағы теңсіздік мәселесі, әлеуметтік қайшылықтар көп қозғалмайды, керісінше, ер мен әйелдің бір-біріне деген құрметі мен сыйластығына көп мән береді.

Автор шығармаларынан мистикалық сарынның да әсері байқалады. Бұл, бір жағынан, туындыға тылсым, санадан тыс әлем туралы қызық сипат берсе, екінші жағынан, сол тылсым дүние сырларын енгізу арқылы қаламгерлер оқырманға өздері ашып айта алмаған идеяны астарлап жеткізуді мақсат етеді. Мысалы, «*Жол үстінде*» деген әңгімесінде бойын суық алған қыз жігітке жақындағысы келеді: «Түннің өз суығы аз болғандай, тура желкемізден ызғар төгіп жел тұра бастады. Мен оған амалсыз тығылдым. Ең болмаса, қолымды қалтасына салсам ғой. Бірақ алдымен әйелі бар ма, жоқ па соны біліп алсам болар еді» (Омарова, 2014). Бірақ жігіт оның бұл ойын қаперіне де алмайды, өйткені ол осыдан он жыл бұрын қайтыс болып кеткен адам еді.

Аягүл Мантай

Мистикалық сарын қазіргі қазақ әйел жазушыларының бәрінде дерлік кездеседі. Аягүл Мантайдың «*Қарғыс*» (Мантай, 2017) әңгімесінің фабуласы Мәскеу шаһарындағы хостелде бірге тұрған екі қыз арасындағы әңгімеге құрылған. Тілі де, ділі де бөлек жандар болғанымен, мына дүниедегі адамдарға тән уайым, қайғы, қуаныш пен ертеңіне үміттене қарау – екеуіне де тән. Әңгімедегі нарратор – автордың өзі. Александраның атасы ертеректе бір бейкүнә қыздың обалына қалған екен. Жазықсыз жапа шеккен қыздың қарғысы бір әулеттің қыр соңынан қалмапты. Сол әулеттегі қыздардың бәрі жынданып өледі, сондықтан Александра да ертеңіне күдіктене қарайды. Бұл әңгімеде де мистикалық сарын бар. Қарғысқа сену, қырық жаста келетін бақытсыз болашағынан қорқу – шығарма сюжетінің негізгі арқауы. Әңгімеде халықтың байырғы сенім жүйесіндегі магиялық ұғымдардың ерекше поэтикалық қызметі қайта жаңғырған. Халық қарғыстың киесі бар деп біледі. Жазушы Мантай «*Қарғыс*» әңгімесінде Александраның басынан өткен оқиға арқылы ежелгі діни сананы қайта

жаңғыртып, адамның ақыл-ой қызметі болжай алмайтын, тылсым дүниелердің сырын ашуға тырысқан. Күнәні жасаған – аталары, яғни ер адам, оның зардабын тартып жүргендердің бәрі – әйелдер. Құрбан болған қыз (атасы зорлаған) неге өзі тектес әйел қауымына өштескен? Автор оның сырын ашып айтпағанымен, сол арқылы отбасындағы, қоғамдағы келеңсіздіктердің бастауында еркектер тұратынын, әйелдер ықылым заманнан бері сол қасіреттерді өтеуші болып келе жатқанын айтқысы келген секілді. Сонымен қатар шағын туындыда қарапайым пенделерге тән аяушылық, адамдар арасындағы нәзік психологиялық байланыстар да көрінетіні әңгіме реализмнен алыс кете қоймағанына дәлел бола алады. Жазушы өз ойын: «Көп ұзамай оқуға түстім де, университеттің жатақханасына көшіп кеттім. Кейіннен Александрға қанша рет телефон шалсам да, онымен сөйлесе алмадым, нөмірін өзгертсе керек. Әлеуметтік желіден де таба алмадым. Менен кейін ол да көп ұзамай хостелден көшіп кетіпті. Кім біледі, ішкі сырын жайып салған менімен араласқысы келмеген шығар, өзін ешкімнің аяғанын, қырықтан кейінгі тағдырын білгісі келгенін қаламаған шығар. Жалғызсыраған сәтімде Александраны іздеймін» (Мантай, 2017) деп қорытады. Осы үзіндіні оқығанда, адамдар арасындағы рухани жақындық, адамгершілік сезімнің мәңгі өмір сүретініне сенім нығая түседі. Мантайдың «Жалғызсыраған сәтімде Александраны іздеймін» дегені «адамның күні адаммен» деген қазақы танымнан туған философия іспетті. Александраны іздейтіндей ол Аяның (кейіпкер) туысы да, жақын жолдасы да емес, бір рет сөйлескен танысы ғана. Бірақ оны қайта-қайта есіне алып іздегеніне кейіпкердің жастайынан қалыптасқан адамгершілік болмысы, Александрға деген аяушылығы, кез келген адамды бауыр тұту қағидасы себеп болса керек. Мантай кейіпкерлерінің көбі – жалғыздікті әйелдер. Олардың ішкі жан-дүниесін өздерінен басқа ешкім түсіне бермейді, ішкі қорқыныштарына ешкім де ортақтаспайды. Ерлер билік еткен ортада олардың белсенді болуына, шығармашылық ойларын дамытуға мүмкіндіктері де жоқ.

Ли́ра Қоныс

Қазақ әйел жазушыларының шығармаларындағы бас кейіпкер көбіне әйел адамдар болатынын айтып кеттік және мұндай ерекшелік Ли́ра Қоныс шығармашылығына да тән. Оның «*Айгүл*», «*Патагония аруы*» әңгімелері мен «*Құлпынай қосылған балмұздақ*» романындағы образдардың басым бөлігі – әйелдер.

«*Айгүл*» (Қоныс, 2019) әңгімесінің көлемі шағын, негізінен диалогқа құрылған. Қаламгер диалог арқылы адам психологиясын терең ашуға тырысқан. Айгүл атты қыз тұрмысқа шығатын болып, қыз жолдас болуға келісімін алу үшін мектеп бітіргелі көрмеген сыныптасына қоңырау шалады. Ол амалсыз келісімін беріп, жас жұбайлармен

бірге неке қию рәсіміне барады. Сол екі-үш сағат ішіндегі оқиға әңгімеге арқау болған. Айгүлдің болашақ күйеуі – байлыққа мастанған, дарақы, өзгенің тағдырымен ойнап үйренген, мінезі жеңіл жігіт. Кейіпкерлер арасындағы әңгіме ауанына қарағанда, оның Айгүлге деген шынайы сезімі жоқ, сыртқы келбеті де келіспеген, оны автордың «Тапал. Адам көркі шүберек деген сөз жалған» деген қысқа суреттеуінен немесе «Бөксеңді футбол добы ма деп қалдым» деп күйеу жолдас айтқан анайы әзіл астарынан аңғарамыз. Шығармадағы мына бір диалогта Айгүлдің болашақ жарының барлық психологиялық болмыс-бітімі барынша нақты ашылған:

«– Мен туралы жазшы. Жігіт жайлы. Өзім демеуші болам. Өзім сатып аламын.

Көлікті тоқтатып түсіп қалсам қайтеді осы деп ойладым.

– Егер жаза қалсаң атын не деп қоясың?

Әлі сөйлеп отыр.

– Саған орыстардың қай шығармасы ұнайтынын білмеймін. Бірақ сен туралы кітап жазған адам атын міндетті түрде «Нақұрыс» деп қояр еді.

Тағы да жалған күлкі. Ақ тілеулі сарайға да келіп жеттік» (Қоныс, 2019).

Жазушы – сөзді құбылтуға, аз сөзбен көп мағына беруге, ойын тұспалдап жеткізуге шебер. Некесін қиюға бара жатқан жігіттің «Өз тойына бара жатып шын махаббатын кезіктіріп қалғаны» жайлы орынсыз қалжыңдағаны немесе «Өзім демеуші болам. Өзім сатып аламын» дегенінен пасықтығын, адам жанын түсінбейтін можантопай екенін қаламгер шағын сөз қағыста сәтті көрсете алған.

Автор шығармаларының бәріне тән ортақ қасиет: ол сомдаған ер адамдарының көбі өркөкірек, пасық, кеудемсоқ немесе ештеңенің байыбына бара бермейтін ақымақтау. Бұл әңгімедегі күйеу жігіт те – сондай образдардың бірі. Жазушының «тағы да жалған күлкі» дегені – сол кейіпкердің білімсіз топастығын портреттік тұрғыдан ғана емес, психологиялық жағынан да аша түсуге қолданған шағын деталі.

Жазушы Қоныс көп жағдайда шығармасын трагедиямен аяқтауды мақсат етпейді. Оның сомдаған бас қаһармандары оқиға соңында автор қиялы арқылы бақытқа қол созып жатады. Бұл әңгімеде Айгүл бақытсыз боп қалмайды. Ол өзінің тағдырына, дәлірек айтсақ, таңдауына қапа болып далаға шығады. Өзін аямаған осынау озбыр ортадан безіп, саяқ кеткісі келеді. Қыз намысын аяққа таптаған топас қылыққа шыдамай, өзен жағалап жүгіре жөнеледі. Шығарма «Расында жеткізбеді, бағана қалай байқамағанмын деп селк еттім, оның жауырыны тұсында тап бір періштенікіндей әппақ қос қанаты бар екен. Ол соңына бір рет те бұрылмады, дабырласқан елден әудем жер ұзаған соң әсем қанаттарын сілкіп-сілкіп қалды да, зеңгір көкті бетке алып самғап кетті...» деген романтикалық лирикамен аяқталады. Осындай романтикалық сипатта аяқтау – Қоныс шығармаларының мазмұнындағы өзіндік ерекшелік.

Қоныстың (2020) кейінгі жылдары жарық көрген тағы бір әңгімесі – «*Патагония аруы*». Әңгіменің тақырыбы ерекше және шығармаға арқау болған оқиға Америкада өтеді. Америкаға қазақ даласынан барған қыз – автордың өзі жергілікті музейлерді басқаратын компанияның антропология бөлімінде жұмыс істейді. Автор өзін «Мен» деп таныстырады және әңгіме сюжеті сол «Меннің» көзбен көріп, бастан өткерген оқиғасы ретінде суреттеледі. Автордың (бірінші жақтан баяндаған соң солай деп отырмыз) жұмыс орны Америка ұлттық тарихи музейінің екінші қабатында орналасқан. Суана Куанамен сол жерде танысады. Бұл шығармадағы негізгі кейіпкерлердің бәрі – әйелдер. Оқиғаны баяндаушы-нарратор (яғни «Мен»), бөлім бастығы Мәлиса Хәрисон және мұражайда экспонат болып тұрған, осыдан 200 жыл бұрын дүниеден өткен Патагония аруы – Суана Куна.

Бір қарағанда әңгіме желісі Мұхтар Мағауиннің «*Қыпшақ аруы*» хикаясын еске салады. Онда да ортағасырдағы тас мүсін – қыпшақ аруы тіріліп кетіп, бүгінгі күннің мүсіншісімен тіл табысады. «*Патагония аруында*» Суана Куна әңгімедегі бас кейіпкер емес, ол – қаламгерге өз ойын дәлелдеуге ғана қажет болған ойдан шығарылған бейне. Негізгі тартыс баяндаушы автор мен Мәлиса Хәрисон арасында өтеді. Жазушы рационализм мен иррационализмді, материализм мен идеализмді бір-біріне қарсы қоймайды, қайта олар бір кеңістікте қатар өмір сүре алады деп тұжырады. Ғылым жолын қуған, одан басқа мына дүниеде қызық бар деп ойламайтын Мәлиса Хәрисон экспонат ретінде тұрған Суана Кунаның сөйлеуі мүмкін емес дейді, себебі ол өзінің көзі жеткен, дәлелденген шындыққа ғана сенеді. Мәлиса Хәрисон – ғылым жолында жүрген миллиондаған зерттеуші әйелдің жиынтық бейнесі. Лира Қоныстың қиялына сенсек, «мына біз өмір сүретін әлемде жауабы жабық жұмбақтар» толып жатыр. «Олар ешқашан ғылымның табиғи радиациялардың көлеңкесі дегендей сандырақтарына бағынған емес» деген өзіндік байлам жасайды. Бұл адамзат санасынан тыс, сыры беймәлім әлем туралы жазылған бірінші шығарма емес. Әлем әдебиетіндегі классиктер Оноре де Балзактың «*Шегірен былғары*» (*La Peau de Chagrin*), Николай Гогольдің «*Вий*», «*Портрет*» шығармалары бұған айғақ. Бірақ жас жазушы өзіндік жол тауып, адамдар арасындағы өзімшілдік, іштарлық, соқыр сенімнің шынайы сырын шағын әңгімеде әдемі ашып көрсете алған. Автор туындысында адам жанының терең қатпарларын ашып көрсететін психологиялық иірімдер де бар, кейбір эпизодтарды оқып отырып салқынқанды болу мүмкін емес.

Автор музей қызметкері мен Пантогония аруын сөйлестіре отырып, бір мезетте болып жатқан санадағы екі түрлі көңіл-күйді әңгіме астарына шебер сіңіріп жіберген. Бас кейіпкер аруақпен әңгімелесіп, құжат қабылдаушы қызметкерді тағатсыздана күтеді. «Иә, қандай жолмен болсын біреуге пайдаң тигені жақсы-ақ, – дедім қорғаншақ

дауыспен. Әлгі әр қадамын санап келе жатқан қызметкердің жайбасарлығына күйіндім» дейді. Қорғаншақ дауыспен сөйлегені бойын қорқынышқа жеңдіріп алғанын, екінші жағынан, қызметкердің жайбасарлығына күйінгені кейіпкер санасында ашу мен ақыл тайталасып жатқанын аңғартады. Бір образ бойында бір сәтте болатын екі түрлі көңіл-күйді параллель бейнелеу қазақ әйел жазушыларында көп кездеспейді. Мұндағы үш кейіпкер – үш түрлі тип. Автордың «Мені» – қазақ жерінен барған арманшыл жас қыз, Мәлиса Хәрисон – салқынқанды ғалым, Суана Куна – мистикалық бейне. «Мен» – бірде арманшыл, бірде өз ойын дәлелдеу жолында ештеңеден де тайынбайтын тәкеппар да бірбеткей қыз. Ол өзін тыңдамағандарға жалынбайды және Мәлиса өз зерттеуінің нәтижесін «Мен» қайдан біліп қойғанын анықтауға келгенде де оны жақтыра қоймайды.

«– Кешіріңіз мені, кешіріңіз, – деп ұйқы көйлегіндегі ханым безек қақты.

– Сіз бұл деректерді қай архивтен қарадыңыз? Әлде менің әріптестерім айтты ма? Өтінемін, тек жасырып қалмаңызшы?!

– Суана Кунаның өзі айтты.

– Өзі айтты? Осы бір ауыз жауабыңызбен мені жынды қылып келесіз!

– Себебі – басқа сөзім жоқ! Хәрисон ханым, қайдағы архив, мен археологтардың жұмағы Латын Америкасы елдеріне түсімде де барып көрмедім! Араукан тілінде амандаса да алмайтынымды, испаншаның өзін ана тілім қазақшаның дыбысымен зорға сөйлейтінімді көрмейсіз бе? Ол құжатты қолға түсіргенде де не бітіруші едім?

– Құдай үшін маған жақсы қараңызшы!

Енді профессор жылай бастады.

– Осы оқиғаны баян қылғанымда әлдебір еліріп ауыратын сырқатқа қарағандай жүзбен зер салғансыз.

– Кешіріңіз, осы жауабыңызға өзіңіз сенесіз бе?

– Сенемін!»

Екі адам арасындағы бұл диалогтан көзқарасы екі түрлі адамдардың бірінің пікірін бірі жоққа шығарып, бірі таныған шындықты екіншісі мойындамай жатқанын аңғарамыз. Хәрисон ханым аталған шындыққа ғылыми материализм тұрғысынан келсе, жан дүниесі өнерге жақын қазақ қызы идеалистік пайымдауларға бейім. Бірі тек ғылыми таным тұрғысынан ғана бағалауды ұсынса, екіншісі иррационал еркіндікті, яғни қиялмен де ақиқат шындықтың мәнін ашуға болады дегенге сендіргісі келеді. Әңгімедегі шиеленіскен тартыстың негізгі өзегі де осы екі түрлі танымға сүйенген. Бірақ кейіпкер дәл осындай психологиялық сипатта болғанына оқырман толық сенеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кейінгі жылдары жарық көрген жастар прозасын оқығанда, қаламгерлердің бәрі шағын жанрда жазуға әуес келетіні, ойларын әр қилы тәсілмен қысқа-нұсқа жеткізуге ұмтылатыны байқалады. Бұл шығармаларды постмодернизмнен гөрі қазір орыс әдебиеттануында айтылып жүрген постреализмге жатқызған дұрыс. Мақалада талданған шығармалардың көбінде постмодернизм белгілерінен гөрі өзгеше ерекшеліктер көбірек кездеседі. Мысалы, Мадина Омарова, Лира Қоныс шығармаларында постмодернизм сипаты басым болса, Қанат Тілеухан, Бейбіт Сарыбай, Ерғали Бақаш әңгімелерінде постреалистік ерекшеліктер айқын байқалады, себебі кейінгі аталған қаламгерлер шығармаларында өмірді реализм тұрғысынан көрсету жағы айқын көрінгенімен, оның өзі бұрынғы реализмнен өзгеше екені анық. Постреализм модернизм мен постмодернизмнің реализмге қайта жақындап, ақиқатты жаңаша (ескіше емес) пайымдаудан туған ағым екені белгілі.

Тақырыпқа қатысты әйелдер образына келсек, жас қаламгерлердің шығармаларын оқи отырып, заманауи әйелдер бейнесінің тұтас бір галереясында жүргендей боласың. Жазушылар олардың жеке басын ғана емес, сол арқылы жалпы адамдар арасындағы қарым-қатынасты өнер тілінде айшықты бейнелеуге талпынғандары байқалады. Әр автор әлеуметтік жағдайлары мен жас ерекшеліктері әр алуан қайырымды не қатыгез, бейкүнә не шәлкес мінезді әйелдер бейнесінің сан түрлі кейіптерін көз алдымызға әкеледі, бірақ олардың бәрі өзінше сұлу, көркем образ ретінде тартымды.

Жас прозашылар сомдаған әйелдер бейнесі классик шығармалардағы әйелдер бейнесінен өзгеше. Бұрынғы шығармалардағы әйел образы тартыста, барлық психологиялық, портреттік болмысымен көрінсе, қазіргі жастар прозасында әйелдің бір ғана қырын алып бейнелеу, оны бір әрекеті арқылы ғана таныту жағы басым. Екінші жағынан, қазіргі қаламгерлер классик туындылардағыдай әйелді әлсіз етіп суреттеуді, жанының нәзік қырларына тереңдей үңілуді қажет деп таппайтындай. Әйел адам мен ер адамның гендерлік ерекшелігі қазіргі жастар прозасындағы негізгі мәселе емес.

Лотман көрсеткен дәстүрлі әйел типіне Лира Қоныстың *«Айгүл»* әңгімесіндегі Айгүл бейнесі жатады. Ал қайсар мінезді әйел типіне Қанат Тілеуханның *«Қайтқан қыз»* әңгімесіндегі Бәтимаш, Ерғали Бақаштың *«Еден жуушы»* деген әңгімесіндегі еден жуатын әйел жатады. Олар – ойына алған істерін аяғына дейін жеткізбей тынбайтын, өз пікіріне кәміл сенетін және оны отбасы, ошақ қасы мәселелерінен жоғары қоятын кейіпкерлер. Әйелдердің үшінші типі – сайтан мінезді әйелдер де жастар прозасында бар. Бұл типке Әлішер Рахаттың *«Үздіксіз әуез»* әңгімесіндегі Риза, Қанат Тілеуханның *«Шатырдағы әйел»* әңгімесіндегі Анар, Бейбіт Сарыбайдың *«Перінің қызы – Бекторы»* әңгімесіндегі Назым бейнелері жатады.

Қазіргі жастар прозасындағы әйелдер бейнесінің орны ерекше. Әсіресе әйел жазушылар шығармаларындағы әйелдер бейнесі әр қырынан, жан-жақты көрсетілген, себебі олар әйел санасында, жан дүниесінде болып жатқан өзгерістерді ер адамдарға қарағанда әлдеқайда тереңірек сезінеді.

Қорыта айтқанда, жас қазақ жазушыларының шығармаларында қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан әйел замандастарымыздың бейнесі нақты көрінген. Қаламгерлер олардың қоғамдағы орнын, алдына қойған мақсатын, атқарып жатқан ісін, сол жолдағы қиындығы мен жеңісін, мұңы мен қуанышын көркем жинақтап көрсете алған.

Проза саласында жазып жүрген жас қазақ қаламгерлерінің шығармаларын оқи отырып, олардың қазіргі батыс және шығыс (мысалы, жапон, қытай, түрік) жазушылары көтерген тақырыптарға әлі де болса терең бойлай алмай жүргендері байқалды. Сыртқы форманы көшіру басым да, нақты философиялық ой айту, жаңа мазмұн табу жағы кемшіндеу. Біздің прозада шеттен келген әр алуан ағымдар әсері нақты байқалғанымен, ұлттық болмыс, өмірді тану жолындағы ұлттық ерекшелік айқын көрінбейді. Ал елімізде мемлекеттік деңгейде көтеріліп жүрген гендерлік мәселе қазақ прозасында әлі күнге өз жалғасын таппай келеді. Бұл жас қаламгерлерге әлі де көбірек оқуды, талмай ізденуді міндеттейді.

Дереккөз

Ахметов З., Шаңбаев Т. *Әдебиеттану. Терминдер сөздігі*. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 398 б

Әлішер Р. Үздіксіз әуез. – 2020. – URL: <https://qazaqadebieti.kz/23903/zdiksiz-uez> (соңғы қаралған күні: 01.10.2021). – Qazaqadebieti.kz

Бақаш Е. Еден жуушы. – 2020. URL: <http://www.madeniportal.kz/carticle/277> (соңғы қаралған күні: 03.10.2021). – Madeniportal.kz

Воробьева С. «Гендерная» политика автора-женщины (на примере романов Л.Улицкой) // *Известия Саратовского университета. Новая серия. Филология. Журналистика*. – 2016. – Т. 16. – №2. – С. 195–202.

Воронина О., Клименкова Т. «Гендер и культура» // *Женщины и социальная политика = Women and social policy: (гендерный аспект)*. – М.: Ин-т соц.-экон. пробл. народонаселения РАН. – 1992. – С. 10–22.

Ривкин Дж., Райан М. *Әдебиет теориясы: Антология*. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 1-том. – 559 б.

Есин А. *Принципы и приемы анализа литературного произведения*. – Москва: Флинта, Наука, 2000. – 248 с.

Ильин Е. *Пол и гендер*. – СПб.: Питер, 2010. – 688 с.

Кардапольцева В. *Женские лики России*. – Екатеринбург: Гуманитарный университет, 2000.

Клецина И. *Психология гендерных отношений: теория и практика*. – СПб.: Алетейя, 2004.

Қалижанов У.Қ., Қирабаев С.С., Елеукенов Ш.Р., Орда Г.Ж., Қалиева А.Қ., *Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар*. Ұжымдық монография (Жауапты шығ. Құдайбергенов Н.) – Алматы: Принт-Экспресс, 2017. – 510 б.

Қоныс Л. Патагония аруы. // *Ақ желкен*. – 2020. – №10. – URL: <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34050>

Қоныс Л. Айгүл. – 2019. – URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza> (соңғы қаралған күні: 03.10.2021) – Massaget.kz

Лейдерман Н.Л., Липовецкий М.Н. Современная русская литература. 1950–1990-е годы. – Москва: Академия, 2003. – Том 1 (1953–1968). – 413 с.

Лотман Ю. Беседы о русской культуре. Быт и традиции русского дворянства (XVIII – начало XIX века). – СПб.: Искусство, (1994). – 640 с.

Майтанов Б.Қ. *XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті*. 2001–2011. ред. А. Социалқызы – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.

Мантай А. Қарғыс. – 2017. – URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/44385/> (соңғы қаралған күні: 03.10.2021) – Massaget.kz

Омарова М. Жақсы көру. – 2015. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/madina_omarovanin_angimeleri_12902. (соңғы қаралған күні: 03.10.2021) – Adebiportal.kz

Омарова М. Жол үстінде. – 2015. – URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/23857> (соңғы қаралған күні: 03.10.2021) – Massaget.kz

Ремаева Ю. Постфеминистская проза Британии на рубеже XX-XXI вв. феномен «чиклит»: автореферат дис. кандидата филологических наук. Нижний Новгород, 2007

Сарыбай Б. Перінің қызы – Бекторы. – 2014. – URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/23943/> (соңғы қаралған күні: 03.10.2021) – Massaget.kz

Трофимова Е. Феминизм и женская литература в России // *Материалы Первой Российской летней школы по женским и гендерным исследованиям «Валдай-96»*. – Москва: МЦГИ, 1997 – С. 47–52.

Тілеухан Қ. Қайтқан қыз. – 2019. – URL: <https://www.egemen.kz/article/183015-qanat-tileukhan-qaytqan-quiz-anhgime> (соңғы қаралған күні: 03.10.2021) – Egemen Qazaqstan

Тілеухан Қ. Шатырдағы әйел. – 2020. – URL: <http://www.madeniportal.kz/article/4930> (соңғы қаралған күні: 03.10.2021) – Madeniportal.kz

АЙТЫС ЖӘНЕ ӘЙЕЛ: ҚЫЗ БЕН ЖІГІТ АЙТЫСЫН МЫСАЛҒА АЛЫП САРАПТАУ

Айнұр Төлеу

КІРІСПЕ

Қазақстанда әдебиет өнеріне жататын айтыс жанрының көрермені көп. Поэзия, риторика және перформанс өнерлері синтезі іспетті бұл жанр өкілдері жазба ақындарға (поэттерге) қарағанда танымал, себебі ол жазба поэзия секілді мерзімді, мерзімсіз басылымдарда жарияланып, оқырман өлеңді оқып отырмайды. Айтыскер домбырасын қолына ұстап, сахнаға шығып көрерменге өнер туындысын өзі жеткізуі керек. Әрине, айтыскер сахнаға жалғыз шықпайды. Оның қасында диалог құрып, тартыс (конфликт), дискуссия жасайтын тағы бір ақын болады. Қос ақын белгілі бір мақамға салып, домбырамен сүйемелдеп, жан-жақты өнер көрсетеді. Айтыскер болу үшін бір адамның бойында суырып салатын қабілеті, әншінікіндей дауысы, музыка аспабын шерте алуы, саясат пен тарихтан білімі, актерлік қабілеті болуы керек. Сахна болған соң, ақындардың өнер талабына сай эстетикалық талғамы да болуы шарт. «Айтыс – фольклор, ауыз әдебиеті, ақындар шығармашылығымен терең байланысып тұрған ерекше синкретті жанр. Мұнда театрлық әрі драмалық өнердің басы қосылған, сондықтан айтысты фольклорлық театр немесе фольклордың драмалық жанры десе де болады» (Тойшанұлы, 2011).

Эпикалық әрі драмалық ерекшеліктерді бойына жиған бұл өнер әлеуметтану тұрғысынан зерттеуді талап етеді. Тіпті айтыс тарихына қарап-ақ қазақ таным-түсінігіндегі өзгерістерді байқауға болады. Айталық, қазіргі ақындар айтысында біз айтып өткен эпикалық кең тынысқа қарағанда шоу (*show*) басым. Әсіресе қыз бен жігіт айтысынан қос айтыскер алдын ала дайындалып, аудитория қызығатын

тақырыптарды қозғайтынын байқаймыз, сондықтан зерттеу жұмысында айтыс өнерінің шығу тарихы мен даму кезеңдеріне, осы өнерді зерттеген ғалымдар тұжырымдарына тоқталмаймыз.

Қазақ қоғамы қызыға тыңдайтын өнер болғандықтан, айтыста көтерілетін әлеуметтік мәселелер, оның ішінде гендер жайы негізгі зерттеу нысанымыз болмақ. Әсіресе әдет-ғұрып айтысына жататын қыз бен жігіт айтысындағы өлеңмен берілетін диалогтарға назар аударамыз. Ондағы ер мен әйел арасындағы әлеуметтік мәселелер мен таным-түсініктерді зерделеп, заманауи қыз бен жігіт айтысында әйел бейнесі қалай сипатталатынына мән бердік.

Айтыс және оның түрлері

Айтыс тақырыбы мен көркемдік ерекшелігіне, табиғи дамуы мен мақсат-міндетіне қарай екі үлкен топқа бөлінеді:

1. Әдет-ғұрып айтысы: а) Бәдік; ә) Өлі мен тірінің айтысы; б) Жар-жар; в) Қыз бен жігіт айтысы (қайымдасу); г) Қағысу үлгісіндегі айтыстар.
2. Ақындар айтысы: а) Ру айтысы; ә) Жұмбақ айтыс; б) Дін айтысы; в) Жазба айтыс; г) Қазіргі күнгі айтыс (телевизиялық айтыс) (Тойшанұлы, 2011).

Қыз бен жігіт айтысы

Ғалымдар шартты түрде «әдет-ғұрып айтысы» және «ақындар айтысы» деп екі топқа бөлгенімен, «ақындар айтысы», оның ішінде «телевизиялық айтыс» көпшілікке етене таныс. Ал «әдет-ғұрып айтысына» жататын «бәдік», «өлі мен тірінің айтысы», «жар-жар» біздің ғасырымызға жетпеді. «Қыз бен жігіт айтысы» ақындар айтысының бір саласы болып кеткен. Экраннан (теледидар, ғаламтор) көріп жүрген «Қыз бен жігіт» айтысындағы диалогтерді қарастырардан бұрын, осы бір өнер жекпе-жегіндегі ең айтулы, тарихи айтыстың бірі – Біржан мен Сараның айтысына тоқталмаса болмас. Неге десеңіз, Біржан ақыннан жеңілген Сараның болмысы, тағдыры, өнері айтыстағы гендер мәселесін жете түсінуге жол ашады.

Біржан мен Сараның айтысы

Біржан мен Сараның айтысы шын өмірде болғанына күмәнданатын әдебиетшілер барын ескеруіміз керек. Бұл топтағылар аталмыш айтысты ақын Әріп Тәңірбергенов ойдан құрастырған санайды (Нұрахмет, 2021: 50). Айтыс туралы екіжақты тартыс Мұхтар Әуезов заманында-ақ басталып кетсе керек. «Біржан мен Сараның айтысы

болған жоқ, болса да сақталмай қалып қойған. Бұл айтысты шығарушы Әріп ақын деген пікірлер бар. Бұл – қате пікір. Анығында, Біржан-Сараның айтысы болған. Бірақ дәл қалпында, толық күйінде, алғашқы айтысқан жердегі қалпымен түгел сақталған жоқ» (Нұрахмет, 2021: 50)

Біржан-Сара айтысын Әріп Тәңірбергенов ойдан құрап шығарды ма, әлде шынымен осы сөз майданы тарихта болған ба? Зерттеу барысында бұл сұраққа жауап іздемейміз, сондықтан қазақ әдебиетінде бар Біржан-Сара айтысы мәтінін зерделеуге кірісейік. Айтыста Сара қыз Біржаннан неге жеңілген? Біржан ақын Сараны қалай жеңген? Зерттеуіміз үшін ең басты сұрақ – осы. Бұл сұрақ жауабы да аса күрделі емес. Сара ақын талантын, бойы мен бітімін («Тамағым жас баланың білегіндей, тал бойым жолбарыстың жүрегіндей») (Нұрахмет, 2021: 24), елден озық білімін өлеңге қосқанда Біржан ақын осындай озық туған өнерлі қыздың жары кім болды екен, бір көргім келеді деп ұсыныс тастайды. Ал Сара атастырып қойған жары – Жиенқұл байды көрсетуге ұялады, себебі ол өзі таңдап, сүйіп қосылған жан жолдасы емес еді. «Амал не, Жиенқұлға келгенде үні шықпаған Сара жеңіліп, Біржанға жолын ұсынады» (Нұрахмет, 2021: 51).

Ол кезде айтыскер ауыл мен рудың атынан шығатын, сондықтан Біржан айтыста жеңгенімен, Сараға жаны ашып, өз теңіне қоспаған ел-жұртына ренішін білдіріп, былай дейді:

Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасыңнан,
Қиып кеткім келмейді мен қасыңнан.
Кемітер қай жеріңді дұшпан, шіркін!
Адамзат озар емес өз басыңнан.

(Нұрахмет, 2021: 34)

Демек, бұл айтыста Сара емес, оны теңіне қоспаған, адам деп қалауын ескермеген ел жеңіліп отыр.

Айтыс 1898 жылы өткен деген дерекке сенсек, сол жылдары қазақ даласында қоғамдағы әйел рөліне қатысты мәселе қозғала бастағанын байқаймыз. Тіпті бұл айтыс бір ақынның қиялынан туған дүние болса да, сол кезеңдегі өнерпаз әйелдің орны мен хақы туралы мәселе көтерілгеніне көз жеткіземіз. Сол үшін айтыстағы көтерілген негізгі мәселе және ондағы ер мен әйел арасындағы өнер тартысының қисыны маңызды. Сара – өнерлі ғана емес, өте білімді ақын, сондықтан Біржан біліміне тәнті болып, былай деген:

Шырағым, Сара, сендей тумас бала,
Шежіре болармысың мұндай дана.

(Нұрахмет, 2021: 34)

Алайда Сара білімі мен білігін көрсеткенге дейін Біржан сөзінен сол замандағы ер-азамат әйелге қалай қарағанын білеміз. Бұл да мән беруге тиіс дерек болды. Мысалы, алыстан ат терлетіп келген Біржанды қарсы алуға Сара шықпай қояды. Сонда Біржан былай дейді:

Мен Біржан қызға барман аяғымнан,
Шын қызсам дәуірлеймін баяғымнан.
Бері кел, ұрғашылық қылма жаным
Дәндеме Наймандағы саяғыңнан.

(Нұрахмет, 2021: 34)

Біржан төрт жол өлеңімен: «Мен – еркекпін, сондықтан қызға өз аяғыммен барып, сәлем бермеймін. Ал сен ұрғашы екеніңді көрсетіп үйде отырмай, еркек болып сыртыңа шық, сәлем бер» деп отыр. Бұл ойын тағы мына екі жолмен жалғайды:

Еркек тілін алмайтын жының бар ма?
Адам деп сөз айтамын, Сара, саған.

Яғни жын ұрған қыз ғана еркек тілін алмайды. **Мәтін астарында** есі дұрыс, «тәрбие көрген» қыз ер-азаматтың айтқанынан шықпауға тиіс деген **интертекст** жатқанын байқаймыз. Енді мына жолдарға қараңыз:

Сен түгіл жеткен емес еркек қуып,
Төмен болған жерім жоқ, өзім туып.

(Нұрахмет, 2021: 26)

Бұл – Біржан ақынның Сараға айтқан сөзі. Осы арқылы «Осы уақытқа дейін еркекпен айтысып жеңілмегенмін, сені жеңу түк емес» деп отыр. Десек те Біржан-Сара айтысы – сол замандағы әйел мәселесін көтерген маңызды айтыс. Қазіргі қыз бен жігіт айтысында бұл үрдіс сақталған ба, қоғамдағы гендер мәселесі көтеріліп жүр ме деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Басқаша айтсақ, Сараның өз теңіне қосылмағанына жүрегі ауырған Біржандай айтыскерлер арамызда бар ма?

Үмбетәлі-Нұрила айтысы

Айтыс тарихында Үмбетәлі Кәрібаев деген айтыскер өткен. Ақынның Нұрила деген келіншекпен айтысқаны көпке мәлім. Бір қызығы – бұл айтыста атақты Үмбетәлі Нұриладан жеңіледі. Нұрила сөзсайыс кезінде былай депті:

Көк байтал көрдің бе аттан қалысқанын?
Айқайлап әйелмін деп айта келдім.

(Қапалбекұлы & Кәрібаев, 2009: 33)

Байтал – 2-4 жас аралығындағы ұрғашы жылқы. Нұрила ақын ұрғашы болсам да, бәйгеде тосылмаймын, сенен жеңілмеймін дегенді меңзеп, «Байтал шауып бәйге алмас» мақалына қарсы шығып, тіпті бұл мақалдың негізгі идеясын жоққа шығарған. Үмбетәлі де Нұрилаға үнемі «сен – әйелсің, жөніңді біл» деп, бұл ойын түрлі жолмен меңзеп отырған. Мысалы:

Ырылдап қаншық иттей қаба бердің,
Шығарып тастамасам боздағыңды.

(Қапалбекұлы & Кәрібаев, 2009: 33)

«Қазақ сөздігінде» «қаншық» сөзінің екі мағынасы берілген. Екеуі де Үмбетәлі айтқан тармақ мәнін аша түседі: «Қаншық: зат есім. 1. Ит тұқымдас хайуандардың ұрғашысы. 2. Әйел адамға айтылатын тілдеу, балағат сөз» (Уәли, Балақаев & Шойбеков, 2013: 752).

Басты назар аударатын дүние: осы айтыстан кейін Нұрила ақын қайтыс болған. Ол Үмбетәлімен айтысарға дейін жас босанып, қол-аяғын бауырына алғаны жаңа екен. Үмбетәлі шақыртып қоймаған соң, елі мен жерінің намысын қорғайын деп айтысуға шыққан. Сүзек жұқтырып алған. Нұрила ақын көз жұмырында өзінен жеңілген Үмбетәлінің назасы өтті деп ойлаған. Ақынды шаршы топ алдында сөзден жеңген соң-ақ жолым болмады деп санаған. Нұриланың соңғы сөзі:

Байқаусыз қапелімде бір жеңілді,
Әйтпесе ақын екен аса құнды.
Тегінде оңайлықпен ақын болмас,
Мылтықтың оғындай-ақ назасы ұрды.

(Қапалбекұлы & Кәрібаев, 2009: 48)

Айтыскер әйел тұрмыс құрмаса

Балғынбек Имашев пен Жансая Мусина айтысы

Айтыста ер ақынды биік қою қазіргі өнерпаздар арасында да жиі кездеседі. Мәселен, Балғынбек Имашев пен Жансая Мусинаның айтысынан мұндайды көп байқаймыз (Айтыс – төл өнеріміз, 2021а). Екеуінің айтысы желіге «Күйеу табылса, кет» деп тіркелген. Ақын Жансая Мусина былай сөз бастайды:

Еу, ағайын!
 Көмейден жыр маржанын құлатып ек,
 Жайықта туып-өскен бір ақын ек,
 Қолпаштап жатырсыздар, шақырғанға,
 Қашанда ниеттерге рахмет!
 Ааа, Бәке!
 Айтыста керек шығар асқақ жігер,
 Қадірін кәрі түгіл, жас та білер,
 Мен сенің жаралғанмын қабырғаңнан,
 Еу, Бәке, еркексің ғой бастап жібер.

Осыдан кейін Балғынбек тосылмай, бірден бастап кетеді. Қос ақынның бұл әрекетіне зал қол соғып, қошемет көрсетеді. Сөйтіп, қоғамға кең тараған әйел мен еркекке деген көзқарасты жұртқа қайта ұсынып, жандандыра түседі. Бұл жерде айтыскер Жансая қоғамда қалыптасқан «әйел еркек қабырғасынан жаралған» деген сенімді қолдап отыр. Қауым көзқарасын өзіне ұсынып, ұпай жинауды көздегені байқалады. Мұны байқаған айтыскер Балғынбек қарымта жауабында былай дейді:

Қабырғаңнан жаралдым деп отыр ғой,
 Мына қыз басып отыр тамырларды.
 Қабырғаңнан жаралдым деп отырып,
 Кетпесін қақыратып, ой, шіркін, қабырғамды.

Екі айтыскер Құрбан айт, ел жайы, саясат туралы да сөз қозғаған. Тек ол тақырыптардың зерттеу жұмысымызға қатысы жоқ, сондықтан мақсатымыздан ауытқымау үшін ондағы контекстке тоқталмадық. Айтыс Құрбан айт мейрамы қарсаңында өтіп жатқандықтан, Жансая Балғынбекке қарата былай дейді:

Мұсылманның парызы – құрбан шалу,
Сараңдық пиғылымды жеңіп тындым,
Қасыма өзі келіп қалған екен,
Жағдайы жақсы екен, көріп тұрмын.
Басқаларды білмеймін өзім мына,
Арыстанды шалайын деп келіп тұрмын.

Құрбанға еркек мал шалынады. Оған қатысты діни аңыз бар. Осы аңызға сүйенген Жансая құрбанға Балғынбекті шаламын деп қағытып отыр. Ал оны неге арыстанға теңеген? Айтыскер ақын Балғынбек Имашев сақал қойған. Осы образына қарап, Жансая оны арыстанға ұқсатып отыр. Демек, бұл – қазақ әдебиетінде қалыптасқан «арыстандай айбатты» эпитеті емес, қарсыласының бет-келбетін кекету, яки қалжыңға айналдыруды мақсат етіп теңеу. Әрине, сырт-келбетін сынағанға Балғынбек сөзден тосылмайды. Жансаяның әлі де тұрмыс құрмағанын бетіне басатын кез келді деп есептейді де, мынадай жауап қайырады:

Арыстаны өзінің болмаған соң,
Арыстанын біреудің аясын ба?

Бұл айтыста «арыстан» сөзіне сан түрлі мән үстелген. «Арыстан» дегеннің ендігі мағынасы «еркек» метафорасына ауысты. Демек, айтыскер «өз жарың болмаған соң, біреудікін аямассың» деп отыр. Балғынбек әрі қарай былай жалғастырады:

Құтқарыңдар, Адайым!
Кобрадан құтылып ем,
Шағып алды сарышаян.

«Кобра» деп Айнұр Тұрсынбаеваны (Балғынбек Имашевпен үнемі додаға түсетін айтыскер ақын) айтып отыр деп болжадық. Ал сарышаян – Жансая Мусина. Байқағанымыздай, әйелді жылан, кобра, сарышаян секілді улы жәндікке теңеу айтыс өнерінде қалыпты құбылысқа айналған. Айтыстағы бұл метафораларды аудитория құптап, қол соғады. Тапқырлық санайды. Қарымта жауапта Жансая Балғынбекке тағы да «арыстансың» деп тиіседі:

Азуын айға білеген арыстанның
Қараңдаршы отыруын тышқан аулап.

Балғынбектің сөзі:

Жалғызбасты екенін жасырмаған,
 Басынан сөз бірақ та асырмаған.
 Күйеуі жоқ қыз көрсем, қысыламын
 Он екіде бір гүлі ашылмаған.
 Үйленудің үрдісі – бабалардың үлгісі,
 Өзі келді Жайықтан, келіп тұрмыс құрғысы.
 Келеді ғой мұның да, келін болып жүргісі.
 Жансаяға бақ болар,
 Адайлардың ішінен табылмай ма бір кісі?

Қазақ танымында бойдақтарға қарата айтылатын қалжыңның орны бөлек. Бас құрамаған, тұрмыс құрып, үйленбеген жастарға тезірек шешім қабылдасын деп қалжыңдайтындар көп. Міне, осы таным-түсінік үлкен сахнаға шығып кеткен. Айтыскерлер осыны өлеңге айналдырсақ, көрермен күткендей шоу жасаймыз деп ойлайды.

Жансаяның сөзі:

Жылыойдың жігіттері қайдасыңдар?
 Осы жолы құрбымды тастап кетем,
 Келесіде өзім де қаламын ғой.
 Табылар азаматым бір иіскеп,
 Тұратын маңдайыма нұр түсіріп,
 Мені қойшы, не көрмеген Жансаямын?
 Сөздерге шыдаймын-ау мың кісілік.
 Айлы түн Аймен ғана сырласатын,
 Шаршадым кереуеттен біркісілік.

Бұл мәтіннен не байқадық? Балғынбек Имашев Жансая Мусинаның жалғыздығын бетіне басып, айтыста айтуға болатын тақырып, тиісуге болатын кемшілігі осы деп ойлайды. Жансая да бұл «кемшілігін» мойындап отыр. «Жеке басымдағы мәселенің өнерге қатысы жоқ, өміріме араласпа, екеуіміз білім мен өнер сайысына түсейік» деген сыңайда жауап қайырмайды. Қарсыласының кемсіткенін жөн санап, кемсітуге хақы бардай көреді де: «Шаршадым кереуеттен біркісілік», яғни жалғыздықтан шаршағаным рас дейді. Аудитория оның осы мойындағанына, шарасыздығына тағы қол соғады. Айтысты Балғынбек аяқтайды:

Жаныңа сенің салып байқамай мұң,
Бойдақсың деп мен жиі қайталаймын.
Қатал тағдыр төксе дағы ызғарын,
Арыңды сақтап, салтыңды бұзбадың.
Жүзікпен емес, жүрегімізбен біргеміз, жаным.
Ханшайымым-ау!
Орамал тағып, сәукелеңді шеше бер,
Көзайым болып елге ғұмыр кеше бер.
Бағанды білмей жатсақ егер еркектер,
Сен кеше көр!
Жансаяшым-ау!
Қыз балалардың мұратына жете бер!
Оң жақта көп отырмай, жылдам өте бер!
Адайдан алам деген табылса егер бір еркек,
Сен кете бер!

Нұрзат Қару мен Айбек Бисенғаливтің айтысы

Қазіргі қыз бен жігіт айтысында босаға аттамаған айтыскер қызға қарсыласының «Кәрі қыз болдың, қашан күйеуге тиесің?», «Әйел еркектің қабырғасынан жаралған, жалғыз жатқаннан жалыққан жоқсың ба?» деген мотивтегі сұрақтарынан бөлек, тағы бір мәселе қозғалады. Ол – айтыскер қыздарға сахна төрінде ашықтан-ашық «тоқалым бол» немесе «қытайға тигенше, маған тоқал болғаның дұрыс» деп ақыл айту. Осы орайда Нұрзат Қару мен Айбек Бисенғаливтің (Assyltas.tv, 2021) айтысына тоқталсақ. Айбек алдымен Нұрзатқа «қарындасымсың, бір жігіттің бағысың» деп, кейін позициясын өзгертеді. «Бір жігіттің бағысың дегенім өзге ұлтқа шық дегенім емес. Қытайға тиіп кетпе, олай етсең, сені тоқал қылып аламын» дегенді айтады:

Бірақ та қарындасым боласың ғой,
Маңдайыңнан сипасам қарағым деп.
Бұйыртса бір жігіттің бағысың ғой
Олай болса, ешқандай талабым жоқ.
Әйтеуір, қиғылықты салмағайсың,
Қытайға келін болып барамын деп.
Әгәрәки, қытайға тиіп жатсаң,
Әйелімді көндірем амалым жоқ.

Айтыскер Айбек (ер адам) Нұрзатқа (қыз бала) дәл осылай айтуға хақым бар деп ойлайды. Оның үстіне айтыс аудиториясына да дәл осы тоқал тақырыбы ұнайды, сондықтан айтыскер жүлде алып, жеңуі үшін аудитория мен қазылар алқасына жататын тақырыптарды қозғауы мүмкін. Әрине, тура осындай қарым-қатынасқа ақын қыздың жауабы қандай болды деген сұрақ туады. Мұнда да айтыскер қыз Нұрзат арнамысын, адам ретінде жеке құқын қорғамайды. Керісінше, алам дегенің рас па деген сыңай танытып, тіпті екінші бір азшылық топқа тиіседі:

Осы күн қоғамда гейлер қаптап,
 Не түрлі азғындыққа барып отыр.
 Бір-бірімен жабысып еркек те жүр,
 Жалғызсың деп ағам мені шалып отыр.
 Әртістердің көбісі гей деуші еді,
 Соған менің көңілім налып отыр.
 Ақындар да гей болып кетпесін деп,
 Жүрсін ағам назарға алып отыр.
 Бір-біріне жабысып жүрмесін деп,
 Ортаға мені әдейі салып отыр.
 Айтыста жігіттердің әдеті ғой
 Қыздарға болатұғын жиі ғашық.
 Егер көнсең сені алам деп отыр ғой,
 Өзімнің отырғанда миым ашып...
 ...Қытайға кетсең егер сені алам деп,
 Кіп-кішкентай кеудемде сезім бар де...
 ...Осы сөзің шының ба?
 Шыныңды айтшы,
 Әншейін айта салған сөзің бе әлде?!

Осыдан кейін ғана Кіші жүзден шыққаны есіне түсіп, айтыскер қыз ру арқылы қарсылық көрсетуге көшеді:

Сөзіңе сенің сенбеймін,
 Айтқаныңа көнбеймін.
 Кіші жүздің қызы едім,
 Үлгі қып өскен бабаны,
 Үлгі қып өскен ананы.

Құрманғазы, Динаның
Домбырасының шанағы.
Кіші жүздің қыздарын
Әлі жеткендер алады,
Әлі жетпеген қалады.

Әрине, бұл жерде Нұрзаттың ұпайы түгел, себебі көрермен мен қазылар бұл сөзді тапқырлыққа балауы мүмкін. Демек, айтыс өнері ру-тайпалық жүйе кезінде шыққан бастапқы формасынан айнамаған. Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес адам құқығы нормативі бұл өнер дамуы жолына еш әсер етпеген. Тіпті осы айтыста Айбек Нұрзатқа тойтарыс беру үшін еркек екенін алға тартып, әйел еркекті сыйлауға тиіс дейді:

Айттым бітті, аламын алам десем.
Күйіп кетсін дүние маған десең.
Еркектің жағасынан ала берме,
Мынау елдің алғысын алам десең.

Нұрзат та ер адамға қарсы шықпау керек, әйтпесе ел қарғысына қаласың деген ойды құптап, сөз кезегі келгенде қарсыласын одан сайын қостай түседі:

Кемсіткем жоқ,
Кемсітсем мен биікке бара алмаспын.
Сен қайта мына мені кемсіттің ғой
Жүз мың әйел ұл тапса да,
Жүзі жылы сендей аға таба алмаспын.

Бұл теңеу сөз өнеріне жат дей алмаймыз. Қайта дәстүр жалғастығы, ер азамат эго-сын, болмысын көтергенде, патриархал мәдениетті насихаттағанда қолданылатын бұрыннан бар тәсіл. Мұндай тәсілді тұңғыш қолданған ақын – Иманжүсіп Құтпанұлы (astana-akshamy.kz). Ол «Ерейментау» өлеңінде былай дейді:

Сусыз жерге ауылым қона алмайды,
Кері кеткен тірлігің оңалмайды.
Жүз қатыны қазақтың ұл туса да,
Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды.

Бибігүл Тілебалдинова мен Мақсат Ақановтың айтысы

XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп, XX ғасыр басында өмірден өткен халық ақыны, сазгер Иманжүсіптің теңеу, метафораларын тілге тиек ету айтыс өнеріне жат емес. Қайта тапқырлық, дәстүр жалғастырушы, ұлт тарихының білгірі екенінді қазыларға танытудың ұтымды әдісі. Иманжүсіп өлеңінің бастапқы шумағы былай басталған:

Мен жасымда, жігіттер, топтан астым,
Менменсіген талайдың көңілін бастым.
Қасыма ерген жігітке олжа салып,
Бір түнде сегіз қызды алып қаштым.



Бибігүл Тілебалдинова мен Мақсат Ақановтың (Farabi Media, 2021) айтысында да осы шумақ мысалға алынады. Мысалы, Бибігүл қарсыласы Мақсатты қолпаштап, көтермелеп қояды:

Бір түнде сегіз қызды алып қашқан,
Иманжүсіп секілді отырысы.

Демек, бір күнде сегіз қызды алып қашу – аудитория мен айтыскерлер үшін қол соғып, құрмет көрсететіндей ерлік. Бибігүл одан кейінгі сөзді былай сабақтайды:

Қошқарлығы ұстайтын қызды көрсе,
Сезімнен байқалмайтын тосылысы.
Аманбысыз қасыма кеп жайғасқан,
«Доктор» мен «Дон Жуанның» қосындысы.

Айтыскер әйел тұрмыс құрса

Сара Тоқтамысова мен Жандарбек Бұлғақовтың айтысы

Осыған дейін сарапқа салынған қыз бен жігіт айтыстарынан кейін айтыскер әйел тұрмыс құрса, әңгіме қалай өрбір еді деген сұрақ туады. Сөйтіп, Сара Тоқтамысова мен Жандарбек Бұлғақов (Айтыс төл өнеріміз, 2021b) айтысын сарапқа салдық. Бірінші сөз алған Жандарбек Сараға «қайныңмын», «сен президентке келінсің» деген ойын былай сабақтайды:

Президентке келінмін деп мақтансаң,
Жеңеше, тоқтатушы-ек зорға сені.
Барлық ақын қорқамыз айтыстағы,
Жалғыз ғана келін деп ханға сені...
...Ал сен ше қайын жұртқа не істеп бердің?
Ойыңда сый-құрметтің бар ма есебі.
Назарбаев Университеті ашылғанда
Шашумен күтіп едік сонда сені.
Елбасы деп ескерткіш соққанда да
Іздеді Астанадай орда сені.
Президент күніне де келмей қойдың,
Біреу қамап қойып пе еді торға сені.
Қайын атаның осындай шаттығында
Шашу шашу келіннің шаруасы еді.
Шық бермес Шығайбайдың қызындай ғып,
Сараң қылып қойғаны-ай Алла сені.

Бұл сөзге Сараның берген жауабы мынадай ғана:

...Қыртымбай қайным бар болшы,
Шулатып жүрген жер-көкті.

Ал Жандарбек бұған былай дейді:

Айтыс қуып үйіңе бір бармайсың,
Бойыңды желіктірген өлең шығар.

Сөйтіп, Жандарбек Сараға «келін міндеті – үйде отыру, ал сен айтыс қуып, сахнада жүрсің» дегенді меңзейді. Аудитория бұл «тапқырлыққа» қатты риза болып, қошеметін аямайды. Мұнда да Жандарбек Сараны ысылдаған кобраға теңейді:

Өңімде де, түсімде кобраменен айқасқан,
Менің де жаным сірі екен.

Айтыскер Сара тарихи тұлғалар Сүйінбай, Жамбыл, Есенқұлдар атын атағанда, қарсыласы оған «қайын атаңның атын атап қақылдадың» деп айып таққан:

Келіндері қайын аталарының атын атаса,
Келгені осы емес пе ақырзаман.

Демек, тұрмыс құрған, бала-шағасы бар өнерпаздарды да айтыста қағыту жолы көп. Ер ақын-айтыскер қыздарға келіндік міндетін, барған жұртын сыйлап, бала-шағасын бағуы керегін еске салудың жөні жоқ болса да, өзіне міндет санайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Қыз бен жігіт» айтысында, аты айтып тұрғандай, ер және әйел ақын айтысады. Бұл өнерде қыз өзінің әйел баласы екенін, ер адам өзінің еркек екенін қарсыласының есіне үнемі салып отыруы керек секілді. Айтыс өнерінде ер мен ер айтысса, олар қозғайтын тақырып та, мәселе де бөлек. Олар бір-бірінің жеке басына тіл тигізбейді, күрделі мәселелерді талқылайды. Ал қыз бен жігіт айтысы бір қарағанда өнер арқылы мүмкіндік ашылған гендерлік айтыс секілді. Жынысқа бөлінбей, қарсыласы да тура өзіндей адам, өнерпаз екенін ескерген бір де бір айтыс көрмедік. Сахнада қыз бен жігіт жолықса, олар міндетті түрде бір-бірінің гендерлік ерекшеліктеріне баса назар аударып, соған сай айтысады. Зерттеудің алғашқы сатысында айтыскерлер әрекетін аудитория да құптайтынына қайран қалған едік. Ал зерттеу барысында, керісінше, ақындар аудитория талабын орындайтынына көз жеткіздік. Бір қарағанда, тосыннан теңеу тауып, елдің арман-мұратын жеткізіп отырғандай көрінеді. Анығында, айтыскер көрермен нендей уәж тыңдағысы келеді, нені ұнатып, не нәрсеге риза болып қол соғады, осының бәрін зерттеп алып қана сахнаға шығады, себебі айтыс – сөз додасы. Мұнда айтыскер жеңуді мақсат тұтады. Әрине, жеңімпазды алдын ала тағайындалған қазылар анықтайды. Қазылар арасында тұлға, адам ретінде өнерпаз құқы сақталды ма, бір-бірінің жеке басына тиіп кеткен жоқ па деген мәселелерді қарастыратын

арнайы адам отырмайды. Қыз бен жігіт айтысының ең озық үлгісі Біржан мен Сараның айтысына бір бөлім арнап, оны қазіргі айтыстармен салыстырдық, себебі Біржан ақын Сараға әйел ақын деп емес, нағыз өнерпаз ретінде қараған айтыскер еді, яғни ол дода – өнерпаз әйелдің қоғамдағы орны мен құқығын көтерген айтыс. Міне, осы классик ұстаным бүгінгі қыз бен жігіт айтысында жалғасын таппаған. Заманауи қыз бен жігіт айтысында үнемі қайталанатын, сонысымен аудиторияны «қызықтыратын» арнайы тақырыптар барын көрдік:

- Әйел еркектің қабырғасынан жаралған;
- Тоқалым бол;
- Шетелдікке күйеуге тиме;
- Еркек – киелі. Жағасынан алып, тиісе берсең, елдің қарғысына қаласың;
- Күйеу табылса, кет;
- Еркектің назасы қатты;
- «Дон Жуан» болған еркекке жарасады;
- Тұрмыс құрмаған қыздар – ұрысқақ;
- Арыңды сақта, салтыңды бұзба;
- Қыз мұраты – кету;
- Айтыс қуып, үйіңе бір бармайсың.

Бір зерттеу жұмысы тақырыпшаларына айналған бұл бұйрықты сөйлемдердің бәрі қыз бен жігіт айтысындағы ер айтыскерлер өлеңдерінен алынған. Демек, айтыс өнері бұрыннан бар, патриархал таным арқылы қалыптасқан мәдениет пен түсініктерді қайтадан жандандырып отырады. Бұл әрекетін дәстүрлі қоғам талабы санап, оған дүйім елді де сендіреді.

Қазіргі айтыста әйелді жыланға, тышқанға, сарышаянға, яғни сипаты жағымсыз жәндік, жануарға теңеу қалыпты құбылысқа айналған. Айтыстағы бұл метафораларды аудитория құптап, қол соғады.

Байқағанымыздай, айтыстағы әйел өнерпаздың жеке басы, құқығы деген таным мүлдем жоқ немесе қазақ қоғамына енді еніп жатқан *хайп*¹ түсінігін айтыскерлер бұрыннан-ақ пайдаланады. Айтыскер қарсыласының өмір жолын зерттеп, тұрмыс құрмағанына «күйеуге ти», «шетелдікке кетіп қалма» деп; тұрмыс құрғанына «күйеуіңді тастап, айтысқа қалай келдің?!»; баласы барына «балаларыңның тәрбиесін ұмытып кетпе» деп ақыл айтады. Ер айтыскер әйел айтыскердің салттан аттамай, дәстүрді дәріптеуін үнемі есіне салады және мұны айтуға хақылымын деп ойлайды.

¹ Хайп сөзі – ағылшынша «High Yield Investment Program» деген бірнеше сөздің қысқарған түрі, «табысты, пайдалы инвестициялық жоба» деген мағына береді.

Айтыс көрермендері де осы сценарийді күтіп отырады, яғни сөз басында қос айтыскер диалог құрып, тартыс жасайтынын айттық. Міне, сол тартыс жасаудың әдісі, кульминациясы – біз мысал келтірген тәсілдер. «Неғып күйеуге тимей жүрсің? Күйеуге тимеген қыздар ұрысқақ болады. Тезірек тимесең, тоқалдыққа аламын. Шетелдікке кеткенше, маған тоқал бола сал» деген «аудитория естігісі келген» спичтерді айтыскер қарсыласына айтып, «халық сұранысын» өтейді.

Айтыс – ЮНЕСКО-ның Адамзаттың бейматериалдық мәдени мұрасы тізіміне енген, формасы қалыптасқан қайталанбас өнер. Алайда айтыс интеллектуал өнер емес, жұрт қалауына, аудитория талабына икемделген шоу сияқты дамып жатқанын байқадық. Аудитория талабы дегеніміз не? Олар нені талап етеді? Көрермен қоғамда бұрыннан қалыптасқан миф пен түсінікті айтыскер қайта жаңғыртып, жаңаша ұйқаспен шығарғанын қалайды.

Дереккөз

Айтыс – төл өнеріміз. «Балғынбек Имашев – Жансая Мусина». – 2021а. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=ZL7_5zcGJhs&t=274s (соңғы қаралған күні: 10. 03.2022.) – Youtube.com

Айтыс – төл өнеріміз. «Жаңдарбек Бұлғақов – Сара Тоқтамысова». – (2021b) – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=5OWaZYajZ2w&t=7s> (соңғы қаралған күні: 10. 03.2022.) – Youtube.com

Кемелбаева А. «Айтулы ер Иманжүсіп». – 2013. URL: <https://www.astana-akshamy.kz/ajtulyer-imanzhusip> (соңғы қаралған күні: 01. 06.2022.) – Astana Aqshamy

Қапалбекұлы Н., Кәрібаев М. *Үмбетәлі Кәрібаев*. – Алматы: Полиграфкомбинат баспасы, 2009. – 33–48 бб.

Нұрахмет Е. *Біржан мен Сара айтысы*. Алматы: PressCo баспасы, 2021. – 26–51 бб.

Тойшанұлы А. «Айтыс: рулық кезеңі, жіктелуі, бүгінгі жай-күйі». – 2011. – URL: <https://abai.kz/post/11892> (соңғы қаралған күні: 09. 03.2022.) – Abai.kz

Уәли Н., Құрманбайұлы Ш., Малбақов М., Шойбеков Р. *Қазақ сөздігі*. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 752 б.

Assyltas.tv. «Қару Нұрзат – Айнабек Бейсанғалиев». – 2021. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=Oce_9Htk1Dw (соңғы қаралған күні: 10.03.2022.) – Youtube.com

Farabi Media. «Бибігүл Тілебалдинова – Мақсат Ақанов». – 2021. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=IPiSp0XKQHU> (соңғы қаралған күні: 10. 03.2022.) – Youtube.com

ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ АРХЕТИПТІК КЕЛІН ЖӘНЕ ЕНЕ БЕЙНЕЛЕРІ: ЕРМЕК ТҰРСЫНОВТЫҢ «КЕЛІН» ФИЛЬМІН МЫСАЛҒА АЛЫП САРАПТАУ

Әсия Бағдаулетқызы

Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ киносы мазмұнға айтарлықтай бай, бірақ фильмдердің көбі ер адам бейнесі төңірегінде өрбіп келгендіктен, феминистік дискурс жетіспейтіні анық байқалады. Тіпті әйел протагонистерді алға тартқан жекелеген фильмдердің өзі үстем метанарративтерді бекіте түсу үшін қолданылуы ықтимал және қолданылып та жүр. Хилари Раднер *Neo-Feminist Cinema* («Неофеминист кино») деген еңбегінде Батыс киносындағы әйел бейнесінің позитив көрінісі «кімдіктің негізгі локусы – отбасы емес, индивид болған әлеуметтік және экономикалық құрылымға қарай баяу эволюция нәтижесі» дейді (Radner, 2011: 15). Ал қазақ киносының метанарративі, керісінше, әлі де отбасы екені сенімді дәйектелген (Абикеева, 2013: 163–75). Мақсатым – Ермек Тұрсыновтың «*Келін*» фильмін мысалға алып, қазақ киносындағы ене мен келін рөлдерін көрсету дәстүрі астарында жатқан идеология мен дискурсты ашу, фильмге феминистік кино теориясы тұрғысынан баға беру. Бұл үшін келін және ене категорияларына, қазақ киносындағы олардың көрсетілу және зерттелу мәселелеріне шолу, сондай-ақ «*Келін*» фильміне контент-анализ жасалады. Фильм жайлы түрлі жазбалар мен қоюшы режиссердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы сұхбаттары, сонымен бірге Қазақстандағы әйелдер туралы жалпы зерттеулер де қосымша дереккөз ретінде пайдаланылады.

Мақсатым – дәстүрлі көзқарасқа салса, табиғи, тіпті тартымды болып көрінуі мүмкін әйел бейнесі репрезентациясына феминистік кино теориясы линзасы арқылы зер салу, сөйтіп, қазақ киносындағы феминистік сынға үлес қосу. Айталық, осы эссеге арқау болған ене де, келін де әйел адам бола тұра, әдетте бір-біріне қарсы қойылады

және бұл қарым-қатынас «*Келін*» фильмінде немесе жалпы кинода ғана емес, күллі қазақ қоғамына да патриархал тәртіп неге соншалықты терең дендеп, үстем болғанын түсінуге ойтүрткі болуы мүмкін. Яғни патриархат дегеніміз – еркектің әйелді бағындыруы (ғана) емес, патриархал дискурсты қолдайтын бір әйелдің көмегімен басқа әйелдерді бағындыру идеологиясы. Бұл жүйе тек Қазақстан емес, Орталық Азияға және осы аймаққа мәдениеті ұқсас басқа елдерге де тән екені анық.

Батыс феминистік зерттеулері, оның ішінде феминистік фильм сыны көп жылдан бері түрлі әлеуметтік, нәсілдік және өзге орталардан шыққан әйелдердің өзара айырмашылықтарына көбірек зер сала бастағаны белгілі (Kaplan, 1997; Kaplan, 2000; Gillis, 2007; Butler, 2002; Dönmez-Colin, 2004; Cui, 2003; Lewis & Mills, 2003; Thornham, 1999; Hooks, 2014; Rich, 1994; Mohanty, 1984; Spivak, 1985). Сөйтіп, батыстық емес және батыстық әйелдердің өмір сүру жағдайлары мен күнделікті тәжірибелері арасындағы күрделілік пен қақтығыстар жан-жақты талқыланып келеді.

Феминистік перспективалар осыншалық көпқырлы болғанына қарамастан, Орталық Азия, оның ішінде қазақ әйелдерінің үні феминистік зерттеулерде сирек шығады. Батыстық емес кейбір әріптестері сияқты (Ang, 2003) қазақстандық зерттеушілер мен артистер де феминистік дискурсқа араласуға асықпайтыны байқалады. Сол себепті отандық зерттеулер, қазақ киносындағы әйел рөлдерін талдағанда, негізінен, ана рөліне тоқталады және қазақ фильмдерінің көбі әйелдерді жекелеген тағдыр иесі емес, ана идеалы ретінде таныстыратынын атап өту керек. Гульнара Абикеева мен Нәзира Мұқышева сынды зерттеушілер, мәселен, Әмина Өмірзақова сомдаған ана бейнесіне ден қояды (Абикеева, 2010; Мұқышева, 2017). Бұл көзқарас тұрғысынан ана бейнесі – позитив конструкция. Молдияр Ергебековтің «*Анаға апарар жол*» фильміне қатысты конструктив сыны осындай дәстүрлі қабылдауды басқа арнаға бұрған ізашар болды деуге болады (Ергебеков, 2017).

Батыстағы зерттеулер ана болуға көптеген балама перспектива ұсынады; олардың қайсыбірі қазақ киносындағы басым дискурсқа үндессе, кейбірі доминант фреймге мүлде сәйкеспейді. Мәселен, Лаура Малви қолданған психоанализ тілі дәстүрлі қазақ мәдениеті контекстінде қолдануға қолайсыздау болғанымен, ол ұсынған көзқарас динамикасы (*power-relations of gaze*), бақылаушы (*bearer of the gaze*) және бақылауда болу (*to be looked-at-ness*) сияқты ұғымдар анализге сұранып тұр. Тереза де Лауретис «феминдік» патриархал тәртіпте саудаланатын белгі ретінде әрекет ететінін көрсету үшін Клод Леви-Стросстың туысқандық құрылымдарын пайдаланған (De Lauretis, 1984: 18–21). Бұл сыни көзқарастар көп жағдайда патриархал қазақ қоғамындағы әйел позициясына сәйкес келеді және оларды «*Келін*» фильміндегі келін және ене бейнелерін талдауға фрейм ретінде қолдануға болады. Сол сияқты батыс зерттеушілерінің

кейбірі қазақтың ана образы репрезентациясына қабыса бермейтін кейбір аспектілерді ашып көрсететінін ескеру керек. Қазақ фильм зерттеулері аясында ана бейнелері туралы қайсыбір зерттеулер жарыққа шықты делік; алайда бұл эссе ене және келін сынды образдарды талдау арқылы қазаққа тән *ана-келін-ене* құрылымын кинодағы ана репрезентациясы жөніндегі ауқымды дебат аясында қарастырады.

Талқылау және нәтижесі

Келін және Ене категориялары

Ене мен келін рөлдері қазақ киносында жиі көрсетілетіні әйел образдарын бейнелеу мәселесінде оны ерекшелеп тұрған белгінің бірі болуы мүмкін. Кэтлин Роуи Карлиннің пікірінше: «кез келген кімдік категориясы «эссенциал» биологиялық жағдай мен қарым-қатынастан емес, тарихи маңызды жағдайлар жиынтығынан туады» (Karlyn, 2011: 20). Демек, үлкен отбасында тұру, отбасындағы қарым-қатынасты берік сақтау сияқты қазақ қоғамына тән қасиеттер осы келін және ене кімдіктерін символдық бейнеге айналдырған.

Сол себепті де қазақ киносындағы әйел образына үңілгенде, Батыс кинотануындағыдай ана, әйел, қыз рөлдерін ғана емес, ана бейнесінің субкатегориялары деуге келетін келін мен ене образдарын зерделеу әйелдің отбасындағы ғана емес, жалпы қоғамдық кеңістіктегі рөлін неғұрлым нюансты түсінуге мүмкіндік береді. Келін – дәстүрлі дискурстағы құқығы ең аз кімдіктің бірі. Тарихи тұрғыда ол көп әйел алады немесе әмеңгерлікті норма ретінде қабылдауға тиіс болғанын да осыған сүйеніп интерпретациялауға болады. Заманауи қазақ қоғамы жайында айта келе, Ғалым Жүсіпбек пен Жанар Нагаева «бейресми дәстүрлі ғұрыптар сақталғандықтан, келіндердің негізгі адами құқығы шектеліп, тіпті тапталып» жатқанын айтқан (Zhussipbek & Nagayeva, 2021: 224). Сол сияқты Шайзада Тохтабаева зерттеуінде келіннің жақсы қасиеттері қатарына барған жеріне бағыну, ұяңдық пен ұялу кіреді, ал оның еркіндігі ешкімге ұнамайды дейді (2017). Жамал Манкееваның екі жүз респондент қатысқан зерттеуінде «келінге» «енесіне тәуелді, қайын жұртына құрмет көрсетуге және қызмет етуге тиіс» деген анықтама берсе, «енені», керісінше, «келінді тәрбиелейді, аңдиды және ұлын қызғанады» деп сипаттайды (2008).

Кино кеңістігінде де көп жағдайда келін маргинал рөл ойнайды, ал Ермек Тұрсыновтың *«Келін»* фильміндегідей келін бас кейіпкер болып, фильм соның образына құрылғанымен, көп жағдайда әйелдік/феминистік дискурсты өрбіту емес, мүлде керісінше идеология қылаң беретінін байқаймыз. Мұнда ене келінге туыстық қатысы

бар адам ғана емес, патриархал тәртіптің қырағы сақшысы ретінде көрінеді. Екеуі – патриархал жүйедегі екі әйел бейнесі, бірі – әлсіз және бағынуға, екіншісі – үстем және билеуге бейім. Оларды жас ерекшелігі ғана емес, отбасындағы, демек, социумдағы рөлдері ерекшелейді. Басқа сөзбен айтқанда, ене үшін күш-қуат көзі – келін әкеліп отырған ұлы. Салыстырмалы түрде, қыз бала қоғамда анасына дәл сондай күш-қуат, қадір, құрмет сыйламайды және сыйлай алмайды.

Демек, мұндай дискурста әйелдің қоғамдағы орны мен тағдыры репродуктив қызметіне ғана емес, ұл табуына да байланған. Гульнара Абикееваның зерттеулеріне сәйкес, қазақ экранындағы «әйел/ана» нарративі 1960 жылдары, жылымық дәуірінде басталған (Абикеева, 2010: 292); ал 1991 жылдан, яғни Тәуелсіздіктен кейін тіпті дендегенін көріп отырмыз. Әсіресе 2010 жылдардан бергі заманауи мейнстрим қазақ киносы (комедия немесе *тоймедия*) үйлену мен құдаласу, той жасау мәселелері төңірегінде шиырлап жүргені белгілі. Ал негізгі тақырып ауаны осындай болғанда, фильмдердің патриархат сіңірген әйелдік конструкцияларымен шектелуі заңды. Яғни әйелдің орны ана статусына байлаулы: келін ұл тапса ғана социумға пайдалы мүше деп қабылданады, ал ене – өз ұлының мүддесін ғана қорғаушы. Ана образына қатысты бұл фактіні Симона де Бовуар, Лаура Малви және өзге де ғалымдар ертеректе байқап, сынаған (De Beauvoir, 2010 [1949]: 77; Mulvey, 1999 [1975]: 835). Қазақ киносында әйел бейнесін көрсетудегі осы және өзге де нюанстар қазақ не батыс академиялық дискурсында сирек зерттелгенін айта кеткен жөн. Молдияр Ергебековтің «Анаға анарар жол» фильміне феминистік сыны (Ергебеков, 2017) мен Рико Айзакстың *Film and Identity in Kazakhstan* кітабындағы «Келін» фильміне берген бағасы (Isaacs, 2018: 195) осы эссені жазуға түрткі болды.

Десек те, қазақ фильмдеріне феминистік тұрғыдан баға беру – аса кең таралмаған үрдіс. Батыс кино зерттеулерінде, мәселен, Кэтлин Роуи Карлиннің көзқарасы қызық. Ол Hollywood фильмдеріндегі ана мен қыз қарым-қатынасын зерттей келе, ана бейнесінің қызын патриархал тәртіпке бейімдеу немесе сіңіру мақсатындағы әрекеттерін антифеминистік деп бағалаған (Karlyn, 2011: 1–48, әсіресе, 8–22). Одан бұрын да Батыс феминистік сыны ана образын қызына патриархал «фемининдікті» сіңіруге тырысқан бейне ретінде сынап, бірақ түптің түбі аналар да «патриархат құрбандары» екенін түсінген-ді (Karlan, 2000: 466).

Қазақ фильмдерінде келін/қызды бұл тәртіпке бейімдеп бағындыру, яғни «тәрбиелеу» – анасының емес, көп жағдайда енесінің міндеті. Патриархал тәртіптегі қыз мұраты – тұрмысқа шығу, «келін» атану, сол сәттен бастап ол екінші бір ана бейнесі – «ененің» еркіне бағынады. Қазақ фильмдерінің көбінде келін немесе қыз анасының рөлі салыстырмалы түрде маңызсыз болатыны осы қисынды қуаттайды. Анна М. Лопез

де мексикалық матернал мелодрамаларды талдап, олардың бас кейіпкерлерін «патриархалдық құндылықтарды сақтауға талпынғаны» үшін «патриархал бейнелер» деп айыптаған (Lopez, 1994: 260). Қазақ киносындағы ене бейнесі туралы да, оның ішінде архетиптік ене образын ұсынған «Келін» фильмі туралы да дәл сондай тұжырым жа-сауға болады.

«Келін», «Моңғол» (Бодров, 2007) және «Құнанбай» (Жолжақсынов, 2015) фильмдеріндегі тіпті ер адамдардан үс-тем тұратын ене бейнелерін көргенде, оларды «еркін, күшті әйел образдары» деп қате түсіну оңай. Алайда қандай да бір үстемдік атрибуттарына ие болғаны оларды еркін әйелдерге айналдырмай-ды. Керісінше, олар көбіне өзге әйел бейнелерді патриархат тәртібіне күштеп бағындыратын құрал ғана. Бұл ене/әйел-дер статус-куоны көрмейді немесе со-нымен біте қайнасып кеткен. Яғни келін бүкпесіз субординацияланса, ене обра-зы екі қайтара манипуляцияланады: ол белгілі бір үстемдікке ие болғансыған ил-люзияға алданады, бірақ бұл үстемдігі – өзінікі емес, өзге әйелдерге қарсы қол-данылатын патриархат үстемдігі. Мықты ене бетпердесінің астында еркінен айы-

рылған, басып-жаншылған әйел бар. Ал келін бейнесі әдетте о баста бағынышты ре-тінде көрсетілгенімен, оны да ақырында осы аталған интернационалдаған патриар-хал құндылықтар тағдыры, яғни ене тағдыры күтіп тұрады.

Асқар Ұзабаевтың «Келинка тоже человек» (2019) комедиясында, мәселен, осы екі образдың өзара өтпелілігі мен ауыспалылығы анық көрсетілген. Айжан/келін (Әсел Сәдуақасова) мен Майра/ене (Данагүл Темірсұлтанова) оянса – екеуінің тәні ауы-сып кеткен. Бұл символдық тән ауыстыру ененің де бір кездегі келін екенін, келін де күндердің күні ене болатынын көрсетіп отыр. Шешуші көріністің бірі – келіннің ене орнына құдалыққа баруы. Мұндағы оның міндеті – туыс қызды жаңа құдаларға ба-рынша қымбатқа сату. Келін бұл тапсырма қиын дегенде енесі: «Сен көйлек сатпай-тын ба едің?!» дейді, яғни ене үшін әйел/қыз саудаға түскен бұйыммен бірдей. Мұнда



де Лауретис айтқан әйелдің сауда/айырбас белгісі ретіндегі орны анық көрсетілген. Әйел затына қатысты бұл кемсітуді Айжан келін де ақыры интернационалдап, саудагер қызметін мінсіз атқарады, сөйтіп, өзін басынушы ене рөлімен физикалық қана емес, рухани тұрғыда да теңдеседі.

Келін бейнесін ер адам ойнап, проблематизацияланған «*Келинка Сабина*» (Адамбай, 2014, 2016, 2020) франшизасында да бас кейіпкер еркін рухты, күрескер, бәлкім, шолжаң келін ретінде бастап, ақырында келіндіктің «көңілге қонымды» версиясын «шын жүректен» қабылдайды. Қысқасы, келін болып түсіп, ене болып шығатын патриархат тұйығында әйел адам шыр көбелек айналады, одан шығар жол жоқ. Түптің түбінде, мұндай қазақ келін-фильмдерінің мақсаты, бағыты, агендасы жөнінен патриархал деп айтуға болады. Сол себепті қазақ мейнстрим кинорепрезентациясы әйелдердің Ғалым Жүсіпбек пен Жанар Нагаева мақаласында (Zhussipbek & Nagayeva, 2021) талданған өмірлік реалияларына «сәйкес келіп» қана қоймай (ал кейде мүлде сәйкес келмей), гендерлік стереотиптерді одан әрі тереңдетуге қызмет етеді.

«Келін»: архетиптік келін/ене қарым-қатынасы

«*Келін*» – Ермек Тұрсыновтың режиссерлік дебюті, ежелгі дәуірдегі қайсыбір түркі қауымын сипаттайтын сөзсіз (мылқау) фильмі. Тәңіршіл қоғамды түсірген фильм түркі халықтарының түп анасы Құртқа (бөрі) туралы мифті әрі визуалдық, әрі нарративтік тұрғыдан баяндап береді деуге болады. Сонымен қатар онда бір қарағанда күшті, тіпті кейде ер адамдардан да доминант көрінетін әйел/ене (Тұрахан Сыдықова) бейнесі бар. Бас кейіпкер келін (Гүлшарат Жұбаева) фильм аяғында құндақтаулы баласымен тірі қалады және мұнысы түркі баласын өсіріп шығарған Құртқаны еске салады. Сөйтіп, қазақ кинотану ғылымында кеңінен талданғанымен, жан-жақты сыни талқыға салынбаған «ана-Отан-ана» құрылымын алға тартқан режиссер «феминистер бұл фильмге риза болуы керек» деп санайды екен (Левская, 2009). Бірақ бажайлай қарасақ, мұнда феминистер «риза» болатын себеп аз. Фильмдегі әйелдер өздері қызмет ететін патриархал тәртіптің сақшысы және ресурсы ретінде ғана көрінеді.

Фильмнің бас кейіпкерлерінің дәстүрлі түсініктегі «есімі» де жоқ. Келін. Ене. Бақташы. Мерген. Олар осы анықтамаларға сыйып кеткен, және сонысымен де архетиптік образдар мен қарым-қатынастарды көрсетеді. Бас кейіпкерлер, әлеуметтік өмір шындығындағыдай, «Келін», «Ене» деген анықтамалар құрсауында қалған. Олардың кімдігін анықтайтын – басқа емес, осы атаулар. Фильмнің нарративі түп ана жайлы тәңіршілдік аңызының желісінде түзілген «ана-Отан-ана» құрылымына сай келеді. Туынды Алтай тауларының аса жоғары ракурстан алынған қозғалмалы план (*extremely high-angle tracking shot*) көрінісінен басталып, әрі қарай қозғалыстағы

камераға түсірілген Құртқаның жалпы планы (*long tracking shot*) көрсетіледі. Келесі көрініс – әлдебір ритуал, шамасы жалаңаш қалыңдықты тойға дайындау. Үлбір перделердің ар жағынан Келіннің жалаңаш тәні көрінеді: түсіру техникасы көрерменнің вуайеристік (сығалақ) назарын оятуға тырысады. Осы эпизодтан кейін-ақ фильмдегі кейіпкерлер қарым-қатынасы табиғатпен параллель өрбитінін және шығарманың жалпылама ой айтқысы келетінін түсінуге болады: Алтай тауларының көрінісі – Отан, ал Құртқа көрінісі түркілердің түп анасы жайлы ассоциацияларды оятады; ал Келіннің аш тәніне акцент қою арқылы оның репродуктив «жарамдылығы» бағаланады; бұлардың бәрі әйел ең алдымен ана және түптің түбінде Отан символына айналатын ұлт анасы екенін меңзейтіндей. Үш бейне: Құртқа, Келін және Ене айналып келгенде «ана–Отан–ана» деген бір концепцияға түйісіп, үш бөлек емес, түптің түбінде, жалғыз бейнені (ұлт анасы) түзіп шығады.

Фильмнің алғашқы эпизодында меңзелген түп ана жайлы көне мифті еске түсірейік. Жойқын соғыста жермен-жексен болған жұртта жылап қалған жалғыз ұл – Ашинаны Құртқа қасқыр тауып алып, ақ сүтін беріп өсіреді, ал кейін оның он ұлын дүниеге әкеліп, жетілдіреді. Түркі халықтары осы Ашина мен бөриден, яғни Құртқадан тараған деседі. Осы мифті фильмнің аяғына қарай бүкпесіз және мүлтіксіз визуалдайттын мына эпизодты қараңыз: Ене Құртқаны шақырады; оны сауып алады да, сүтін жаңа туған сәбиге (Келіннің сәбиіне) береді. Сөйтіп, Келін, Құртқа, Ене бейнелері бір рөлде, ана рөлінде түйіседі. Ол аз десеңіз, түп ана – Құртқа бірнеше рет Келін желісінің өрбуіне символикалық параллель ретінде қылаң беріп отырады. Фильмнің өн бойында патриархал таным-түсініктегі ана рөлі үстемдік құрады деуге болады. Фильм нарративі Келіннің тәні кімнің (Бақташы? Мерген? Қайны?) ұрпағына пана болады деген сұрақтың төңірегінде өрбитіндей. Тереза де Лауретис кітабында Леа Меландри айтқандай, «әйел-ана – патриархал идеология ойлап тапқан ең абстракт, тіпті ақшадан да әмбебап айырбас өлшемі» (De Lauretis, 1984: 30).

Бұл тұста «ананы» бірегей де күрделі тұлға ретінде емес, Отанның жалпылама, жинақтаушы, символикалық идеалы ретінде көрсету дәстүрін айтып отырмыз. Бұл дәстүр «әр республиканың өз Отан Анасы» болған (Tasbulatova, 1993: 191) деген Кеңес одағынан қалған мұра деуге болады. Мұндай дискурс «отбасы – ұлттың негізі, ана – ұлттың ұйытқысы» деген доминант ресми идеология шеңберінде алғы шепке шыққаны мәлім. Тіпті «әйел мәселесі» көтерілген жерде осы нарратив қазақ қоғамындағы «әйел азаматтардың сыйлы да аяулы орнын» көрсету үшін және «біз анасын сыйлаған, демек, әйел адамға үлкен құрмет көрсететін халық екенімізді» дәлелдеу үшін қолданылады. Тереза де Лауретис патриархат феминдікті әрі символикалық абстракция, әрі табиғи ресурс ретінде пайдаланады деген (De Lauretis, 1984: 19). Демек,

«ана–Отан–ана» құрылымын әйел затына Отан немесе туған жер белгісі я символы деп қарайтын патриархал құрылым ретінде қабылдауға болады. Сонымен қатар әйел затының репродуктив қызметі (немесе бұл идеология шеңберінде, тіпті міндеті) орындалмайынша, ол есепке алынбайды. Қысқаша айтқанда, мұндай түсініктер аясында әйел-анаға қанша құрмет көрсетілгендей көрінгенімен, ана дискурсы – әйелдерге қатысты редукционистік дискурс. Ол «ана» деген анықтамаға жатпайтын әйелдерді және әйелдің ана болудан басқа қырлары мен рөлдерін, яғни әйелдік субъективтілігін жоққа шығарады. Ал «келін» атауы мен дискурсының сипаты одан да сорақы. Ол әйел адамға алдамшы болса да құрмет, еркіндік пен ерік немесе күш-қуат қимайды.

Мысалы, «Келін» фильмінің протагонист кейіпкер Келінге қатысты нарративтік және визуалдық зорлығын/күш көрсетуін байқамау және атап өтпеу мүмкін емес. Фильмнің басында Келінді еркінен тыс сатылады, зорлық көреді (күйеуі – Бақташы Ержан Нұрымбет), одан кейін (жесір қалғанда) әмеңгерлік жолымен жасөспірім қайнысына қосақталады. Одан әрі өзі артық көретін Мергенге (Қуандық Қыстықбаев) қосылғанда, сол әрекеті үшін оған дене жазасын қолданады. Оның шашын сыпырып алады, ең соңында төңірегінде бұл әйелді өзіне тиесілі санап, меншіктейтін ер адам қалмағанда, енесі өлтірмек болады. Яғни ол ылғи да біреулердің еркі мен ырқының, құштарлығы мен қастандығының объектісі ретінде көрінеді, оған не керегі, не қалайтыны беймәлім. Жалпы, бұл кейіпкердің өзіне не керек деген сұрақ фильм авторларына аса маңызды болмаған сияқты.

Неге десеңіз, Келіннің өзгелер еркіне бағынатын кездерін былай қойғанда, өз еркімен (?) Мергенге қосылатын сахнасы да аллегориялық тұрғыда Келіннің бағынышты екенін меңзейді. Көрініске назар салайық. Мерген бөлмеге кіреді, Келін таңдана қарайды: ер адам алға жылжиды, әйел кейін шегінеді. Осыдан кейін камера үкіге ауысады: үкі ақ тышқанды аңдып, оған қарай жылжиды және лезде қармап, шұқып, жұтып қояды. Эпизодтағы Мергеннің үстемдігін жеткізу үшін Эйзенштейннің монтаж техникасын қолданған. Адамдар мен жануарлар кезектескен ірі пландарды (*reverse close-up*) қатар қою арқылы Келін сексуалдық тұрғыдан бағынышты деген мағына туады.

Айта кететін жайт, қазақ киногерлері, жалпы алғанда, жыныстық қатынастың тікелей/бүкпесіз көріністерінен бойларын аулақ ұстайды. Олар көбінде метафоралар мен аллюзияларға, сонымен бірге сексті аң аулау, жыртқыштық, яғни еркектің ұрғашыны билеуі ретінде көрсететін дәстүрге айналған техникаларға жүгінеді. «Келін» фильмінде де осыған ұқсас жақындасу сахнасы тазының тұлкіні аулау көрінісіне параллель көрсетіледі. Мұндай мысалдарды өзге қазақ фильмдерінен де көптеп табуға болады. Айта кетерлігі, ер мен әйел арасындағы қатынасты бұлай көрсету не қабылдау ұлттық

ойлау паттерндеріне сілтесе керек. Ең алдымен еске түсетіні – Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі. Мектеп бағдарламасына енген осы өлең қыран құстың түлкі аулау көрінісінде түлкіні феминдік сипатта ұсынатынын және жалпы аңшы/шабуылдаушы – ер адам, ал құрбан не олжа – әйел адам деген түсініктің бір көрінісі екенін еске түсірсе жеткілікті. Абай өлеңіндегі визуалдық айқындық көптеген режиссердің қиялына түрткі болған деуге негіз бар.

«Келін» фильміндегі тағы бір ерекшелікке назар аударайық. Визуалында фетишизм мен вуайеризм механизмдері барынша көп қолданылған, ал кино зерттеушісі Энн Каплан оларды «[ер адам бойында] әйел заты оятатын қорқынышты басуға» қолданады деп санаған (Kaplan, 2000: 121). Мәселен, жыныстық қатынас сахналары мен Келіннің жалаңаш тәніне қатысты ритуалдар вуайеристік назарды оятады. Осыған дейін айтылған Келін тәнін жалаңаштайтын алғашқы эпизодты былай қойғанда, туындыдағы Бақташы мен Келін арасындағы жыныстық қатынастың екінші сахнасы да солай жеткізілген. Назар салайық. Бұл сахна бөлмені қозғалмалы камераға түсірген жалпы планнан (*long tracking shot*) басталып, төсектегілердің аяғын көрсететін ірі планға ауысады және соңында Келіннің аяғын сермегенін көрсетеді. Келесі онанизммен айналысқан Қайны жүзінің ірі планы бас кейіпкерге қатысты вуайеристік қарым-қатынасты күшейте түседі. Сөйтіп, Келін құштарлық объектісіне айналады, ал көрермен, кино түсіруші топ және фильмнің өзге кейіпкерлері, Лаура Малви айтқандай, оның тәніне патриархал көзқарас тұрғысынан «қарайды» (*looked at*).

Фильмнің өн бойынан фетишизм фаллостық символдарды проп ретінде қолданғанда да көрінеді. Ең анық байқалған фаллостық символ – бақсы таяғы. Патриархал қоғамда әйелдер әдетте үстем топ емес, алайда бақсы таяғы Ене үшін отбасында үстемдік құрудың белгісі іспеттес. Бұл таяқ арқылы ол Келіннің тәніне үстемдік етеді, тіпті әлдебір бақсылық рәсіммен Келіннің шашын сыпырып түсіреді. Яғни ол фетишизм символы ғана емес, әйелге/Келінге қарсы қолданылатын қару десе де болғандай. Тағы бір фаллостық символ – қанжар. Ол да әйел (Келін) сияқты бір еркектен екіншіге ауысады. Қарайық. Қалыңдық саудасында ұтылып, Келінді өзінен ауқаттырақ Бақташыға беруге мәжбүр болған Мерген кетіп бара жатып Келіннің білегін қанжармен тіліп жібереді де, аққан қанынан сүйіп, ыржияды. Мұнда фаллостық символ ретінде қанжар мен қанаған қол көріністерінің сексуалдық астары бар, яғни символикалық дефлорацияны білдірсе керек. Ал Мерген нарративке сәйкес, Бақташыдан жеңіліп тұрса да, Келін денесіне қатысты өз еркі мен үстемдігін манифестациялайды. Келесі эпизодта Келін қолындағы Мергеннің қанжары қалдырған тыртыққа Бақташының назары түседі. Қыз білегіндегі тыртық пен Бақташының қатарласқан кері пландарынан кейін келетін төсек сахнасы (Бақташы мен Келіннің алғашқы төсек сахнасы) қызғаныш пен

күш көрсетуге толы. Сәл кеңірек талқыласақ. Бақташы ас ішіп болысымен Келінге қарайды да, жанындағы бөренеге қанжарын қадайды. Бұл әрекеттің өзі келесі көріністің қысқаша сығындысы я оған пролог деуге болады. Актер Ержан Нұрымбеттің ет жеген сәттегі перформансын, оның бет-әлпеті, қимыл-қозғалыстары мен көзқарасын жыртқыштық деп сипаттауға болады. Тамақ ішу сахнасы мен төсек сахнасының қатар келгені, сонымен бірге қанжардың ағашқа қадалғаны ер адамның әйел кейіпкерге деген тұтынушылық және жыртқыш қарым-қатынасын нығарлайды. Келін білегіндегі тыртықты көрген Бақташы оны күшпен иемденген. Сөйтіп, Келін Мергенге де, Бақташыға да қатысты үйреншікті/дәстүрлі сипатта, бақылауға көнбейтін еркек құштарлығының ерік-жігерсіз объектісі ретінде сипатталған.

Фаллостық символдарды жиі қолданатын кейіпкердің бірі – Ене. Бұл жайт эсседегі ене образы күшті болып көрінгенімен, шын мәнінде, келінді қалыптасқан тәртіпке көндігуге тәрбиелейтін патриархат делдалы болып шығады деген негізгі ойды дәйектей түседі. Ене/Келін арасындағы осы қарым-қатынасты субъектив пландар (*point-of-view shots*) анализі арқылы да көрсетуге болады. Бұрын айтылғандай, Келін көбіне «қарау/бақылау объектісі» (*looked at*), оны фильм кейіпкерлері немесе кино түсірушілердің камера-көзі бақылайды. Ал Ене, керісінше, бақыланатын объект емес, бақылайтын субъект (*bearer of the look*) ретінде ер адамдарға теңеседі. Оның қырағы көзі әлеуметтік тәртіп пен дәстүрдің сақталуын қадағалайтын құралға айналады. Бақташының өлімінен кейін оның Мерген жайлы күдігі субъектив пландар (*point-of-view shots*) арқылы жеткізілген. Ол Келінге Мергеннің көзінше білегін жауып отыруды көзімен ымдап бұйырады, ал Қайныға төрге отырып, Мергенді ысыруды ымдап әмір етеді. Мұндай мағына Ененің ірі пландары мен ол қараған адамдардың орта пландарын қатар қойған монтаж техникасы және Тұрахан Сыдықованың нәтижелі перформансы арқылы әсерлі жеткізілген.

Ал Келіннің субъектив пландары (*point-of-view shots*) оның бағынышты екенін айқындай түседі. Осыған дейін аталған Бақташы мен Келіннің алғашқы төсек сахнасына зер салайық. Сахна оттың ірі планынан басталады, одан кейін Келіннің иықтан асыра түсірген планына (*over-the-shoulder shot*) ауысады, ал фокустағы Бақташы ас ішіп отырады. Ер әйелге ас ұсынады. Келесі – Келіннің ірі планы. Ол отқа қарайды, сол арқылы бас тартқанын жеткізеді. Мергеннің ас ішкен және қадала қараған, ал Келіннің отқа қараған кері пландары (*shot-reverse-shot*) қатар қойылады. Келесі пландар Бақташынікі: Келінге жақындап, оның тұлымын қолына алып, иіскегені, өзіне қарай тартқаны, оның білегіне қарағаны және қыз білегіндегі тыртықтың ірі пландары – мұның бәрі нейтрал камера көзқарасымен жеткізілген. Осыдан кейінгі күрес сахнасында біз Келін көзімен Бақташының жағымсыз, жыртқыш эмоцияға толы жүзінің төменгі ракурстан алынған

ірі планын көреміз. Энн Кибби айтқандай, «хетеросексуал бейне ретінде ұсынылатын [...] әйелдер зорлық пен қара күштің құрбаны болуға тиіс еді, мұндай ер адамдардың да маңдайына жазылғаны – зорлықшы және күш көрсетуші болу» (Kibbey, 2005: 43). Фильм осы стереотипті одан әрі сіңіруге тырысады.

Келіннің «шешен» сөйлейтін субъектив пландарының (*point-of-view shots*) тағы бір легі фильм аяғына қарай, Мерген оған моншақ сыйлағанда көрінеді. Жалғыз қалған Келін айқай салады, теңселіп, асыр салады және кілт тоқтайды, себебі ол шаңыраққа қарағанда қарғаны көреді. Даналық пен ұзақ өмір сүрудің символы болған қарға оның есіне Енені салатын секілді, Келіннің де қуанышы сап тыйылады. Жоғарыдан алынған ракурс Келінді кейіпкер ретінде кішірейтіп жібереді, ал төменнен алынған қарға ракурсы оған қараған Келін патриархал әлемге қаншалықты төменнен қарайтын, бағынышты халде екенін көрсетеді. Бұл көрініс Ене қандай да бір мистикалық жолмен қарғаға айналып, Келінді үздіксіз бақылап жүр деген әсер қалдырады.

Ене шынымен тылсым күші бар жаратылыс ретінде сипатталады, себебі оның бақсылық қабілеті мыстандықты еске салады және әрдайым патриархат жолында қызмет етеді. Батыс жазбаларында мыстан немесе жәдігөй (*witch*) өз индивидуалдығына талпынатын негатив кейіпкер ретінде көрінсе (Shen, 2014), қазақ ертегілерінде ол жанкешті ана ретінде әрекет ететінін де еске түсірейік. Мысалы, «Алтын сақа» және «Ер Төстік» сияқты ертегілерде мыстан кемпір өз ұлының мүддесіне қызмет етеді. Сонымен бірге антагонист ретінде көрінетін мыстан – патриархат конструкциясы екені белгілі. Күшті әйел кейіпкерлерді зұлым күш иесі ретінде көрсету арқылы патриархал парадигма өзіне дейінгі матриархал құрылымның билеуші әйелдерін кемсітіп, беделінен айыруға талпынды деген пікір бар (Шаяхметов тіл орталығы). Бұл фильмдегі Ене де табиғат құпияларына қанық бақсы әрі мыстан бейнесінде көрінген. Ол Келін мен Мерген байланысынан сезіктенгенде қайрат шақырып, бақсылық рәсімдер көмегімен Келін құрсағындағы сәбиді қылғындыруға тырысады; Келіннің шашын сыпырып түсіреді; сол сияқты Мерген мен Келін қашуға ұмтылғанда қар көшкінін шақырып, екеуін де өлтіруге амал етеді. Алайда бақсылық әдетте емшілікті, жындар әлеміне байланысу арқылы адам баласына көмектесуді еске түсірсе, Ененің қылықтары адам баласына зиян тигізуді мақсат еткен мыстан образына көбірек ұқсайды, сондықтан да патриархат шеңберінен шыға алмайды.

Ененің патриархат қызметіндегі делдал рөлін орындайтын рәсімдерінің анализі арқылы да көрсетуге болады. Мысалы, Қайны мен Келіннің қосылу эпизодында бір рәсім бар: Келін шалқасынан жатып, қос аяғын бүгіңкіреп, екі тізесінің ортасында жануар терісі тартылған әлдебір бұйымды ұстайды. Оны Қайны мүйізбен (тағы да бір маңызды фаллостық символ) тесуге тиіс. Келіннің дене позициясы – бағынышты.

Қайнының позициясы – бағындырушы. Алайда жасөспірім Қайнының бұл міндетті атқаруға күші жетпейді. Сонда Ене қолынан мүйізді жұлып алып, Келіннің жыныстық мүшесінің үстінде ұстаған тері – керілген бұйымды тесіп жібереді. Содан кейін сол тесіктен (Келіннің репродуктив органына қарай) ақ сұйықтық құяды. Басқа сөзбен айтқанда, Ене Келінді символикалық түрде «зорлайды» да, өзінің «маскулиндік/фалостық», патриархат делдалы ретіндегі үстемдігін барынша манифестациялайды. Бұл – бергісі қазақ, арғысы әлемдік кино тарихындағы мағыналық қатпары мен әсері жөнінен ерекше көрініс. Келін мен ене образдарын архетиптік деңгейде жеткізген фильмде келін/ене қарым-қатынасының апогеі осындай символдық-визуалдық тұрғыда көрінгені – патриархалдық құндылықтарды сіңірген әйелдің басқа әйел затына зорлығы қалыпты жайт екенін айшықтап тұр. Яғни Ененің патриархаттың жоғын жоқтаушы екені фильмнің осы сәтіне дейін жанама меңзелсе, осы көріністе бүкпесіз, барынша ашық көрсетіледі және әрі қарай күшейе береді. Жалпы, фильмдегі ритуалдардың қай-қайсында да Ене Келіннің тәніне тиіседі. Бұл да – әдетте әйелдің әйелге емес, ер адамның әйелге жасайтын әрекеті.

Ал Келін ең соңғы эпизодта ғана күшейіп, енеге тең актер ретінде көтеріледі және бұл сәтте оның қолында бақсы таяғы болады, яғни келіннің өзі де енеге айналады. Тағы да кеңестік монтаж техникасын пайдаланып, кетіп бара жатқан Ененің жалпы планы, бақсы таяғын ұстаған Келіннің және ұлыған Құртқаның ірі пландарын қатар қою арқылы түсіру тобы Келіннің статусы көтерілгенін, сондай-ақ бұл үш бейненің айналып келгенде патриархат қиялындағы келіннен енеге дейінгі біркелкі жолды жүріп өтетін бір ғана ана бейнесі екенін нығарлайды. Бұл Лаура Малвидің әйел адам символикалық тәртіп шеңберінде өз баласын (ұлын) құрал ретінде пайдалану арқылы ғана орын табады деген шебер дәйегін еске салады (Mulvey, 1999 [1975]: 834). Шынымен, Келін мәртебесі көтерілгенінің негізгі себебі – бала; Келін ана атанғандықтан, ол Ененің таяғын алып, жолын жалғауға лайық саналады. Дәстүрлі дискурста «өмір жеңісі, тіршілік жалғаса береді» деген интерпретациялар орынды болуы мүмкін. Бірақ феминистік сын көзімен қарағанда, патриархал тәртіп осылай Келінді «ресми» қабылдап, қатарына қосты, Келін Ененің орнын басты, ал фаллостық символ – бақсы таяғы – соның визуалдық дәлелі. Оның ата-ана үйінің табалдырығын аттаған сәттен бастап бақсы таяғына дейін жүріп өткен жолын барлық келіндердің патриархалдық қоғамға «тастай батып, судай сіңгеніне» қажет архетиптік саяхат деп қабылдауға болады. Сонымен қатар фильмде оған альтернатива жоқ, демек, келіндердің патриархат құрсауынан шығар жолы жоқ. Қорыта айтқанда, «Келін» фильмін жекелеген бір кейіпкердің оқиғасы емес, жалпы келін атаулының сығымдалған, аллегорияланған тағдыры; келіннің енеге апарар жолын баяндайтын әфсана деуге болады.

Фильмнің қабылдануы – жеке зерттеуге тұрарлық қызық, парадокс кейс. «*Келін*» шыға салысымен сын мен талқыға ұшырады, әсіресе дәстүрлі мета-нарратив жақтаушылары ол туралы «қазақты кемсіткен, қорлаған фильм» деді (Әбдіхалықұлы, 2009; Тілеухан, 2009). Режиссер Ермек Тұрсынов сұхбаттарында бұл еңбегін «қасиетті ана» туралы фильм деп түсіндірді (Тұрсынов, 2009; 2016). Осы талдау көрсеткендей, «*Келін*» фильмі дәстүрлі дискурсты популяр (бұқаралық) деңгейдегіден тереңірек патрицентрлік сипатта алға тартты. Демек, айналып келгенде дәстүршіл ортаның қарсылас деп қабылдаған фильмі ешқандай да «дұшпандық ниеттегі» дүние емес, олардың жақтасы, өздеріне қолайлы дискурстың адвокаты болып шығады. Әйелді алға шығарып, оны дәстүрлі жүйенің қызметшісіне айналдыру ене мен келін рөлдері маңызды саналатын қоғамдарға тән ортақ қасиет болса керек. Патриархат дегеніміз, түптің түбінде, дәстүрлі дискурсты интернационалдаған әйелдердің басқаларға үстемдік етуі; өкініштісі – олардың үстемдігі жасанды, себебі өздерінде де сол сенім жүйесінің аясын жарып шығып, басқа жол таңдайтын ерік жоқ, олардың тағдырын патриархат ықылым замандарда анықтап қойған.

Жалпы, заманауи қазақ киногогерлерінің көбі феминистік идеяларға бүйрегі бұра қоймайды. Оның бірнеше себебі бар: қоғамның постколониялық, отбасылық сипаты; санаға сіңген патрицентрлік идеология және киногогерлер, киносыншылар мен киноманушылардың жаңа гендерлік парадигмаларды қабылдауға құлықсыздығы. «*Келін*» сияқты фильм репрезентациялары, олардың про-патриархалды жеткізуі мен интерпретациялары арқылы мета-нарратив үздіксіз жаңғырып, қайта туып, жалғасын таба береді. Мұндай дискурста әйел үнемі стереотиптер құрсауында қалады, ал стереотиптер әйелдердің бір-біріне ұқсамайтын, индивидуал, бірегей өмірлік тәжірибесі мен мәртебесін көрсете алмайтыны анық. Әрине, оның астарында отбасын ұлттың ұйытқысы, ұлтты сақтайтын ошағы ретінде көретін көзқарас жатқаны түсінікті. Бұл, бір қарағанда, бекзат көзқарас көрінгенімен, «ұлт» деген жалпы ұғымды сақтау үшін жекелеген, ет пен сүйектен жаралған, ақыл-есі мен жүрегі, еркі, жігері, арманы мен мақсаты бар әйелдерді («*Келін*» фильмінің бас кейіпкері сияқты) саудаға салып, оған зорлық көрсетіп, ол аздай, иығына ауыр міндет пен жүк артып қоятыны өкінішті.

«*Келін*» фильміндегі келін мен ене бейнесін талқылауға арналған бұл жазбада жалпы қазақ киносындағы гендерге қатысты парадигмаларда тепе-теңдіктің жоқтығын айта отырып, қазақ киносы түбегейлі мизогинист деген ой түюден аулақпыз. Келесі бір жазбаларымызды әйел кейіпкерлерге көбірек еркіндік пен субъективтілік дарытқан, тіпті патриархал идеологияға қарсы шығуға талпынған фильмдерге арнауға болады. Алайда әсіресе кейінгі жылдары, сан қилы әйел бейнелері экранда көріне бастағанына қарамастан, ескі көзқарас доминант тренд болып тұр.

Осы орайда киногогерлерге, зерттеушілерге және көрермендерге мынадай ұсыныстар айтқым келеді. Киногогерлер, әсіресе сценаристер, режиссерлер, операторлар, жарық берушілер, гримерлер, костюмерлер, актерлер кез келген жұмысында «мен ескі мета-нарративтерді одан әрі күшейтіп жатқан жоқпын ба?» деп ойланғаны ләзім. Оператор түсіру ракурсын (жоғарыдан/төменнен, алыстан/жақыннан) таңдау арқылы өзінің әйел кейіпкерге деген позициясын білдіретінін ұмытпаса; жарық беруші қатар тұрған ер мен әйелге қатысты көлеңке мен жарықты қолдану арқылы әйел затына деген көзқарасын жеткізетінін ұмытпаса; костюмерлер, гримерлер мен суретшілер экрандағы әйел затын періште/шайтан деген дуалистік түсінікте ғана емес, нейтрал киіндіруге, бояндыруға болатынын ойласа; актрисалар өз кейіпкерінің қоғамдағы әйел рөлі ракурсынан қаралатынын ұмытпаса; ең бастысы, бұл сияқты мамандарға сценаристер мен режиссерлер позитив интерпретацияға ашық, күрделі де шынайы, әйел туралы қалыптасқан идеалдар, түсініктер мен стереотиптерден туындамаған, әйел жанына шындап үңілген кейіпкерлер ұсына алса құба-құп. Екінші пландағы әйел, үнсіз әйел, бақытсыз әйел, құрбан болған әйелді көрсете беру қоғамдағы стереотиптерді тереңдете беретіні белгілі. Әрекет етуші әйел, өз тағдырына жауап беретін, ерік-жігер иесі болатын батыл әйел, іскер, табысты әйелдерді көбірек көрсету мәселесін ойлану қажет. «Ана деп ұлықтаймыз» деп сылтауратып, экрандағы әйелдер мен аналардың бәрін бірдей қылып жіберіп жатқан жоқпыз ба? Өнер мақсаты адам жанына үңілу болса, әр суреткерді өзіне «әйел жанына, оның қажетіне, жан азабы мен аңсарына ер адам жанына үңілгендей үңіліп жүрмін бе?» деген сұрақты қоюға шақырамыз. Зерттеушілерге, өз кезегінде, әйел, ана, сұлулық, әйелдің қоғамдағы орны т.б. туралы қалыптасқан парадигмаларды феминист, постколониал т.б. қазақ кинотануында кеңінен қаралмайтын теориялар мен ракурстар тұрғысынан қайта қарауды, әр фильмді жаңаша талдауды ұсынамыз. Себебі Кеңес одағынан бері орныққан дәстүршіл көзқарастардың дұрыстығына күмәндана қарайтын, оларды академиялық білім тұрғысынан жаңаша саралайтын күн туды. Пікір ашықтығы мен алуандығы – тың серпілістер катализаторы. Көрермендер, өз кезегінде, киногогерлер мен зерттеушілер еңбегінің өнімін тұтынатыны сөзсіз. Біздің ұсынысымыз: көрермен әркез фильмнің әйел адамдарға қандай орын беретініне – экрандағы әйел бар болғаны ер адам құштарлығы мен қажетінің қызметшісі ме, әлде тәуелсіз ерік-жігер иесі ме – сол мәселеге сын көзімен қарауды үйренгені абзал. Өйткені гендерлік рөлдер арасындағы баланс (мұнда «баланс» сөзін гендерлік рөлдерді бірінен-бірі артық не кем көруге келісім емес, шынайы теңдік деп түсіну керек) экранда болмаса, қоғамда да орнамайды, ал әйелдің орны мен құқығын тұқыртатын қоғамның дәуірге сай саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, технологиялық даму жолына түсуін елестету қиын.

Дереккөз

Абикеева Г. *Образ семьи в Центральной Азии в контексте формирования культурной идентичности в регионе*. Докторлық дисс., Герасимов атындағы кинематография институты. – Алматы, 2010

Әбдіхалықұлы Ө. Даулы «Келін» фильмі үлкен экранға жол тартты. – 2009. – URL: https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_cinema_film_kelin_daughterinlaw_ermek_tursynov/1763843.html – Азаттық Радиосы

Ергебеков М. Қоғамдық травмаларымыз және «Анаға апарар жол». – 2017. – URL: <https://www.oner.kz/cinema/view/2524-kogamdyk-travmalarymyz-zhane-anaga-aparar-zhol> – Oner.kz

Левская А. Сказка – ложь, а в чем намек? – 2009. – URL: <http://expert.ru/kazakhstan/2009/07/kino/> – Expert Kazakhstan

Манкеева Ж. «Әйел» концепциясының когнитивтік моделі. Докторлық дисс., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2008

Мұқышева Н. «Қазақ киносындағы әйел бейнесі». – 2017. – URL: <https://egemen.kz/> – Egemen Qazaqstan

Тохтабаева Ш. «Этикетные нормы казахов». – 2017. – URL: https://books.google.co.uk/books/about/Этикетные_нормы_казах.html?id=Vd7BDgAAQBAJ&redir_esc=y

Тұрсынов Е. «Маған туған жердің тезегі жақын», сұхбаттасқан Айжан Көшкенова. – 2009. – URL: <https://abai.kz/post/2546> – Abai.kz

Тұрсынов Е. (2016). «Бұдан кейін кино түсіремін бе, жоқ па, білмеймін», сұхбаттасқан Жұлдыз Әбділда. – 2016. – URL: https://massaget.kz/mangilik_el/kazakfilm/39354/ – Massaget.kz

Тілеухан Б. «Өрмек». – 2009. – <https://abai.kz/post/2566> – Abai.kz

Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. «Мыстан және жалмауыз бейнесі салыстырмалы түрде». – URL: <http://www.tilortalyq.kz/kk/home/> – Qazlatyn Ang, Ien (2003). «I'm a Feminist but... 'Other' Women and Postcolonial Feminism». *Feminist Postcolonial Theory: A Reader* кітабында, ред. Reina Lewis & Sara Mills, pp. 190–206. (204).

Butler, Alison (2002). *Women's Cinema. The Contested Screen*. London: Wallflower.

Carson, Diane, Linda Dittmar & Janice R. Welsch, eds. (1994). *Multiple Voices in Feminist Film Criticism*. Minneapolis: University of Minnesota Press.

Cui, Shuqin (2003). *Women Through the Lens*. Honolulu: University of Hawai'i Press.

De Beauvoir, Simone (2010 [1949]). *The Second Sex*, ауд. Constance Borde & Sheila Malovany-Chevallier. New York: Random House, Inc.

De Lauretis, Teresa (1984). *Alice Doesn't. Feminism, Semiotics, Cinema*. London: Macmillan.

Dönmez-Colin, Gönül (2004). *Women, Islam and Cinema*. London: Reaktion Books.

Gillis, Stacy, Gillian Howie & Rebecca Munford (2007). *Third Wave Feminism*, Екінші басылым. London: Palgrave Macmillan.

Haskell, Molly (1987). *From Reverence to Rape: The Treatment of Women in the Movies*, 2nd ed. Chicago: University of Chicago Press.

Hooks, Bell (2014). *Ain't I a Woman: Black Women and Feminism*, 2nd ed. London: Routledge.

Isaacs, Rico (2018). *Film and Identity in Kazakhstan*. London: Tauris.

Kaplan, E. Ann (1992). *Motherhood and Representation. The Mother in Popular Culture and Melodrama*. London: Routledge.

Kaplan, E. Ann (1997). *Looking for the Other: Feminism, Film, and the Imperial Gaze*. New York: Routledge.

Kaplan, E. Ann, ed. (2000). *Feminism and Film*. New York: Oxford University Press.

- Karlyn, Kathleen Rowe (2011). *Unruly Girls, Unrepentant Mothers. Redefining Feminism on Screen*. Austin: University of Texas Press.
- Kibbey, Ann (2005). *Theory of the Image. Capitalism, Contemporary Film, and Women*. Bloomington: Indiana University Press.
- Lewis, Reina, & Sara Mills, eds. (2003). *Feminist Postcolonial Theory. A Reader*. Edinburgh: Edinburgh University Press.
- Lopez, Ana M. (1994). «Tears and Desire: Women and Melodrama in the 'Old' Mexican Cinema». *Multiple Voices in Feminist Film Criticism* ішінде, Diane Carson et al., (Құраст.). Minneapolis: University of Minnesota Press, 254–70.
- Mohanty, Chandra Talpade (1984). «Under Western Eyes: Feminist Scholarship and Colonial Discourses». *Boundary 2*: 12–13.
- Radner, Hilary (2011). *Neo-Feminist Cinema. Girly Films, Chick Flicks and Consumer Culture*. New York: Routledge.
- Rich, Adrienne (1994). *Blood, Bread, and Poetry: Selected Prose 1979–1985*, reissue ed. London: Norton & Company.
- Shen, Lien Fan (2014). «The Dark, Twisted Magical Girls» *Heroines of Film and Television* ішінде, Norma Jones et al., (Құраст.), Lanham: Rowman & Littlefield, 177–188.
- Spivak, Gayatri Chakravorty (1985). «Three women's texts and a critique of imperialism». *Critical Inquiry*, 12-1: 243–61.
- Tasbulatova, Dilyara (1993). «The «Woman of the East»: The Portrayal of Woman in Kazakh Cinema», *Red Women on The Silver Screen* ішінде, Lynne Attwood (Құраст.), London: Pandora, 186–97.
- Thornham, Sue (Құраст) (1999). *Feminist Film Theory. A Reader*. Edinburgh: Edinburgh University Press.
- Zhussipbek, Galym & Zhanar Nagayeva (2021). «Human rights of daughters-in-law (*kelins*) in Central Asia: harmful traditional practices and structural oppression», *Central Asian Survey*, 40(2), 222–241.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК СТЕРЕОТИПТЕР КӨРІНІСІ

Ермек Адаева

КІРІСПЕ

Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар түрлі құбылыстарды зерттеп, жаңа аралас бағыттар қарқынды дамып жатыр. Бұл бағыттар арасында гендерлік зерттеулер орны ерекше. Олар қоғамның әйелдер мен еркектерге қарым-қатынасын анықтайтын мәдени және әлеуметтік факторларға, гендерлік қасиеттерге қатысты стереотип көзқарастарға назар аударады.

Заманауи әдебиеттану ғылымы да гендерлік, феминистік бағыттарға назар аудара бастады. Аталған бағыт әдебиеттану ғылымына өткен ғасырдың 70-жылдары ғана енген. Әдебиеттегі гендерлік мәселенің тууына себеп болған, әйел жазушыларды өз құқығын қорғауға, күресуге итермелеген басты факторлардың бірі – қоғамдағы патриархал жүйенің басымдығы. Әдебиеттегі феминизм тарихын америкалық әдебиет сыншысы Элейн Шоултер нәзіктік (*feminine*), феминист (*feminist*) және әйел (*female*) деген үш кезеңге бөлген (Akhter, 2020).

Автор зерттеуінде бірінші кезеңді «үнсіз кезең» дейді. Бұл кезеңде әйел жазушылар еркек жазушылардың ақыл-ойына сай болғысы келген және көбіне бүркеншік атпен жазған. Екінші кезең – «наразылық кезеңі». Бұл кезде әйелдер дауыс беру құқығы үшін күресті. Құқығы шектелгеніне наразы болған. Соңғысы – өзін-өзі тану кезеңі. Әйелдер автономды басқаруды талап еткен. Элейн Шоултер әйел жазушының еңбегін сипаттау үшін «гинокритизм» терминін енгізіп, гендерлік әлемге жаңа леп әкелді. Зерттеуші «гинокритизм» әйелдерге өз-өзін тануға көмектесетін жаңа кезеңді бастайды дейді. «Гинокритизм немесе гинокритиктер әйелдерді жазушы ретінде

әдебиеттану тұрғысынан зерттейді. Гинокритизм әйелдердің әдеби еңбектерін әйел болмысының негізгі бөлігі деп қарастыруға тырысады. Қазір кейбір сыншылар практикаға сілтеме жасау үшін «гинокритицизмді», ал практиктерге сілтеме жасау үшін «гинокритиктерді» қолданады (Castillo, Debra A., 1992).

Гендерлік теңсіздіктің белең алуына себеп болған тағы бір маңызды фактор – әйел жазушылар аз болғаны. «Ағылшынша көркем әдебиеттегі гендер трансформациясы» (*The Transformation of Gender in English-Language Fiction*) деген зерттеу еңбекте XVIII-XIX ғасырдағы ер мен әйел бейнесін сипаттаудағы айырмашылықтар жайлы айтылған. Ғалымдар бұл еңбекте «1850–1950 жылдардағы әйел жазушылар саны аз болғаны, қыз және әйел кейіпкерлер саны күрт төмендегені гендерлік теңсіздік орнауына жол ашты» дейді (Underwood., Vamman & Lee, 2018).

Ал XX ғасырдағы ағылшын модернист жазушысы Виржиния Вульф әйел жазушылар қолына қалам алып, шығармашылық қабілетін дамытуы немесе көркем шығарма жазуы үшін ақша мен өз кеңістігі болуы керек дейді (Akhter, 2020). Ол «ақша» – күш пен еркіндік, ал «өз бөлмесі» қиялдауға мүмкіндік беретін пайымдау (*созерцательное мышление*) шеңбері деп түсіндіреді.

Осы мәселелер әдебиетте гендерлік тұрғыдан қалай қарастырылуы керек? Бұл зерттеуімізде әдебиетке гендер қалай әсер еткеніне де назар аударамыз. Қазақстандық әдебиеттанушы ғалымдар еңбектерінде де бұл мәселе азды-көпті қарастырылып жүр. Алайда жүйелі түрде зерттелген емес. Жарияланған еңбектерге назар аударсақ, кей жағдайларда әдебиеттанушылар гендерлік талдауды әйел авторлар жазған шығармаларды қарастыру және қилы кезеңдердегі әйел тағдырын әр алуан көріністерге байланысты баяндау деп түсінетінін атап өткен жөн. Біздің ойымызша, мәтінді гендерлік тұрғыдан талдау – шығармадағы образдар жүйесі мен әлеуметтік контексті қарастыру ғана емес, сондықтан қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет мәселелерін гендерлік әдебиеттану аясында қарастыру өте маңызды.

Мақсатымыз – осы мәселені зерттеудің кей аспектісіне тоқталу, қазақ әдебиетіндегі фемининдік стереотиптерді талдау. Көркем әдебиетті гендерлік аспектіде қарастыру, бір жағынан, қоғамдағы маскулиндік және фемининдік стереотиптерге қатысты қалыптасқан көзқарастарды көрсетсе, екінші жағынан, осы саладағы өзгерістерге назар аударып, жаңа идеяларды қалыптастыруға септігін тигізеді.

Зерттеу материалдары мен әдіснамасы

Көркем әдебиеттегі гендерлік мәселелерді, шығармадағы фемининдік көріністі қалай анықтауға және талдауға болады?

Гендерлік зерттеулер дәстүрлі әдеби және әлеуметтік-саяси интерпретациядан бас тартуға, шығармаларды тарихта үнемі эволюцияға ұшырап отыратын маскулиндік және фемининдік көзқарастар тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Әдебиеттегі гендерлік зерттеулердің мынадай басты бағыттары бар:

1. Белгілі бір кезеңдегі әйелдер болмысындағы өзгерістерді, талабы мен тілегі қалай құбылғанын, сонымен бірге ер адамдардан ерекшелеп тұратын қасиет-бітімін таразылауды көздейді.

2. Көркем шығармадағы әйел немесе еркек образы қоғам қалыптастырған маскулиндік (*masculinus*) және фемининдік (*feminus*) стереотиптерге сай келетін-келмейтінін қарастырады.

3. Көркем мәтіндердегі патриархал мәдениет стереотиптерін әшкерелеуді көздейді. «Бұл бағытты зерттеушілер көркем мәтіндегі құндылықтардың бәрі еркектер көзқарасына сай жазылғанын және әйелдерге үнемі үстемдік жүргізетінін түсіндіруді көздейді» (Ryan, 2017).

Мәселен, XX ғасырдағы ағылшын әдебиетіндегі гендерлік бірегейлікті зерттеген ғалымдар Даниэль Шульц пен Степан Бахник еңбектерінде әдебиеттегі ер адамдар артықшылықтары жайлы жазылған. Қоғамдағы әйел адам рөлі артқанымен, көркем шығармаларда көбіне бас кейіпкерлер ер адамдар екенін және ерлер әйелдерге қарағанда жағымды сипатталатынын көрсетеді. Бұған авторлардың басым бөлігі ер адамдар екені себеп болған дейді. Көбіне ер авторлар әйелдерге деген қоғам көзқарасын әйел авторға қарағанда мүлде басқаша сипаттайды. Сондай-ақ зерттеушілер ағылшын тіліндегі көркем шығармалардың басым бөлігінде ер адамдарды сипаттағанда «дана, адал, қабілетті, ізденімпаз» деген сын есімдер қолданылса, әйел адамдарға «сүйкімді, дөрекі, ақымақ» деген сөздер қолданылған дейді (Schulz & Bahnik, 2019).

Маскулиндік түсінік әйел еркекке қарағанда тек пассив қасиеттерге ие екенін және бұл пассив қасиеттер әйелге тән қасиеттер екенін алға тартады. Әйел мен еркек кейіпкерлерді суреттейтін сын есімдерді талдағанда еркектер өмірі шытырман оқиғаға, әйелдердікі романтикалық қарым-қатынасқа толы екені көрінеді (Xu et al., 2019). Шетелдік ғалымдардың көбі зерттеулерінде ағылшын тіліндегі балалар кітаптарында ер кейіпкерлер әйелдерден екі есе көп бейнеленеді деген қорытынды жасаған. Мәселен, Хамилтон Майкл және т.б. ғалымдар (2006) балаларға арналған сатылымы жоғары 200 кітапта әйелдерге қарағанда еркек кейіпкерлер 53% көп кездесетінін анықтаған (Hamilton et al., 2006). Мұндай құбылыс қазақ әдебиетіне де жат емес. Бұл мәселені зерттеу керек.

4. Шығармадағы әйел образын бейнелегенде автордың және әйел образын қаблдағанда оқырманның гендерлік ерекшелігі қандай маңызды рөл атқаратынын

айқындау. Мәселен, америкалық жазушы Луиза Мэй Олкоттың 1868 жылы шыққан «*Kішкентай әйелдер*» (*Little Women*) деген шығармасы бар. Романда АҚШ-тағы Азамат соғысы кезіндегі бір отбасынан шыққан төрт қыздың қиындыққа толы өмірі сипатталады. Туындыда қайталанбас әйел образдары сомдалғаны, біріншіден, соғыс уақытын көрсеткен сюжетке байланысты болса, екіншіден, шығарма авторы әйел екеніне де тығыз байланысты. Шығармада апалы-сіңлі қыздардың мінез-құлқы, өмірлік ұстанымы бір-бірінікіне ұқсамайды және соған сәйкес қыздардың әрқайсы түрлі жағдайларды бастан өткереді. Сол қоғамдағы қыздардың сан түрлі мінезі бір отбасынан шыққан төрт қыз бойынан табылғаны шығарманы қызық ете түскен.

5. Әйел жазушыларға тән жазу ерекшелігін анықтау да – гендерлік әдебиеттегі негізгі мәселелердің бірі. «Ер кісілердің жазу машығына қарағанда әйел кісілер жазуында, әйел қаламынан туған көркем шығармаларда айтарлықтай айырмашылықтар болуы заңды. Ең алдымен, баяндау жүйесінен ерекшеліктер байқаймыз. Әдеби канондар тұрғысынан қарастырсақ, әйел қаламгерлердің шығармашылығында мағыналық белгісіздік, баяндау жүйесіндегі толымсыздық, өзіндік ритмика мен өзгеше лексика сынды белгілер кездеседі. Әрине, феминистік әдебиеттанудың бұдан басқа да толып жатқан зерттеу нысандары бар» (Ryan, 2017).

Қалған мәселелердің бәрі біз тоқталған негізгі бағыттар төңірегінде қосымша қарастырылады.

Зерттеу материалы ретінде біз қазақ әдебиетіндегі әйел, ана тақырыбына жазылған шығармаларды алдық. Прозалық шығармалардағы гендерлік, феминистік мәселелерді қарастыру үшін аталған ғалымдардың пікірлеріне сүйендік. Зерттеу барысында дәстүрлі ғылыми сипаттама және семантикалық, сапалық, талдау-жинақтау, салыстыру, жіктеу әдістері қолданылады.

Талқылау және нәтижесі

Қазақ әдебиеттануындағы гендерлік ұғымдардың нақты көрінісіне тоқталайық. Қазақ әдебиетіндегі әйел образын, табиғатын суреттейтін шығармалар ауыз әдебиетіндегі мифтерден, мақал-мәтелдерден, лиро-эпостық жырлардан бастау алады. Әйел теңдігі мәселесі – Алаш қаламгерлері шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі. Кеңес дәуірінде де, қазіргі әдебиетте де әйел образы әр қырынан суреттеліп келеді. Бұл туралы зерттеулер көп.

Қазақ әдебиетінде әйел образын стереотипке сай сипаттау ғасырлар бойы жалғасып келеді. «Әр образ бен стереотиптің өз шындығы бар» дейді Тони Таннер (Tanner, 1986: 1). Демек, бұл стереотиптер әйел образы жайында шындықты көрсетеді деуге болады.

Мәселен, қазақ ауыз әдебиетінен бері гендерлік тұрғыдан белсенді саналатын ана бейнесін алайық. Әдебиеттің мифопоэтикасын зерттеген ғалымдар бұл алғашқы қауымдық құрылыс кезінен бері келе жатқан образ дейді. Тіпті бүкіл бір ұлттың тарихи бастауындағы мифология (бөріден тарағанымыз туралы) архетиптік сабақтастық арқылы осы әйелдік бастауды құрметтеуге себеп болды және кейін бұл сарын ізі мыңдаған жылға ұласты. Әдебиетіміздегі мифтер мен «Қорқыт ата кітабына» да назар аударсақ, әйел мәртебесі жоғары екенін байқаймыз. Осы айтылған және т.б. көне түркілік дәстүрлер кейінгі қазақ қоғамында жалғасын тапты. Зерттеушілердің көбі көшпенділер мәдениетінде әйелдер өте еркін, ерлермен тең дәрежеде болғанын көрсетеді. Бұған қасиетті аналарымыздың құрметіне салынған кесенелер мен ғибадатханалар дәлел болады. Түркілік кезеңнен кейін орнаған ислам дәуірі де алдыңғы дүниетаныммен синтезденіп, өзіндік әлеуметтік-мәдени ерекшелігі қалыптасты. Осындай тарихи жағдайлар мәдениетімізде, әдебиетімізде гендерлік мәселе болмаған деген ойға себеп болады. Мәселен, белгілі мәдениеттанушы Зәмза Қодар: «Әйел мәртебесі хақында рухани мәдениетімізде оған нұқсан келтіретін немесе кемсітушілікті қолдайтын туындылар жоқ десе де болады» дейді (Қодар, 2015: 187). Ендеше, қаламгер біткеннің бәрі дерлік шығармаларына арқау еткен әйел теңсіздігі тақырыбы әдебиетіміздің тарихында болмағанын қалай түсінеміз? Мұның бәрі түркілік дәстүрге байланысты деп топшыласақ болады.

Әйел бейнесін сипаттағанда тарихи кезеңнің де әсері зор. Әдебиеттегі әйел немесе ер адам образы шығармадағы уақытқа, яғни қай тарихи кезең баяндалғанына қарай сипатталатыны белгілі. Сонымен қатар туындыдағы әйел кейіпкерлердің бейнеленуі шығармада қай ел, қандай экономикалық жағдай баяндалғанына да тікелей тәуелді. Мәселен, Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңі туралы жазылған қазақ және әлем әдебиетіндегі шығармалардың көбінде әйел бейнесі батыр ана, көп қиындықты бастан өткерген жалғызбасты әйел образында сипатталады. Тахауи Ахтановтың «*Шырағың сөнбесін*», Бердібек Соқпақбаевтың «*Өлгендер қайтып келмейді*» романы және т.б. шығармалар пікірімізге дәлел болады.

XX ғасырдың басындағы қазақ прозасында әйел теңсіздігі тақырыбы көп қозғалған. Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының алғашқы қарлығаштары – «*Бақытсыз Жамал*», «*Қалың мал*» повестерінің атауынан-ақ тақырыптық идеясы айқын аңғарылады. Қазақ көркем повесінің көшбасы саналған «*Шұғаның белгісі*» де Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әйелінің қоғамдағы ауыр күйін арқау еткен. Сол кездегі қазақ қоғамындағы құндылықтар жойылғаны, отаршылдық т.б. өзгерістердің бәрі әдебиетте әйел бейнесі арқылы көрсетілген. Алаш көшбасшылары қазақ халқы дамыған, прогрессив ел болуы үшін әйел жағдайына назар аударуы керек дейді. Мәселен, Міржақып Дулатов 1916 жылы «Ақ жол» газетіне жариялаған «*Әйел теңдігі*» мақаласында:

«Қазақ-қырғыздың әйелге көзқарасы белгілі. Бірақ жалпы жұрт «осым теріс екен-ау» деп бұл күнге шейін мойындап тұрған жоқ. Сондықтан әйел мәселесін қолға алып, әйел теңдігін іске асырамыз деген соң, бұл туралы халықтың теріс назарын өзіне баяндап отыру қажет деп білеміз», – деп жазады (Дулатов, 32). Сол кезде жазылған Мұхтар Әуезовтің «Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзі әлі күнге өзекті (Әуезов, 2014).

«Әйел тағдыры, теңсіздікті бастан кешкен әйел бейнесі барлық қаламгерді тебірентті. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев әйел тағдырын шешуге дұрыс жауап тауып, әдебиеттегі қазақ әйелінің образын сомдай отырып, оларды білімге, өнерге үндеді. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар қазақ қызының теңсіздікте мұң кешіп отырғанын бейнелеп, оларды өздерінің бас бостандығы үшін күреске шақырса, Сәбит Дөнентаев қалың малдың құлы болған әкенің қаталдығы мен мейірімсіздігін аяусыз әшкереледі» (Әділбекқызы, 2016).

Әйел адам – құрбан, тағдырына мойынсұнған жан

XX ғасырдың басында жазылған шығармалардың бәрінде әйел образы құрбан, көнбіс, бағынышты, тағдырына мойынсұнған адам ретінде сипатталған. Мәселен, Бейімбет Майлин шығармаларында аштықтан қырылған әйелдер бейнеленсе, қазақ елі отарлауға, қасіретке, қиянатқа ұшырағаны Жүсіпбек Аймауытовтың «*Ақбілек*» романындағы Ақбілек образы арқылы көрінеді.

«Жүсіпбек Аймауытовтың «*Ақбілек*» романында қазақ қызының әлділердің ойыншығына, ермегіне айналған трагедиясын ашып көрсетеді. Бұл – бір қыздың ғана емес, бүкіл елдің ұлттық намысына тиетін ауыртпалық. Романның басты кейіпкері – Ақбілек. Шығарма сол басты кейіпкерінің атымен аталған. Бұл табиғи да, заңды да. Романдағы бүкіл оқиға, іс-әрекет, қазақ ауылының әлеуметтік тіршілігі, халықтың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, адамдар арасындағы түрлі қатынастар, империялық озбырлық – соның бар-баршасы діңгекті образ Ақбілек тағдырына байланысты» (Тоқтарбай, 2018).

XX ғасырдың басындағы әйел образына қатысты *құрбан болу* стереотипі кейін кеңестік кезеңде жазылған шығармаларда да кездеседі. Бас кейіпкерлер ер адамға тәуелді, әрдайым жақындары жолында құрбан болуға дайын. Өз талап-мансабын, тілек-арманын екінші орынға қойып, отбасының бақытын өз бақыты санайтын адам ретінде сипатталады. Егер әйел кейіпкер өз бақытын бірінші қойып, сол үшін күрессе, оны қоғам бірден «ұяттан безген, отбасы құндылықтарын жатсынған адам» деп қабылдаған (Lange, 2008: 4). Зерттеушінің бұл пікірі біздің қоғамдағы кейбір көзқарастарға сәйкес келеді.

Мәселен, Ақселеу Сейдімбектің «Аққыз» хикаятында Аққыз Аламан батырға берген сертінде: «Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде отырған әкемнің жалғызы едім. Тым болмаса көзі жұмылғанша көңілін күпті қылмасам деп едім. Қашан болса да, хабардың өзімнен болуына шыдам жасап күтсең, дегенің болсын» дейді. Осы сөздерден қыз әкесінің абыройына кір келтірмеу үшін сүймеген адамына қосылып, өз бақытынан үміт үзуге дайын екенін көрсетеді.

Әйелдің өз өмірін құрбан ету стереотипіне ұқсайтын тағы бір қасиеті – *көндігу, мойынсұну*. Шығармалардағы ер адам тағдыр тәлкегі мен тауқыметіне төтеп беріп, батылдығы мен өжеттігінің арқасында мұратына жетсе, қыз бала маңдайына не жазылса, соған көніп, «тағдырдың жазғаны» деп мойынсұнуы жиі кездеседі. Смағұл Сәдуақасұлының «Күлпаш» әңгімесінде де Күлпаш айттырған күйеуінен теріс айналып, өз бақытын бірінші қойып, ғашығы – қалалық жігіт Жұмажанға ереді. Алайда Күлпаш сүйген жігіт жеңілтек болып шығып, ол бақытын әуелде айттырған Күдеріден табады. Бұл шығармада әйел адамның сезімі мен ойы – алдамшы, отбасындағы үлкендер таңдауы мен шешімі бақытқа апарар жол ретінде көрсетілген. Күлпаш тағдырына мойынсұнады, көнеді.

Әйел – отбасының ұйытқысы, еріне тәуелді

Осындай феминдік стереотиптер қазақ әдебиетіндегі классик жазушылар шығармаларында да жиі кездеседі. Сондай шығармалардың бірі – Дулат Исабековтің «*Гауһар тас*» повесі. Бұл шығарманың басты кейіпкерлері Салтанат пен Ыбыш – феминдік және маскулиндік көзқарастардан туған образдар. Салтанат қазақ қоғамындағы стереотипке сай қалыптасқан қазақ әйелінің образын жеткізсе, Ыбыш – нағыз «маскулиндік» қасиеттерді бойына сіңірген бейне.

«*Гауһар тас*» шығармасының бас кейіпкері Салтанат – сол кездегі қоғамда қалыптасқан гендерлік стереотиптің айқын бейнесі. Шығармада Салтанат күйеуі мен оның отбасына қызмет етіп, отбасы, ошақ қасынан шықпайды. Ыбыштың сөзіне қарсы келмей, дәрекілігіне де сөз қайтармай, керісінше, құрмет пен ілтипат білдіргені – әйел мен еркек қарым-қатынасына қатысты қазақ қоғамында қалыптасып кеткен стереотип көзқарас көрінісі. Бұл пікірімізге Салтанаттың Қайыркенге жары Ыбыш туралы айтқандары дәлел болады: «Ыбыш ұзаған соң Салтанат: «Әй, осы мені аямайды-әй, – деді күліп, – онысы несі екен. Мені өзі сияқты палуан деп ойлайды ғой деймін бір. Құдыққа келген сайын қауғаны ылғи маған тартқызып, өзі түйе жетектейді. Сөйтіп жүріп жөндеп тартпайсың деп ұрсатыны бар тағы да, астапыралла!..» Салтанаттың бұл үнінде реніш те, зіл де жоқ, керісінше, нәзік әйелдің қатал еріне деген таңырқауы, сонымен бірге нәзік құрмет пен нәзік сезім жатыр еді» (Исабеков, 2020).

Сондай-ақ: «Жалпы мен осы уақытқа дейін Салтанаттың Ыбышқа ашуланғанын көрген емеспін. Анау болса, қозға құйылған судай қож-қож етіп кеп оған ұрысады, ал кейде, өтірік-шыны екенін білмейсің, былғауыштай жұдырығымен «осы-а...» деп кеп талдырмаштай келіншегін қойып қалады. Әйел деген нәзік-ау, бір жерін ауыртып ренжітіп аламын-ау деген ой басына кіріп шықса неғыл дейсің. Салтанат осындай сәттерде сәл үндемей қалады да, сәлден соң жаз күлкісіне қайта енеді. Ыбыш оған алара қарап, қолын бір сілтейді де шығып кетеді» (Исабеков, 2020) деген үзінді де – стереотип көзқарас белгісі. Қысқасы, Салтанат о жар Ыбыштың отбасында доминант мінез көрсетіп, кей кезде ұруға даяр мінезіне мүлде қарсы шықпайды. Тек нәзіктігімен, жанының тазалығымен жеңуге тырысады. Ерін құрметтеу, сыйлау, қарсы шықпау – қазақ қоғамы әйел адамнан талап ететін қасиеттер. Бұл қасиеттердің бәрі де Салтанаттың бойында бар. Демек, Дулат Исабековтің Салтанаты – қазақ әйеліне қатысты қалыптасқан стереотиптер үлгісі. Әйел адамды күйеуіне бағынышты немесе тәуелді етіп көрсету, кез келген қиындыққа (ұрсу, ұру сынды оқиғаларға) шыдау шығармадан анық көрінеді. Бұл қоғамның әйелден күтетін рөлі десе де болады. Сол себепті де Салтанат образын гендерлік стереотиптік образ деп қарастырамыз.

Тек қазақ әдебиетінде ғана емес, әлем әдебиетінде де «әйел отбасында да, қоғамда да бағынышты кейіпкер ретінде сипатталса, түзде де, отбасында да үстемдік жүргізетіндер – тек ер адамдар» (Srisermbhok, 2016). Дәлірек айтқанда, қоғамда ер адамдар рөлі жоғары әрі басым, ал әйелдер төмен және тәуелді адам ретінде бейнеленді.

Қоғам санасындағы әйел рөлі «отбасы, ошақ қасынан» алшақтамауына әдебиетіміздегі шығармалардың да ықпалы зор екенін айту керек. «XIX ғасырдан бері феминистік қозғалыстар әдебиет пен журналдарда бейнеленген емес, тәуелсіз «жаңа әйел» бейнесін қалыптастыруға тырысқанымен, ұзақ уақыт бойы қоғам әйелдің гендерлік рөлдері – үй шаруасын істеп, тазалық сақтау деп қабылдады» (Corda, 2015).

Осы гендерлік стереотипке байланысты әдебиетте «*Күлбике комплексі*» (*Cinderella complex*) деген термин пайда болды. Аталған терминді гендерлік әдебиетке зерттеуші Колетт Даулиц (Colette Dowling) енгізген. Бұл комплекс нәзіктік (*femininity*) идеясына сүйенген, яғни әйел әдемі, сыпайы, еңбекқор, сымбатты болуы керек, алайда өз проблемаларын өзі шеше алмағандықтан, еркекке тәуелді. Әйелдің эмоциясы еркекке тәуелді деген идея әсіресе XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы әдебиетте де, кино өндірісінде де кең тараған (Xu et al., 2019).

Өткен ғасырдағы жазушылардың көбі ер адам болған, бұл әдебиеттегі әйелдер бейнесінің біржақты сипатталуына әсер еткен. Бұған дейін айтылған стереотиптер қалыптасуына да осы жағдай әсер етуі мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Жалпы әдебиет тарихына көз салсақ, әйелдер образының бейнеленуіне көбінесе автордың


жеке тәжірибесі немесе әйелдер туралы қоғамдағы стереотиптер мен ұстанымдар әсер еткен. Ер адамдар жазған шығармаларда әйел образы үнемі ана, бауыр, отбасы қамқоршысы ретінде суреттелетінін айтқан жөн. Әйел образы мен тағдыры көбіне балалы-шағалы болумен аяқталса, еркектер жазған шығармаларда ол тұрмыс құрып, өзін құрбан етеді. Ал ер адам жеке дамуын жалғастырады.

Әйел – әлсіз бейне

Әйел образының тек рухани емес, буыны бос, әлсіз, аурушаң болуы – авторларға шығарманы аяқтауға ыңғайлы тәсіл. Денсаулығы жоқ, аты аталмайтын және соңы өлімге әкелетін ауруларға бейім болу жазушыларға ойдан шығарылған кейіпкерлер тағдырын жасауға қолайлы. Ағылшын жазушысы Сэмюэл Ричардсонның Клариссасы ауырмастан қайтыс болған, ал «Грандисон» шығармасындағы Клементинаның денсаулығы қайғысынан кейін тіпті нашарлай түскен (Wolff, 1972). Қазақ әдебиетінде де бұл үрдіс кездеседі. Мәселен, Дулат Исабековтің «*Гайһар тас*» повесіндегі Салтанат толғаққа шыдамай, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «*Қамар сұлу*» шығармасындағы Қамар шығарма аяғында құсадан қайтыс болады.

Әйел – эмоционал бейне

Әдеби туындылардағы тілге тиек етуге тұрарлық тағы бір гендерлік айырмашылық – ұстамдылық қасиеті. Көркем шығармаларда ер адамдар – мінезі ауыр, салмақты, байыпты, ал әйел – қызба, шыдамсыз, сезімге бой алдырғыш. Тахауи Ахтановтың «*Шырағың сөнбесін*» шығармасынан үзінді келтірейік: «...бірақ затым әйел емес пе, шыдай алмай ар жағын сұрадым», «...біраз нәрсені ақылға салып түсінгім келсе де, затым әйел болғанға ма, ақылымды әлсіздігім, жанашыр сезімім жеңе берді».



Әйел – ерекше қайратты, қажырлы

Афроамерикалық әдебиетте әйел образы құлдық бейнені сақтаушы саналады. Олар жұмысқа жегілген аттай күшті және оларды кедейлік пен ауру жасыта алмайды. Олар үйдегі бар шаруаны істеп, бала бағады (Gomez & Angeline, 2011).

Қазақ әдебиетіндегі әйел рөлі де көп жағдайда афроамерикалық әйел бейнесіне ұқсас. Әйел адам тұрмыс құрған соң, қайнаған әлеуметтік өмірден алшақтап, үй шаруасынан бас алмайды. Жазушылардың пайымдауынша, олар негізі нәзік, бірақ үй шаруасына келгенде тепсе темір үзетін азаматтарға бергісіз. Мысалы, Оралхан Бөкейдің «*Атау кере*» шығармасындағы нәзік Айнаның шаруаға келгенде мықтылығын жазушы Еріктің ойы арқылы жеткізеді. Автор: «Әйелінің екі-ақ күнде апта бойы шапқан шөпті жалғыздан-жалғыз жүріп, қалай ғана жинап, үйіп тастағанына іштей қайран, бірақ бұл таңданысын сыртқа тіс жарып шығармады. Әрине, өз еңбегін бұлдамаса да, өзекті жан болып жаратылған соң, «мықты екенсің, Айнаш» деген сықылды жылы сөзді ерінің аузынан әйелі күткен еді» деп сипаттайды (Бөкей, 2013).

Әйел – дана, ақылды

«Қатын қайраттанса, қазан қайнатады» деген қазақ қоғамындағы стереотипті өзгерткен жазушы – Ғабит Мүсірепов. Ол «*Ұлпан*» романында қазақ қызын мемлекеттік ұғымына теліп, әлеуметтік биікке көтерді. Шығармадағы Ұлпан – елге сыйлы, асқан ақылды, аяулы адам.

Роман қазақ ауылында болып жатқан XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы оқиғаларды қамтыған. Ұлпан жасынан қоғам қалыптастырған стереотиптер тұтқыны болғысы келмей, әлсіздікті ұмытып, батыл сөйлейді. Оның даналығы жары Есенеидің жүрегін асқан ақылымен жібіткенінен, Есенеі өлімінен кейін халқын басқарып, әлеуметтік мәселелер шешімін таба білгенінен көрінеді. Автор Ұлпанның асқан ақылды әйел екенін Түрікпен Мүсіреп әйелінің сөзі арқылы жеткізеді: «Сенің ақылыңның бір түйірін Құдай неге маған бермеді екен! – деп Ұлпанның мойнынан еркелей құшақтап, бетін кеудесіне басты» (Мүсірепов, 2003). Бұл – Ұлпанға деген құрметтің белгісі.

Алайда шығармада Ұлпан өмірі де трагедиямен аяқталады. Қоғам мен адам арасындағы қайшылықта, күресте Ұлпан жеңіледі.

Бұл романдағы Ұлпан образының тағы бір ерекшелігі – бала кезінен ұл баладай тәрбиеленгені. Жазушы Ұлпан сөйлегені де, киінгені де ұл балаға тән дейді. Әйел кейіпкерлер балалық шағында еркекшора болып, ұл баладай тәрбие алғанын сипаттау әдебиетімізде жиі кездеседі. Бұл шығармада Ұлпан тіпті ұлша киініп, ұлша сөйлейді. Оның еркекшора болғаны сондай – ешкім қыз деп ойламайтын, біле қалса таңғалатын: « – Ие, қыз!.. «Міне, айыбым!» дегенде көз құйрығымен өзіңді бір шарпып өткенде нағып байқамадың? Шарпып емес-ау, көз қиығын серпе тастап қарайтыны бар екен де!..»

Әйел – батыр, салмақты

Енді заманауи әдебиеттегі әйел образына қатысты стереотиптерді анықтау үшін әйел жазушылардың шығармаларына назар аударайық. Бүгінгі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы – Айгүл Кемелбаеваның еңбектерінде постмодернистік сарын анық сезіледі. «Айгүл Кемелбаева прозасында ойдың шатасуы, қиял, түс көру сияқты сәттерге көңіл бөліп, онейрикалық кеңістікті көрсетеді» (Өмірбекова, 2013).

Біз қарастыратын «Тәубе» әңгімесі қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі шығармалардан ерекше. Оқиға желісіне Ақынай мен Ереймен отбасындағы мәселелер арқау болған. Ақынайдың жары Ереймен 1939 жылы әскерге аттанып, он жылдан астам іс-түссіз кеткен. Жазушы бұл әңгімесінде Ақынайдың басына түскен қиындықты көрсетіп, мықты әйел образын сомдап шығады. Осы тұста Ақынай бейнесінің Ұлпан образына ұқсастығы барын айта кету керек. Әңгіменің «Тәубе» деп аталу себебі – бас кейіпкер нендей қиындық көрсе де, тәубесінен жаңылмай өмір сүргеніне байланысты. Жазушы Ақынай портретін бұрынғы шығармалардағы әйел образына қарағанда басқаша сипаттайды. Ақынай келбетін сүйегі ірі, қаптағай денелі, еркек тұлғалы деп көрсетеді. Әйел кейіпкерін оқырманға жақынырақ таныстыру мақсатында мінезін, адами қасиеттерін айқындайтын эпитеттер қолданады. Мысалы, Ақынайды «адуын», «сертіне берік», «текті», «қырық шырақты» деп адамгершілігіне, моральдық құндылықтарына тоқталады. Ереймен он жылдан кейін оралғанда жоқтау емес, қауышу жырын айтады. Бұл кейіпкердің салмақты, өте сабырлы екенін көрсетеді. Ақынай Ерейменнің күйзелісіне, үнемі қайталай беретін жағымсыз әрекеттеріне төзіп, мәселені сабырмен шешеді. Кейіпкердің бойында сенім мен байсалдылық бар. Шығармадан отбасы тірегі Ереймен емес, Ақынай екенін аңғарамыз. Гендерлік стереотиптер тұрғысынан Ақынай образы классик әйел образына сәйкес келмейді. Стереотипке сай әйел образы – нәзік, ер адамға арқа сүйейтін, бағынышты, көбіне сезімтал. Айгүл Кемелбаева бұл стереотиптерден алшақтап, әйелдің батыр әрі салмақты образын қалыптастырған. Дене бітімінен бастап мінез-құлқына дейінгі сипаттау қоғамда қалыптасқан көзқарас бойынша ер адамға тән белгілер жиынтығына сүйенген. Керісінше, әңгімедегі Ереймен образы күйзелген, өз әлсіздігіне бас ұрған кейіпкер ретінде көрінеді. Осы орайда «Тәубе» әңгімесін гендерлік стереотиптерге қарсы туынды деуге болады. Алайда постмодернист жазушы әңгімесінде гендерлік мәселенің кей көрінісі байқалады. Мысалы, «Анасы Ақторсық үйіне Ақынай апасы келсе, отағасының апа-қарындасы емес, тап бір еркек кіндікті ағайінсіңдей көріп, айрықша мәртебемен қонақ қылады» (Кемелбаева, 2016). Осы тұста айрықша мәртебе мен құрметті тек ер адамдарға көрсету керек деген ой қалыптасады. Үзіндіде Ақынайға деген құрмет белгіленген нормаға сай емес, ерекше жағдай ретінде бейнеленген. Феминистік сынға сәйкес, құрмет көрсету адам жынысына қарамауға

тиіс. Дегенмен Ақынай образын талдай келе, Айгүл Кемелбаева осы образы арқылы әйел мен еркекке тән мінез-құлық арасындағы шекараны кесіп өтті дей аламыз.

Келесі тоқталатынымыз – танымал жазушы Роза Мұқанова шығармаларындағы әйелдер образы. Жазушы әйелдер образын тереңнен қарастырып, ерекше бейнелейді. Біріншіден, оның әйел кейіпкерлері бір-біріне ұқсамайды. Олар «әйел әрдайым өзгелердің жағдайын ойлап, жақсы әйел болуы керек» деген стереотиптерге бағынбаған. Екіншіден, әйел кейіпкерлерінің жан дүниесі шынайы, шығарманы оқығанда сенімен сырласып отырғандай көрінеді. Өйткені автор олардың сыртқы келбетін ғана емес, сезімін, арманын суреттеуге тырысады. Әйелдердің сыртқы әлеммен байланысынан бөлек, жан дүниесінің сыры ашылады. Сырт көзге көріне бермейтін, стандарт баға берілмейтін әйелдік қасиеттері ашылады. Роза Мұқанова әңгімелерін зерттегенде дәстүрлі әңгімелерде айтылмайтын әйелдер образының қырларына үңілеміз. Әйел адамның өз болмысын өзі сынағанын оқыған оқырман әйелдер өздері әлі де қабылдай алмай жатқан мәселелеріне зер салады.

Сөзімізге дәлел келтіру үшін жазушының «Тұтқын» әңгімесін қарастырайық. Бұл әңгіме бір әумесер суретші туралы. Суретші бөлмесінде отырып түрлі әйел елестерімен диалог құрып, жалпы әйел адамға деген көзқарасын білдіреді. Бас кейіпкер әйел адамның сыртқы келбетінен бастап жан дүниесі мен ниетіне дейін сынайды. Суретшінің: «Әйел мен ақиқаттың алшақ жаратылғаны үшін кінәламаңыз мені» (Мұқанова, 2004) дегенінен адамдарды тікелей гендерлік сипатына қарай кемсітетінін көреміз. Шығарма бастан-аяқ әумесердің мизогиниялық санасын оқырманға жеткізген. Біздің ойымызша, жазушы жағымсыз басты кейіпкер арқылы мизогиниялық пікірлерді мысқылдап, сынаған.

Постмодернизмнің көрнекті өкілдерінің бірі – Жак Деррида әдеби шығармалардағы әйел образын зерттеп, әйел табиғатында ешқандай ақиқат жоқ деген (Скоропанова, 2001). Осы орайда, «Тұтқын» әңгімесіндегі суретші мен оның ойдан шығарған, бірінші кездескен елесі екеуінің диалогінде әйелдердің жылап, жалған аяныш тудыратын қасиеті жайлы айтылады. Бірінші әйел эпизоды ұзақ болмағанымен, әйелдер жайлы көптеген тақырыпты қозғаған. Босағада бірінші әйел елесі пайда болғанда бас кейіпкер – суретші оны бірден қорлай бастайды. «Олар ешқашан жылаған емес, білесіз... Әйелдің жылауы да – саясат. Жылаған болып отырып, дегеніне қол жеткізетін сайқал жаратылыс. Әйел – жылап отырып, қалайда жеңіске жетуді, ұтылмауды ойлайтын шайтани құбылыс» (Мұқанова, 2004).

Суретші «көз жасы – әйелдердің күшті қаруы» деп санайды. Көз жасы туралы айтып, оның әйелге жат және әйелдер мақсатына жету үшін бәріне дайын екенін көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, автор әйел адамды өтірік сөйлеп, жалған сезімін білдіре

ме – бәрібір, қалай да дегеніне жетеді деп сипаттайды. Осы арада Роза Мұқанованың әйел табиғаты жан-жақты екенін аша түсетін бірінші образы анықталады.

Сондай-ақ суретші әйелге ғашық болу, сүю оның құлына айналғанға тең дейді. Суретші пікірінше, әйел адамның талғамы мен талабы кез келген адамды есінен тандырады. Осы арқылы жазушы әйел талабына толық сай болу мүмкін емесін көрсетеді. Феминист Люс Иригарей постмодернизм шығармаларындағы әйел нақты, арнаулы және рационал ойлауға мүлде сай келмейтін өз қалауы бар құбылыс дейді. Роза Мұқанова туындысынан көретініміз де – осы. Бұл да – әңгімедегі әйел образының бір қыры.

Әйел жазушыларға тән жеке жазу ерекшелігін қарастыру да маңызды гендерлік мәселелердің бірі екенін айтқанбыз. Ғалым Анастасия Малыгина «гендерлік метафора» әдісін қолданып, ғылым мен мәдениет дискурстарын сипаттағанда структуралистік дискурс маскулиндік, ал постструктуралистік дискурсты фемининдік деп қарастырған. Егер «маскулиндік» дискурс ежелгі дәуірден постмодерн дәуірі басына дейінгі үстемдік еткен философиялық-гуманитарлық рефлексия мен күнделікті сана дәстүрін көрсетсе, фемининдік дискурс постмодерндік ойлау типіне тән деген (Малыгина, 2008). Осы пікірге сәйкес, Роза Мұқанова дискурсы постмодерндік ойлау ерекшелігіне тән деуге болады.

Еуропалық және америкалық ғылымда мәтінге гендерлік талдауды «әйел жазбасы»/«women's writing»/«әйел стилі» ұғымына байланыстыру – қалыпты жағдай. Дегенмен «әйел жазбасы» ұғымының өзі мазмұнын нақтылауды және (ең бастысы) талдау құралдарын қажет етеді. Қазіргі гуманитарлық ғылымда әйелдік дискурс (жазба түрі) идеясы бары рас. Заманауи әйелдер прозасы гендерлік тұрғыдан талданады, алайда әдебиеттану ғылымында оның әдіснамалық негізі әлі толық қалыптаспаған. Деррида құрылымы бойынша, жазу – сөйлеуге қарсы. Жазу – бейсаналық. Әйел жазбасына шексіз қайталаулар мен алмасулар, көптеген реминисценциялар мен аллюзиялар тән деген қорытынды осыдан шыққан. Көркем шығармадан аталған «ерекшеліктерді» іздеу «әйел» мәтіндерін зерттеудегі негізгі бағыттардың біріне айналған. Сонымен қатар Деррида Фридрих Ницшенің «*Көңілді ғылым*» еңбегіне сүйеніп, қорытынды жасап, «әйел жазбасында» бірнеше (кем дегенде, екі) стиль, дұрысында, «стильдер арасында» жазудың алғышарты болады дейді.

Осы ғылыми пікірлерге назар аударсақ, талданған екі әйел автор шығармаларынан түрлі аллюзиялар мен реминисценцияларды, қайталауларды кездестіреміз. Сондай-ақ көркем мәтіндерден түрлі стильдер ауысып отыратынын да байқаймыз. Әйел жазушылардың өзіне тән жазу ерекшелігін зерттеу арқылы гендерлік мәселелерді қарастыру – өз алдына жеке бағыт, ол жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Тағы бір тоқталатын жайт – жазушы әйелдер кейіпкерлер образын сипаттағанда көбіне позитив немесе сыпайы жазба тілін (сөздерді) қолданады. Әйел жазушылар тілінің сыпайылығы әйелдердің жайлы мінез-құлқын көрсетеді, бұл – қоғам әйелден күтетін қасиет.

Енді әйел және еркек жазушылардың әйел бейнесін сипаттағандағы ерекшеліктері туралы бірер сөз болмақ. Мақала барысында аталған еркек жазушылардың әйел бейнесін сипаттауындағы ерекшеліктеріне тоқталсақ, бірнеше аспектіні атауға болады. Біріншіден, еркек жазушылар белгілі бір тарихи кезең шындығын сипаттағанда әйел бейнесін қолданатынын байқаймыз. Қазақ халқы бастан өткерген талай ауыртпалық пен күресті әйел образымен, әйелдің қиын тағдырын халықтың хал-ахуалымен сәтті байланыстырған, сондықтан еркек жазушылар шығармаларындағы әйел бейнесі бірде – құрбан, бірде өзгенің бақытын өз бақытынан жоғары қоятын көнбіс, төзімді көрінсе, енді бірде – батыл, қайсар, ақылды. Бұл жазушылар оқиғаның әлеуметтік, саяси маңызын сипаттағанда әйел бейнесін субъект ретінде қолданады. Ал әйел жазушылар шығармаларындағы әйелдер образы өзгешелеу көрінеді дедік. Мұндағы әйелдер образы тарихи оқиғаның маңызын көрсету мақсатында емес, әйел табиғатының сан қырын ашуды, жан дүниесіндегі құбылыстарды, өзгерістерді көрсетуді көздейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеуде әдебиеттегі гендерлік мәселелерді қарастыру аспектілері мен феминдік стереотиптердің қазақ әдебиетіндегі көрінісі қысқаша талданды. Прозалық шығармалардағы гендерлік стереотиптерді талдап, өте қызық және маңызды қорытынды жасауға болады:

- жалпы әйел адамның қоғамдағы орны мен оған қатысты феминдік стереотиптер өзара байланысты бірнеше факторларға сүйенеді. Бұған әйел адам физиологиясы, мінез-құлық ерекшелігіне қоса, тарихи кезең, ұлттық дүниетаным, мәдениет, салт-дәстүр де әсер еткеніне көз жеткіздік;
- талдау барысында қазақ әйелдерінің көркем шығармадағы бейнесіне тоқталып, оларға қоғамдағы феминдік стереотиптердің қайсы сәйкес келетін-келмейтінін және оған әсер еткен жағдайлар сараланды;
- талдау нәтижесінде қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін бейнелеу көбіне қоғамдағы стереотип көзқарастан туғаны анықталды. Сонымен қатар әйел бейнесі тәуелсіз жаңа образға өте алмаған;
- әйелдер образының рухани түлеп, психологиялық тұрғыдан жаңарып, асқақтай алмағанына әйелге қатысты стереотиптердің әдеби шығармаларда жиі кездескені себеп болған;

- көркем әдебиетіміздегі құндылықтар жүйесі көбіне ер адамдар көзқарасына сүйеніп қалыптасқан. Көп жағдайда көркем мәтіндегі әйелдер образы өз деңгейінде ашылмай, мұрат-мүддесі көрсетілмейді немесе патриархал қоғам шарттарына сәйкес сипатталып, өзгертіледі;
- қоғамда стереотиптердің қалыптасып кеткені әйел образдарын түрлендіре сипаттауға кедергі болуы мүмкін, нәтижесінде оқырманның дұрыс қабылдауына да кедергі болады;
- гендерлік стереотиптерді біліп, дұрыс-бұрысын ажырата алу жазушыларға да, оқырмандарға да қажет. Ол стереотипке сүйенбей әйелдер образын жасауға, оларға әділ баға беріп, бейтарап қарауға көмектеседі;
- қазақ әдебиетіндегі әйелдердің классик образы көбіне фемининдік стереотипке сүйенгенімен, қазіргі шығармаларда тұлға мінезін көрсететін әйелдер образы да кездеседі. Осы орайда Айгүл Кемелбаеваның *«Тәубе»* әңгімесін айтуға болады. Қазір маскулиндік және фемининдік қасиеттердің тек ер не әйелге тән болуы шарт емес. Бұл мінез-құлық пен белгілер жиынтығы жыныстық ерекшеліктеріне қарамастан әр адам бойында кездесуі мүмкін. Қазақ жазушыларының шығармаларында гендерлік стереотип мәселесі бар. Заманауи қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Роза Мұқанова мен Айгүл Кемелбаева әңгімелеріне назар аударсақ, әйелдер образы дәстүрлі әдебиетке қарағанда фемининдік стереотиптерден сәл-сәл алшақтағаны байқалады.

Қорыта айтқанда, әмбебап фемининдік стереотиптер барлық халыққа, мәдениетке ортақ болғанымен, ұлттық, мәдени танымына, діні мен діліне, болмысына қарай өзгеріп кетеді. Бұл мәселені тереңінен зерттеу – келешектің ісі.

Дереккөз

Әділбекқызы Г. Қазақ әдебиетіндегі әйел тағдыры және дәстүрлі отбасы құндылықтарының дәріптелуі (XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы шығармалар бойынша). – 2016. – URL: <https://kazgazeta.kz/news/53332> (соңғы қаралған күні: 12.05.2022) – Qazaq gazetteri

Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 1-том: Мақалалар, пьесалар. 1917–1920. – 464 б.

Бөкей О. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 2-том: Роман, повестер. – 384 б.

Дулатов М. Алты томдық шығармалар жинағы. Құраст.: Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы: «Мектеп», 2013. – 3-том: Көркемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері. – 400 б., сур.

Исабеков Д. Гауһар тас. – Алматы: Атамұра, 2020. – 31–90 бб.

Кемелбаева А. Тәубе. – 2016. – URL: <https://egemen.kz/article/99288-taube> (соңғы қаралған күні: 12.05.2022) – Egemen Qazaqstan

Қодар З. Түркі-қазақ дүниетанымындағы әйел мәселесі. Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / (дайындаған Д.Қамзабекұлы). Астана: «Форма Плюс» баспасы, 2015. – 181–189 бб.

Малыгина А. Гендерные аспекты как тексты культуры (на примере моды середины XX – начала XXI в. [автореферат диссертации, Московский Государственный Университет]. Москва, 2008.

Мүсірепов Ф. Ұлпан. – Алматы: Атамұра, 2003. – 264 б.

Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен драмалық хикаяттар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 328 б.

Өмірбекова Г. Айгүл Кемелбаева шығармашылығындағы постмодернистік сарындар. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы (145-146). – 2013. – №5-6. – 199–201 бб.

Скоропанова И. Русская постмодернистская литература: Учеб. пособие. 3-е изд., изд., и доп. – М.: Флинта, Наука, 2001. – 608 с.

Тоқтарбай Е. Қазақ әдебиетіндегі әйел образы. – 2018. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/kazak_adebietindegi_aiel_obrazi_20842 (соңғы қаралған күні: 12.05.2022) – Adebportal.kz

Akhter, T. (2020). «Gender inequality and literature: a contemporary issue. *Advances in Social Science, Education and Humanities Research*, 510, 593–596. – URL: <http://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/> (соңғы қаралған күні: 12.05.2022)

Castillo, Debra A. (1992) *Talking Back: Toward a Latin American Feminist Literary Criticism*. Cornell University, 167–187.

Corda, J. (2015). Images of women in 20th-century American literature and culture: female emancipation and changing gender roles in «the age of innocence», «breakfast at Tiffany's» and «sex and the city». OAPEN Home. – URL: <https://library.oapen.org/handle/20.500.12657/26011> (соңғы қаралған күні: 12.05.2022)

Gomez, C., & Angeline A. M. (2011). «Images of motherhood in African-American literature a focus on Alice Walker's *Meridian*». *Language in India*, 11(4), 186–192.

Hamilton, M. C., Anderson, D., Broaddus, M., & Young, K. (2006). «Gender stereotyping and under-representation of female characters in 200 popular children's picture books: A twenty-First Century update». *Sex Roles*, 55 (11-12), 757–765.

Lange, C. (2008). «Men and women writing women: the female perspective and feminism in U.S. novels and African novels in French by male and female authors». *UW-L Journal of Undergraduate Research*, XI.

Ryan, M. (2017). *Literary Theory*. Wiley-Blackwell, 370.

Schulz, D., & Bahník, Š. (2019). «Gender associations in the twentieth-century English-language literature». *Journal of Research in Personality*, 81, 88–97.

Srisermbhok, A. (2016). «An open learning through feminist writing for self-discovery and intellectual development». *LEARN Journal: Language Education and Acquisition Research Network*, 9(1), 61-71.

Tanner, Tony. (1986). *Jane Austen*. Houndmills, Basingstoke, Hampshire and London: Macmillan Press Ltd.

Underwood, T., Bamman, D., & Lee, S. (2018). «The transformation of gender in English-language fiction». *Journal of Cultural Analytics*.

Wolff, C.G. (1972). «A mirror for men: stereotypes of women in literature». *The Massachusetts Review*, 13(1/2), 205–218.

Xu, H., Zhang, Z., Wu, L., & Wang, C.-J. (2019). «The Cinderella complex: word embeddings reveal gender stereotypes in movies and books». *PLOS ONE*, 14(11).

БРАТАН: ҚАЗАҚСТАН КИНОСЫНДАҒЫ МАСКУЛИНДІК КӨРІНІСТЕРІ

Анна Климченко

КІРІСПЕ

Қазақстанда «ер адамның қоғамдағы рөлі қандай болуы керек?» деген сауал төңірегінде қалыптасқан көзқарастардан бірнеше мәдени дискурс пайда болған. Қарағанды облысындағы кеншілер арасында зерттеу жүргізген Эва Кескюла (2018) Қазақстанда жұмысында сыйлы, ішімдік іше алатын, жыныстық қатынасқа түсе алатын, отбасын асырап, көп табыс табатын ер адам нағыз еркек деген атқа лайық болатынын анықтаған (Kesküla, 2018). Өзге зерттеушілер «Еркекке тән қабілет пен қасиетті көрсететін мамандық бар ма?» деген сұраққа жауап іздеген. Мысалы, қазақстандықтар түсінігіндегі ер-азамат сипаттамасы күшті, озбыр әрі табанды болатын қайратты спортшылар сипаттамасына сай келеді. (Takenov, 2021). Ал бала тәрбиелеуден қашпайтын, «тәрбие беру – менің де міндетім» деп білетін еркектерге деген көзқарас басқаша, жұрт оларды «әйел сияқты» дейді (Грейг et al., 2019: 4). Ninety One тобының әншілері секілді Q-рор орындаушылары да осы санатқа жатады. Қазақстан қоғамы олардың сырт келбетін сынап, қоғамдық құндылық пен моральдық қағидаларға қайшы, қазақылыққа кір келтірді деп жақтырмаған (Огун, 2018: 5).

Мұндай мәдени дискурстар, Рэйуин Коннелдің сөзінше, еркектердің бәрі ұмтылатын гегемон маскулиндік қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Гегемон маскулиндікте «еркек – үстем, әйел – бағынышты» (1995: 77). Карина Берберова оны былай сипаттаған: «Гетеросексуал болуы, қаржы жағынан ешкімге тәуелді болмауы, отбасын асырай алуы, күшті, қуатты болуы, рационал ойлай алуы, эмоциясын сыртқа шығармауы, әйелдер мен өзге еркектерге дегенін істетуі; жыныстық қатынастағы

«жетістігін» мақтаныш етуі; ең бастысы, әйелге тән дейтін сипаттардың бірі де бойында болмауы керек» (2013: 3).

Гегемон маскулиндік психологиялық және мінез-құлық ерекшеліктерінен бөлек, ерлерге ғана тән сөйлеу ерекшелігін де білдіреді. Оған біреудің сөзін бөлу, өктем сөйлеп бұйыру, боқтау, көп сөйлеу, сөйлегенде эмоциясын білдірмеу жатады (Bertović, 2019; Матвиюк & Морозова, 2018). Бұл зерттеу қазақстандықтар коммуникациясында кең тараған, әсіресе туыс емес адамға қарата «братан» деген сөзді қолданатын қызық ерекшелік туралы болмақ. Юлия Бурменкова (2021) «брат» сөзінің семантикасын талдап, бұл концептінің мағынасы ғасырдан-ғасырға өзгеріп жеткен деп тұжырған. Зерттеу жұмысында Сергей Ожеговтің (2004) түсіндірме сөздігінде көрсетілген «брат» сөзінің екі мағынасы қолданылды:

1. Ер адамға қарата өзімсініп немесе дос көріп сөйлеу (ауызекі).
2. Басқаға рухани; қызметі жағынан, жалпы жақындығы бар қандай да бір адам (асқақ сөз).

Бұл қаратпа сөз орыс тілінде қалай қолданылатынын зерттей келе, «брат» сөзі мен оған қосымша жалғау арқылы жасалған сөздердің достық-өзімсіну мәні барын түсіндік (Алиева & Гаджихмедов, 2019; Петкова, 2005; Шимко, 2011), алайда Самая Алиева мен Нурмагомед Гаджихмедов «ескерту мен қоқан-лоққы көрсету белгісі бар» деген (Алиева & Гаджихмедов, 2019: 362), ал Силвия Петкова «сөйлесіп отырған адамға сәл менсінбей қарау, кекету белгісі бар» деп тұжырады (Петкова, 2005: 31-32). Алла Лихачева (2011) болса «брат» сөзін дау-жанжал кезінде жиі қолданады дейді. Осындай пікірлерді қорыта келе, біреуге «брат» немесе соған жақын сөздерді айтудың мәні біржақты емесін байқадық; бір жағынан, айтушы әңгімелесушісің жақын тартып тұрғанын білдірсе, екінші жағынан, оған сес көрсетіп, айтқанына қосылмайтынын тұспалдайды.

Бұл зерттеуде «братан» сөзін қолдану Қазақстандағы маскулиндік мәдени дискурсқа қаншалықты сай екенін талдаймыз, «братан» сөзі маскулиндік құндылықты қалай жеткізіп, қалай насихаттайды?» деген сұраққа жауап іздейміз және осы қаратпа сөзді экран мен күнделікті өмірдегі қолданылу ерекшелігін салыстырамыз.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында қазақстандық мини-сериалдарда «братан» сөзі қалай қолданылғанын сараптау үшін Скотт Кислиң ұсынған (2015) позицияны анықтау анализін (*stance detection analysis*) қолдандық. Зерттеудің екінші бөлімінде қазақстандықтар жауап берген онлайн-сауалнама нәтижесі жайлы баяндаймыз.

Қазақстандықтар «братан» вокативін қаншалықты жиі қолданады және қандай мақсатта қолданады деген сұраққа жауап таппақ болып, сауалнама жүргіздік. Оған қоса респонденттер сұхбаттасушы санатына қарай (жігіт/қыз, жақын дос/құрбы, та- ныс еркек/әйел, бейтаныс, туыс, ата-ана, бастық, мұғалім) осы қаратпа сөзді қолдану ықтималдығын Лайкерт шкаласы бойынша 1-ден 5-ке дейін бағалап, «братан» сөзін қолданып сөйлейтіндер туралы ойын жазған. Сауалнама үлгісін америкалық жастар арасында кең тараған «братан» қаратпа сөзінің қызметі мен мәні жайлы сипаттаған Скотт Кислиңнің (Kiesling, 2004) жұмысынан алдық. Сауалнамаға 15–45 жас аралы- ғындағы 102 адам қатысты, респонденттердің 54,9%-ы – еркек, 45,1%-ы – әйел.

«Братан» сөзінің позициясын анықтау үшін эксклюзив видеоконтент шығаратын *Salem Social Media* компаниясының екі жобасын қарастырдық: *Sheker* (2020–2021) және *Serjan bratan* сериалы (2021). Екі сериал да *YouTube* платформасы мен оның қазақстан- дық баламасы *Aitube-mezі* «Пацанские истории» каналына салынған. Осыған дейін отандық кинематограф шығарған дүниелермен салыстырғанда бұл жобалар халық арасында кең тараған. *YouTube-мің* өзінде *Serjan bratan* сериалының әр сериясы 2,2 миллионнан 7,1 миллионға дейін, ал *Sheker* сериалының әр сериясы 1,1 миллионнан 5,1 миллионға дейін қаралған. *Sheker* – тіпті 2021 жылы халықаралық Канн фестива- лінде номинант болған тұңғыш қазақстандық сериал.

Әуелі қылмыс драмасы жанрында түсірілген екі шығарманың сюжетін баяндап бе- рейік. Екі сериалдағы оқиға қазіргі Алматыда өтеді. *Sheker* сериалының бас кейіпкері Алдикті университеттен шығарып жібереді, ол қайтадан оқуға кіру үшін көп ақша та- будың жолын іздейді. Досы Кананың көмегімен Алдик синтетикалық есірткі сататын дүкенге жеткізуші болып жұмысқа тұрады. *Sheker* сериалының бас кейіпкерлері – 19-20 жастағы жас жігіттер, *Serjan bratan* сериалындағы бас кейіпкерлер – Сержан мен Була жастық шағы 90-жылдары өткен 45–50 жастағы бұрынғы рэкетирлер. Сол заманда- ақ жұрттың бәрі оны «Сержан братан» дейтін. 1997 жылы жазатайым жағдай болып, Сержан братан комаға түсіп, тек 2021 жылы оянады. Сериалда оның жаңа ғасырға қалай бейімделгенін көрсетеді. Екі сериалдағы екі буын арасындағы жас айырмашылығына қарамастан, бас кейіпкерлер «братан» сөзін өте жиі қолданады. Сондықтан *Sheker* мен *Serjan bratan* сериалдарын мысалға ала отырып, «братан» сөзінің қызметін зерттейміз.

Талқылау және нәтижесі

Кеңес одағы тараған жылдары, 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында Қазақстан мен Ресейде көптеген қылмыскер топтары шығып, әрекет етті (Ерболқызы, 2019; Кайдарова, 2020), олар бір-бірімен өздері ғана түсінетін «тілде» сөйлесетін, яғни сөз саптасы бөлек болатын. Олар адамдарды «өзіміз және бөтендер» деп бөлетін,

сөйлеу тілінен де соны байқауға болады. Татьяна Воронцова (Воронцова, 2011: 47) мұндай құбылысты қылмыс әлемін заңға бағынатын қоғамға қарсы қою дейді. Өз адамдарын басқалардан бөліп алғаны «братан» қаратпа сөзінің кең тарауына ықпал етуі мүмкін, бірақ Силвия Петкова (Петкова, 2005: 31) зерттеу жұмысында мұндай вокативті «жаңа орыстар олар бір-бірімен сөйлескенде де, өзге әлеуметтік топ өкілдеріне қарата сөйлегенде де қолданады» дейді.

Орыс тіліндегі трансформация тақырыбында дәріс оқыған Максим Кронгауз (2016) XX ғасырдың аяғында қылмыскерлер жаргоны халық арасына тарап, сіңіп кеткендіктен, жаңа орыс тілінің негізі қаланған деген. Татьяна Воронцова (Воронцова, 2011: 49) мұның бәріне арго сөздердің бейнелі болғаны әсер еткен деген. Кеңес одағы жариялық пен ашықтық принципін ұстанып, демократияға бет бұрып, сөйлеу еркіндігін бергенде тілдегі нормалар да өзгерген (яғни, тіл де демократияланды); кеңес азаматтары «дискурс статусы мен адресат статусына қарамай, «қалай болса солай» сөйлей берсем болады» деп сөйлеу еркіндігін «заңдастырған» дейді (Воронцова, 2011: 12). Қазақстанда да осындай процесс жүрген, ұзақ уақыт Кеңес одағының ықпалында болған мемлекет халқы бір-бірімен көбіне орыс тілінде сөйлесетін. Қазақстандықтар «братан» вокативін сол кезеңде қолдана бастады деп топшылап отырмыз.

Бұл қаратпа сөзді адамдар әлі қолданады. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, әр бесінші респондент (21,6%-ы) оны кем дегенде аптасына бір рет, 17,6%-ы күніне бірнеше рет, ал 10,8%-ы күніне кем дегенде бір рет айтады. Кестедегі деректерге қарасақ (1-кесте), бұл сөзді әйелдерге қарағанда еркектер жиі қолданатынын көреміз.

	Ешқашан/Мүлде айтпаймын деуге болады	Аптасына бір рет	Күніне бір рет/Күніне бірнеше рет
Ерлер арасында	37,5%	23,2%	39,3%
Әйелдер арасында	65,2%	19,6%	15,2%


1-кесте. «Братан» сөзінің айтылу жиілігі

Бір жағынан, мини-сериалдарда «братан» вокативі 288 көріністе кездеседі, соның бәрінде тек ер адамдар арасындағы диалогтан естиміз. Сондай-ақ жекелеген эпизодтарда кейіпкерлер қазақша сөйлесе де, вокатив бәрібір орыс тілінде қалған.

Сауалнамаға қатысқандардың тең жартысы «Ешқашан/Мүлдем айтпаймын деуге болады» деп жауап берген. Осылай бөлгеніміздің арқасында «братан» сөзін қолдануды жақтайтындар мен қарсылардың пікірін біле алдық.

Айту жиілігінен бөлек, респонденттер бұл сөзді көбіне кімге (қызға, жігітке, жақын достарына, таныстарына, бейтаныстарға, мұғалімдеріне, бастығына) қарата

айтатынын да анықтауға тырыстық. 1-суреттен көргеніміздей, қазақстандықтар көбіне жақын достарына, әріптестері мен таныстарына қарата айтады екен.



1-сурет. Адресант пен адресаттың жынысына, өзара қарым-қатынасына қарай «братан» сөзін айту

Респонденттердің жауабы «братан» вокативін қандай адамдар және не мақсатта қолданатынын, осы сөз Қазақстанда үстем саналатын маскулиндік мәдени дискурстарды қаншалықты ашық көрсететінін анықтауға мүмкіндік берді. Жауап бергендер арасынан «братан» сөзін күнде айтатын екі топты бөліп алуға болады. Бір топ оны қалжыңсыз қолданса, екіншісі әзіл ретінде қолданады.

«Братан» вокативін «ешқашан немесе мүлдем айтпаймын» деп жауап бергендерден вокативті қолданатындар жайлы не ойлайтынын сұрадық. Жауап бергендердің 29%-ы оларды әлеуметтік жағдайы нашар, білімі төмен, сөздік қоры жұтаң, көше сленгімен сөйлейтіндер деп санайды. Сондай-ақ оларды араққа салынған, түрмеде отырып шыққан, «по понятиям» өмір сүретіндер, дөрекі әрі тәрбиесіз жандар деп ойлайтындар да бар («Бұл адамдар әдептен жұрдай»). Мұндай адамдар пиғылы дұрыс емес гопниктер, оффниктер мен ауешниктер тобына жатуы мүмкін дейді:¹

¹ Бұл үш түсінік те субмәдениет саналады. Гопниктер – қылмысқа бейім жастар, көбіне көшеде жүріп, ұрлық-қарлық жасайтындар. Футбол клубтарын қолдап, жаппай төбелес ұйымдастыратын футбол фанаттарын «оффниктер» дейді. Ауешниктер («арестантский уклад един» тіркесінен қысқарған сөз) – күнделікті өмірде де түрме тәртібін ұстанатындар.

«Братишка» десе – алдағысы келгені. «Брат» десе – алданғаны.

81-респондент, 24 жаста

Психологиялық қысым көрсеткісі келетіндер.

32-респондент, 18 жаста, Ақмола облысы

Мұндай пікір қалыптасқанына мысалға алынған сериалдардағы маскулин мәдениет өкілдері ықпал етсе керек, олар «братан» сөзін қолданып, өзін **қорқынышты** етіп көрсетеді. Мына эпизодта Сержан ұлының вайнына жағымсыз пікір жазған жігітті сабайды:

Жігіт: За что, аға?

Сержан: Это же мы, б***ь, несмешные шалдары! Короче, *братишка*, я тебе объясняю за ситуацию: в жизни или в интернете, б***ь, не имеет значения, оскорблять кого-то за глаза – это не по-пацански, на.

Бұл жерде «братан» тек дистанция сақтау немесе шеттету мағынасында ғана қолданылған. Әдетте адамдар арасында өшпендік туғанда шеттету мағынасында қолданылады:

Еркек: Уважаемые, пройдите с нами. С вами хотят поговорить.

Була: Вы кто такие? Поговоришь со своей телочкой на свидании, понял?

Еркек: *Брат*, давай без лишних слов, а?

Сөйлесіп тұрғандар бір-бірін танымауы немесе қас-дұшпандар болуы мүмкін: бұлар шын өмірде – ойлары бір жерден шықпағандар, ал сериалда – бандиттер. *Sheker* сериалындағы құқық қорғау қызметкерлері де қорқынышты адамдардай көрінеді. Сериалда есірткі сататындармен және сатып алушылармен сөйлескендіктен, солай көрінген шығар. Бір жағынан, мына үзіндінің аяқ жағында жол полициясы қызметкері өз жөнімен кетіп бара жатқан жүргізушіні тоқтатқанда, полиция қызметкерін озбыр етіп көрсететін стереорип көзқарас бар:

Полиция қызметкері: Ну все, *братишка*, попал ты. Пять граммов – это тебе не игрушки. Ща поедем в отделение, оформим. Срок к тебе летит.

Айдос: Ща, *братишка*, докурю, потому в РУВД поедем.

Тапсырыс беруші: Аға, может, как-нибудь решим?

1-полиция қызметкері: Опа, у тебя фара не работает!

2-полиция қызметкері: Ну че, *братишка*, пошли оформляться!

Дау-жанжал кезінде «братан» деу 90-жылдары шыға бастаған арго сөздердің (немесе қылмыскерлер жаргонының) сарқыншағы деп жорамалдауға болады. Бұл қаратпа сөз нағыз аргоға жатпағанымен, сол замандағы қылмыскерлер арасында кең тараған ауызекі тілдегі кемсіту мәні бар лексикаға жатады.

Дегенмен «братан» вокативін қолданатындар сөйлесіп тұрған адамын ренжітеді деуге болмайды, сауалнама сұрағына жауап бергендердің айтуынша, «сауатсыз адамдар да, қатардағы қазақстандықтар да осылай сөйлеуі мүмкін». Жауап бергендердің 17%-ы бұл сөзді қарапайым адамдар да айтады дейді:

Басқалар сияқты мен де айтамын. Бұлай дегеннен біреудің абыройы артып не кеміп қалмайды.

11-респондент, 24 жаста, Нұрсұлтан қаласы

Сериалдардағы диалогтарды сарапқа салғанда бұл вокативтің мағынасы **сөйлеу барысында қандай тіркестермен қатар айтылғанына қарай** өзгеріп тұратыны бірден байқалады. Дәл осы қаратпа сөзді сериал кейіпкерлері 18 рет амандасқанда және кешірім сұрағанда, 14 рет алғыс айтқанда қолданған:

Сержан: Була, салам, *брат*.

Була: Сержан братан? Ооо, саламу алейкум. Че там, не болды, *братан*?

2-бұзақы: *Братан*, не обессудь, что побеспокоил. Побазарить надо.

1-бандит: Че-то важное?

Алдик: Раха, *брат*.

Кана: Ас болсын.

Жауап бергендердің 11%-ы бұл да әдептің бір түрі, айтушы өзінен үлкенге сыпайылық танытқысы келгенде осы сөзді қолданады дейді. Сөйлесу әдебі әуелден адамдар арасында жақсы байланыс орнатуды көздейді, оған «братан» деген қаратпа сөзді қосса, айтушының осы мақсатқа ұмтылғаны айқындала түспек. Бұл «братан» деп тек мәдениетсіздер айтады дейтіндердің ойына қайшы, дегенмен «пацандар түсінігінде» оның үлкендерге құрмет көрсету деген бір қызметі барын естен шығармау керек. Сериалда амандасқанда, алғыс айтқанда және кешірім сұрағанда осы қаратпа сөзді жиі қолданатыны да содан.

Респонденттердің 19,6%-ы «братан» вокативін қолданатындар тез тіл табысатын, ақкөңіл жандар дейді, оны **сөйлесіп тұрған адамыңмен байланыс орнатудың бір әдісі** санайды. Жауап берушілердің мұндай адамдарға деген көзқарасы әртүрлі:

кейбірі оларды *сумақай* әрі жағымпаз десе, енді бірі белсенді және кез келген адаммен тез тіл табысатын жандар дейді.

«Сіз» дегенді тым ресми көретін, бірден «сенге» көшетіндер бар, олар «сен» деп сөйлеп, адамдарды ренжітіп алмау үшін және соның өтемі ретінде «братан» дейді.

96-респондент, 24 жаста, Нұрсұлтан қаласы

Меніңше, бұл сөз адамдардың тез тіл табысуына көмектеседі, өзгелер де сізді досындай көретін болады.

80-респондент, 18 жаста, Ақмола облысы

Тағы бір респондент бұл сөзді қандай да бір өтініш айта барғанда адамды сөзге тарту үшін қолданады деп жауап беріпті:

«Братан» дейтіндер дереу «сен»-ге көшу үшін шекараны бұзады деп ойлаймын. Мұны дәрекілік деуге де болады. Адамға, тіпті бейтанысқа бұлай дегенде жай өтініш айтып емес, одан да көбірек нәрсе талап етіп тұрғандай боласыз.

30-респондент, 25 жаста, Павлодар облысы

«Братан» қаратпа сөзін еркектер айтады, сол қауым қолданатын сөз деген түсінік бар, бұл ерлердің өзге ер адамдармен тез сөйлесіп кетуіне ықпал етеді. Гегемон маскулиндік теориясында нағыз еркектерді байланыстырып тұратын бір жіп бар, өйткені олар өзара түсіністікке, әркез бір-біріне қолдау көрсетуге және көмектесуге ұмтылатын «еркектер клубының» мүшесі саналады. Сериалдарда бұл сөзді көбіне (25 көріністе) көмек сұрағанда қолданғаны да осыған байланысты шығар:

Алдик: *Братан*, знаешь, че я подумал? Давай ты будешь моим тренером в качалке?

Сержан: Чем могу помочь?

Еркек: *Братан*, он у нас паспорта забрал. Домой уехать не можем.

Староста: Надо было чаще приходиться на пары, а не спать.

Алдик: Да я же официантом работал. Б*я, *брат*, у меня есть бабки чуть-чуть.

Можешь выручить?

Бұл көріністе вокатив сөйлескен адамын **өзіне тартып, жағдайын түсінуге** шақырып тұр, сөйтіп ол өтініш айтқан адамның тілегін орындайды. Оны танысқа да, бейтанысқа да қолдануға болады. Көшеде кетіп бара жатып бейтаныс адамға «Братан, оттық бар ма?» деу жігіттерге жақсы таныс.

Бір қызығы, мини-сериалдарда «братан» сөзін алдарқату үшін қолданған бір-біріне ұқсайтын төрт эпизод бар. Үш көріністің сценарийі ұқсас: айтушы бейтанысқа «*Братан*, закурить не найдется?» деп өзіне қаратып алады да, пышақтап, ұра бастайды. Төртінші көрініс былай өрбиді:

Еркек: Бабки привез?
 Сержан: Конечно, *братуха*.
 Еркек: Ну давай.
 Сержан: Щас. *бетінен ұрады*²

Шабуылдаушы арам ойы жоқ адамдай көрініп, адресатты өзіне қаратып алды, адресат қауіп-қатерді сезбей тұрғанда шалт қимылдап, ұрып жіберді. Шылым сұраған эпизодта айтушы екінші адамның көңілін аулап, аяушылық тудырғысы келеді.

Айтушы қасындағы адамның сөзіне келіскенін білдіру үшін осы вокативті қолданады, бұл еркектер ынтымақтастығы мен «братан» сөзінің арасында тығыз байланыс барын көрсетеді.

Сержан: Була, ты со мной?
 Була: Обижаеть, *братан*. Конечно.

Сержан: Мазя, не обессудь. Твой сын первый допустил. Ты же меня знаешь, я просто так не буду прессовать.
 Алмас: Не, *брат*, в тебе сомнений нету. Давай решим этот вопрос по старинке.

1-еркек: Этих закладчиков б***ь с каждым днем становится все больше.
 2-еркек: Это же нам в пользу. Работа будет идти.
 1-еркек: Да, *брат*, в натуре.

Мына мысалдан адресат сөзіне келісу де, келіспеу де (шеттету позициясы) бірігіп, бір түсінікке айналғанын көреміз:

Кана: Вдруг не получилось?
 Алдик: Б*я, *брат*, не гони, по-любому получилось, мы же все по инструкции делали!

Бұл жерде «братан» сөзін қолдану арқылы адамды сендіріп, әрі күмәнін сейілтіп тұр, сондықтан интерсубъектілік жоқ. Бір жағынан, айтушы жолдасын құптап, бәрін дұрыс істедік деп сендіреді, ал екінші жағынан, екі пікірді қарсы қойып, жолдасының пікірі қате екенін айтады. Айтушы күмәнданғанда, екінші адамның сөзіне

² Жұлдызша ішіндегі мәтін кейіпкерлердің бейвербал әрекетін білдіреді.

келіспегенде, қарсы шыққанда және қандай да бір әрекетті доғаршы деп өтінгенде осындай екі көзқарасты бір жерге тоғыстыратыны байқалады.

Алдик: Может, загаситься, а? Выкину номер.

Кана: Хз, *братан*. Он же мент. По-любому найдет.

Була: *Братан*, дуло слишком длинное.

Сержан: Нормально же?

Була: Ненормально, нужно укоротить.

Була: *Братан*, не надо, давай не будем портить себе настроение.

Сержан: Я сказал читай!



Осы мысалдардың бәрінде адресант адресаттың сөзі дұрыс емес деп ашық айтып, қарсы шығады, алайда «братан» вокативі оның сөзін жұмсартып, жолдасын да ренжітпейді. Кислиң (Kiesling, 2004: 4) мұны бір жағынан, жақын қарым-қатынас пен ерлер ынтымақтастығы арасында теңдік орнататын, екінші жағынан, сөйлесушілер мен гетеросексуалдық арасын алыс ұстап тұратын маскулиндіктің аясы тар саласы – «салқын ынтымақтастық позициясы» (*ағыл.* the stance of cool solidarity) деп атаған.

Еркек респонденттердің аз ғана бөлігі (5,8%) осы вокативті **өзге жігіттердің ортасына сіңу** үшін айтамын дейді:

Бұл сөзді қандай да бір ниетпен айтпаймын. Әдетте жігіттермен «таза өзіміз» қалғанда әңгімеміз жарассын деп қолданамын.

83-респондент, 24 жаста

Көбіне бұл сөзді «гопниктер» дейтін әлеуметтік топ өкілдері арасында когнитивті диссонанс тумау үшін қолданамын, яғни сол арқылы оларға ешқандай қауіп төндірмейтінімді көрсеткім келеді.

91-респондент, 25 жаста, Ақмола облысы

Өзім мықты жігітпін, содан маған бәрі «братан» дейді. Мен де бәріне солай деймін. Бұл – бір-бірімізге деген құрмет. Жігіттердің бәрі мені мықты деп ойлайды.

18-респондент, 15 жаста, Нұрсұлтан қаласы

Бұл жауаптар америкалық әлеуметтанушы Майкл Киммелдің маскулиндіктің гомосоциал табиғаты туралы теориясын растайды. Басқаша айтқанда, 83 және 18-респондент араласатын ортасынан қолдау күтеді, оларға өзі туралы басқа жігіттер не ойлайтыны маңызды, сондықтан сол жігіттер қалай сөйлесе, олар соны қайталайды (Костерина, 2020). 91-респондент оппонентінің деңгейіне «түсіп», оларға бөтен емесін көрсетеді, агрессиясын тудырмауға тырысады.

Респонденттердің 51%-ы сөйлесіп отырған адамымен арада **сенімді әрі жақын қарым-қатынас** орнағанда ғана «братан» дейді екен:

Бейсана түрде ол адамға сенетінімді және одан жасыратын құпиям жоғын білдіремін.

12-респондент, 19 жаста

Бұл – әмбебап қаратпа сөздің бірі, осы сөзді айтсам адам менің жақын жан екенімді түсініп, өзін қауіпсіз сезінеді деп ойлаймын.

47-респондент, 18 жаста

Мұндай нәтиже сөйлесушілердің пікірлес, ниеті бір жандар екенін білдіреді; бұрын ол тек еркектерге тән болса, қазір қыздар да солай сөйлей бастаған. Сауалнама нәтижесінен көргеніміздей, қыздар да бұл қаратпа сөзді дәл сол мағынада, яғни жақын құрбыларымен арадағы ерекше байланысын білдіру үшін қолданады (1-сурет). «Братан» сөзінің маскулиндік дәстүрге қатысы жоқ тағы бір қолданыс түрі бар. Оны әзіл ретінде айтқанда байқаймыз.

Вокативтің өзгеше бағытта жандануына интернеттегі мемдер түрткі болған. Қазақстан жастары «В чем сила, брат?», «Че там, брат, че там?» және «Это фиаско, братан» деген сияқты жазуы бар әзіл картиналарды ұмытқан жоқ, әлеуметтік желілердегі онлайн-пабликтер күнде осындай мемдерді жариялап, вокативті қайта тірілтті деуге болады. Мемдер тараған сайын бұл сөзді көшеде, мектеп алаңы мен оқу орындарындағы оқушылар мен студенттер аузынан жиі еститін болдық. Біздің зерттеу жастар арасында жүргізілді, жастардың біразына (респонденттердің 27,5%-ына) мемдер әсер

еткен-ау, олар «братан» **деу** әңгіменің **шырайын кіргізіп**, әзіл-қалжыңға бейімдейді дейді. Ал кейде бұл сөзді 90- жылдардағы «көше бұзақыларының» стиліне салып, соларды мазақтау үшін әдейі қолданады:

Мен [бұл сөзді] қалжыңдағанда айтамын, кезінде оны шындап айтқан адамдарды «қағытам» десем болады.

57-респондент (әйел), 27 жаста, Алматы облысы

Мұны жай келеке ету десем болады, өзім шындап айтпаймын.

68-респондент (әйел), 24 жаста

Келемеждеу адамға қатты әсер етеді. Қандай да бір әлеуметтік құбылысты әсірелеп, бұрмалағанда оған деген адамдардың көзқарасы өзгереді, әлгі құбылыстың романтикалық сипаты жоғалады. 90-жылдардағы қарым-қатынас үлгісі және оған қатысты маскулиндік принциптерді келемеждей бастағанда, қызығатын ештеңесі қалмайды; мұндай әзілдің астарында жақтырмау, сөгу бар. Ал, екінші жағынан, мемдер байланыс орнату немесе фатикалық қызмет атқарады (Лысенко, 2017: 418); мемді қайталаған адам достары мен жақындарының көңілін көтеріп, күлдіргісі келеді. Осыны ескерсек, «братан» вокативін мемдерден шыққан бір бөлік ретінде қарастыруға болады, уақыт өте ол өзіндік сипат алып, байланыс орнату қызметін сақтап қалған. Жауап берген респонденттердің көбі соны растап, бұл сөзді еркектер кекету, мұқату мақсатында қолданбайды деген.

ҚОРЫТЫНДЫ

90-жылдары адамның қара күшіне қатты мән берген қылмыскер топтары қалыптасып, бұзақы болу, үстемдік көрсету романтикалық сипат алған кезеңде «братан» сөзі ауызекі сөйлеу стиліне әбден сіңіп кетті. Бұл зерттеу жұмысында шын өмірдегі «братан» сөзінің мағынасы қазір қазақстандық сериалдарда маскулиндікті білдіретін мағынасынан ерекше екенін дәлелдедік.

Басты айырмашылығы: экранда «братан» вокативін ер адамдар ғана айтады, әлі күнге гегемон маскулиндік құндылығын білдіретін сөз саналады.

Serjan bratan және *Sheker* сериалдарын (респонденттердің біразының жауабы да соны көрсетті) сараптағанда вокатив айтушыға **қауіп** төніп тұрғанын **тұспалдайтын** көрсетті.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «братан» қаратпа сөзі адресатты **жақын тартып тұрғанын және құрметтейтінін** білдіру үшін қолданылуы мүмкін немесе айтушылар арасындағы **жас иерархиясын** білдіреді.

Сондай-ақ вокатив айтушыны **еркектер ортасына** тартатын **құрал** қызметін де атқарады.

Қазақстандық қыздар да оны сөздік қорына қосып алғанынан вокатив мағынасы өзгергенін байқауға болады. Оған қоса жауап бергендердің үштен бірі «братан» вокативі жағымсыз әсер қалдырады дейді; респонденттердің кей бөлігі тіпті бұл сөзді айтатындарға күле қарайды. Кең тараған мемдер «братан» сөзіне басқаша, яғни күлкілі мән үстей бастаған.

Дегенмен бұл вокативтің маскулиндік коннотациясы күндердің күні өзінен-өзі жоқ болып кетеді деп дәмеленуге болмайды. Оскар Уайльд жазғандай, «өнердің өмірге еліктеуінен гөрі, өмірдің өнерге еліктеуі басымырақ». Заманауи отандық кинематограф арқылы жететін гендерлік стереотип көзқарас пен бас кейіпкерлердің сөз сапталуы әлемді қабылдауымыз бен сөйлеуімізге де әсер етеді. Сөйтіп, сериалдардан санамызға сіңген «братан» қаратпа сөзі Қазақстан қоғамында онсыз да үстем маскулиндік принциптерді нығайта түседі.

«Бұл сөз қазақстандықтардың сөздік қорында болғаны қаншалықты дұрыс?» деген сұрақ туғанда, «Біз 90-жылдардағы маскулиндік дүниетаным сақталғанын қалаймыз ба?» деген сұраққа жауап іздеуіміз керек, өйткені вокатив сол кезеңнің сарқыншағы ғой. Татьяна Воронцова арго сөздерді айтқанда, біріншіден, қарым-қатынас нормасы сақталмайды, себебі аргоның агрессив сипаты тең қарым-қатынас жасауға мүмкіндік бермейді; екіншіден, сөйлеу мәдениеті мен жалпы мәдениет құлдырайды дейді (Воронцова, 2011: 48). Біз қарастырған 90-жылдардағы кемсіту мәнді сөйлеу дәстүрінің осындай балама салдары бар. Басқаша айтқанда, қалай сөйлегеніміз, қай сөзді таңдағанымыз біздің мінез-құлқымызды, құндылығымызды көрсетеді. Маскулиндік сөйлеу стилін ұстану – ескірген гендерлік стереотип көзқарасты бейсана түрде қолдап, тарату болмақ; ер адам бәсекелестерінен мықты әрі айбатты, беделді болуға тиіс, кез келген әдісті қолданып, мақсатына жетуі керек дегенді білдіреді. Сондықтан да осы сөзге («братан») деген қатынасты өзгертіп, оны саналы түрде қолдану керек немесе мүлдем қолданбау қажет.

Дереккөз

Алиева С., Гаджихахмедов Н. «Особенности обращений к лицу в русском и кумыкском языках (на материале терминов родства)». Мир науки, культуры, образования (74), 2019. – №1. – С. 361–363.

Берберова К. «Типологические особенности маскулильных конструктов: социокультурный анализ». Теория и практика общественного развития. – 2013. – №12

Бурменкова Ю. «Концепт «брат» в русской языковой картине мира». Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2021. – №1. – С. 206–210.

Воронцова Т. Культура речи. Учебное пособие. – Ижевск: 2011.

Грейг А., Кудайбергенова Д., Эдстром Е. «Маскулинность в период трансформации в Казахстане: краткий обзор». – Брайтон: Институт исследований развития, 2019. <https://open docs.ids.ac.uk/open docs/handle/20.500.12413/14688>. (соңғы қаралған күні: 04.06.2022)

Ерболқызы А. «90-жылдарға сапар. Қылмыс әлемінің серкелері кімдер еді?». – 2019. – URL: <https://baribar.kz/94298/90-zhyldargha-sapar-qylmys-aleminih-serkeleri-kimder-edi/> (соңғы қаралған уақыты: 20.01.2022)

Кайдарова А. «Воры в законе РК: самые известные ОПГ и криминальные авторитеты из Казахстана». – 2020. – URL: <https://www.caravan.kz/news/vory-v-zakone-rk-samye-izvestnye-org-i-kriminalnye-avtoritety-iz-kazakhstan-682213/> (соңғы қаралған күні: 20.01.2022)

Костерина И. «Буллинг и рисковое поведение подростков». – 2020. – URL: <https://www.colta.ru/articles/specials/23347-maskulinnost-dlya-chaynikov-lektsiya-2-kak-stanovyatsya-muzhchinami> (соңғы қаралған күні: 20.01.2022)

Кронгауз М. «Словарь 90-х: базар». – 2016. – URL: <https://postnauka.ru/video/69563> (соңғы қаралған күні: 20.01.2022)

Лихачева А. «Лексика родства в русской коммуникативной культуре». *Kalbu Studijos*, 2011. – №19. – С. 106–112.

Лысенко Е. «Интернет-мемы в коммуникации молодежи». *Вестник Санкт-Петербургского университета. Социология*, 2017. – №4. – С. 410–424.

Матвиюк М., Морозова Т. «Отличительные особенности мужской и женской устной речи в современном английском языке (на примере американского и британского ток-шоу)». *TERRA LINGUAE*, 2018. – №4. – С.16–20.

Ожегов С., Шведова Н. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений. 4-е изд., дополненное. – Москва: «А ТЕМП», 2004.

Петкова С. «Обращение как средство речевого воздействия на адресата». *Болгарская рустистика* (4), 2005. – №3. – С. 26–34.

Шимко Е. «Этнолингвистическая характеристика немецкой и русской номинации «брат». *Вестник Вятского государственного университета*, 2011. – С. 110–113.

Bertović, Matea (2019). «Gender Differences in Disney Princess Movies: A Linguistic Study of Six Movies in 66 Years». Master's thesis. University of Zagreb.

Connell, Raewyn (1995). *Masculinities*. Berkeley and Los Angeles, California: University of California Press.

Kesküla, Eeva (2018). «Oasis in the steppe: health and masculinity of Kazakhstani miners». *Central Asian Survey*, 37 (4): 1–17.

Kiesling, Scott (2004). «Dude». *American Speech*, 79 (3): 281–305.

Kiesling, Scott (2015). «Stance and Stancetaking: Theory and Practice in Sociolinguistics». https://www.researchgate.net/publication/278325171_Stance_and_Stancetaking_Theory_and_Practice_in_Sociolinguistics (соңғы қаралған күні: 20.01.2022)

Oryn, Dariya (2018). «Between Kazakh Batyrs and Feminization of Masculinity: Korean Wave as Means of Transformation». http://www.etsd.ceu.edu/2018/oryn_dariya.pdf. (соңғы қаралған күні: 04.06.2022)

Takenov, Diyas (2021). «Sport and Masculinity in Kazakhstan's Nation-building». <https://oxussociety.org/sport-and-masculinity-in-kazakhstans-nation-building/> (соңғы қаралған күні: 03.06.2022)

Wilde, Oscar (2010). *The Decay of Lying*. Penguin Books Ltd.

ТАРИХ

ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН 11-СЫНЫПТЫҢ «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ КЕЙІПкерлер ГЕНДЕРЛІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Алекс Федосеев

КІРІСПЕ

Мектеп – келешек қоғам өкілдерін дайындайтын әлеуметтік институт. Ол 11 жыл бойы білім беру бағдарламасындағы оқу материалдары арқылы балалардың құндылығын «өңдейді»; мұғалім мен оқушы байланысы аз болған пандемия кезінде оқу материалдары білім берудің негізгі құралы болды (басқа кезде де солай). Мектеп талай уақыттан бері мәдени бағдарды ауыстыратын құрал қызметін де атқарып келеді. Заманауи тарихшы әрі философ Юваль Ной Харари адам баласы туғаннан кәмелеттік жасқа жеткенге дейін өте әлсіз болатынын былай сипаттаған:

Бала ана құрсағынан шыққанда балқыған шыны сияқты, оны созып, айналдырып, қалаған пішінге келтіруге болады. Баланы христиан немесе буддист етіп тәрбиелей аламыз, капитализм немесе социализмді, соғыс немесе бейбітшілікті қолдайтын адамға айналдыруға болады. (Харари, 2016: 18)

Бұл пікір білім беру жүйесін қалыптастырған кейбір этимологиялық мәндерді растап тұр. Қазір «батыс» үлгісіндегі, сонымен қатар бірқатар азиялық білім беру жүйесі де жоғары бағаланғанымен, Қазақстандағы зайырлы орта білім беру жүйесі кеңес кезіндегі мектептен, ал одан бұрын орыс мектебінен, ол орыс мектебі дәстүрлі неміс мектебінен тамыр тартады. Орыстың «образование» сөзі немістің Bildung сөзі сияқты «үлгі» (ор. образ; нем. Bild) сөзінен шыққан, яғни «адамды қалыптастыратын үлгі» дегенді білдіреді. Демек, білім беру дегеніміз – ең алдымен, баланың дүние туралы

түсінігін қалыптастыру. Әлбетте, бұл жерде бала дүниетанымын түбегейлі әрі толық қалыптастырады деуге болмас, жалпы нобайын, бейнесін сызып береді, ал оның ше-гінен асып шығатындар саусақпен санарлық.

Бір өкініштісі, 11-сыныптың «Дүниежүзі тарихы» оқулығын жазған авторлар тарих пәніне анықтама бермепті. Ондай анықтамада белгілі бір пәнді мектепте неге оқыту керегі немесе пәннің жалпы сипаттамасы жазылады, біз еңбегімізде сол олқылықтың орнын толтыруға тырыстық. Тарихты оқу – ғасырлар бойы жиналған фактілер мен да-таларды екшеп, аңыздар мен хикаяларды саралап, қазіргі жағдайға жетуімізге қандай оқиғалар ықпал еткенін түсіну; әмбебап өмірлік реалийлерді қалай жоғалттық немесе қалай таптық деген сұраққа жауап алу; әлем келбетін өзгертуге себеп болған жайттар-ды біліп, әлемді және өзіңді, [шартты түрде] ерлер мен әйелдерді, яғни адамдарды тү-сіну. Тарихқа анықтама бергенде француз философы маркиз де Кондорстің: «Тарихтың мақсаты – азғын мемлекеттер мен халықтар қолдаған соқыр сенімді ақиқатқа жеңді-ру» деген пікірін қолданғанымыз орынды секілді (Замов, 2003: 18). Сонымен, кім, не қолдаса да, соқыр сенім дегеніміз – әлеуметтік конструкт, оның не екенін білгендер ғана одан құтыла алады (дұрысы, құтылуға ниеті болса, дегеніне жетеді).

Мектепте жаңа білім меңгерудегі негізгі құралдың бірі оқулық десек, «Дүниежүзі тарихы» пәні де сол қағидаға бағынады. Мектеп өмірінде оқулықтың қаншалықты маңызды екеніне ешкім дау айтпас. Оқулықтар мұғалімдер мен оқушыларға нендей білім маңызды, пайдалы әрі қоғамға қажет екенін анықтауға көмектеседі, сондай-ақ сол кезеңдегі саяси және әлеуметтік құбылыстарды сипаттайды. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылар сабақтың басым бөлігінде оқулық пайдаланады, Қазақстандағы оқытушылар сабағын бекітілген бағдарламаға сай жоспарлауға міндетті. Ал оқулық-тар сол бағдарламаға сүйеніп жазылады.

Тарих оқулықтары – білім беру қызметінің негізгі құрамдас бөлігі, сондықтан ол гендерлік теңдік мәселесін мектептен бастап оқытудың басты құралы саналады. Алайда жоғары сыныптардағы тарих оқулықтарында әйелдерге қатысты теріс ген-дерлік пікірлер тікелей немесе жанама берілген жайттар әлі де бар. Бұған патриархал мәдениет ықпалы күшті болғаны (немесе оқулық авторларының сауаты төмен болға-ны) әсер еткен, оны білім беру құрылымынан да көруге болады.

Тақырыптың өзектілігі мен зерттеу қажеті негізінен жеткіліксіз, нақтырақ айтсақ, мүлдем жетілдірілмегенімен байланысты. Оқу материалдарында гендерлік тепе-теңдік, соның ішінде жоғары сыныптағы тарих оқулығында гендерлік теңдік жайлы мәліметтер жоқ. Оқулық жазылғаннан бері ондағы әйелдерге қатысты мәліметті еш-кім сараптамаған. Дегенмен бұл тақырып зерттелмеді екен деп зерттеу қажеті артып кетпейді. Ендеше бұл зерттеуді жүргізуге не себеп?

Гендерлік теңсіздік ондаған жылдардан бері жаһандағы басты мәселенің бірі болып келеді, БҰҰ-ның тұрақты дамуға бағытталған 17 мақсаты ішінде осы мәселе бесінші тұрғаны сөзімізге дәлел болмақ. Зерттеу маңызын растау үшін Қазақстан Республикасы заңдарын да мысалға алсақ болады. Конституцияның 20-бабының 3-тармағында кез келген сипаттағы әлеуметтік үстемдікті насихаттауға және үгіттеуге болмайды деп жазылған (akorda.kz). Гендерлік теңсіздік осындай негізгі қағидаларды жанама бұзу екені анық. Гендерлік саясатты іске асырудағы негізгі бағыттарға деген қазақстандықтардың көзқарасын анықтаған әлеуметтік зерттеу аясында сауалнамаға жауап бергендердің көбі (44,3%) гендерлік бағыт-бағдар беретін білім керек деген (Ускембаева, 2015: 16). Бұған қарап білім берудегі гендерлік теңдікті жақсартуды қолдайтындар баршылық екенін байқаймыз.

Бұл жұмыстың мақсаты – іріктелген қазақстандық оқулықтар сараптамасына сүйеніп, 11-сыныптың «Дүниежүзі тарихы» оқулығындағы гендерлік түсінік жайлы қалыптасқан көзқарасты және гендерлік теңдікті жақсартатын нендей өзгеріс енгізуге болатынын анықтау. Осы еңбекті жазу барысында мынадай міндеттерді анықтап алдық: тарихи процестерде ер және әйел кейіпкерлер ойнайтын рөлдер балансын қарастыру; тарих оқулықтарындағы ерлер мен әйелдердің тарихи рөлін салыстыру; мектеп оқулығындағы тарихи кейіпкерлерді гендерлік теңдікті сақтауға бейімдейтіндей оқулық мазмұнына балама нұсқалар ұсыну.

Білім беру – мемлекет саясатының іргетасы. Мемлекет бекіткен гендерлік рөлді түсіну іс жүзінде қалыптасқан гендерге қатысты мемлекет саясатын түсінуге ықпал етеді. Қоғам мақсатын өзгертетіндей бағыт туа қалса, біздің зерттеу Қазақстанның қазіргі гендерлік саясатындағы өзекті мәселелерді көрсете алады. Мектеп оқулықтарындағы гендерлік теңсіздікті түзетсек, кітаптағы өткеннің елесін болашаққа сүйремейтін боламыз.

Теориялық бөлім мен әдіснама

Зерттеу нысаны ретінде 11-сыныптың «Дүниежүзі тарихы» оқулығын алдым. Оқулық авторлары: Ләззат Еркінбаева, Гүлнар Аязбаева, Розалия Қайырбекова (жаратылыстану-математика және екі бөлімнен тұратын қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы «Дүниежүзі тарихы» пәнінен екі оқулық жазған). Оқулық ҚР Білім және Ғылым министрлігі бекіткен жаңартылған мазмұн бойынша типтік оқу бағдарламасына сай жазылған.

Кейіпкерлер репрезентациясын сараптаған сандық талдау қорытындысын қосымшадан көре аласыздар. Екі оқулықтағы параграфтар саны, тақырыптар мен кейіпкерлері бірдей болғандықтан, бәрін бір кестеге жаздық. Әр тарихи тұлғаның аты-жөнін

еркектікі немесе әйелдікі деп көрсеттік. Адам жынысы белгісіз болғанда оны анықтау үшін суретін іздедік, интернеттен қарадық және мәтінде оған қандай есімдік қолданылғанына (орыс тілінде) мән бердік. Әр адам есімі параграфта бірнеше рет аталғанына қарамастан, бір рет қана есептедік. Кейіпкер алдыңғы параграфта аталғанымен, жаңа параграфта оны қайтадан есептедік. Топтағы әр адамды жеке-жеке атама-са, жалпылама айтылған топты есепке алмадық. Ерлер мен әйелдер саны арасында айтарлықтай айырмашылық бар-жоғын анықтау үшін контент-анализ жасадық.

Әдістемелік тұрғыда біз сүйенген негізгі еңбектер: БҰҰ мен Вьетнам үкіметі бірлескен бағдарламасы аясында дайындалған «Guidelines for textbook review and analysis from a gender perspective» нұсқаулығы және Miftahul Habib Fachrurozi пен Laely Armiyat жазған «Gender-Biased In The History Textbooks for XI Grade Students Senior High School» еңбегі. Бұл жұмыстарда гендерлік теңсіздік пен жалған сенімдердің айқын байқалмайтын және байқалатын түрлерін анықтау үшін бірлескен стратегия ретінде сандық және сапалық құралдар қолданылған. Гендер мәселесіне терең үңілуге ықпал еткені үшін «12 лекций по гендерной социологии: учебное пособие» еңбегінің авторы Елена Здравомыслова мен Анна Темкинаға, «Деколониальные гендерные эпистемологии» жұмысын жазған Мадина Тлостановаға және «Адам и Ева» деген гендерлік тарих альманахында жарияланған мақала авторларына, атап айтқанда, «Гендерная история сегодня: проблемы и перспективы» мақаласының авторы Лорина Репинаға және «От «His-story» к «Her-story»: рождение исторической феминологии» мақаласының авторы Наталья Пушкареваға алғыс айтамыз. Тақырыптың қаншалықты өзекті екенін анықтау үшін Маргарита Өскембаеваның «Политика в отношении женщин и мужчин в современном Казахстане: гендерное исследование» еңбегі мен Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің «Гендерный профиль целей устойчивого развития в Казахстане» жұмысындағы және т.б. деректерге сүйендік.

Талқылау және нәтижесі

Әйел рөліне қатысты сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан да теңдік сақталмайды десек, өтірік емес. Кейіпкерлерді санап шыққанда, мәтіндегі әйелдер тіпті толық пассив немесе бақыланатын кейіпкер ретінде де сипатталмаған. Оқулық авторларының ойынша, олардың атын атаудың қажеті де жоқ, сондықтан сапалық зерттеу жүргізуге шектеу қойылды. «Әйелдерге қатысты теріс гендерлік көзқарастағы мәтіндер бар ма?» деген мәселе тіпті көтерілген де жоқ, өйткені кейіпкерлерді санағанда екі әйел мен 164 еркектің аты кездескенінің өзі талай дүниені көрсетіп тұр (Қосымшаны қараңыз). Мұндай гендерлік теңсіздік тарихтағы әйел рөлін (жеке адам ретінде де, топ құрамында да) елеусіз етіп көрсетуге ықпал етеді.

Мектептегі тарих пәнінің мазмұны тарих ғылымының дамуына толық тәуелді екенін ұмытпауымыз керек, біздің елде ол көбіне «саяси оқиғалар дискурсына» келіп тіреледі. Тарихи ғылыми қауымдастық тарихтағы әйелдер рөліне мән бере бастағанына көп бола қоймаған, оған 1960–1970 жылдары әйелдер қозғалысының екінші толқыны да әсер еткен (Здравомыслова, Темкина, 2015). Сөйтіп, «әйелдер мәселесі» әлі күнге Қазақстандағы тарих ғылымында өз орнын таппай келеді. Тіпті «women's studies» (әйелдерді зерттеуде) де қиындық тудырады, өйткені әйелдерге қарағанда еркектер туралы ақпарат көп. Біз айтқан оқулықтар тарихтағы патриархат дәуіріне, яғни «әкелер, ерлер билік еткен» заманға арналған. Ғасырлар бойы экономика, саясат және білім беру секілді қоғамдық өмірде солар үстемдік еткен. Сондықтан, біздің ойымызша, гендерлік теңсіздік болғанына және онымен қалай күрескеніне мән беріп, оқулықтарға енгізуге тиіс, сонымен қатар тарихтағы әйелдер құқығы сақталған кезеңді де қосу керек, дегенмен тарихта болмаған теңдікті көрсетеміз деп әуреленудің қажеті жоқ.

Кейбір мемлекеттер гендерлік репрезентациядағы бұзылған тепе-теңдіктің тігісін жатқызып, оқулыққа жеке тарау немесе бөлім ретінде «әйелдер тарихын» қосуға тырысқан. Оқулықтағы ұлдар мен қыздардың, ерлер мен әйелдердің мәртебесіне қатысты теңсіздікті жоюға қанша әрекет ұмтылып жатқанымен, мұндай сәйкессіздіктер әлемдік білім беру жүйесіндегі оқу материалдарында жиі кездеседі. Сондықтан қазақстандық оқулықтарда да әйелдер еңбегін көбірек баяндауға күш салу керек, алайда тепе-теңдік орнатамыз деп кейіпкерлерді қолдан жасаудың қажеті жоқ, олардың тарихқа қосқан үлесін ескергеніміздің өзі жеткілікті. Әйелдерді оқулыққа «қосудың» екі жолын көріп отырмыз: біріншісі – бұрыннан бар бөлімдерге әйел кейіпкерлерді де жазу керек, сандық талдау жасағанда еркектер саны әлденеше есе асып кеткенін байқадық және олардың біразы күмәнді кейіпкерлер; екіншісі – әлемдік тәжірибені ескеріп, «әйелдер тарихы» деген жеке бөлім енгізу керек, сол бөлімде әйелдің әлем тарихы мен эволюцияға қосқан үлесі қарастырылуға тиіс.

Оқу құралының қай бөлімінде әйелдер жайлы айтылмағанын және ол бөлімге қосатын тарихи дерек жоқ деген сылтаудың орынсыз екенін көрсете кетейік. Сонымен қатар оқулықтың кей тарауларында «әйелдер мәселесін» қамтыған да артық болмас еді, бұған қатысты да арнайы ұсынысымыз бар. «Дүниежүзі тарихы» оқулықтары төрт бөлімнен тұрады:

1. Өркениет: даму ерекшеліктері;
2. Саяси-құқықтық процестер;
3. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы;
4. Білім мен ғылымның дамуы.

Бөлім атауы	Өркениет: даму ерекшеліктері
Әйел кейіпкерлер саны	0
Еркек кейіпкерлер саны	21
Екі жынысты қосқандағы сан	21

1-бөлімдегі кейіпкерлер саны жазылған кесте

Атауына қарамастан, бірінші бөлім тұтас мемлекеттің экономикалық дамуына арналған. Сондықтан бұл тарауда ерлер мен әйелдердің қатар аталмағанын түсінуге болады, өйткені мыңдаған жылдар бойы әйелдер білім алмады, білім алсын деп талап еткен, оған ықпал еткен тарихи жағдайлар да болмаған, сөйтіп, олардың экономикалық сауаты да төмен болған. Дегенмен ол туралы жақ ашпау – жөнсіздік. Экономикадағы әйел рөлі елеусіз болса да, «үлкен» экономикалық тарихқа әйел енгенінің өзі – айтуға тұрарлық жайт, ол жайында бір ауыз сөз болса да, жазылуға тиіс. Бұл жайында Н.Пушкарева былай дейді: «... экономикалық өмірдің белгілі бір саласындағы еңбек, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік, еңбекақы және т.б. мәселелерді әйел араласқан және араласпаған мәселелер деп қарастыруға болады» (Пушкарева, 2003: 370). Яғни әйелдер тұрмыс-тіршіліктің ешбір саласына, соның ішінде экономикалық тарихқа мүлде ықпал ете алмады дей алмаймыз.

Оқулық авторлары бұл бөлімде «өркениеттің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі» туралы сөз қозғалғанын ескертіп өткенін айта кету керек. Бұл жерде неге әйелдің рөлі мүлде айтылмағаны бізге түсініксіз. Мысалы, авторлар кедейліктен қалай құтыламыз деп шешімін іздеген, мемлекет қайраткерлері туралы жазған «Жекелеген елдер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары» деген №11 параграфта әйел қайраткерлер жайлы да жазса болар еді. Дүниежүзілік банктің «Missed Opportunities: The High Cost of Not Educating Girls» баяндамасындағы дерекке сүйенсек, экономика саласында әйелдер аз болғандықтан дүниежүзілік экономика жыл сайын шамамен 17–30 триллион доллар қаржысынан айырылып қалады екен. Экономика саласында әйелдер көп болса, ІЖӨ өсетінін де айта кеткен жөн (Wodon et al., 2018). Дегенмен қазірден бастап әлемдік қаржы саласындағы әйелдердің рөлі туралы оқулықтарда жазылмаса, мұның болуы екіталай.

Бөлім атауы	Саяси-құқықтық процестер
Әйел кейіпкерлер саны	0
Еркек кейіпкерлер саны	44
Екі жынысты қосқандағы сан	44

2-бөлімдегі кейіпкерлер саны көрсетілген кесте

2-бөлімнің аяқ жағында авторлар: «құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның пайда болуы мен қалыптасу жолдарының тарихи алғышарты баяндалды; мемлекеттің саяси-құқықтық жүйесін дамытудың қазіргі заманғы үрдістері байқалады; азаматтық қоғамды қалыптастыру және дамытуда үкіметтік емес ұйымдардың атқаратын қызметтері мен рөлдері көрсетілді» деп бөлімді қорытындылаған. Әйел кейіпкерлердің еңбегін, қоғамдық ой-пікір қалыптастырған, құқық саласына қосқан үлесін мүлде ескермей отырып, осындай мәлімдеме жасау тағы да күмән тудырады. Біздіңше, әйел құқығын қорғау – адам құқығын қорғаудың ажырамас бөлігі.

Адамды жынысына қарай алаамасын, бәрі тең болсын деген ұранмен өткен күрестер мен сол жолдағы күрескерлердің есімін авторлар мүлде атамағаны да түсініксіз. «Әйел және әйел азаматтар құқығы декларациясын» жазған Олимпия де Гуж және әйелдердің де білім алу құқығы барын талай жерде айтқан Мэри Уолтонскрафт секілді әйелдер теңдігі жолында күрес бастағандарды, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әйелдер сайлауда дауыс берсін деп талап қойып, сол талабын орындатқан әйелдерді, суфражистер, Ресей империясындағы азат ету қозғалыстарына қатысқан әйелдер, жазушы әйелдер секілді белсенділігімен немесе жаңа құндылықтарды көтерген шығармашылығымен саяси-құқықтық жағдайға ықпал еткен талай әйелді жазуға болар еді.

Бөлім атауы	Қоғамдық-саяси ойдың дамуы
Әйел кейіпкерлер саны	0
Еркек кейіпкерлер саны	62
Екі жынысты қосқандағы сан	62

3-бөлімдегі кейіпкерлер саны көрсетілген кесте

Авторларға сенсек, 3-бөлімнің аяқ жағында «Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы», «XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер», «XX–XXI ғасырдың бас кезіндегі көрнекті саясаткер-реформаторлар» деген тақырыптар бар. Алдыңғы тараулардағыдай, оқулық жазған әйел авторлар қоғамдық және саяси өмірдегі «әйелдер күресін» мүлде қарастырмаған, еркіндік пен әділет жолында әйелдер де күресті дегенді мойындағылары да келмейді.

«Көрнекті саяси реформаторлар» туралы жазғанда «анасы кім екенін айтпайтын» дәстүр барын да айта кету керек. Неге екенін қайдам, авторлар кейіпкерлердің отбасы туралы ақпаратты қысқартып тастаған, оқулықта олардың әкесі жайлы ғана жазылған. Мысалы, Мұстафа Кемал «кеден шенеунігінің отбасында дүниеге келген», Франклин Рузвельт «жеке кәсіпкер әрі жер иеленушінің отбасында туған», Шарль де

Голльдің әкесі «иезуит коллежінде философия және әдебиет пәнінен сабақ берген», Дэн Сяопин «ауқатты жер иеленушінің отбасында туған», Ли Куан Юдің «әкесі зергерлік бұйым сататын дүкен ұстаған», Махатмир Мұхамедтің «әкесі мектепте мұғалім болған». Тек Малайзия премьер-министрінің шешесі туралы ғана ақпарат бар, оның өзінде «шешесі малайзиялық» екені жазылған. Заман талабына сай оқулық жазамыз деген ниеті бар болғанымен, авторлар мыңдаған жылдардан бері келе жатқан дүниетанымды ұстанған. Мәселен: «Ибрахим пайғамбардан Ысқақ, Ысқақтан Жақып, Жақыптан Яһуда туған» деп кете береді, шынында, патриархал қоғамның өзінде әйелдің балаға зор ықпал еткенін тарихтан жақсы білеміз. Оған А.С. Пушкин мен А.Құнанбайұлының өмірі мысал бола алады.

Сонымен қатар саяси көшбасшыларды таңдау мәселесі де күмән тудырады. Сонда Ангела Меркель (Германия федералдық канцлері болған алғашқы әйел ғана емес, сол қызметте 16 жыл отырған; демократиялық елдерде мұндай құбылыс сирек кездеседі); Беназир Бхутто (мұсылмандар көп тұратын мемлекетте ел басқарған жаңа тарихтағы алғашқы әйел), Маргарет Тэтчер (Еуропа мемлекеттерінде премьер-министр болған алғашқы әйел), Индира Ганди (Үндістан тарихындағы жалғыз әйел премьер-министр), Александра Коллонтай (тарихтағы алғашқы әйел елші және министр, революционер), Аун Сан Су Чжи (саясаткер, бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығын алған) сияқты Жаңа заманның елеулі тұлғаларының мүлде елеусіз қалғаны қалай?

Бөлім атауы	Білім мен ғылымның дамуы
Әйел кейіпкерлер саны	2
Еркек кейіпкерлер саны	37
Екі жынысты қосқандағы сан	39

4-бөлімдегі кейіпкерлер саны көрсетілген кесте

Білім мен ғылым дамуына арналған қорытынды бөлімде ғалым әйелдердің есімі аталғанымен, гендерлік репрезентация толық сақталған деуге келмейді. «Білім мен ғылымның дамуы» деген бөлімде шынымен «ғылыми-техникалық жетістік пен заманауи жаһандық мәселелер байланысы, тарихы жазылған шығар» деп күтесіз, алайда ғылым мен білім тарихындағы әйелдердің үлесі мүлде еленбеді десек те, қате айтқан болар едік.

Білім беру туралы жазылған параграфтарда Ежелгі Грекияда (Афина мен Спарта), ортағасырдағы діни мектептерде (шіркеулер мен медреселер жанынан ашылған) қыздар қалай білім алғаны жазылған, алайда оның өзі бір-екі сөйлемнен ары аспайды. Қазақ жерінде алғаш ашылған діни оқу орындарын неге таңдағанын түсінеміз,

алайда оқулықтан олардың эволюциясы жайлы мәлімет таппайсыз. Заманауи тарих ғылымының «Жеті жастан бастап қыздарға оқуды, жазуды, тоқыма тоқып, жіп иіруді үйретті, сөйтіп үй шаруасына бейімдеді» (Ежелгі Грекия туралы) немесе «Кейін бір-қатар ислам елдерінде әйелдер мектептері ашылды» (діни мектептер туралы) деген екі сөйлемді ғана жазуға шамасы жеткен. Тіпті осылай жазған күннің өзінде өзге ақпарат болмағанын, болмаған себебін түсіндіре кету керек еді. Оқулық авторлары XIX ғасырда Англияда әйелдер оқитын университеттер ашылғанын жазуды ұмытпапты, сол сияқты сол уақыттағы әйелдер рөлін, қыздар қай кезден бастап ұлдармен бірге мектепке бара бастағанын да баяндауға тиіс еді.

Екі әйел кейіпкер – Энн Рэдклиф пен Елизавета Петровна туралы «Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні» деген 47–49-параграфта жазылған. Бұл әйелдердің «тарихқа сіңірген» еңбектерінің өзі даулы көрінеді: Энн Рэдклифф ғылыми зерттеулерге қолдау көрсететін тұңғыш қорды ашқан адам екен, ал Елизавета Петровна «мемлекеттік қайраткер И.Шувалов пен көрнекті ғалым М.В. Ломоносов ұсынған Мәскеу университетін құру туралы жобаны бекіткен». Бұл әйелдер оқу-ағарту саласына үлес қосқанын ешкім жоққа шығармайды, дегенмен авторлардың осы параграфта дәл сол екеуін таңдап алғанына қарап оқулық жазу ісіндегі жүйесіздікке тағы бір көз жеткіземіз.

4-бөлімнің үштен екісі «ғылыми-техникалық прогреске» (11-тарау) және «заманауи ғылыми технологияларға» (12-тарау) арналған. Тағы да кейіпкер таңдау мәселесін, аты аталған ерлер мен аталмаған әйелдер жайлы айта кету керек. Нобель сыйлығын алған 58 әйелдің біреуін де атамаған, басқа-басқа, жүлдені екі рет алған Мария Склодовская-Кюри есімі оқулыққа енуі керек. Авторлар мектептегі және жоғары оқу орнындағы білім беру жүйесіне әйелдерді тарту мен лауреат, профессор-оқытушы әйелдер саны артуы арасында нендей байланыс барын да айта кетуі керек еді. Қорытынды бөлімдегі параграфтың бірінде «Ғарышкерлік» деген тарауша бар, тараушада бес кейіпкер аты аталған, оның төртеуі – еркек ғарышкер, ал бесіншісі – Валентина Терешкова емес, әйгілі ит Лайка.

Әуелде екі кітаптан тұратын тарих оқулығындағы суреті беріліп, есімі аталған ерлер мен әйелдер санын құжаттаймыз деген жоспарымыз болған. Алайда зерттеу



барысында бұдан бас тарттық, өйткені суреті берілген әйелдер саусақпен санарлық, біріншісі – 2010 жылы Астанада (қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы) ЕҚЫҰ саммитінде бір топ еркектер арасында тұрған Ангела Меркельдің суреті; екіншісі – әдеттегідей көзі байланған Фемида (бұл жолы гендерлік теңсіздікті көрмейін деп көзін байлап алса керек).

Бір қызығы, оқулық жазған авторлардың бәрі – әйел. Үш әйел де өз гендеріне салқын қарап, осындай теңсіздікке жол бергенін қалай түсінеміз? Бұдан гендеріне қарағанда кәсіби кімдігі (бұл тіпті «кәсіби демормацияға» келеді) басым түскенін көруге болады. Мынадай мәселе тағы бар: үш автор әйелдің екеуінің мамандығы тарих ғылымына қатысы жоқ (педагогика мамандары да емес, олар қандай оқу орындарында сабақ бергеніне көз жүгіртсек, оқулық авторлары ешқашан мектепте сабақ бермеген). Ләззат Еркінбаева – кеден, қаржы және экологиялық құқық профессоры, ал Гүлнар Аязбаева – экономика ғылымдарының кандидаты, бұлардың арасындағы жалғыз тарихшы – халықаралық қатынастар тарихын зерттеп жүрген Розалия Қайырбекова. Бұл кісілердің кәсіби бағдары тарих ғылымының аясын тым тарылтып, саяси-экономикалық ой мен қызметтерді ғана баяндап, тарихи оқиғалардың дамуын тарқата алмаған. Үш автор әйелдің екеуінің педагогикалық тәжірибесі жоқтығы баланың өткен күнге деген көзқарасын қалыптастыру жолын білмегендігінен көрінуі мүмкін, оның үстіне, бұлардың да еңбегі (өзге авторлардың еңбегі сияқты) бір сәттік пайда табуды көздеп жазылған шығар, қаламақы алуға асықты ма әлде қазіргі режим талабын орындап, мемлекет тапсырысын орындап шықты ма, ол жағы – бізге жұмбақ. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің №344 бұйрығындағы 2-параграфтың 28-тармағында көрсетілгендей, сараптама жасайтын топтың ғылыми-педагогикалық сараптамасы, яғни цензурасы да автор әйелдердің жұмысына кедергі болған секілді (adilet.zan.kz, 2012).

Мақала барысында атап өткеніміздей, саясат пен экономика саласын қоғамдық салаға қосып, әлеуметтік тарих туралы жақ ашпауға сол себеп болса керек. Танымал тарихи тұлғалар дегенде еркек сапиенстерді тізбектеу де содан шыққан сияқты. «Антропологтар мен әлеуметтанушылар түрлі мәдениет пен қоғамда ерлер/әйелдер оппозициясы және көпшілік/жеке дихотомиясы ішінара немесе толықтай қатар жүріп жатқанын жиі байқаған» (Репина, 2003: 10). Авторлар, оқулық шығаратын баспагерлер, мемлекеттік тапсырыс әлеуметтік емес, саяси тарихқа баса көңіл бөлгенін доғармаса, Қазақстандағы тарих пәні оқулықтарында еркектер есімі ерекше аталып, әйелдер сол беті елеусіз қала бермек. Тарих пәні оқулықтарын редакциялап («қайта жазып» деп оқи беріңіз), әйелдер тарихы туралы зерттеу аясын кеңейтіп, оған қатысты (тек мұнымен шектелмей) қосымша ресурстарға көңіл бөлуі керек. Жер бетіндегі тұрғындардың тең жартысы – әйелдер, бұл бұрын да солай болған, қазір де сол күйі өзгермеген. Алайда оларға «Дүниежүзі тарихы» пәні оқулығының бір параграфы ғана арналған.

Тарих оқулығын жазу білім беруді ғана емес, саяси мүддені де қамтиды. Сондықтан тарих оқулығы мемлекеттің саяси мүддесімен тығыз байланысты екені сөзсіз. Мемлекетімізде әйелдерді басып тастайтын стереотиптерден арылып, ер мен әйел мүмкіндігін теңестірейік деген сұраныс болса, құндылықтарды өзгертіп, рөлдік модельдерді қайта қарау керек, сонда қоғамда теңдік орнайды. Гендерлік теңсіздікті жоямыз десек, қоғамдағы әйел бейнесін барынша әркелкі етіп, «бір қалыпқа» салып қарайтын дәстүрден арылу керек. Оқулықтардағы гендерлік теңсіздік секілді гендерлік стереотиптердің де статус-кюсы заманауи білім жүйесінің оқу-ағарту стандарттарына сай келмейді. Қазақстандағы 11-сыныптың «Дүниежүзі тарихы» оқулығын сарапқа сала отырып, рөлдік модельдер туралы мәселе көтеруге әлі ерте, алдымен әйелді тарихқа «қосу» керегіне көз жеткіздік.

«Дүниежүзі тарихы» оқулығы әйгілі қаһармандар, билеушілер мен әскери қолбасшылар тарихы ғана емес, өзге де танымал тұлғалардың тарихына арналса, оқулық гендерлік тұрғыдан әділ жазылар еді. Бағаланбайтын, тасада қалатын әйелдерді оқулыққа енгізудің басқа жолы бар ма? Сұраққа «иә» деп жауап берсеңіз, тағы бір ұсынысымызды айта кетейік: ҚР Білім министрлігі көмегімен мектепке арнап білім беру жүйесін жасаушылар уақыты мен тәжірибесін жұмсап, оқулықтардағы гендерлік стереотипті анықтауға оқушыларды тартса да болар еді, сонда біз елемей жүрген жалған гендерлік түсініктерді де анықтар едік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқулықтағы тақырыптар ауқымы тар, сондықтан бұл жағдай бірқатар гендерлік көзқарастың тууына себеп болып отыр. Тарихи оқиғалардағы кейіпкерлер үлесін салыстыра алмадық, өйткені бір жыныс өкілдерін ғана сипаттаған, қай жағынан да олар абсолют басым тұр. Гендерлік теңдікті бұзу проблемасы, ең алдымен, өткен заман туралы түсінікті бұрмалаудан басталады. Тарих оқулықтарындағы негізгі тақырыптарда еркектер жиі қатысқан, қоғамға белгілі оқиғалар қамтылған. Оқу стандарттарында әйелдер үлесі ескерілмеген, оларды құнды адам деп көрсетпек түгілі, санына қарап, қоғам мүшесі деп те санамайтынын байқаймыз. Біз тарихи кейіпкерлерге қатысты «негізгі» ұсыныстар мен қалыптасқан теңсіздікті орнына келтіретін, жазылуға тиіс таңдаулы тақырыптарды ортаға салдық. Соның арқасында гендерлік теңдік пен әділет БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаты ретінде ғана емес, жалпы саналы адамның әрекеті ретінде орнайды деп сенеміз.

Қосымша

Бөлімдер	Тараулар	Параграфтар	Әйел кейіпкерлер саны	Ерлер кейіпкерлер саны	Екі қосымдағы сан
Өрнегіт. даму ерешеліктері	Экономикалық жүйелердің тарихи типтері өзгеріс пен сабақтастық	Экономика және экономикалық жүйелердің типтері	-	-	5
		Дестүрлі (аграрлы) экономика	-	-	5
Саяси-құқықтық процестер	Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері	Нарықтық экономика	-	5	5
		Жоспарлы (социалистік) экономика	-	8	8
		Экономианың аралас түрі	-	3	3
		Табиғи-географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы	-	-	-
		Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға тәтел берудің тарихи мысалдары	-	-	-
		Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	-	-	-
		Желенген мемлекеттер мен аймақтардың экономикалық артқа қалушылыққа тәтел беру жолдары	-	-	-
		Құрылымдық мемлекет түсінігі, қалыптасуы, ұстанымдары мен тарихи алғашқыдағы	-	1	1
		Құрылымдық мемлекеттің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі	-	29	29
		Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы	-	6	6
Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Елестің (қазіргі саяси жүйесі)	Мемлекеттердің саяси-қоғамдық жүйесі дамуының қазіргі тәртібі	-	4	4
		Халықаралық қатынастардағы билікшілік жүйенің өзгеруі (1985–1996 жж.)	-	1	1
		Елестің ұрғыланысы постбилікшілік жүйесі	-	4	4
		Қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тәртібі	-	-	-
		Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер	-	2	2
		Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға мемлекеттердің бірлескен әрекеттері	-	3	3
		Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың өзгеше дамуының негізгі бағыттары	-	40	40
		М. Ганди және оның бейбіт жолмен күресуі идеясы	-	1	1
		Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы	-	2	2
		Мәңгілік – апартеидке қарсы күресуші	-	4	4
Білім мен ғылымның дамуы	Білімнің алғашқы кезіндегі дамуы	Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік мемлекетінің негізін қалаушы	-	4	4
		В. Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыт»	-	2	2
		Д. Шарль де Голль. Франция ұлылығының жаңғыруы	-	1	1
		Л. Кун Ю мен Махатма Мохаммад. «үшінші әлемге»	-	2	2
		Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі	-	2	2
		Жазу және кітап басып шығару – адамзаттың ең жоғары жетістігі	-	1	1
		Мәтіндік білім беру. ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін	-	1	1
		Жоғары білім беру жүйесі елесті мен бүгінгі	2	11	13
		Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері	-	13	13
		Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманғы жаһандық проблемасы	-	-	-
Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар	-	3	3		
Алардың технологиялардың қоғам дамуына әсері	-	-	-		
Қазіргі ғылымның перспективті салалары	-	8	8		

Дереккөз

Здравомыслова Е., Темкина А. 12 лекций по гендерной социологии: учебное пособие. – Санкт-Петербург: Издательство Европейского университета в Санкт-Петербурге, 2015.

Замов Э.А. История исторической науки. Материалы к лекциям. – Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2003.

Каирбекова Р. et al. Всемирная история. Учебник для 11 кл. обществ.-гуманит. направления общеобразоват. шк. Часть 2. – Алматы: Мектеп, 2020.

Каирбекова Р. et al. Всемирная история. Учебник для 11 кл. естеств.-матем. направления общеобразоват. шк. – Алматы: Мектеп, 2020.

Каирбекова Р. et al. Всемирная история. Учебник для 11 кл. обществ.-гуманит. направления общеобразоват. шк. Часть 1. – Алматы: Мектеп, 2020.

ҚР Статистика комитеті, Гендерный профиль целей устойчивого развития в Казахстане. – 2019. – URL: https://www.kz.undp.org/content/kazakhstan/en/home/library/gender_equality/gender-profile-of-sustainable-development-goals-in-kazakhstan.html (соңғы қаралған күні: 17.11.2021)

Қазақстан Республикасының конституциясы. – URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution (соңғы қаралған күні: 16.11.2021)

«Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 24 шілдедегі №344 Бұйрығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007876> (соңғы қаралған күні: 18.03.2022)

Пушкарева Н. «От «his-story» к «her-story»: рождение исторической феминологии». АДАМ И ЕВА. Альманах гендерной истории. Репина Л. (Сост.). М.: ИВИ РАН; СПб.: Алетейя, 2003. – С. 367–388.

Репина Л. «Гендерная история сегодня: проблемы и перспективы». (2003). АДАМ И ЕВА. Альманах гендерной истории. Репина Л. (Сост.). – М.: ИВИ РАН; СПб.: Алетейя, 2003. – С. 7–17.

Тлостанова М. Деколониальные гендерные эпистемологии. – М.: ООО «ИПЦ «Маска», 2009. – 384 с.

Ускембаева М. Политика в отношении женщин и мужчин в современном Казахстане: гендерное исследование. – Астана: 2016.

Харари, Ю. Sapiens. Краткая история человечества. Сумм, Л (Пер.). – М.: Синдбад, 2016. – 570 с.

Georgescu, D., Bernard, J. «Guidelines for textbook review and analysis from a gender perspective» (2010). – URL: <https://docs.iiep.unesco.org/peic/2748.pdf> (соңғы қаралған күні: 10.12.2021)

Fachrurozi, Miftahul Habib & Laely Armiyat (2020), «Gender-Biased In The History Textbooks for XI Grade Students Senior High School». – URL: <http://dx.doi.org/10.4108/eai.4-8-2020.2302404> (соңғы қаралған күні: 05.11.2021)

Wodon, Montenegro et al (2018). «A Missed Opportunities: The High Cost of Not Educating Girls. The Cost of Not Educating Girls Notes Series». – URL: <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/29956> (соңғы қаралған күні: 18.03.2022)

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОҒАМДАРЫ

Сабира Сайфулмаликова

КІРІСПЕ

Қазір қоғам санасы жаһанданғанын, әлеуметтік-мәдени қарама-қайшылықтарды, рухани дағдарған құндылық ұғымы мен адамгершілік түсінігіне қатысты ұстаным өзгергенін, адам бойында қайырым қасиеті қалыптасқан негізгі кезеңдер мен тәжірибесін зерттеуді маңызды санаймыз. Ресей тарихында ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қайырым қылу ерекше құбылыс саналған және осы кезеңде гүлденген. Ол уақытта қазақ өлкесі Ресей империясы құрамында болғандықтан, Түркістан, Дала генерал-губернаторлығында да қайырым қылу, соның арасында әйелдердің қайырым жасауы күнделікті үйреншікті іске айналған.

Зерттеу әдіснамасы

Жобаның әдіснамалық мүмкіндігі бірнеше ғылыми бағытта жұмыс істеуге қолайлы болды. Жұмыс әлеуметтік тарих, күнделікті өмір тарихы, әйелдер тарихы теориясына сүйенді. Әйелдердің қоғамдағы көпқырлы іс-әрекеттерін зерттегенде «әйелдер тарихын» құқық, әлеумет, саясат пен экономикаға байланыстыра қарастырдық. Жобаның әдіснамалық негіздемесі объектив және тарихи қағидаттарға сүйенген. Зерттеу жұмысында тарих ғылымындағы тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-функционалдық және статистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері

Бұрын ғылыми айналымға түспеген архив құжаттары мен мерзімді басылым деректеріне сүйеніп, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты аймақтардағы әйелдер қайырымдылығы және қайырымдылық қоғамдарының шығу, қалыптасу тарихын зерттеу мен талдауды мақсат тұттық. Осы мақсатты іске асыру үшін зерттеу барысында мынадай міндеттер қойылды:

- түрлі деректерге сүйеніп әйелдер қайырымдылығының әлеуметтік, мәдени саладағы бағыттарын талдау;
- XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы әйелдер қайырымдылығы әдеттегі іс болғанын көрсету;
- XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қайырымдылық субъектілері мен объектілерін зерттеу;
- әйелдер құрған қайырымдылық қоғамдары мен үйірмелер тарихының әлеуметтік алғышарттарын көрсету;
- әйелдер жасаған қайырымның негізгі бағыттары мен түрлерін анықтау;
- әйелдер қайырымдылық қоғамы мен үйірмелеріне атсалысқандардың ұлттық, діни және әлеуметтік құрамын анықтау;
- жекелеген әйелдер қайырымдылығының ерекшеліктерін қарастыру.

Талқылау және нәтижесі

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Түркістан, Дала генерал-губернаторлығындағы гендерлік ахуал

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы жүргізген әкімшілік реформа мен қоныстандыру саясаты қазақ өлкесіндегі облыс, уез қалаларының әлеуметтік-мәдени жағдайын, полиэтникалық құрамы мен демографиялық ахуалын біртіндеп өзгертті. 1897 жылғы санақ бойынша Жетісу облысындағы Верный, Жаркент, Қапал, Лепсі, Пішпек, Пржевальск қалаларындағы 62 974 тұрғынның 35 291-і ер адам, 27 68-і әйел адам болған. Сырдария облысына қарасты Ташкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск, Шымкент, Түркістан қалаларында барлығы 205 596 адам тұрса, оның 117 259-ы ер, 88 337-сі әйел болыпты. Орал облысындағы Орал, Илецк, Гурьев, Калмыков, Темір қалаларында барлығы 55 482 адам тұрған, оның 28 652-сі – ер адам, 26 830-ы – әйел адам. Семей облысындағы Семей, Зайсан, Көкпекті, Қарқаралы, Павлодар, Өскемен қалаларында барлығы 54 488 адам тұрған, оның 29 623-і ер адам, 24 865-і әйел адам

болған. Торғай облысына қарасты Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Торғай қалаларында 19 530 тұрғын болса, оның 10 079-ы – ер адам, 9 451-і – әйел адам. Алғаш жүргізілген санақ мәліметіне сүйенсек, әкімшілік, аумақтық жағынан алғанда Түркістан, Дала генерал-губернаторлығындағы қалалардың бәрінде әйелдерге қарағанда ерлер саны басымырақ екенін байқаймыз. Қаладағы әйелдер арасында орыс, украин, қазақ, татар, өзбек, ұйғыр, қытай, еврей, поляк, неміс, мордва және т.б. ұлт өкілдері болған. Ұлттық құрамына қарай алғанда қала тұрғындары арасында орыс халқы басым. 1897 жылғы санақ дерегіне сәйкес қаладағы орыстар үлесі 12,9% болса, 1914 жылдан кейін 29,6%-ға жеткен (Н.В. Алексеев, 1981: 34). Бұл – қазақ өлкесінде Ресей империясы жүргізген қоныстандыру саясатының нәтижесі.

Алғашқы халық санағында қала халқының этностық, гендерлік, діни құрамы анықталды. Гендерлік құрамына келсек, XX ғасырдың басында әр облыстағы ерлер саны әйелдерден көбірек еді. Әлеуметтік құрамына қарай талдасақ, қалада тұратын орыс, украин, еврей, поляк, мордва отбасылары арасында мещан, көпес пен шаруалар басымырақ болғанымен, кей аймақтарда олардың саны теңесіп, кейде әйелдер басымырақ болған фактілерді көреміз. Мұның нақты дәлелі – 1897 жылғы Жетісу облысындағы халық санағы. Облыстағы дворян ақсүйектер отбасында 374 ер адам, 464 әйел адам, дворян емес шенеуніктер отбасында 590 ер, 596 әйел, құрметті азаматтар отбасында 87 ер, 84 әйел, көпестер отбасында 271 ер, 282 әйел, мещандар отбасында 10 881 ер, 10 562 әйел, шаруа отбасында 6 396 ер, 4 009 әйел, әскери казак отбасында 3 413 ер, 1 583 әйел, бұратаналарда 12 095 ер, 9 252 әйел болған (Первая Всеобщая перепись населения. Семиреченская область, 1905, VIII: 28-29). Санақ қорытындысына қарап ер адамдар саны басымырақ болғанымен, әлеуметтік жағынан біршама алшақтық барын көреміз.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басында Ресей империясында ер-азаматтар мен әйелдердің әлеуметтік мәртебесі тең болмаған, әйелдер құқы шектеулі еді. Оларға жоғары, орта кәсіби білім алуға, сайлауға қатысуға, өкіметте немесе қоғамдық мекемелерде жұмыс істеуге рұқсат берілмеген. Әйелдерге арналған бастауыш, орта кәсіби оқу орындары ашылғаны, кейін оларды жоғары оқу орындарына қабылдай бастағаны әйелдердің танымы өсуіне, көзқарасы өзгеруіне ықпал етті, қала әйелдері қоғамдық өмірге белсене араласа бастады. Әрине, қазақ әйелдері де бұл оқиғалардан шет қалмаған. 1895 жылы Қостанай қаласында орыс-қазақ қыздар прогимназиясы ашылған. Ашылу салтанатына орыс, қазақ зиялы қоғам өкілдері жиналған. Салтанатқа марқұм стат-кеңесші Ыбырай Алтынсариннің әйелі Айғаным Алтынсарина, Шолпан Қаржасова, Қатира Тоқтабаева қатысты деген дерек бар (Туркестанские ведомости, 1895: 363-364).

XIX ғасырдың екінші жартысында әйелдердің қоғамдағы әлеуметтік-құқықтық мәртебесі мен отбасындағы рөлі өзгере бастаған, тек сайлауға қатысуға және сайлауға түсуге рұқсат берілмеген. 1905–1907 жылдардағы Мемлекеттік Дума сайлауы кезінде әйелдер өз құқын ерлердің азаматтық құқына теңестіруді талап еткен. 1900 жылы Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік қызметке әйелдерді қабылдау туралы жарлығы шықты. Осы кезеңге дейін Түркістан, Дала генерал-губернаторлығына қараған қазақ өлкесінде әйелдерді мемлекеттік қызметке алмайтын. Жаңа жарлыққа сәйкес жоғары, орта білімі бар әйелдерді 8 сыныптық шеңдегі мемлекеттік қызметке ала бастады.

1904 жылы «Туркестанские ведомости» газетінде жарияланған «Женский профессиональный труд» мақаласының авторы әйелдерге деген көзқарас өзгергені жайында былай дейді: «Уақыт жоғары тап өкілдерінің әйел туралы түсінігін түбегейлі өзгертті, олар отбасында ғана емес, қоғамда да дене еңбегімен қатар, ақыл-ойды қажет ететін қызметке тұруға мүмкіндік алды» (Гофман Я., 1904: 18).

XX ғасырдың басында әйелдер түрлі салада жұмыс істей бастады. 1904 жылғы Я.Гофман мәліметіне сүйенсек, Түркістан генерал-губернаторлығында 50 әйел мұғалима, 18 әйел пошта-телеграф шенеунігі, 80 әйел түрлі әкімшілік хатшысы, 32 әйел касса қызметінде, 4 әйел дәрігер, 3 әйел тіс дәрігері, 2 әйел акушер-фельдшер, 23 әйел туыт-ана, 18 әйел Қызыл Крест қоғамында (Общество Красного Креста) мейірбике (сестры милосердия) қызметін атқарған. Сонымен бірге әйелдер тігін шеберханасында, дүкендерде сатушы болған және ауыл шаруашылығында да еңбек еткен» (Гофман Я., 1904: 18).

XX ғасырдың басында Ақпан буржуазиялық революциясы нәтижесінде Ресей империясының саяси жүйесінде болып жатқан өзгерістер және орыс-жапон соғысы, Бірінші дүниежүзілік соғыс қоғамдағы әйелдер белсенділігін арттырған. Олар мемлекеттік қызметтен бөлек қоғамдық қозғалыстарға, ұйымдарға атсалысқан, мәдени-ағарту және қайырымдылық істеріне араласқан. Әйелдер қайырымдылық қоғамдары әр аймақта ұлттық, әлеуметтік, діни құрамына қарай құрылған. XIX ғасырдың аяғында әйелдер қайырымдылық қоғамдары облыс орталықтарында құрылса, XX ғасырдың басында әр уез орталығында ашылған.

Түркістан қайырымдылық қоғамы

Алғашқы қайырымдылық қоғамдары XIX ғасырдың 70-жылдарында ашылған. XIX ғасырдың екінші жартысында әйелдер құрған қоғамдық ұйымдар кедейлерге, үйсіздерге қонатын жер беру, жетімдер үйін ашу, түрлі оқу орындарында оқитын, қамқоршысы жоқ жастарға көмек көрсетумен айналысатын.

Генерал-губернаторлардың, әскери губернаторлардың әйелдері қоғам төрайымы болған. Мысалы, 1871 жылы Ташкентте құрылған Түркістан қайырымдылық қоғамы төрайымы – Түркістан генерал-губернаторының әйелі Юлия Маврикевна Фон-Кауфман. Қоғам мүшелері: Мария Фриде, Серафима Бардовская, Надежда Бардовская, Мариям Бахтиярова, Мария Мозель, Екатерина Белоха, Лидия Эйлер, Наталья Мединская және т.б. Қоғам Назар би вакуфынан (қоғамдық қоры; 1200 рубль), жеке адамдардан, мүше болу жарнасынан, Ташкент театрындағы қойылымдардан түскен қаражатты пайдаланған. 1872 жылғы 13 ақпанда қоғам жарғысы қабылданған. Қайырымдылық қоғамының негізгі мақсаты – кедей отбасыларына көмектесу. 1872 жылы Ташкентте жетім балалар үйін, 1880 жылы перзентхана ашқан. 1877 жылы жетімдер үйін Мариям Бахтиярова басқарыпты. 1877 жылы жетімдер үйінде 28 қыз, 3 ұл, ал 1884 жылы 38 қыз, 3 ұл тәрбиеленген (Туркестанские ведомости, 1879: 10). 1881 жылы Түркістан генерал-губернаторы Фон-Кауфман қайтыс болғаннан кейін генерал-губернатор Михаил Черняев, Николай Розенбах, Александр Вревский, Сергей Духовский, Николай Ивановтардың әйелі қайырымдылық қоғамы жұмысын жалғастырған. 1884 жылғы 6 қарашада Түркістан генерал-губернаторының әйелі Ольга Ивановна Розенбах Ташкентте тегін тамақ беретін және жатын орнын ашқан. Тегін тамақ беретін орын ашылған күні 22 адам келген екен (Туркестанские ведомости, 1905: 195). Мұндай қайырымдылық қоғамдары Сырдария, Жетісу облыстарындағы әр уез қаласында да ашылған. Мысалы, 1876 жылы құрылған Верный ханымдарының уақытша қайырымдылық үйірмесі құрамында да жергілікті әкімшілік билікте түрлі лауазымда отырған қызметкерлердің әйелі болған.

«1893 жылғы 26 желтоқсанда Түркістан қайырымдылық қоғамы Рождество мейрамына қарсы Ташкентте генерал-губернатор Александр Вревскийдің үйінде қайырымдылық базарын ұйымдастырды. Негізінен, қала ақсүйектері, жоғары тап өкілдері жиналды. Қонақ көп келгендіктен, базарға қойылған заттар бірден өтіп кетті. Базарды қоғам төрайымы Е.К. Жилинская ұйымдастырды. Қайырымдылық шарасына келгендер би билеп, сауық-сайран құрып, кешті көңілді өткізді. Сатылған заттардан түскен ақша кедейлерге арналған касса қорына өтті» (Туркестанские ведомости, 1894: 7).

«Сол күнгі кешке Ташкент оқу орындарының шәкірттері де қатысып, Рождество мейрамына арналған концерт қойды. Өнер көрсеткендер ер балалар, қыздар гимназиясы және мұғалімдер семинариясының шәкірттері еді. Ұйымдастырушысы – ер балалар гимназиясының инспекторы В.Ф. Преображенский. Концертті қаладағы ақсүйек отбасылар, оқу орындарының басшылары, Федор Керенский жұбайы Надежда Александровамен бірге тамашалады. Шәкірттер концертті екі бөлімнен тұрды: әр бөлімде оркестр, хор, жеке орындаушылар өнер көрсетті. Оркестр орыс халық

әндерінен попури, ал хор Нижегородцы, Жидовка, Князь Игорь операсынан, орыс халық әндері «Белоллица, круголица», «Ах, на что было огородь городить» әндерін орындады. Оркестер, хор жетекшісі – Түркістан мұғалімдер семинариясының мұғалімі Ф.В. Лейсек» (Туркестанские ведомости, 1894: 7).

Осы концертте қыздар гимназиясының шәкірті, сұлтан-ротмистр Сейітжаппар Асфендияровтың қызы Асфендиярова Гүлсім жиналған жұртты өзіне қаратқан. Ол Анри Герстің «Rondo alla cosacca» шығармасын шебер орындап шыққан. Концерт жайлы жазған автор Гүлсім Асфендиярова туралы былай деген: «M-selle Асфендиярованың музыкасы, білімі өте жақсы, жетістігі мадақтауға тұрарлық, жалпы бұл қазақтың тамаша дарынды халық екенін дәлелдейді» (Туркестанские ведомости, 1894: 7). Француз пианисі, композитор Анри Герстің «Рондосы» – сол кезеңдегі ел арасында кең тараған шығармалардың бірі.

Мерзімді басылымдарда концертке қатысқан саяхатшы Свен Хедин мырза мен Бұхар әмірінің елшісі Шәдібек мырза m-selle Асфендиярованың өнеріне тәнті болған деп жазған. «Бірінші қонақ қызығушылық танытса, екінші қонақ рахаттана тыңдады» дейді мақала авторы (Туркестанские ведомости, 1894: 7). Дүйім жұртты таңғалдырған қыз – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ұрпағы, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш дәрігер, Санжар Жаппарұлы Асфендияровтың әпкесі. 1893 жылы ол Ташкент қыздар гимназиясында оқып жүрген. Гүлсім осы кеште көптің көңілінен шығып, жиылғандардың Түркістан қайырымдылық қорына қомақты қаржы құюына әсер еткен болуы мүмкін. «Осы вокалдық-музыкалық концертті тамашалаған губернатор барон Александр Вревский қайырымдылыққа 100 рубль, Бұхар әмірінің елшісі Шәдібек тоқсоба Ұдайшы 50 рубль аударды» (Туркестанские ведомости, 1894: 7). Бір күндік кеште Түркістан қайырымдылық қорына билеттен 622 рубль 50 тиын, түрлі адамдардың қайырымдылығынан 45 рубль 30 тиын және барон Александр Вревский берген қаражаттан 41 рубль 75 тиын түскен. Деректерде генерал-губернатор үйінде өткен кештен қайырымдылық қорына 800 рубль 20 тиын аударылғаны жазылған (Туркестанские ведомости, 1894: 7).

«Бұл кешке Ташкент жұртына белгілі тұлға, Ташкент қыздар гимназиясының 1893 жылғы түлегі Э.И. Бэру да өнер көрсетті. Жиылған жұрт концерт соңында патша мен патшайым портретінің алдында әнұран айтып, кешті аяқтады» деп жазады мақала авторы (Туркестанские ведомости, 1894: 7).

XIX ғасырдың аяғында әйелдердің қайырым қылуы қоғам талабынан туған еді. Әйелдер қайырымдылық жасап қарапайым халықтың қажетін өтеп, әлеуметтік мәселелерді шешуге араласқан.

Қызыл Крест қоғамы және Ханымдар комитеті

XX ғасырдың басындағы әйелдер қайырымдылық қоғамдары халықтың ұлттық, діни, әлеуметтік құрамына қарай да құрылған. Ұлттық құрамына қарай орыс, еврей, татар әйелдері қоғамдары, діни құрамына қарай православие, мұсылман әйелдері қайырымдылық қорлары жұмыс істеді. 1904-1905 жылдары Қиыр Шығыста басталған орыс-жапон соғысы, одан кейінгі Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей империясында қайырымдылық қозғалысының өркендеуіне әсер етіп, ауқымын кеңейтті. XIX ғасырдың екінші жартысында кедейлерге жәрдем, түрлі оқу орындарында оқитын шәкірттерге материалдық көмек беру, жетімдер үйін ашу, үйсіздерге тегін тамақ беру сынды қайырымдылық жасаса, енді әйелдер жараланған жауынгерлерге, майдандағы жауынгерлер мен олардың отбасына көмек көрсеткен.

Қоғамдағы әлеуметтік мәселелердің көбі қайырымдылықтың арқасында шешілген. Әйелдер қайырымдылық қоғамдары құрамында ерлер де болған. XX ғасырдың басында әйелдер қайырымдылық қоғамдарының екі түрі қалыптасты: бірінің құрамы ерлер мен әйелдерден тұрса, екіншісі тек әйелдерден тұратын.

Әйелдер қайырымдылық қоғамдары арасындағы ең ірісі – Ресейдегі Қызыл Крест қоғамының бөлімдері. Түркістан, Верный, Перовск, Қазалы, Әулиеатада Қызыл Крест қоғамына қарасты Ханымдар комитеті құрылған. 1904 жылғы 15 ақпанда құрылған Түркістан ханымдар комитеті құрамында тек әйелдер болған. Комитет төрайымы – Түркістан генерал-губернаторының әйелі Лидия Иванова. Комитетте 150-ден аса әйел болған. Олар, негізінен, генерал-губернатор, әскери губернатор, гимназия, мұғалімдер семинариясы, реалдық училище және тағы да басқа өңірдегі әкімшілік шенеуніктер, оқу орындары басшыларының, кәсіпкерлер мен көпестердің әйелі. Комитет құрамындағылар: С.В. Бек, Е.Д. Вяземская, Е.Н. Дедюлина, С.Д. Еникева, А.П. Иванова, Н.А. Керенская, Е.Колпаковская, Е.М. Меркушева, О.Д. Остроумова және т.б. Түркістан ханымдар комитеті Ташкенттегі ең ірі ұйымның бірі және өте белсенді қоғам болған. Комитет бірнеше бағытта қайырымдылық көрсеткен. Біріншіден, жылу жинау; екіншіден, әскерге киім, төсек-орын тігу; үшіншіден, Түркістан санитар пойызын дайындауға көмек көрсету. Әйелдер лазаретте жатқан жауынгерлерге сатып алынған және қайырымдылыққа берілген материалдардан жүзге жуық бұйым тіккен. Төрайымнан бастап комитет мүшелерінің бәрінің жексенбі және мейрамнан өзге күндері іс тігуден қолы босайтын (Туркестанские ведомости, 1904: 97).

1904 жылғы 15 ақпанда Түркістан ханымдар комитетіне әскердегілерге деп екі жүзге жуық адамнан 5 107 рубль ақша түскен, бұдан бөлек халық 390 аршын кенеп, 101 дана жайма берген. Көпес Никита Пугасов 500 рубль, Лидия Иванова 250 рубль, Николай Иванов 250 рубль аударған (Туркестанские ведомости, 1904: 99). Түркістан

ханымдар комитетіне Ташкент қыздар гимназиясының шәкірттері 129 рубль 50 тиын өткізген (Туркестанские ведомости, 1904: 118). Ағайынды Яушевтар 205 рубль 40 тиынға тауар алып берсе, Петро-Александровскілік дәрігер Е.Ф. Логинова-Рудницкая әуесқойлар қойған қойылымынан түскен 100 рубльді комитет қорына аударған (Туркестанские ведомости, 1904: 153). Мерзімді басылымдағы деректерден Түркістан ханымдар комитетіне басқа қайырымдылық қорлары да ақша аударғанын көруге болады. Мысалы, Мұсылман ханымдары үйірмесі 10 төсек, Түркістан әскери округі ханымдар үйірмесі 25 жайма, қалың киім-кешек өткізген (Туркестанские ведомости, 1904: 118).

Қызыл Крест қоғамының Түркістан, Перовск, Қазалы және басқа да аймақтардағы бөлімі Түркістан санитар пойызына қайырымдылық мақсатында ақша аударған. 1905 жылы пойыз қорына 45 361 рубль 58 тиын жиналған. Түркістан ханымдар комитетімен қатар Перовск, Қазалы ханымдар комитеті де белсенді болған. Перовск ханымдар комитеті құрамында 24 ханым болыпты. Комитет төрайымы – Е.О. Никольская. Мүшелері: Ф.Н. Алексеева, Е.Л. Барановская, Н.Н. Варламова, Е.И. Иванова және т.б. Комитет 1904-1905 жылғы орыс-жапон соғысы кезінде жауынгерлерге киім тіккен. Перовск ханымдар комитетіне мүше емес әйелдер де қол көмектерін аямаған. Мысалы, киім тігуге Перовск қыздар приход училищесінің шәкірттері, Орал казактарының әйелі, Перовск қаласының тұрғындары және екі қазақ әйел көмектескен (Туркестанские ведомости, 1904: 160). Әйелдер тіккен киім, жамылғы, жастық тыс, іш киім, жейделер Ташкент Қызыл Крест округтік басқармасы арқылы Қиыр Шығысқа жөнелтілген. Перовск уезі мен қаласы қайырымдылыққа деп берген ақшаға материалдар алынған. Барлығы 1 025 рубль 19 тиын жиналған (Туркестанские ведомости, 1904: 160).

Перовск, Қазалы ханымдар комитетінің жылу жинайық деген үндеуіне уез тұрғындары (орыстар, татарлар мен қазақтар) да белсене атсалысқан. Бір аптада уез тұрғындарынан 1 025 рубль 19 тиын жиналған. Уез қазақтары Қабыл Жусабаев 10 рубль, Сандықпай Бадрақов 10 рубль, Әлім Досыбаев 10 рубль, Нұрмақан Сырымов 10 рубль, Борамбай Алшанов 4 рубль, Мұңайтпас Лапин 5 рубль, Сыздық Шоқаев 10 рубль өткізген (Туркестанские ведомости, 1905: 109). Жалпы тізімде 100-ге жуық қазақтың аты-жөні жазылған. Қайырымдылыққа ақша аударғандар қатарында қоғам қайраткері, Шуро-и-Улема партиясының көшбасшысы Сералы Лапиннің әкесі Мұңайтпас Лапин, Әбілқайыр хан ұрпақтарының бірі Елекей Қасымұлының баласы губерния хатшысы Ералы Қасымов та бар (Туркестанские ведомости, 1905: 109). Перовск уезіндегі Жаман Сыр болысының қазақтары Түркістан санитар пойызына 150 рубль аударған (Туркестанские ведомости, 1905: 168).

1905 жылы Перовск ханымдар комитеті сауық кешін ұйымдастырып, одан түскен 30 рубльді Анна Давыдовна Прасолова Жапониядағы Порт-Артурда жараланған төменгі шенді әскерге жіберген деген дерек бар (Туркестанские ведомости, 1905: 240).

Перовск ханымдар комитетінен бөлек Әулиеата, Қазалы ханымдар комитеті де белсенді жұмыс істеген. Комитеттің қайырымдылық қорына Қазалы уезіндегі қазақтар да ақша аударған. Деректерге сүйенсек, Қазалы бөліміндегі қазақтар 50 рубль жіберген. Олардың арасында Бердалы Құлбарақов 5 рубль, Жетен Байсариев 2 рубль, Мамбет Тілеулесов 25 рубль, Қазанғап Тұрымбетов 1 рубль аударған (Туркестанские ведомости, 1904: 453). Ханымдар үйірмесінің қайырымдылық қорына жиі ақша аударып отырғандардың бірі – подполковник Сейтжаппар Асфендияров. 1904 жылы ол Қызыл Крест қоғамы Түркістан ханымдар үйірмесіне 5 рубль аударған деген мәлімет бар (Туркестанские ведомости, 1904: 193). Жалпы қайырымдылыққа ақша аударғандар тізімінен Асфендияров есімін жиі көреміз.

Әйелдер қайырымдылық қоғамдары аталған істерден бөлек түрлі қайырымдылық шараларын ұйымдастырған. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында әйелдер жасаған қайырымдылық қоғамдық-саяси сипатқа ие болған, бұл қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты еді. Қайырымдылық жасаған ханымдардың қоғамдағы беделі жоғары болған.

Этностық, діни сипаттағы әйелдер қайырымдылық қоғамдары

Әйелдер қайырымдылық қоғамдарын белгілі бір ұлт өкілдері де, яғни этностық сипатына қарай құрған. Түркістан генерал-губернаторлығында татар, еврей ханымдары құрған үйірмелер жұмыс істеген. 1902 жылы Ташкентте Түркістан еврей ханымдары үйірмесі құрылып, оның 100 мүшесі болған. Үйірме мақсаты – бастауыш, орта, жоғары оқу орындарында оқитын еврей жастарына көмек көрсету. Олар шәкірттерге оқу құралын алып берген, кейбіріне шәкіртақы да төлеген (Добросмыслов А.И., 1912: 242).

1900 жылы Ташкентте татар әйелдері үйірме құрған. Үйірме мүшелері: Г.Диваева, Х.Диваева, С.Диваева, З.Диваева, Л.Мими́на, М.Илькина, Х.Рамазанова, М.Чанышева, Б.Калинина, С.Абдулменова, Э.Умидова, М.Умидова. Белгілі фольклортанушы, лингвист, түркітанушы Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевтың қыздары, туыстары осы қоғамның белсенді мүшелері болыпты. Татар қауымы әйелдері үйірмесі қайырымдылық жасай отырып, Қызыл Крест қоғамына заттай және ақшалай көмек көрсеткен. Мысалы, 1904-1905 жылғы орыс-жапон соғысындағы жауынгерлерге 30 жейде, 30 жастық тыс, 10 халат, 10 матрас және тағы да басқа заттарды бір айда дайындап жіберген. Осы үйірме қорына татар мешітінің молдалары 51 рубль, 345 аршын бөз

және Әбубәкір Диваев, Әлиасқар Сүтішев, Сақып-Керей Еникевтер ақша аударған деген дерек бар (Туркестанские ведомости, 1904: 275).

Діни сипатына қарай құрылған қайырымдылық қорлары да бар. Уфадан шығатын «Вакт» газетінің бір санында Мариям ханум Султанова мен София ханым Жантөринаның мұсылман әйелдері арасында мәдениетті дамыту мақсатында қажырлы еңбектеніп жатқаны туралы жазылған. Мариям ханум Сұлтанова басқарған Уфа мұсылман ханымдар қоғамы – ХХ ғасырдың басындағы башқұрт жеріндегі ең белсенді ұйым. Міне, осы ұйымды құрушылардың бірі – София Жантөрина. София ханым – Уфа губерниясының I Мемлекеттік Дума депутаты, жәдиттер қозғалысының белді мүшесі, Иттифак-ал-Муслим партиясының мүшесі, Кіші жүз сұлтаны Қайып ханның ұрпағы Сәлімгерей Жантөриннің әйелі. Уфа ханымдар үйірмесі мұсылман әйелдеріне материалдық көмек беріп және рухани қолдау білдірген. Үйірме әйелдерді қолөнерге баулу мақсатында арнайы курс ашқан. «Вакт» газеті Уфадағы әйелдердің бастамасын қолдап, өзге мұсылман әйелдерді солардың қатарына қосылуға шақырған (Туркестанский сборник, 421: 40).

София ханым жолдасы Сәлімгереймен бірге Уфадағы «Ғалия» медресесінің құрылысына 50 000 рубль аударған. Өмірден ерте кеткен София ханым «Ғалия» медресенің қажетіне 10 000 рубль, кітапханасына 5 000 рубльді аманаттап қалдырған (Давлетшина Л.Ш., 2009: 108). Кейін «Ғалия» медресесінде көптеген қазақ жастары білім алды.

Әйелдердің қайырымдылық жасауы ұлтына, діни ұстанымына байланысты болған жоқ. Қайырымдылық қорлары ұлттық, діни сипатына қарай топтасқанымен, әйелдердің негізгі мақсаты – бір. Мұқтаж жандарға, кедей отбасыларына қамқор болуды, жесір әйелдерге, майдандағы жауынгерлерге көмектесуді ойлаған. Олар қоғамда болып жатқан істің бәріне атсалысып, әлеуметтік мәселелерді шешуге бар күшін салған.

Жетісу облысындағы ханымдар үйірмелері

Түркістан, Дала генерал-губернаторлығында әйелдер құрған қайырымдылық қорларын генерал-губернатордың, облыстағы әскери губернатордың, уез бастығының әйелі басқаратын. Жетісу облысындағы бір ерекшелік: өңірдегі қосымша казак станицаларындағы атамандар да әйелдер қайырымдылығына белсене араласқан. Жетісу облысындағы әйелдер де азық-түлік тарату, киім-кешек беру, ауруларды тегін емдеу, күту, жәрдемақы төлеу, шәкірттерге материалдық көмек көрсету, жетімдер үйін, тегін асхана, үйсіздерге жатын орын ашу сынды істерді атқарған. Әйелдер Түркістан қайырымдылық қоғамы, облыстағы Қызыл Крест қоғамы, Жетісу облыстық ханымдар үйірмесі және әр уез аумағындағы ханымдар үйірмелері жұмысына атсалысқан. 1914 жылы

Жетісу облысы әскери губернаторы Михаил Фольбаумның жұбайы Екатерина Фольбаум ұсыныс тастаған соң, Жетісу облыстық ханымдар үйірмесі құрылған. Үйірме алғашында мүшелері төлеген жарна есебінен қайырымдылық жасаған. Жалпы, үйірмедегі әйелдер өте белсенді болған. 1914 жылғы тамызда Жетісу облыстық қоныстандыру басқармасының әйелі Ф.Шлегель Верный қала бағында жаппай серуен ұйымдастырған. Серуен кезінде сатылған бидайдан түскен пайданың бір бөлігін үйірме қорына, қалған бөлігін әскери бөлімнің қажетін алуға аударған. Сондай-ақ ханымдар әскердегілерге жеміс-жидек, көкөніс кептіріп, қолғап, шұлық тоқу үшін күзгі қырқымда қазақтардан жүн жинап, қала бағында түрлі іс-шаралар ұйымдастырған. Жиналған қаражатты жауынгерлер қажетін алуға жұмсаған деген дерек бар (ҚРОМА, 44-қор, 238-240).

Екатерина Фольбаум бастамасымен Жетісу облысының Сарқан, Лепсі, Үржар, Бақты, Пішпек, Тоқмақ, Прежевальск, Жаркент, Сергиополь уездерінде ханымдар үйірмелері құрылған. Үйірме мүшелері төлеген жарнаны, аллегри-лотерея, концерт, спектакль секілді түрлі іс-шаралардан түскен және жағдайы жеткен адамдар мен қыздар гимназиясы қызметкерлері аударған қаражатты қайырымдылыққа жұмсаған. Уездегі ханымдар үйірмесін уез басшыларының әйелдері және кей жерлерде станица атамандары құрған. Станица атаманы Степан Назаров Сарқан ханымдар үйірмесінің басы-қасында жүрген. Үйірме мүшелігіне 34 адам қабылданған, мұндағы ер және әйел саны теңдей болыпты. Үйірмедегі әйелдер орыс, неміс, татар ұлтынан шыққан, әлеуметтік құрамы да әр алуан еді. Олардың арасында казак, мещан, көпес, әскери қызметкерлердің әйелдері мен қыздары болған. Үйірме мүшелері: хорунжий Степан Назаров, шіркеу қызметкері Иоанн Витевский, Шакиржан Абдуллатипов, Файзрахман Жиғандаров, Байрамғали Абдуллаев, Агния Назарова, Фатима Абдуллатипова, Мадина Ялымова, Агния Вязигина, Анна Зольникова, Елизавета Брюханова және т.б. (ҚРОМА, 44: 248). Үйірме мүшелері әскерге қайырымдылық көмек жібергеннен бөлек, II Николай патшаның қызы Ұлы ханшайым Татьяна Николаевнаның қайырымдылық қорына ақшалай, заттай көмек берген (ҚРОМА, 44: 249).

1914 жылғы 7 қыркүйекте құрамында 28 мүшесі бар Үржар ханымдар үйірмесі құрылды. Үйірме төрайымы – А.Н. Понизковина, орынбасары – кейін Алаш қозғалысы көшбасшыларының бірі болған Садық Аманжолов. 1914 жылғы 29 тамызда құрылған Верный ханымдар үйірмесінің Сергиополь бөлімшесі құрамындағы 18 адамның жетеуі әйел болатын. Үйірме төрайымы – дәрігер Екатерина Анатольевна Нагибина.

Жетісу облысындағы әйелдер қайырымдылық үйірмелері мен жергілікті билік бірлесе жұмыс істеген, әр үйірменің өз тексеру комиссиясы құрылған. Олардың бәрі өз алдына жеке жұмыс істегенімен, бәрі бірдей жергілікті Қызыл Крест қоғамына есеп беретін. Бұл мекеме жақсы жұмыс істеген үйірмелерді марапаттап отырған.

Әйелдердің жеке қайырымдылық шаралары

Қайырымдылық тарихында кең тараған форма – жеке тұлғалардың жасаған қайырымдылығы. Ханымдар жеке қайырымдылық жасағанда оқу, мәдениет, медицина саласына көп көңіл бөлген, сонымен қатар бұқаралық іс-шаралар өткізген. Мысалы, 1915 жылғы наурызда Семей мұғалімдер семинариясының қазақ тілі пәні мұғалімі Құлжанова Назипа қазақша әдеби-сазды кеш өткізген. Кештің негізгі мақсаты – Петроградтағы жылжымалы мұсылман лазаретіндегі және семинарияда оқитын мұқтаж жандарға көмек көрсету. Назипа Құлжанова түскен қаражаттан семинария шәкірті Жүсіпбек Аймауытұлына ақшалай жәрдем беруді сұраған (ҚРОМА, 503: 10)

1904 жылы Түркістан қайырымдылық қорының төрайымы Устина Александровна Тевяшева Құрбан айттың алғашқы күні Шуур хан медресесінде мұсылмандарға тегін шай таратқан (Туркестанские ведомости, 1904: 807). Дәрігер әйел А.Н. Предтеченская жетімдер балабақшасында ақысыз қызмет еткен (Туркестанские ведомости, 1906: 157). Міне, осындай тәрбиеші, мұғалім, дәрігер әйелдер тегін, ақысыз қайырымдылықты көп жасаған. Жекелеген әйелдер белгілі бір мейрам қарсаңында мұқтаждарға ақшалай, заттай көмек берген; мешіт, шіркеулерді де естен шығармаған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әйелдер қайырымдылығын тарихи тұрғыдан зерттеу көкейдегі сұрақтар жауабын табуға мүмкіндік берді. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы әйелдер қоғам өміріне белсене араласқан, бұл туралы мерзімді баспасөз, архив құжаттары «сөйлейді». Әйелдер саяси оқиғалармен қатар, қоғамда шешілмей жатқан әлеуметтік мәселелер түйінін тарқатуға атсалысқан. Әлеуметтік мәселе кез келген қоғамдағы күрделі мәселелер қатарына жатады. Олардың осы мәселелерге араласып, оңтайлы шешім қабылдағаны қоғамдағы әйел баласына деген көзқарасты өзгертті. Әйелдер қайырымдылық қоғамы ұлттық, діни сипатына қарай бөлінгенімен, олардың мақсаты бір болған, яғни олар қайырымдылық жасау, әлеуметтік мәселені тізе қосып шешу арқылы қиындықтан шығуды көздеген.

Дереккөз

Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав 1870–1914 гг.). – Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР., 1981. – 110 с.

Гофман Я. Женский профессиональный труд // Туркестанские ведомости. – 1904. – №5

Давлетшина Л.Ш. Благотворительная деятельность мусульманских женщин в образовательной сфере // Ученые записки Казанского государственного университета. – 2009. – Т.151. – кн.2.ч.2. – С. 106–110

Добросмыслов А.И. Ташкент в прошлом и настоящем: Исторический очерк. – Ташкент, 1912. – 320 с.

Извлечение из отчета Главного комитета Благотворительного общества о действиях оно-го 13 февраля 1877 года по 1 декабря 1878 года (1879)

Концерт // Туркестанские ведомости. – 1894. – № 1. – 10

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық архиві (ҚРОМА), 44-қор, 5078-іс

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық архиві (ҚРОМА), 503 қор, 1-тізбек, 26-іс, 10

Местные известия // Туркестанские ведомости. – 1904. – №21. – 97

Местные известия // Туркестанские ведомости. – 1904. – №21. – 99

Местные известия // Туркестанские ведомости. – 1904. – №25. – 118

Местные известия // Туркестанские ведомости. – 1904. – № 33. – 153

Местные известия (1904) // Туркестанские ведомости. – 1904. – №141. – 160

Местные известия (1905) // Туркестанские ведомости. – 1905. – №22. – 109

Местные известия (1905) // Туркестанские ведомости. – 1905. – №32. – 168

Местные известия (1905) // Туркестанские ведомости. – 1905. – №46. – 240

Местные известия (1904) // Туркестанские ведомости. – 1904. – №98. – 453

Местные известия (1904) // Туркестанские ведомости. – 1905. – №42. – 193

Местные известия (1904) // Туркестанские ведомости – 1904. – №60. – 275

Местные известия (1904) // Туркестанские ведомости – 1905. – №169. – 807

Местные известия (1905) // Туркестанские ведомости – 1906. – №25. – 157

Отчет главного комитета Туркестанского Благотворительного общества, о действиях сего общества 13 февраля 1875 по 19 февраля 1876 года // Туркестанский сборник. – Санкт-Петербург, 1883. – Т. 341. – С. 1–22

Открытие в Костаное женской русско-киргизской прогимназии // Туркестанские ведомос-ти. – 1895, №85

Первая всеобщая перепись населения Российской империи. LXXXV. Семиреченская об-ласть. – VIII. Распределение население по сословиям и состояниям. – СПб: Типография Т-ва «Народная польза», 1905. – 149 с.

Туркестанские ведомости. – 1879. – №3

Туркестанские ведомости. – 1905. – №49

Туркестанский сборник. Статьи и заметки из русских и иностранных газет. – Ташкент, 1907. – Т. 421. – С. 40

АВТОРЛАР ЖАЙЫНДА



Жазира Ағабекова

Филология ғылымдарының кандидаты. А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түлегі. ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Түркі тілдері» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған. Шетелдік және отандық басылымдарда 50-ге жуық ғылыми мақаласы жарияланған, сондай-ақ бірнеше оқу-әдістемелік құрал жазған. Зерттеу саласы – этнолингвистика, ономастика, қазақ және түркі лингвистикалық терминдерінің мәселелерін қамтиды. «Болашақ» халықаралық білім беру стипендиясының иегері (ғылыми тәжірибе, Түркия, 2011).



Ермек Адаева

Филология ғылымдарының кандидаты. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің түлегі (қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 1995). Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аспирантурасын тәмамдаған (1999). 2003 жылы «Бердібек Соқпақбаевтың жазушылық шеберлігі» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғаған. Жүзден астам ғылыми мақала, 4 оқу құралының авторы.

2013 жылдан Назарбаев Университетінің қазақ тілі және түркітану департаментінде қызмет етеді. Зерттеу еңбектерінің әдіснамалық сипаты – пәнаралық: әдебиет және аударма; әдебиет және мәдениетаралық байланыстар.

Әсия Бағдәулетқызы

Кинотанушы, журналист. Лондондағы Queen Mary университетінің докторанты, Лондон өнер мен гуманитарлық саладағы серіктестік (LANP) және Өнер және гуманитарлық ғылымдар зерттеу кеңесі (AHRC) ұйымдарының грант иегері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегі (журналистика, бакалавр 2007, магистр 2009), кинотанудан өнер магистрі (Лондондағы Queen Mary университеті, 2018). «Болашақ» бағдарламасының түлегі, «Серпер» жастар сыйлығының иегері. Ғылыми бағыты – феминистік кинотеория, қазақ және кеңес киносы, постотарлық теория және аударма зерттеулері. «Қазақстанның мәдени потенциалындағы негізгі трендтер» (2013) және «Қазақстан Республикасы аймақтарының мәдени паспорты» (2013) жобаларының авторларының бірі. Ғылыми және публицистикалық мақалалары Kinokultura, The Calvert Journal баспаларында, сондай-ақ көптеген қазақ басылымдарында жарияланған.



Айгүл Беймішева

Әлеуметтану докторы (PhD). Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ («Социология», магистр, 2010) және Тұран университетінің («Құқықтану», 2010) түлегі. 2019 жылдан бері Нархоз университетінің қауымдастырылған профессоры. Зерттеу аясы – өмірдің әлеуметтік стандартын, қаланы, қаладағы процестерді, шағын қалалардағы адам ресурстарын тиімді пайдалануды зерттеу. «Национальная модель развития Казахстана» ұжымдық монографиясының авторы (Майндағы Франкфуртте (Германия) өткен Халықаралық кітап көрмесінде алтын медаль алған). Отандық және шетелдік басылымдарда 36 ғылыми еңбегі жарияланған.





Наталья Ворошилова

Медицина магистрі. 2018 жылдан «Рецензияланатын пәнаралық журнал шығару арқылы ғылыми-жарияланым этикасын дамыту» (Развитие научно-публикационной этики через создание междисциплинарного рецензируемого журнала) жобасының ғылыми қызметкері. 2020 жылдан бері Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics атты журналдың шығарушы редакторы. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комитеттің сарапшылары кеңесінің мүшесі.



Молдияр Ергебеков

Өнертану докторы (PhD), А.Ясауи атындағы ХҚТУ журналистика кафедрасы қауымдастырылған профессоры, AbaiTV арнасындағы «Сана» бағдарламасының жүргізушісі. Ankara University Радио-ТВ-Кинематография бөлімінің түлегі (2000–2010). Сын теориясы, кино және медиа зерттеулері, ұлттық кинематография, Қазақстандағы медианың саяси экономиясы, гендер және қоғамдық сфера тақырыптарындағы бірнеше зерттеудің авторы. Педагогикалық тәжірибесі, зерттеулері, презентациялары мен еңбектері үш негізгі тенденцияға: әлеуметтік теория, медиа зерттеулер және кинотануға бағытталған.

Майра Жолшаева

Филология ғылымдарының докторы, доцент. Сулейман Демирель атындағы университеттің «Тілдік білім беру» кафедрасының профессоры. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегі (филология факультеті, 1996), «Қазақ филологиясы» кафедрасында аспирантура (1999) тәмамдаған. Зерттеу жұмысының негізгі бағыттары – функционалды лингвистика, грамматикалық семантика, лингвопрагматика, коммуникативтік синтаксис. 2009 жылы «Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Грамматика теориясы, валенттілік теориясы, аспектология және қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты бірнеше еңбектің авторы, 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігін» құрастырушылардың бірі.



Дина Джузбаева мен Данияр Смағұлов

Кәсіби шеберлігін біріктіріп, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіндегі гендерлік теңсіздік тақырыбында жазып жүрген ерлізайыптылар. Дина 2019 жылдан бері дипломатия саласында жұмыс істейді. Халықаралық қатынастар магистрі (Румыния, University of Bucharest). Негізгі кәсіби қызметінен бөлек, румын мәдени қауымдастығының төрайымы және осы бірлестік аясында шараларды ұйымдастырушы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстандағы гендерлік зорлық-зомбылықты хабарлау, шешім қабылдау процесіне әйелдер мен жастарды тартудағы рөлін зерттейді. Данияр – философия магистрі және құқықтану бакалаврі. 2015 жылдан бері Қазақстанда мемлекеттік қызметті дамыту мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында жұмыс істейді. Данияр Қазақстандағы мемлекеттік қызметтегі гендерлік теңдік мәселесін көтеріп, осы тақырыпты тереңінен зерттеп жүр.





Есенгүл Кәпқызы

Филология ғылымдарының кандидаты, журналист, медиатренер, Сулейман Демирель атындағы университеттің аға оқытушысы, «Мінбер» журналистерді қолдау орталығының директоры. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегі (филология факультеті, 1995). «Тұран» университетін «Журналистика» мамандығы бойынша тәмамдаған. Ұлыбританияның Newcastle университетінің магистранты, мамандығы – International and multimedia journalism. «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері. «Алтын бесік» журналының редколлегия мүшесі. Internews, UNESCO, БҰҰ даму бағдарламасының тренері.



Анна Климченко

Социоллингвист, PaperLab зерттеу орталығының қызметкері. Vytautas Magnus University магистратурасын, Майнцтағы Johannes Gutenberg-University «Социоллингвистика және мультилингвизм» мамандығы бойынша тәмамдаған. Азаматтық белсенділік, Қазақстандағы білім беру саласындағы теңсіздік пен тіл саясатын зерттеп жүр.



Айгерім Құсайынқызы

Халықаралық құқық магистрі (Montreal University, Канада, 2016), Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша PhD кандидат (Нархоз университеті, 2018–2021). 2019 жылдан бері Сулейман Демирель атындағы университеттің аға оқытушысы. Сорос-Қазақстан қорының Гендерлік экономиканы зерттеу орталығының зерттеуші-стипендианты болған. Гендерлік экономика мен адам құқықтары жөніндегі республикалық, халықаралық жобаларға қатысқан. Зерттеу саласы – адам құқықтары және гендерлік экономика.

Оразай Қыдырбаев


Журналист, тәуелсіз медиа зерттеуші, медиасыншы. Сулейман Демирель атындағы университеттің (бакалавр, 2017), Тұран университетінің (магистр, 2020) түлегі. Медиасын және медиасауат жөніндегі бірнеше мақала авторы, оқу құралының редакторы. Зерттеу аясы – Қазақстан медиасындағы азшылық топтар репрезентациясы, өшпенділік тілі. Медиа, билік және идеология қарымқатынастары, сыни дискурс-анализ, Қазақстан медиасының полит-экономикасы тақырыптарын зерттеп жүр. Қазіргі қызметі – Қазақстандағы медианың өзін-өзі реттеу жөніндегі қоғамдық комитетінің жауапты хатшысы.



Жолдасбек Мәмбетов

Филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегі (филология факультеті, 1989). Кандидаттық диссертациясының тақырыбы – «Жұбан Молдағалиевтің ақындық шеберлігі» (1998).

«Жұбан Молдағалиевтің ақындық шеберлігі» (2002) оқу құралының, «Әдебиеттің эстетикалық негіздері» (2011), «Зейнолла Сәніктің әдеби мұрасы» (2018) монографияларының, 2 әдістемелік құрал, 160-тан аса ғылыми мақала авторы. Көп жылдар бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Сулейман Демирель атындағы университетте, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында т.б. білім ордаларында оқытушы-зерттеуші болып қызмет еткен.





Айнұр Төлеу

Ақын, әдебиеттанушы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (филология факультеті, 2008), Абай атындағы ҚазҰПУ (магистратура, 2016) түлегі. Бейімбет Майлин және Рахымжан Отарбаев атындағы сыйлық иегері. Орталық Азия ақын қыздарының жыр жинағын құрастырған. «Қазіргі қазақ прозасының мифопоэтикасы» деген тақырыпта диссертациясын қорғаған. Ақынның «Отқарақ», «Бірдеңе» деген кітаптары жарық көрген. Жетісудың әдебиетші жастарын жинап, Janr әдеби клубын құрды. «Әдебиет пен адамзат» және «Book-club» телебағдарламаларының редактор-жүргізушісі. Жазушылар одағының мүшесі.



Сабира Сайфулмаликова

Тарих ғылымдарының докторы. Қазақстанның жаңа заман тарихы саласын зерттеп жүр. Абай атындағы ҚазҰПУ түлегі (1991). 2010 жылы «Орталық Азиядағы Сырдария, Закаспий облыстарының қазақ тұрғындары саяси-экономикалық аспектілері (1867–1917 жж.)» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттары: XIX-XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар, қазақ өлкесінің саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайы, халық ағарту ісі, қазақтардың Қоқан, Хиуа хандықтары, Бұхар әмірлігімен саяси қарым-қатынасы.

Айжан Сәлімжанова

Қазақстан-Британ техникалық университетінің түлегі (бакалавр – «Қаржы», 2011; магистр – «Экономика», 2012). Қазір Istanbul Technical University «Экономика» мамандығы бойынша PhD докторантурасын тәмамдап жатыр. Зерттеу аясы – гендерлік және әлеуметтік зерттеулер, үй шаруашылығы экономикасы, ер мен әйелдің еңбекақысындағы теңдік, үйдегі ақысы төленбейтін еңбекті теңдей бөлу мәселелері.

**Жанар Темірбекова**

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры. Түркияның жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Hacettepe University-де білім алған. Экономика ғылымдарының кандидаты. Ғылыми ізденісіндегі зерттеу бағыты – еңбек құндылығы, әйелдер кәсіпкерлігі, трансформациялық көшбасшылық және Болонья процесі. ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған бірнеше гранттық жобаға және Халықаралық қорлар жобаларына жетекшілік еткен. Қырықтан аса ғылыми жұмысы ғылыми журналдарда және бірқатар мақаласы, оның ішінде импакт факторлы халықаралық басылымдарда жарық көрген. 4 монографиясы басылып шыққан. Хирш индексі: 5; i10:2.





Айсұлу Тойшыбекова

Продюсер, журналист. vlast.kz, holanews.kz басылымдарында жұмыс істеген, Manshuq және Meduza басылымдарымен серіктес болған. Қазір Bulbul атты подкаст студиясы бар. Ол 2017 жылы әйел құқығы және өзгелерді мойындау жолындағы күрестің кейбір аспектілерін жоққа шығарып, құнсыздандырған маңызды да, өзекті кезеңнен кейін феминизмге бет бұрған. Блог ашып, мақалалары мен репортаждарында әйелдер мәселесін, атап айтқанда, гендерлік зорлық-зомбылық, дискриминация, күрделі гендерлік тақырыптардағы тіл бұрмалануы мәселелерін көтерген. Осы жинақтағы «Қазақстан медиасында феминитивтерді қолдану немесе қолданбау» деген зерттеу жұмысы Қазақстандағы орыс тіліндегі жаңалықтарда, мақалалар мен сұхбаттарда феминитив қалай қолданылатынына арналған.



Айдана Тілеулесова

Тәуелсіз зерттеуші, педагог, волонтер, жазушы. Гуманитарлық ғылымдар магистрі (Vytautas Magnus University, Литва). Лингвистиканың социоллингвистика, мультилингвизм, тіл саясаты, тіл және кімдік салаларына маманданған. Мамандығы бойынша Германияда, Эстония мен Хорватияда тағылымдамадан өткен. Социоллингвистиканың түрлі тақырыбында 10 курстық зерттеу еңбек жазған, VI Копейск оқулары ғылыми конференциясына қатысып, мақаласын жариялаған, Литвадағы UNESCO конференциясына қатысқан, FES «Қазақстан и COVID-19: медиа, культура, политика» монографиясына мақаласы шыққан.

Алекс Федосеев

«Learn Russian in the EU» жобасы аясында Daugavpils University-де «History of the USSR (1922–1991)» курсынан сабақ береді. Семейде туған. Тәмамдаған оқу орны – Латвиядағы Daugavpils University. 2021 жылы «Латвия КСР мен Қазақ КСР-дағы 1945–1956 жылдардағы мектептегі білім беру: Даугавпилс пен Семей кейсі» («Школьное образование в Латвийской ССР и Казахской ССР в 1945–1956: кейсы Даугавпилса и Семипалатинска») тақырыбында магистрлік жұмысын қорғаған. University of Latvia және Daugavpils University арасындағы «История и археология» біріккен бағдарламасының докторанты.

**Әлима Теңізбай**

Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры өкілдігінің гендерлік саясат саласындағы ғылыми қызметкері. Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ түлегі. DAAD бағдарламасының стипендианты.

**Курманжан Абдырахманова**

Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры өкілдігінде «Гендер және Қазақстан қоғамы» жобасының ассистенті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Халықыралық қатынастар» мамандығы бойынша бакалавриат бағдарламасының түлегі



ФРИДРИХ ЭБЕРТ АТЫНДАҒЫ ҚОРДЫҢ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ
ГЕНДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫ

Басуға 15.08.2022 ж. қол қойылды.

2022

**Фридрих Эберт атындағы
Қордың Қазақстандағы өкілдігі**

Қазақстан Республикасы, 050010 Алматы,
Достық даңғылы 43, 405 кеңсе

**Фридрих Эберт атындағы Қордың Қазақстандағы
өкілдігіндегі жоба жетекшісі:**
Әлима Теңізбай

Ғылыми редакторы және жоба координаторы:
Молдияр Ергебеков және Жанар Темірбекова

Мақала авторлары:

Айгерім Құсайынқызы, Айгүл Беймішева,
Айдана Тілеулесова, Айжан Сәлімжанова, Айнұр Төлеу,
Айсұлу Тойшыбекова, Алекс Федосеев, Анна Клименко,
Әсия Бағдәулетқызы, Данияр Смағұлов, Дина Джузбаева,
Ермек Адаева, Есенгүл Кәпқызы, Жолдасбек Мәмбетов,
Жазира Ағабекова, Майра Жолшаева,
Наталья Ворошилова, Оразай Қыдырбаев,
Сабира Сайфулмаликова

Байланыс:

Әлима Теңізбай, alima.tengisbai@fes.kz

**Авторлардың көзқарасы Қазақстандағы Фридрих Эберт
атындағы Қордың көзқарасымен сай келмеуі мүмкін.**

**FES-тің жазбаша келісімінсіз Қор тарапынан
жарияланған кез келген материалды коммерциялық
мақсатта пайдалануға болмайды.**

**FRIEDRICH
EBERT 
STIFTUNG**

ISBN 978-601-80914-0-7

9 786018 091407